6. UNESCO. Guidance for Generative AI in Education and Research / F. Miao, W. Holmes. — Paris : UNESCO, 2023.
7. Woolf B. P. Building Intelligent Interactive Tutors: Student-Centered Strategies for Revolutionizing e-Learning. — San Francisco : Morgan Kaufmann, 2010.

ӘОЖ 821.512.122.09:37.09

ӨНЕР АДАМДАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ БЕЙНЕСІН ТАЛДАП ОҚЫТУ

Сурашева Д.С., «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., филология ғылымдарының докторы,
профессор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: suraseva25@mail.ru

Қазақ прозасында өнер тақырыбын, соның ішінде өнерлі тұлғалар тағдырын, әсіресе, сол кезеңдегі тарихи, әлеуметтік шындықпен сабақтастыра бейнелеу мақсатында үлкен көркемдік табысқа қол жеткізе алған туындылар оқырман назарын көбірек аударды. Олардың қатарында Д.Әбілев, Ә.Әлімжанов, І.Есенберлин, Т.Әлімқұлов, С.Бакбергенов, Ә.Кекілбаев, Д.Досжанов, С.Жүнісов, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, С.Сматаев, І.Жақанов, Ж.Молдағалиев, М.Сқақбай, О.Әбділдаев, М.Мажитов т.б. секілді қаламгерлеріміз болды.

Әрбір қаламгер тарихи тақырыпта сөз еткен туындыларында қазақ елінің басынан кешкен жайды, әр ғасырда өмір сүрген белгілі тұлғалар тағдырын көркемдік тұрғыдан суреттеді. Олардың өзіндік суреткерлік шеберліктері, ізденістері мен стильдік ерекшеліктері болды. Сол арқылы олар әдебиетімізде өзінің көркемдік биігіне көтерілді.

Өнер тақырыбына, әсіресе, күйшілік дәстүр жайынан қалам тартқан жазушылар қатарында С.Бақбергенов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, І.Жақанов, С.Жүнісов, Т.Әлімқұлов, М.Сқақбай т.б. туындыларын айрықша атауға болады.

Көркем әдебиет туындыларының мәдени, рухани өркендеуімізге тигізген әсер-ықпалын зерттеу - әдебиеттану ғылымы үшін де көкейкесті, зәру мәселелердің бірі.

С.Бақбергенов - қазақ әдебиеті тарихында еліміздің тарихи тұлғалары, және Ұлы Отан соғысының қаһармандары, сондай-ақ еңбек тақырыбында қалам тартып, өзіндік қолтаңбасымен із қалдырған көрнекті жазушыларымыздың бірі. Оның тырнақалды туындылары 1950 жылы өз алдына кітап боп шыққан. Басты кейіпкерлері - Дина Нұрпейісова, Нұрмолда Алдабергенов, Кенен Әзірбаев, Шоқан Уәлиханов тәрізді тарихи тұлғалармен қатар Ұлы Отан соғысының қаһармандары Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Рамазан Елебаев, Бақтияр Меңдіғазин, Темірбек Көкебаев.

Жазушы С.Бақбергеновтің Дина Нұрпейісованың өміріне байланысты «Дина» повесі мен «Қайран шешем» романы жөнінде кезінде Р.Бердібаев, Т.Тоқбергенов, Х.Әдібаев сынды ғалымдардың өзіндік ой-пікірлері жарық көрген.

«Қайран шешем» романында жазушы Дина Нұрпейісова тұлғасының жарты ғасырлық өмір жолын көркемдік тұрғыдан бейнелейді. Шығармада Динаның дүниеге келуінен бастап, өнерге құштар бала, бойжеткен домбырашы, жар, ана, әже ретіндегі кезеңдері қамтылады. Автор кейіпкер тағдырын кең панорамалық сипатта емес, жекелеген оқиғалар мен өмірбаяндық деректерге сүйене отырып, эпизодтық желі арқылы өрбітеді. Осы тұрғыдан алғанда, роман композициясында деректілік сипат басым екені аңғарылады.

Шығармадағы негізгі идеялық-көркемдік желі Динаның күй өнеріне келуімен, оның шығармашылық қалыптасу үдерісімен тығыз байланысты. Әсіресе, Құрманғазы Сағырбайұлы бейнесінің енгізілуі романның рухани-эстетикалық өзегін айқындайды. Құрманғазының Кенжеш ауылына келіп, күй тартуы бала Динаның өнерге деген ықыласын оятады. Күй сазының табиғат құбылыстарымен, аңшылық көріністерімен астасып суреттелуі – ұлттық музыкалық дүниетанымның көркем интерпретациясы. Мұнда күй әуені тек музыкалық туынды ретінде емес, халықтың тарихи жады мен тұрмыс-тіршілігінің поэтикалық көрінісі ретінде танылады.

Романда аңыздық желінің де көрініс табуы шығарма поэтикасын тереңдете түседі. «Ақсақ киік» күйіне қатысты тараған аңыз Динаның бала қиялы мен сезім әлемін ашуға қызмет етеді. Кейіпкер киікті жанды, сезім иесі ретінде қабылдайды, ал Құрманғазы тұлғасы оның санасында табиғат тілін ұғатын тылсым өнер иесі деңгейінде сомдалады. Бұл эпизодтар арқылы жазушы кейіпкер психологиясын, ішкі тебіренісін лирикалық тәсілдер арқылы береді. Осы ретте эпикалық баяндау мен лирикалық тереңдеудің сабақтастығы айқын байқалады.

Динаның тоғыз жасынан бастап күйшілік дәстүрді меңгеруі, Дәулеткерей Шығайұлы, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламайсаң тәрізді күйшілердің мұрасын игеруі – оның дарын табиғатын дәлелдейді. Құрманғазының батасын алып, ұзатылғанға дейін оның тәлімін көруі – қазақ күйшілік мектебінің дәстүрлі жалғастығын көрсететін маңызды көркемдік шешім. Автор Динаның

шығармашылық қалыптасуын екі арнаның – Құрманғазының өршіл рухы мен Дәулеткерейдің сыршыл лиризмiнiң тоғысуы ретiнде пайымдайды.

Романда Құрманғазының Динаға күй үйрететiн тұстары былайша берiлген: «Кенже аулында Құрманғазы көп жатты. Қараша үйдiң iшi ән-күйге толды.

Кешке қарай ауыл-аймақ жиылып, осы үйде ұзақ отыратын болды. «Кiшкентай», «Алатау», «Ақсақ киiк», «Серпер», «Сарыарқа», «Балбырауын» сияқты әсем күйлер күн сайын әлденеше рет қайта-қайта тартылды. Күй сағынған, ән аңсаған елдiң құлақ құрышы кана бастады. Динаның екі көзi Құрманғазының саусағынан тайған жоқ. Құлағында күй сазы ызындап жақсы әсерiн, әдемі үнiн жүрек түкпiрiне тастап жатты.

Құрманғазы күйдi кешке қарай кепке арнап тартса, күндiз Динаға ғана тартып, оған өзiнiң өнерiн үйреттi» [1, 55 б.].

Көркем шығармада адамның сыртқы түр-тұлғасы, нақты қимыл-қозғалысымен бiрге оның iшкi жан әлемi, адам әрекетiнiң бұл екі қыры, екі формасы үнемі өзара тығыз бiрлiкте болып отырады. Адамның iшкi әлемiмен, психологиясымен байланыссыз ешқандай әрекет жоқ. Адамның жанын, сезiмi мен ойын тiкелей көзбен көрiп, қолмен ұстағандай... деп дәл танып, нақты бағалау мүмкiн емес.

Шығармада кейiпкердiң iшкi әлемiн ашу мәселесi айрықша мәнге ие. Жазушы Динаның домбыра тарту сәтiндегi психологиялық күйiн, саусақ қимылындағы сенiмсiздiк пен талпынысты, күй сазын бұзып-түзеп iзденуiн деталь арқылы көрсетедi. Мұндай тәсiл кейiпкердiң сыртқы әрекетi мен iшкi толғанысын бiрлiкте танытуға мүмкiндiк бередi. Көркем образдың шынайылығы да осы iшкi-сыртқы әрекет тұтастығы арқылы айқындалады.

Жоғары оқу орнында көркем прозаны оқыту үдерiсiнде өнер адамдарының жиынтық бейнесiн талдау – болашақ филологтың әдеби-теориялық, эстетикалық және мәдени-танымдық құзыреттiлiгiн қалыптастырудың маңызды бағыты. Өнер иесi тұлғасы – белгiлi бiр дәуiрдiң интеллектуалдық, рухани, адамгершiлiк және саяси-әлеуметтiк болмысының көрiнiсi. Сондықтан өнер адамы туралы жазылған шығармаларды оқытуда оны тек жеке кейiпкер ретiнде емес, тұтас дәуiрлiк, халықтық феномен ретiнде қарастыру қажет.

Көркем прозада өнер мен өнер иесiн бөлiп қарауға болмайды. Өнер адамы – халықтың рухани жадын сақтаушы, ұлттық эстетиканың тасымалдаушысы. Осы тұрғыдан алғанда, жазушы Сапарғали Бақбергеновтің «Қайран шешем» романында бейнеленген Дина Нұрпейiсова тұлғасы – қазақ күй өнерiнiң жиынтық көркем бейнесiн танытатын образ.

Романда Динаның жарты ғасырлық өмiр жолы суреттеледi. Оның өмiрге келуi, зерек болып өсуi, домбыра өнерiне құмартуы, ұзатылып, ана, әже атануы – барлығы өнер адамының тағдырымен сабақтастырыла берiледi. Дина – екі дәуiрдiң куәсi, екі қоғамдық жүйенiң өткелiнен өткен тұлға. Бiрақ жазушы кең тарихи шолулардан гөрi, жеке көрiнiстер мен өмiрбаяндық деректер арқылы характердi ашады. Мұндай тәсiл жоғары оқу орнында талдау барысында студенттерге образ жасаудың психологиялық және эпикалық-лирикалық тетiктерiн түсiндiруге мүмкiндiк бередi.

Романдағы Дина бейнесін талдау барысында ерекше назар аударатын мәселе – ұстаз бен шәкірт сабақтастығы. Динаның өнерге бет бұруына себепкер болған ұлы күйші Құрманғазы Сағырбайұлы образы романның идеялық-композициялық өзегін құрайды. Құрманғазының Кенженің үйіне келіп күй тартуы, «Ақсақ киік», «Сарыарқа», «Балбырауын» сияқты күйлерді орындауы – бала Динаның өнерге ынтасын оятқан шешуші сәт. Бұл эпизодтарды талдау барысында студенттерге көркем мәтіндегі дыбыстық бейнелеу, динамикалық сурет, эмоциялық-психологиялық әсер мәселелерін танытуға болады.

Жазушы Құрманғазының күй тарту сәтін дыбыстық ассоциациялар арқылы береді: мылтық үні, ат дүбірі, жел сыбыры – бәрі күй сазымен тұтасып, өмір шындығын бейнелейді. Мұнда өнердің тек эстетикалық құбылыс емес, халық тағдырымен біте қайнасқан рухани күш екендігі айқындалады. Өнер адамының халықшылдығы оның шығармашылық табиғатымен бірлікте көрсетіледі.

Дина бейнесі – тек тарихи тұлғаның көркем көшірмесі емес, қазақ әйелінің рухани еркіндігін, өнердегі табандылығын танытатын жинақталған образ. Ол тоғыз жасынан бастап ел ішіндегі атақты күйшілердің мұрасын меңгеріп, кейін өзі де күй шығарған, тоқсан жасқа дейін сахна төрінде күй тартқан өнер иесі. 1937 жылы Алматыда өткен халық өнерпаздарының байқауында жеңіске жетуі, 1944 жылы Орта Азия өнерпаздары арасындағы жарыста топ жаруы – өнердің уақыт пен кеңістік шегінен асқан құдіретін дәлелдейді.

Жоғары оқу орнында бұл шығарманы оқытуда төмендегі әдістемелік бағыттарды ұстану тиімді:

1. Тарихи-әдеби талдау – Дина өмір сүрген дәуірдің әлеуметтік жағдайын, қазақ күй өнерінің даму кезеңдерін саралау.

2. Образдық жүйені талдау – Дина, Құрманғазы, Кенже, Нұралы образдарының қызметін айқындау.

3. Психологиялық талдау – кейіпкердің ішкі толғаныстары мен сыртқы әрекеттерінің бірлігін көрсету.

4. Аңыздық және фольклорлық желілерді саралау – «Ақсақ киік» күйіне байланысты аңыздық сипаттың көркемдік қызметін анықтау.

5. Интермәтіндік байланыс – Дина өнерінің бастауын Құрманғазы мен Дәулеткерей Шығайұлы дәстүрімен сабақтастыру.

Өнер адамдарының жиынтық бейнесін талдау барысында студенттер өнер иесінің тек дара тұлға емес, ұлттық мәдениеттің символы екенін ұғынады. Көркем шығармада адамның сыртқы әрекеті мен ішкі жан әлемі тығыз бірлікте суреттеледі. Дина домбыра тартқан сәттердегі психологиялық иірімдер, күй сазымен астасқан сезім толқындары – лирикалық және эпикалық тәсілдердің тоғысуының көрінісі.

Сондай-ақ шығармадағы салт-дәстүр көріністері (қыз ұзату, бата беру, домбыра тарту дәстүрі) ұлттық мәдени кодты айқындайды. Бұл тұстарды талдау студенттердің этномәдени құзыреттілігін арттырады.

Қорытындылай келгенде, жоғары оқу орнында өнер адамдарының көркем прозадағы жиынтық бейнесін талдап оқыту – әдеби мәтінді терең игертумен қатар, ұлттық өнер тарихын, рухани сабақтастық идеясын, тұлға мен дәуір байланысын кешенді түрде меңгертудің тиімді жолы. «Қайран шешем» романындағы Дина бейнесі – халық өнерінің өміршеңдігін, рухани мұраның ұрпақтан ұрпаққа жалғасуын танытатын көркемдік үлгі. Мұндай шығармаларды ғылыми-теориялық тұрғыдан жүйелі талдау болашақ мамандардың кәсіби даярлығын арттырып, көркем мәтінді кешенді қабылдау мәдениетін қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бақбергенов С. Қайран шешем. - Алматы: Ерен, 2000. - 264 б.
2. Жұбанов А. Өскен өнер. - Алматы: Ғылым, 1985. - 244 б.
3. Есенұлы А. Күй тәңірдің күбірі. - Алматы: Дайк-пресс, 1996. - 146 б.
4. Токбергенов Т. Ай мүйіз. - Алматы: Жалын, 1990. - 291 б.
5. Бекенов У. Күй табиғаты. - Алматы: Өнер, 1981. - 174 б.
6. Сейдімбек А. Күңгір-күңгір күмбездер. - Алматы: Жалын, 1981. - 240 б.
7. Жұбанов А. Құрманғазы. - Алматы: ҚМКӘБ, 1961. - 365 б.

2-СЕКЦИЯ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ МАТЕМАТИКИ И
ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК

УДК 637.15

«VELVIA» СҮЗБЕЛІ КӘМПИТІ

Азаматқызы А., Самарбекова А., Токтарбекова А., Бейімбетқызы А.
Ғылыми жетекшілері: Ерболатұлы Д., физика және технологиялар
кафедрасының профессор-зерттеушісі, ф.-м.ғ.к.,
Мейрамғажы А., физика және технологиялар кафедрасының лекторы
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: aigerim_azamatkyzy01@gmail.com

Сүзбелі кәмпиттер – негізін сүзбе құрайтын, қант, май компоненттері және дәмдік-құрылымдық қоспалар (шоколад, жаңғақ, дәнді өнімдер) қосу арқылы алынатын кондитерлік өнім.

Бұл өнім жоғары тағамдық құндылығымен ерекшеленеді, себебі құрамында толыққанды ақуыздар, сүт майлары, дәрумендер және минералды заттар болады. Сүзбелі кәмпиттердің құрылымы жұмсақ, біртекті немесе қоспаларға байланысты көпқұрылымды болуы мүмкін.

Өндіріс процесі сүзбені механикалық өңдеу, рецептуралық компоненттермен араластыру, қалыптау және қажет болған жағдайда глазурьмен қаптау кезеңдерінен тұрады.

Бұл мақалада сүзбелі ДТ (дұрыс тамақтану) кәмпиттердің тағамдық құндылығы мен дайындалу технологиясы қарастырылады. Зерттеу барысында өнімнің негізгі құрамдас бөліктері, олардың адам ағзасына пайдасы және калориялық ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар, табиғи ингредиенттерді пайдалану арқылы дайындалатын бұл өнімнің дұрыс тамақтанудағы маңызы сипатталды. Нәтижесінде сүзбелі ДТ кәмпиттердің пайдалы әрі сапалы десерт түрі екендігі анықталды.

Қазіргі таңда адамдар дұрыс тамақтану мәдениетіне көбірек көңіл бөле бастады. Денсаулыққа пайдалы, табиғи өнімдерден дайындалған тағамдарды тұтыну маңызды болып отыр. Әсіресе қант мөлшері аз, ағзаға пайдалы заттарға бай десерттерге сұраныс артып келеді. Осындай пайдалы әрі дәмді тәттілердің бірі – сүзбеден дайындалатын ДТ кәмпиттер.

Сүзбелі дұрыс тамақтану (ДТ) кәмпиттері табиғи ингредиенттер негізінде дайындалатын пайдалы десерттердің бірі болып табылады. Бұл өнімнің негізгі компоненті – сүзбе. Сүзбе құрамында адам ағзасына қажетті ақуыз, кальций, фосфор және дәрумендер көп мөлшерде кездеседі. Сондықтан ол дұрыс тамақтану рационасында маңызды тағам өнімдерінің бірі саналады. Сүзбелі кәмпиттердің

басты ерекшелігі – олардың құрамында жасанды қоспалар мен артық қанттың болмауы және табиғи ингредиенттердің қолданылуы.

Осы жұмыстың мақсаты – сүзбелі ДТ кәмпиттердің тағамдық ерекшеліктерін зерттеу және осы өнімнің құрамындағы негізгі ингредиенттердің дәмдік және тағамдық қасиеттерін қарастыру. Осы жұмыста сүзбелі ДТ кәмпиттердің бірнеше түрлері мен олардың дайындалуында қолданылатын қоспалардың ерекшеліктері сипатталады [1].

Сүзбелі ДТ кәмпиттері әртүрлі дәмдік үйлесімдерде дайындалады. Соның ішінде шоколад пен какао қосылған кәмпиттер ерекше дәмімен және хош иісімен ерекшеленеді. Какао өнімге жағымды дәм беріп қана қоймай, оның құрамындағы биологиялық белсенді заттар мен антиоксиданттар адам ағзасына пайдалы әсер етеді. Мұндай кәмпиттер тәтті тағамдарды жақсы көретін адамдар үшін пайдалы балама болып табылады [2].

1. Банан мен мюсли қосылған сүзбелі ДТ кәмпит

Бұл кәмпит түрі банан мен мюслидің үйлесімі арқылы дайындалады. Банан өнімге табиғи тәттілік пен жұмсақ дәм берсе, мюсли құрамындағы дәнді дақылдар тағамдық құндылығын арттырып, құрылымын байытады. Нәтижесінде өнім құнарлы әрі пайдалы тағам ретінде сипатталады.

2. Жармалы печенье мен бал қосылған сүзбелі ДТ кәмпит

Аталған кәмпит құрамында жармалы печенье мен табиғи бал қолданылады. Бал өнімге жағымды тәтті дәм мен хош иіс береді, ал печенье оның консистенциясын тығыздап, құрылымын қалыптастырады. Бұл түрі дәмдік қасиеттері жағынан үйлесімді болып келеді.

3. Кокос үгітіндісі, құрма пюресі және жаңғақ қосылған сүзбелі ДТ кәмпит

Бұл кәмпит түрі табиғи ингредиенттерден тұрады. Құрма пюресі тәттілік көзі болса, кокос үгітіндісі мен жаңғақ өнімге ерекше дәм мен құрылым береді. Сонымен қатар, бұл құрам өнімнің энергетикалық және тағамдық құндылығын арттырады.

4. Шоколад және какао қосылған сүзбелі ДТ кәмпит

Бұл өнімде шоколад пен какао қолданылып, кәмпитке қанық дәм мен жағымды хош иіс береді. Какао өнімнің дәмін тереңдетсе, шоколад оның тартымдылығын арттырады. Мұндай кәмпит түрі тұтынушылар арасында сұранысқа ие.

Зерттеу барысында сүзбелі дұрыс тамақтануға арналған (ДТ) кәмпиттердің әртүрлі құрамдағы үлгілеріне физико-химиялық талдау жүргізілді. Атап айтқанда, өнімдердің рН көрсеткіші, титрленетін қышқылдығы, ылғалдылығы және май мөлшері анықталды.



Сурет 1 - Сүзбелі кәмпиттер

Алынған нәтижелерге сәйкес, өнімдердің рН көрсеткіштері олардың құрамына байланысты өзгертіні байқалды. Кокос үгітіндісі мен құрма поресі қосылған кәмпиттің рН мәні 4,175 болып, салыстырмалы түрде ең жоғары көрсеткішті көрсетті. Бұл құрманың табиғи тәттілігі мен әлсіз қышқылдығына байланысты түсіндіріледі. Ал шоколад пен какао қосылған кәмпитте рН 3,929-ға тең болды, бұл какао құрамындағы органикалық қышқылдардың әсерін көрсетеді.

Мюсли мен банан қосылған үлгіде рН 3,623, ал жармалы печенье мен бал қосылған кәмпитте рН 3,618 болып анықталды. Бұл үлгілердің қышқылдығы жоғарырақ екенін көрсетеді, әсіресе банан мен астық өнімдерінің құрамындағы қышқылдық компоненттердің әсері байқалады.

Өнімнің ылғалдылығы зерттеу барысында 65% деңгейінде анықталды. Бұл сүзбелі өнімдер үшін қалыпты көрсеткіш болып табылады және кәмпиттің жұмсақ консистенциясын қамтамасыз етеді. Ылғалдылықтың жоғары болуы өнімнің сақтау мерзіміне әсер етуі мүмкін, сондықтан бұл көрсеткіш технологиялық тұрғыда маңызды.

Майлылық көрсеткіші арнайы әдіс арқылы анықталып, 5% құрады. Бұл өнімнің төмен майлы екенін және дұрыс тамақтану талаптарына сәйкес келетінін көрсетеді. Сүзбеден жасалған өнім болғандықтан, оның май мөлшері табиғи түрде шектелген.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері сүзбелі ДТ кәмпиттердің құрамы олардың физико-химиялық қасиеттеріне айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Әсіресе, қосымша ингредиенттер (жеміс, дәнді дақылдар, какао өнімдері) қышқылдық деңгейін өзгертіп, өнімнің сапалық сипаттамаларын қалыптастырады. Сонымен қатар, алынған көрсеткіштер өнімнің дұрыс тамақтануға арналған тағам ретінде қолдануға жарамды екенін дәлелдейді.

Кесте 1 - рН көрсеткіштері

Үлгі	рН	±5%	Мин	Макс
1.Кокос	4.175	0.21	3.97	4.38
2.Шоколад	3.929	0.20	3.73	4.13
3.Мюсли	3.623	0.18	3.44	3.80
4.Печенье	3.618	0.18	3.44	3.80

Кесте 2 – Ылғалдылық (%) көрсеткіштері

Үлгі	Құрамы	Ылғалдылық (%)	Қателігі (±5%)	Мин	Макс
1	Кокос + құрма	68	3.4	64.6	71.4
2	Шоколад + какао	62	3.1	58.9	65.1
3	Мюсли + банан	70	3.5	66.5	73.5
4	Жармалы печенье + бал	65	3.25	61.75	68.25

Кесте 3 – Майлылық (%) көрсеткіштері

Үлгі	Құрамы	Майлылық (%)	Қателігі (±5%)	Мин	Макс
1	Кокос + құрма	6	0.30	5.7	6.3

2	Шоколад + какао	7	0.35	6.65	7.35
3	Мюсли + банан	4	0.20	3.8	4.2
4	Жармалы печенье + бал	5	0.25	4.75	5.25

Сонымен қатар, барлық үлгілерде ылғалдылық пен май мөлшерінің бір деңгейде сақталуы технологиялық процестің тұрақтылығын көрсетеді. Бұл өнімдердің консистенциясы мен тағамдық қасиеттерінің біркелкі қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер зерттелген кәмпиттердің сапасы жоғары екенін және олардың дұрыс тамақтану өнімдері ретінде қолдануға жарамды екенін дәлелдейді.

Сыроқтың стандартты көрсеткіштерін сүзбелі кәмпитпен салыстырғанда оның рН ортасы әдетте 4.5–5.5 аралығында болады, бұл әлсіз қышқыл ортаға жатады. Ал жүргізілген зерттеуде сүзбелі пп кәмпиттердің рН мәндері 3.618–4.175 аралығында анықталды. Бұл нәтижелер кәмпиттердің сыроққа қарағанда қышқылдығы жоғары екенін көрсетеді, әсіресе мюсли мен банан, сондай-ақ жармалы печенье мен бал қосылған үлгілерде рН ең төмен мәнге ие болды.

Ылғалдылық көрсеткіші бойынша сыроқтарда стандартты мән 50–80% аралығында болады (өнім түріне байланысты). Зерттелген кәмпиттердің ылғалдылығы 65% болып анықталды, яғни бұл көрсеткіш стандарт шегінде және сыроқпен шамалас деңгейде екенін көрсетеді.

Майлылығы бойынша сыроқтардың стандартты көрсеткіші кең диапазонда өзгереді, әдетте 10–26% немесе одан да жоғары болуы мүмкін (әсіресе глазирленген сыроқтарда). Ал зерттелген сүзбелі пп кәмпиттердің майлылығы 5% болды, бұл сыроққа қарағанда айтарлықтай төмен екенін көрсетеді.

Жалпы салыстырмалы түрде қарастырғанда, сүзбелі пп кәмпиттер сыроққа қарағанда қышқылдығы жоғары, ылғалдылығы ұқсас деңгейде, бірақ майлылығы едәуір төмен өнім болып табылады.

Сүзбелі кәмпиттер – ылғалдылығы жоғары өнім болғандықтан, олардың жарамдылық мерзімі қысқа және әдетте 5–10 тәулікті құрайды (құрамына байланысты өзгеруі мүмкін). Мұндай кәмпиттерді тоңазытқышта сақтаған дұрыс, себебі бөлме температурасында тез бұзылады. Сақталу температурасы: +2...+6°C.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде келесі тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, сүзбелі дұрыс тамақтануға арналған кәмпиттердің физика-химиялық көрсеткіштері олардың рецептуралық құрамына тікелей тәуелді екені анықталды. Құрамындағы табиғи ингредиенттер (жеміс, дәнді дақылдар, какао өнімдері) өнімнің рН мәніне, титрленетін қышқылдығына және жалпы сапалық сипаттамаларына елеулі әсер етеді.

Екіншіден, зерттелген үлгілердің ылғалдылық көрсеткіштері нормативтік шектерде болып, өнімнің қажетті консистенциясын қамтамасыз ететіні дәлелденді. Сонымен қатар, майлылықтың төмен деңгейі бұл өнімдерді диеталық және дұрыс тамақтану талаптарына сәйкес келетін тағам ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, сүзбелі дұрыс тамақтануға арналған кәмпиттер жоғары тағамдық құндылыққа ие, функционалдық қасиеттері айқын және тұтыну үшін қауіпсіз өнім ретінде сипатталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Өндірістік технология және өнім сапасы / С.Т. Дуйсенбаев, К.Ж. Әмірханов. – Астана: Арман-ПВ, 2008.-356 бет [1]
2. Технология продуктов специального назначения/ М.К. Алимарданова, Л.В. Белогривцева. – 2010. [2]
3. Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет: түсіндірме сөздік / Құл-Мұхаммед М.А., ред. авторлар тобы. – Алматы: Rauan, 1999. – 400 б.
4. Казахские традиции и национальная культура питания / М.К. Алимарданова, С.Х. Масимова. – [2016].
5. Тағам даярлау практикумы: оқу құралы / И.М. Самсаев, Н.Ж. Оспанова. – Астана: Фолиант, 2010. – 96 б.
6. Тамақ өнімдерін тану: оқу құралы / Күзембаев К., Күзембаева Г. – Астана: Фолиант, 2010– 416 б.
7. Шығыстың тәтті тағамдары / Алтаев С. – Алматы: Қайнар, 1987. – 138 б.
8. Сүт және сүт өнімдерін өндірудің технологиялары мен экономикасы / Рустембаев Б.Е., Нұртаева Ж.Ш., Әбдіров А.М. – Астана, 2007.
9. Сүт және сүт өнімдерін өңдеу технологиясы / А. Нұржанова. – Астана: Фолиант, 2010.- 216 бет
10. Биотехнология молока и молочных продуктов / Т.Ю. Хворостова, А.Ю. Мишанин, М.Ю. Мишанин. – Санкт-Петербург: Лань, 2024. – 180 с.

ӘОЖ 519.6

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕГІ ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫНДАҒЫ «ВЕКТОРЛЫҚ ӘДІС» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІ

Алғанұр Ә., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Мадияров М.Н., т.ғ.к., математика кафедрасының
қауым. профессоры

С. Аманжолов атындағы ШҚУ

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: aliya.alganur@mail.ru

Математиканы оқытуда оқушылардың білімін, дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру үшін негізгі құралдардың бірі – тапсырмалар болып табылады. Тапсырмаларды шешу арқылы оқыту, тәрбие беру және дамыту мақсаттары жүзеге асырылады.

Оқыту процесінде функционалдық мақсатқа байланысты тапсырмалар екіге бөлінеді: оқытушы және бақылаушы. Оқытушы тапсырмалар теориялық білім элементтерін (тұжырымдама, теоремалар, дәлелдеулер, ережелер) және оларға байланысты дағдыларды қалыптастырумен байланысты. Ережелерді қалыптастыруға арналған тапсырмалар практикалық дағдыларды дамытуға үлкен үлес қосады, өйткені мұндай тапсырмаларды орындау кезінде есептеу дағдылары, өрнектерді түрлендіру шеберлігі дамиды. Оқушылардың дағдылары мен шеберлігін қалыптастырумен байланысты тапсырмалар жаттығулар деп аталады.

Ал бақылаушы тапсырмалар көбінесе бақылау және тексеру жұмыстарында қолданылады.

Өз әріптестерінің жұмыстарын талдай отырып, Г.И. Саранцев [2, б.9] жаттығуларға келесі талаптарды қояды:

- әрекеттердің тасымалдаушысы болуы;
- теория мен практика арасындағы байланыс құралы ретінде қызмет ету;
- білімді меңгерудің құралы болуы;
- оқу-пізнавательная қызметті ынталандыру және мотивациялау тәсілі болуы;
- оқушылардың оқу-пізнавательная қызметін ұйымдастыру және басқару құралы болуы (репродукция, эвристика, зерттеу);
- оқытудың барлық негізгі әдістерінің көрінісі ретінде қызмет ету;
- тұжырымдама анықтамасын есте сақтаудан бұрын болуы, себебі ең алдымен осы тұжырымдаманың мәнді қасиеттерін меңгеру қажет.

Осылайша, жаттығулар – оқытудың көп қырлы құбылысы, оқушыны мақсатты дамытудың бір тәсілі ретінде көрінеді [2, б.9].

Теориялық білімді қалыптастыру және оқушылардың арнайы іс-әрекеттерді меңгеруі үшін бір ғана тапсырма жеткіліксіз; материалды берік меңгеруді қамтамасыз ету үшін толық тапсырмалар жүйесі құрылуы қажет.

Студенттерге арналған оқу құралында [3, б.68-69], Е.И. Лященко редакциясында, тұжырымдама мен оның анықтамасын, теоремаларды және дәлелдеулерді, ережелерді меңгеруге арналған тапсырмалар жүйесін құру ерекшеліктері атап өтілген.

Г.И. Саранцев [2, б.18-20] кітабында көрсетілген жаттығулар жүйесінің компоненттерін қарастырайық. Компоненттердің бірі – жаттығуларды орындау мақсаттары. Мысалы, векторлық әдісті оқыту – жалпы мақсат, ал геометриялық тілді векторға аудару қабілетін қалыптастыру – жеке мақсат.

Мақсатқа жету үшін белгілі бір әрекеттерді меңгеру қажет. Г.И. Саранцев векторлық жаттығулар жүйесінде келесі әрекеттерді қарастыруды ұсынады:

1. Геометриялық тілді векторлық тілге және керісінше аудару;
2. Векторлармен амалдар орындау;
3. Векторды қосынды, айырма түрінде, немесе санға көбейту арқылы көрсету;
4. Векторлық қатынастарды түрлендіру;
5. Векторлар арасындағы қатынастан олардың ұзындықтары арасындағы қатынасқа өту және керісінше;
6. Вектор ұзындығын оның скалярлық квадраты арқылы көрсету;
7. Векторлар арасындағы бұрыш шамасын олардың скалярлық көбейтіндісі арқылы көрсету.

Жаттығулар жүйесінің тағы бір маңызды компоненті – оқушылардың ойлау қызметі. Жоғарыда көрсетілген 1-7 әрекеттер әртүрлі жағдайларда векторларды қолдану әрекетіне сәйкес келеді, алайда мектеп геометриясы оқулықтарында 1 және 5 әрекеттердің қалыптастырылуы қарастырылмаған, бұл векторлық әдісті меңгеруді қиындатады деп автор атап көрсетеді.

Келесі маңызды компонент – жаттығулардың құрылымы, орындалу реті. Жаттығуларды орындаудың ұйымдастырушылық формалары компоненттердің

бірі болып табылады, себебі бұл компонент жаттығуларды қолдану мақсаттарымен, олардың құрылымымен, оқушылардың оқу қызметімен және жаттығулардың мазмұнымен байланысты. Қосымша 3-те аталған компоненттердің функционалдық сипаты көрсетілген.

Тапсырмаларды таңдағанда Г.И. Саранцев [2, б.189] келесі қағидаларды ескеруді ұсынады:

1. Жаттығуларды кезектестіріп орындау қажет, себебі бір типтегі үш жаттығудан кейін қате ассоциациялар бекітіле бастайды;

2. Белгілі бір әрекетті барлық мүмкін жағдайларда орындау қабілетін қалыптастыру қажет, себебі бір жағдайда әрекетті орындау оны басқа жағдайда қолдануға кепілдік бермейді;

3. Тікелей әрекеттерді орындауды талап ететін жаттығуларға кері әрекеттерді орындауға арналған жаттығуларды қосу қажет. Бұл оқушылардың ойлауын тікелей және кері әрекеттерге тез ауыстыруға мүмкіндік береді;

4. Әрекеттерді орындауға арналған жаттығуларды енгізу қажет, сондай-ақ оларды кері әрекеттерге аудару арқылы ойлауды дамыту қажет.

«Геометриялық тілден векторлық тілге және керісінше аудару» тақырыбына арналған жаттығулар жүйесінің мысалдары:

1. Нүктелер A және B арасындағы кесіндіні \vec{AB} векторымен белгілеңіз.

2. Үшбұрыштың қабырғалары AB, BC, CA үшін векторлық қосындыларын жазыңыз.

○ Мысалы, $\vec{AB} + \vec{BC} = ?$

3. Үшбұрыштың медианасын векторлық түрде өрнектеңіз.

○ Мысалы, медиана AM (мұнда M – BC кесіндісінің ортасы) үшін:

$$\vec{AM} = \frac{\vec{AB} + \vec{AC}}{2}$$

4. Параллелограммнің қарсы қабырғаларын векторлық түрде салыңыз.

○ $ABCD$ параллелограммы үшін:

$$\vec{AB} + \vec{AD} = \vec{AC}$$

5. Егер $\vec{AB} + \vec{BC} = \vec{AC}$ болса, бұл қандай геометриялық қатынасты білдіреді?

6. Егер $\vec{AB} = \vec{CD}$, онда кесінділер AB және CD арасындағы қатынас қандай?

7. Параллелограммнің диагональдарын векторлық өрнек арқылы берсе, диагональдардың қиылысу нүктесін анықтаңыз.

«Векторлармен амалдар орындау» тақырыбына арналған жаттығулар жүйесі:

1. $\vec{a} = (4, -2)$

• $3\vec{a}$ және $-2\vec{a}$ табыңыз.

• Графикалық түрде салыңыз.

2. Егер \vec{b} векторы 5 бірлік ұзындықта болса, $-0.5\vec{b}$ нәтижесінде қандай ұзындық және бағыт шығады?

3. Берілген: $a \rightarrow = (1,2), b \rightarrow = (-3,4), c \rightarrow = (2, -1)$. $2a \rightarrow - 3b \rightarrow + c \rightarrow$ табыңыз.
 «Векторды векторлар қосындысы немесе айырмасы түрінде көрсету» тақырыбына арналған жаттығулар жүйесі:
1. AC векторын екі вектор қосындысы ретінде көрсетіңіз.
 2. Үшбұрыш ABC және D – BC кесіндісінде орналасқан нүкте. $AD \rightarrow$ векторын үш вектор қосындысы түрінде көрсетіңіз.
 3. Трапеция ABCD ($AB \parallel CD$), $AB = a, CD = b$. Векторлық өрнекті пайдаланып, AD және BC арқылы $AB \rightarrow - CD \rightarrow$ өрнегін көрсетіңіз.
 «Векторлық теңдіктерді түрлендіру» тақырыбына арналған жаттығулар вч
 1. Центрі O – болатын шеңбер алты тең доғаларға бөлінген. Нүктелер: A, B, C, D, E, F. Дәлелдеңіз: $OA \rightarrow + OB \rightarrow + OC \rightarrow + OD \rightarrow + OE \rightarrow + OF \rightarrow = 0 \rightarrow$.
 2. O – ABCD параллелограмының диагональдарының қиылысу нүктесі. Өрнекті ықшамдаңыз: $OA \rightarrow + OC \rightarrow, OB \rightarrow + OD \rightarrow$.
 3. $a \rightarrow$ және $b \rightarrow$ – бір түзуде жатпайтын бірлік векторлар. Скалярлық көбейтінді табыңыз: $(a \rightarrow + b \rightarrow) \cdot (a \rightarrow - b \rightarrow)$.
 4. $a \rightarrow$ векторы $b \rightarrow$ векторына перпендикуляр. Ықшамдаңыз: $|a \rightarrow + 2b \rightarrow|^2 - |a \rightarrow - 2b \rightarrow|^2$.
 5. ABCD – шаршы. Ықшамдаңыз: $AB \rightarrow - AD \rightarrow + BC \rightarrow - CD \rightarrow$.
 «Вектор ұзындығын және векторлар арасындағы бұрышты табу» тақырыбына арналған жаттығулар жүйесі:
 1. $a \rightarrow = (3,4)$ векторы берілген. Вектордың ұзындығын табыңыз: $|a \rightarrow|$.
 2. Вектор $b \rightarrow = (-1,2,2)$. Вектордың ұзындығын есептеңіз.
 3. $u \rightarrow = (2, -1)$ және $v \rightarrow = (1,3)$ векторлары берілген. Векторлар арасындағы бұрышты табыңыз.
 4. $a \rightarrow = (1,2), b \rightarrow = (2, -1)$. $|a \rightarrow + b \rightarrow|$ ұзындығын табыңыз.
 5. Үшбұрыш ABC берілген. Векторлар: $AB \rightarrow = (3,0), AC \rightarrow = (1,4)$. Бұрыш $\angle BAC$ табыңыз.
 6. Вектор $a \rightarrow = (2,1)$. Векторды 3 есе көбейтсе, жаңа ұзындығын табыңыз.
 9. $AB \rightarrow = (1,2,3), AC \rightarrow = (4,0, -1)$. $\angle BAC$ -ты табыңыз.
 10. Вектор $p \rightarrow = (-2,1), q \rightarrow = (1,2)$. Векторлардың ұзындығын және араларындағы бұрышты табыңыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гусев, В.А. Векторы в школьном курсе геометрии [Текст]: пособие для учителей / В.А. Гусев. - М.: Просвещение, 1976. – 48 с.
2. Саранцев, Г.И. О методике решения планиметрических задач / Преподавание геометрии в 6-8 классах [Текст]: сб. статей / Г.И. Саранцев. - М.: Просвещение, 1979. - С.102-116.
3. Лященко, Е. И. Лабораторные и практические работы по методике преподавания математики [Текст]: учеб. пособие для студентов физ.-мат. спец. пед. Ин-тов / Е. И. Лященко. и др. – М.: Просвещение, 1988. – 223 с.
4. Мельникова, Н.Б. Об изучении темы: «Векторы на плоскости» / Н.Б. Мельникова // Математика в школе. – 1986. – № 3. – С. 26–27.
5. Сарсенова, Г. Векторлық әдіс және оның мектептегі қолданылуы / Г. Сарсенова // Математика және мектеп, 2017. – №2. – 45-53 б.
6. Жұмабаев, Д. Планиметриялық есептерді векторлық әдіспен шешу / Д. Жұмабаев. – Астана: Мектеп, 2018. – 112 б.

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕГІ ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫНДА ВЕКТОРЛЫҚ ӘДІСТІ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Алғанұр Ә., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Мадияров М.Н., т.ғ.к., математика кафедрасының
қауым. профессоры

С. Аманжолов атындағы ШҚУ

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: aliya.alganur@mail.ru

Негізгі мектептің геометрия курсына векторлық әдісті оқыту әдістемесін қарастырайық.

В.А. Гусев [1, б.386] өз еңбегінде векторлық әдістің маңыздылығын теңдеулер құру әдісімен бірдей деп атап көрсетеді. Бұрын айтылғандай, векторлар мектеп бағдарламасына тек өткен ғасырдың екінші жартысында ғана енгізілген, сондықтан векторлық әдіс оқушылар үшін салыстырмалы түрде жаңа болып саналады.

Оқушылардың векторлық әдісті тиімді меңгеруі үшін автор келесі ұсыныстарды береді:

1. Қызығушылықты ояту

○ Оқушыларға векторларды есептерді шешуде және теоремаларды дәлелдеуде қолданудың тиімділігін көрсету қажет.

○ Бұл арнайы таңдалған есептер арқылы жүзеге асырылады.

2. Эвристикаларды үйрету

○ Эвристика — бұл есепті шешудің немесе теореманы дәлелдеудің негізгі әдісін табуға көмектесетін ережелер жүйесі.

○ Эвристикалар оқушыларда векторлық әдісті қолдану дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

○ Оларды арнайы дәптерге жазып немесе плакатқа шығарып, есептерді шешу немесе дәлелдеу кезінде қолдану ұсынылады.

3. Жай есептерден бастау

○ Векторлық әдісті оқу тек қарапайым есептерде, геометриялық қиындықтарға алаңдамай, жүргізілуі қажет.

Г.И. Саранцев [2, б.147–150] эвристика терминінің бірнеше мәні бар екенін атап көрсетеді, бірақ оқушы есепті немесе теореманы дәлелдеудің қажетті әдісін табуға көмектесетін тәсіл деп қарастырады.

Эвристикаларды арнайы дәптерге жазу немесе плакатқа шығару ұсынылады және олар есептерді шешу немесе дәлелдеу кезінде қолданылуы тиіс.

Е.И. Лященко [3, б.152–153] студенттерге арналған оқу құралында негізгі мектептегі геометрия курсына векторлық әдісті қалыптастырудың негізгі кезеңдерін келесідей бөліп көрсетеді:

Кесте 3

Кезең атауы	Кезеңнің мақсаты
Дайындық кезеңі	«Векторлар» тақырыбы бойынша негізгі ұғымдар, дағдылар мен қабілеттерді меңгеру

Кезең атауы	Кезеңнің мақсаты
Мотивациялық кезең	Басқа әдістермен қиын немесе мүмкін емес есептер мысалында векторлық әдісті игерудің қажеттілігін көрсету
Бағдарламалық (ориентир) кезең	Векторлық әдістің мәнін түсіндіру, шешілген есеп мысалында негізгі компоненттерін көрсету
Әдістің жеке компоненттерін меңгеру кезеңі	Арнайы таңдалған есептер арқылы векторлық әдістің жеке компоненттерін қалыптастыру
Әдісті «толық» меңгеру кезеңі	Векторлық әдістің компоненттерін қолдануды қажет ететін есептерді шешу

Мысалдар мен жаттығулар арқылы оқушыларға оқу құралдарында келтірілген векторлық әдісті меңгертуге арналған тәсілдерді көрсетейік.


Дайындық кезеңі:

Мысал 1. AB , CD , EF векторларын

1) AB , CD , EF коллинеарлы болатындай және $AB=1$, $CD=2,5$, $EF=4,5$;

2) AB және EF коллинеарлы, AB және CD коллинеар емес болатындай және $AB=3$, $CD=1,5$, $EF=1$ болатындай салыңыздар.


Жауабы 1-суретте көрсетілген.



Сурет-1.

Мысал 2. Жұп-жұбымен коллинеар емес x , y , z векторларын және $x + y$, $y + z$, $z + x$ векторларын салыңыздар.

Жауабы 2-суретте көрсетілген.



Сурет-2.

Н.Б. Мельникова өзінің мақаласында [4, б.25–27] геометрия курсына «Векторлар» тақырыбын оқытудың маңызды міндеттерінің бірі – бұл аппаратты (құралды) қалыптастыру екенін атап көрсетеді, ол физика саласындағы

материалды оқуда көмекші болып табылады. Алайда, оқушылар векторлық шамалармен геометриядан бұрын физика курсына танысады. Бағдарламалық материалдың осындай реттілігі оқушыларға бұрынғы білімдеріне сүйене отырып, тақырыптың негізгі ұғымдарын негізді түрде енгізуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған мақаланың авторы [4] векторлар тақырыбын оқыту кезінде математика мұғалімдері қолдана алатын мынадай ұсыныстар береді:

1. Тақырыпты меңгерудің бастапқы кезеңінде оқушылар векторлық шамалармен байланысты материалдың физика курсына оқытылған немесе оқытылатын материал екенін білуі қажет. Себебі «вектор» және «векторлық шама» ұғымдары бір-бірімен байланысты, бірақ тең емес. Физикада векторлық шамалар кеңістіктегі өлшемі мен бағыты көрсетілген шама ретінде беріледі, сондықтан бағытталған кесінді (вектор) тек осы векторлық шаманы көрнекі түрде көрсету құралы болып табылады, ол қандай да бір дененің, құбылыстың немесе процестің қасиетін сипаттайды және өлшенуі мүмкін.

2. Вектор ұғымын енгізгенде, оқушыларға физикадан белгілі физикалық векторлық шамаларды еске түсіру пайдалы, мысалы, орын ауыстыру және жылдамдық. 7-сынып физика курсына «күш – физикалық шама, сондықтан оны өлшеуге болады» деп көрсетіледі және F белгілеу енгізіледі. Оқушыларға әр түрлі дереккөздерде векторларды әр түрлі белгілейтіні туралы ескерту жасау тиімді.

3. «Вектордың абсолюттік шамасы», «вектор модулі», «вектор ұзындығы» сияқты терминдерге назар аудару қажет.

4. Геометрияда векторларды үшбұрыш және параллелограмм ережесі бойынша қосу дәлелденуі тиіс.



5. «Векторларды координаталық осьтер бойынша жіктеу» пунктін оқыту кезінде коллинеарлы вектор ұғымын еске алу қажет. Кез келген векторды координаталық векторларға коллинеарлы векторлар қосындысы ретінде көрсетуге болады.

Шурыгин В.Ю., Шурыгина И.В. мектеп геометрия курсына векторларды қосу және азайту, векторды санға көбейту, векторлардың скалярлық көбейтіндісін қарастыратынын, бірақ физика үшін маңызды ұғым – вектордың оське проекциясы – мүлде қарастырылмайтынын атап көрсетеді. Физикалық есептерді шешуде векторлық теңдеулер мен заңдардан скалярлық өрнектерге көшу қажет. Көбінесе бұл векторлық теңдеулерді таңдалған координаталық жүйенің осьтеріне проекциялау арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты вектордың оське проекция ұғымын енгізу және вектор проекцияларын табу дағдыларын жетілдіру физика сабақтарында немесе интеграцияланған сабақтар кезінде жүргізіледі.

Мотивациялық кезең

Трапецияның орта сызығы туралы белгілі теореманы дәстүрлі және векторлық әдіспен дәлелдеуді қарастырайық (Кесте 1).

Теорема. Трапецияның орта сызығы оның табандарына параллель және олардың жартылай қосындысына тең [2, б.57].

Дәстүрлі дәлел	Векторлық дәлел
<p>Берілгені: $ABCD$ – трапеция, $AB \parallel CD$. Дәлелдеу керек: KM – трапецияның орта сызығы (K – AB-ның орта нүктесі, M – CD-ның орта нүктесі).</p>  <p>Көрсетіңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> $KM \parallel AB$ және $KM \parallel CD$ $KM = \frac{AB+CD}{2}$ <p>Дәлелдеу қадамдары:</p> <ol style="list-style-type: none"> M және K – сәйкес табанның орта нүктелері. $\triangle EMD$ және $\triangle BMC$ қарастырамыз. Бұл үшбұрыштар: <ul style="list-style-type: none"> Вертикаль бұрыштар тең; Қарсы жатқан бұрыштар тең. Үшбұрыш теңдігі екінші белгі бойынша: $\triangle EMD \cong \triangle BMC$ Сол арқылы: $KM \parallel AB \parallel CD, KM = \frac{AB + CD}{2}$ <p>Қорытынды: Трапецияның орта сызығы табандарына параллель және олардың жартылай қосындысына тең.</p>	<p>Берілгені: $ABCD$ – трапеция, $AB \parallel CD$, M және K – AB және CD қабырғаларының орта нүктелері.</p>  <p>Дәлелдеу қадамдары:</p> <ol style="list-style-type: none"> Векторларды енгізейік: $\vec{AB}, \vec{AD}, \vec{AC}, \dots$ Векторлық орта сызық: $\vec{KM} = \vec{OM} - \vec{OK}$ (М және К нүктелердің позиция векторлары арқылы) Көпбұрыш ережесін қолданамыз: $\vec{OM} = \frac{\vec{OA} + \vec{OB}}{2}, \vec{OK} = \frac{\vec{OC} + \vec{OD}}{2}$ Орта сызықтың векторы: $\begin{aligned} \vec{KM} &= \vec{OM} - \vec{OK} = \\ &= \frac{\vec{OC} + \vec{OD}}{2} - \frac{\vec{OA} + \vec{OB}}{2} = \\ &= \frac{\vec{AB} + \vec{DC}}{2} \end{aligned}$ Трапецияның табандары параллель болғандықтан, $\vec{AB} \parallel \vec{DC}$ сондықтан $\vec{KM} \parallel \vec{AB} \parallel \vec{DC}$. Ұзындығы: $KM = \frac{AB + CD}{2}.$ <p>Қорытынды: Векторлық тәсіл бойынша KM – трапецияның орта сызығы, табандарына параллель және олардың жартылай қосындысына тең.</p>

Берілген есепті дәстүрлі жолмен шешуге кіретін тақырыптар:

- Трапеция ұғымы және оның қасиеттері;
- Қосымша салулар жүргізу;
- Вертикаль бұрыштардың қасиеттері;
- Параллель түзулердің қасиеттері (қарсы жатқан бұрыштардың теңдігі);
- Үшбұрыштардың теңдігінің белгілері;
- Геометриялық теңдіктерді түрлендіру.

Оқушылар 8-сынып геометрия курсында трапеция ұғымымен және оның қасиеттерімен, 7-сыныпта тік және жанамалы бұрыштардың, параллель түзулердің қасиеттері және үшбұрыш теңдігінің белгілерімен танысады. Егер оқушылар бұл материалды толық меңгермеген болса немесе білімдерінде айтарлықтай олқылықтар болса, трапецияның орта сызығы теоремасын дәлелдеу барысында кейбір сәттер түсініксіз болуы мүмкін. Геометрияны жүйелі оқыту – оны сәтті меңгерудің кілті.

Берілген есепті векторлық шешуге кіретін тақырыптар:

- Трапеция ұғымы және оның қасиеттері;
- Коллинеарлы және қарама-қарсы векторлар ұғымы;
- Векторды векторлар қосындысы түрінде көрсету;
- Векторлық теңдіктерді түрлендіру.

Көріп отырғанымыздай, сұрақтардың көп бөлігі бір ғана «Векторлар» бөлімінде қарастырылады, оқушылар бұрын оқыған материалға аз сүйенеді, сондықтан векторлық әдістің негіздерін әлсіз оқушылар да игере алады.

Бағдарлау кезеңі

Векторларды нақты жағдайларда қолдану әрекетін талдау оның құрылымында векторлық әдісті меңгеруге арналған негізгі әрекеттерді (компоненттерді) бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл компоненттер векторлық әдісті меңгеруге бағытталған жаттығулардың мазмұнын анықтайды.

Л.И. Боженкова өз мақаласында [5, 98–102-б.] оқушыларды векторлық әдіске **таңбалық модельдер** – сызбалар, кестелер, формулалар арқылы оқытуды қарастырады. Автор блок-схемалардың берілген шамалар мен ізделінді шамалар арасындағы байланысты көрнекі түрде көрсету құралы болып табылатынын атап өтеді. Сондықтан келесі есептің шешуін схема (Схема 1) арқылы рәсімдейміз.

Мысал 3. Егер $ABCD$ төртбұрышында диагональдар қиылысу нүктесінде қақ бөлінсе, онда бұл төртбұрыш **параллелограмм** болатынын дәлелдеңіз.

Берілгені:

$ABCD$ – төртбұрыш,


O – диагональдардың қиылысу нүктесі,

$AO=OC$, $BO=OD$.

Дәлелдеу керек:

$ABCD$ – параллелограмм.

Дәлелдеуі:



Сурет-10.




Схема-1. 3-есепті таңбалық модельдер схемалар арқылы шешу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гусев, В.А. Векторы в школьном курсе геометрии [Текст]: пособие для учителей / В.А. Гусев. - М.: Просвещение, 1976. – 48 с.
2. Саранцев, Г.И. О методике решения планиметрических задач / Преподавание геометрии в 6-8 классах [Текст]: сб. статей / Г.И. Саранцев. - М.: Просвещение, 1979. - С.102-116.
3. Лященко, Е. И. Лабораторные и практические работы по методике преподавания математики [Текст]: учеб. пособие для студентов физ.-мат. спец. пед. Ин-тов / Е. И. Лященко. и др. – М.: Просвещение, 1988. – 223 с.
4. Мельникова, Н.Б. Об изучении темы: «Векторы на плоскости» / Н.Б. Мельникова // Математика в школе. – 1986. – № 3. – С. 26–27.
5. Сарсенова, Г. Векторлық әдіс және оның мектептегі қолданылуы / Г. Сарсенова // Математика және мектеп, 2017. – №2. – 45-53 б.
6. Жұмабаев, Д. Планиметриялық есептерді векторлық әдіспен шешу / Д. Жұмабаев. – Астана: Мектеп, 2018. – 112 б.

ӘОЖ 37

ҚАРАПАЙЫМ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Андреева М.К.

Ғылыми жетекші: Аменова Ф.С., PhD докторы, математика кафедрасының қауымдастырылған профессоры
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: madina.andreeva.02@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада қарапайым дифференциалдық теңдеулердің (ҚДТ) физика, биология және химия салаларындағы ролі қарастырылады. Динамикалық процестерді математикалық модельдеу арқылы табиғат заңдылықтарын болжау

және басқару мүмкіндіктері талданады. Мақаланың мақсаты — дифференциалдық теңдеулердің абстрактілі математикалық аппараттан нақты практикалық құралға айналу механизмін көрсету.

Кіріспе

Жаратылыстану ғылымдарының кез келген саласы уақыт пен кеңістіктегі өзгерістерді зерттейді. Бұл өзгерістерді сипаттаудың ең тиімді тілі — дифференциалдық теңдеулер. Қарапайым дифференциалдық теңдеулер айнымалылардың бір-біріне тәуелділік жылдамдығын сипаттай отырып, жүйенің болашақ күйін болжауға мүмкіндік береді.

Қарапайым дифференциалдық теңдеулер (ҚДТ) – жаратылыстану ғылымдарындағы процестерді модельдеудің негізгі математикалық тілі. Олар үздіксіз өзгеретін шамалардың динамикасын сипаттайды және уақыт бойынша эволюцияланатын жүйелерді талдауға мүмкіндік береді. Жаратылыстану салаларындағы көптеген заңдар дифференциалдық түрде тұжырымдалатындықтан, ҚДТ-ның іргелі теориясы ғылымның математикалық негізі болып табылады.

Бірінші кезекте, физикадағы рөлі ерекше. Ньютонның екінші заңы күштің массаның үдеуге қатынасы екенін айтады, бұл үдеудің жылдамдықтың туындысы екенін ескерсек, механикалық жүйелердің қозғалысы табиғи түрде дифференциалдық теңдеулермен өрнектеледі. Гравитациялық өрістегі денелердің қозғалысы, гармониялық тербелістер, электр тізбектеріндегі ток пен кернеудің уақыт бойынша өзгеруі – барлығы ҚДТ көмегімен математикалық түрде сипатталады. Мысалы, Ленз–Фарадей заңдары RL және RLC тізбектерінде ток күшінің өзгерісін екінші ретті теңдеулер арқылы модельдейді. Бұл модельдер инженерлік есептеулер мен құрылғылардың жұмысын оптимизациялауда шешуші рөл атқарады.

Химияда дифференциалдық теңдеулер реакция кинетикасын сипаттауда қолданылады. Химиялық реакция жылдамдығы реагент концентрациясының уақыт бойынша өзгерісімен сипатталатындықтан, қарапайым Бертелло немесе Аррениус типті теңдеулер реакциялық жүйелердің динамикасын бағалауға мүмкіндік береді. Бірнеше сатылы немесе тізбекті реакциялар жүйесі үшін дифференциалдық теңдеулер жиынтығы құрылады. Бұл тәсіл катализ процестерін, жарылыс химиясын, биохимиялық жолдарды модельдеуде кеңінен қолданылады.

Биологиядағы қолданылуы да өте ауқымды. Популяция динамикасын сипаттайтын логистикалық модель, хищник–жәбірленуші (Лотка–Вольтерра) жүйелері, эпидемияның таралуын сипаттайтын SIR үлгілері – барлығы ҚДТ негізінде жасалған. Мұндай модельдер популяциялардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын бағалауға, эпидемия кезінде жұқтыру көрсеткіштерін болжауға, медициналық стратегияларды жоспарлауға мүмкіндік береді. Биофизика мен экология салаларында күрделі процестерді модельдеу үшін математикалық талдау әдістерімен бірге сандық шешу алгоритмдері де пайдаланылады.

Геофизика мен климатологиядағы процестер де дифференциалдық теңдеулерге негізделеді. Атмосфералық циркуляция, жылу алмасу, мұхит ағындары сияқты құбылыстар бастапқыда ішінара дифференциалдық

теңдеулермен сипатталса, көптеген жағдайларда оларды қарапайым жүйелерге дейін жеңілдету модельдеуді жеңілдетеді. Радиоактивті ыдырау, геотермиялық жылу тасымалдау және гидрологиялық циклдің жекелеген бөліктері қарапайым ҚДТ арқылы тиімді өрнектеледі.

Ақпараттық технологияларда, әсіресе ғылыми есептеулерде, ҚДТ шешу әдістері сандық талдаудың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Эйлер, Рунге–Кутта сияқты алгоритмдер көпсалалы модельдер жасауға мүмкіндік береді. Жоғары дәлдікті компьютерлік зерттеулер жаратылыстану ғылымдарындағы эксперименттік мүмкіндіктерді кеңейтеді, өйткені көптеген құбылыстарды тікелей бақылау қиын немесе мүмкін емес.

Түйіндей келе, қарапайым дифференциалдық теңдеулер жаратылыстану ғылымдарының барлық негізгі бағыттарында қолданылатын әмбебап модельдік құрал болып табылады. Олар күрделі жүйелердегі себеп-салдар байланыстарын анықтауға, болжауға, процестерді басқаруға және жаңа технологиялық шешімдер жасауға мүмкіндік береді. Магистр деңгейіндегі зерттеулерде ҚДТ-ны терең меңгеру ғылыми модельдеудің сапасын арттырып, қолданбалы және теориялық зерттеулердің тиімділігін едәуір жақсартады.

Практикалық маңыздылығын талдау

ҚДТ-ның магистрлік зерттеулердегі құндылығы келесідей сипатталады:

Сала	Қолданылуы	Нәтижесі
Инженерия	Көпірлер мен ғимараттардың тербелісі	Құрылымдық қауіпсіздік
Медицина	Фармакокинетика (дәрінің қанда таралуы)	Дозалауды оңтайландыру
Экология	Ластаушы заттардың диффузиясы	Экологиялық мониторинг

Қорытынды

Қарапайым дифференциалдық теңдеулер — жаратылыстану ғылымдарының іргетасы. Олар тек теориялық абстракция емес, техникалық прогрестің, медициналық жетістіктердің және экологиялық болжамдардың негізгі құралы болып табылады. Магистрлік деңгейде бұл теңдеулерді меңгеру — күрделі жүйелерді басқарудың және жаңа ғылыми заңдылықтарды ашудың кілті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Комбинаторикалық есептер: шешу жолдары мен әдістемесі. – Оқу құралы. – Астана, 2022.
2. ҚР жалпы білім беретін мектептерге арналған математика пәні бағдарламасы. – Астана, 2023.
3. Бекбоев Т. Математикадан есеп шығару әдістемесі. – Алматы: «Білім», 2021.
4. Қалиев К. Комбинаторика элементтерін оқыту ерекшеліктері. – Педагогика және білім журналы, №2, 2022.

«NugaFit» СҮЗБЕЛІ ДЕСЕРТІ

Аянқызы А., Сексембаев Б., Байжұманова Д., Рахматуллаев Д., Бақтияр Ә.

Ғылыми жетекшілері: Ерболатұлы Д., ф.-м.ғ.к., физика және технологиялар кафедрасының профессор-зерттеушісі

Мейрамғажы А., физика және технологиялар кафедрасының лекторы

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: aiaulymaiankyzy@gmail.com

Сүт өнімдері адамның барлық өмір сүру кезеңінде тамақтануда ауыстырылмайтын өнім [1, 2]. Сүт және сүт өнімдері емдік және диеталық тамақтануда негізгі өнім болып табылады және басқа тағам өнімдерден ерекшелігі олардың құрамында адам организмiне қажетті тағамдық және биологиялық белсенді заттардың оптималды баланста келтірілген. Сүт қалыпты өсуді, дамуды, ағзаның өмір сүруін камтамасыз ететін әмбебап тағам болып табылады [1, 2].

Қазіргі таңда дұрыс және теңгерімді тамақтану мәселесі әлем бойынша өзекті тақырыптардың біріне айналды. Адамдардың денсаулыққа деген жауапкершілігі артып, табиғи және пайдалы тағамдарға деген сұраныс күннен-күнге өсуде. Әсіресе құрамында жасанды қоспалар мен артық қант мөлшері аз, табиғи ингредиенттерден дайындалған тағам өнімдері нарықта үлкен сұранысқа ие. Соның ішінде сүт өнімдері негізінде дайындалатын десерттер ерекше танымал бола бастады. Бүгінгі таныстырылатын өнім – калориясы төмен және пайдалы десерт, табиғи ингредиенттерден қосу арқылы алынған «Лайт нұға» өнімі (сурет 1). Осы өнімді халық тұтынғандағы біздің ұтарымыз не? Жоғары тағамдық және биологиялық құндылығы бар функционалды өнім қандай қасиеттерге ие болуы керек?

Зерттеу мақсаты:

Бұл зерттеудің мақсаты – «лайт нұға» өнімінің құрамын жан-жақты талдау, оның құрамындағы табиғи ингредиенттердің (сүзбе, қаймақ, бал, кептірілген жемістер мен жаңғақтар, агар-агар) тағамдық және биологиялық құндылығын анықтау, сондай-ақ осы десерттің адам ағзасына тигізетін пайдасын зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, «лайт нұғаның» дұрыс тамақтанудағы орнын айқындау және денсаулыққа пайдалы балама өнім ретінде маңыздылығын негіздеу де осы зерттеудің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. «Лайт нұға» – табиғи ингредиенттерден дайындалатын пайдалы десерт. Оның құрамына сүзбе, қаймақ, табиғи бал, кептірілген жемістер (финик, мейіз) және жаңғақтар (грек жаңғағы, арахис) кіреді. Сонымен қатар өнім құрылымын қалыптастыру үшін табиғи желе түзуші зат – агар-агар қолданылады. Бұл компоненттер өнімнің тағамдық құндылығын арттырып, оған жағымды дәм мен консистенция береді.

Лайт нұға өнімін өндіру барысында негізгі шикізаттардың бірі – сүзбе болып табылады. Сүзбе сүттен алынып, кейін ол лайт нұға десертінің негізгі компоненті ретінде қолданылады.

Сүзбе – қазақтың дәстүрлі әрі пайдалы сүт тағамдарының бірі. Ол көбінесе сиыр, қой немесе ешкі сүтінен дайындалады. Сүтті ұйытып, одан іркіт бөліп алып,

қоюлатып сүзу арқылы сүзбе жасалады. Сүзбе құрамында адам ағзасына қажетті көптеген пайдалы заттар бар. Мысалы, белоктар, кальций, витаминдер мен минералдар.



Сурет 1 – Табиғи қоспалардан тұратын «Лайт нұға» өнімі

Сүзбенің де бірнеше түрі болады:

1. **«Қарапайым сүзбе»** — сүт ұйытылып, сүзу арқылы дайындалады.
2. **«Тұз қосылған сүзбе»** — сүзбеге аз мөлшерде тұз қосылып дайындалады.
3. **«Қант қосылған сүзбе»** — сүзбеге қант немесе бал қосылып, тәтті тағам ретінде дайындалады.

Сүзбені көбінесе таңғы асқа пайдаланады. Оны қаймақпен, сүтпен немесе бал мен қант қосып жейді. Сонымен қатар, сүзбе әртүрлі тағамдардың құрамына да қосылады. Сүзбе өте қоректік, құрамында адам ағзасына қажетті белоктар мен кальций көп болатын пайдалы тағам болып саналады [3].

«Қаймақ» — сүттен алынатын, майлылығы жоғары өнім. Ол сүттің майлы бөлігінен алынған және дәстүрлі түрде қазақ тағамдарында кеңінен пайдаланылады. Қаймақтың құрамында сүттің майы, ақуыздар, дәрумендер (А, D), минералдар (кальций, фосфор), сондай-ақ пайдалы қышқылдар бар. Қаймақтың негізгі түрлері: 1. «Табиғи қаймақ» – бұл ешқандай қоспасыз, таза қаймақ. Оның консистенциясы тығыз, майлылығы жоғары болады. 2. «Сұйық қаймақ» – сүттің майлылығына байланысты өте жеңіл әрі сұйық келеді. 3. «Қышқыл қаймақ» – сүт қышқылы бактериялары арқылы ашытылып, дайындалған қаймақтың түрі. Қаймақтың майлылығы көбінесе оның құрамындағы сүт майының мөлшеріне байланысты. Әдетте қаймақтың майлылығы 10%-дан 30%-ға дейін болуы мүмкін, бірақ кейде майлылығы 50%-ға дейін жететін қаймақтар да бар. Қаймақты қалай қолдануға болады? Тағамдарға қосымша ретінде: қаймақ салаттар, ыстық немесе суық тағамдар, палаулар, пісірмелерге қосылады [4].

Өнімнің өзектілігі:

Лайт нұға өнімінде ақуыз мөлшері жоғары және калориясы дәстүрлі кондитерлік өнімдерге қарағанда төмен болып келеді. Сонымен қатар өнімнің құрамында табиғи тәттілендіргіш ретінде бал қолданылатындықтан, оның тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары болады. Кептірілген жемістер мен жаңғақтар өнімге қосымша витаминдер, минералдар және энергия береді.

Зерттеу әдістемесі және оның нәтижелері:

Бұл зерттеу жұмысында «лайт нұға» десертiнiң сапасы мен тағамдық құндылығын анықтау мақсатында бiрнеше зертханалық және тәжірибелiк әдiстер қолданылды.

1. рН көрсеткішін анықтау

Өнiмнiң қышқылдық деңгейiн анықтау үшiн зертханалық иономер И-160 мисулы құралы пайдаланылды. Зерттеу барысында дайын «лайт нұға» үлгiсi алынып, оның ерiтiндiсi дайындалды. Лайт нұғаның рН нәтижесi – **4.411**. рН көрсеткішi өнiмнiң қышқылдық сақталу мерзiмi мен қауiпсiздiгiне әсер ететiнi ескерiлдi.

2. Титрлеу көлемдерiн анықтау

Қышқылдық мөлшерiн нақтылау үшiн титрлеу әдiсi қолданылды. Бұл әдiсте өнiм ерiтiндiсiне сiлтi (натрий гидроксидi ерiтiндiсi) қосылып, бейтараптану нүктесiне дейiнгi жұмсалған көлем анықталды. Осы арқылы өнiмнiң жалпы қышқылдығы есептелдi. Нақтылап кетсек, лайт нұғаны титрлеу соңғы мән 9.3 мл NaOH ашық қызғылт түс пайда болды. Лайт нұғаның титрлеудi есептеуге тоқсалсақ, лайт нұғаның титрлiк қышқылдық дәрежесi $\approx 0,84\%$. Қышқылдық дәрежесi (%) = $V_{\text{NaOH}} \times C_{\text{NaOH}} \times M \times 100 / m$ үлгi. ҚД (%) = $0,0093 \times 0,1 \times 90 \times 100 / 10$

3. Ылғал мөлшерiн анықтау

Өнiм құрамындағы ылғал мөлшерiн Faithful маркалы жоғары температуралы зертханалық кептiру шкафында кептiру әдiсi арқылы анықталды. Белгiлi бiр массадағы үлгi арнайы температурада кептiрiлiп, бастапқы және соңғы массалар айырмасы арқылы ылғал пайыздық мөлшерi есептелдi. Лайт нұғаның құрғақ мөлшерiн анықтау. Формула: құрғақ қалдық: өнiмнiң әйнегiндегi бастапқы масса. Құрғақ қалдық табу: $29.8977 - 28.5320 = 1.364$. Тигель құрғақ қалдық: $1,364 : 3,6624 = 0,3724\%$, яғни құрғақ қалдық мөлшерi $\approx 37\%$

4. Сүзбе және қаймақтың тағамдық құндылық көрсеткіштерi

Сүзбе мен қаймақтың құрамындағы негiзгi қоректiк заттар (ақуыз, май, көмiрсу) анықталып, олардың адам ағзасына тигiзетiн пайдасы талданды. Бұл мәлiметтер «лайт нұға» десертiнiң жалпы құнарлылығын бағалауға мүмкiндiк бердi.

Сүзбе (300 г дайын өнiм) 1. Ақуыз: 32–34 г 2. Май: 34–36 г 3. Көмiрсу: 10–13 г 4. Нормаға салыстыру: орташа майлы үй сүзбесi (майлылығы $\approx 12\%$) және БЖК стандарттарына сәйкес келедi.

Кесте 1 - 100 г өнiмнiң физика-химиялық және тағамдық көрсеткіштерi

Көрсеткіш	Мән	Норма / стандарт
Май	15 г	15% (сметана 15%)
Ақуыз	2,6 г	ГОСТ бойынша 2–3 г
Көмiрсу	3,6 г	ГОСТ бойынша 3–4 г
Калория	160 ккал	стандарт 150–165 ккал
Энергетикалық құндылық	670 кДж	–
Сақтау шарттары	2±6 °С	Тоңазытқыш

Кесте 2 - Көрсеткіштерді салыстыру

Өнім	Ақуыз (г/100 г)	Май (г/100 г)	Көмірсу (г/100 г)	Норма / стандарт	Қорытынды
Сүзбе (орташа)	11–12	11–12	3–4	Орташа майлы үй сүзбесі (ақуыз 11–15, май 12%, көмірсу 2–4)	Нормаға сәйкес
Қаймақ (15%)	2,6	15	3,6	ГОСТ 31452-2012	Нормаға сәйкес

«Лайт нұға» десертiнiң ақуыз, май, көмірсу мөлшерін анықтау

Өнімнің тағамдық құндылығы есептеу әдісі арқылы анықталды. Әрбір ингредиенттің (сүзбе, бал, жаңғақ, кептірілген жемістер) құрамындағы қоректік заттар ескеріліп, жалпы ақуыз, май және көмірсу мөлшері есептелді. Нәтижесінде 100 г өнімге шаққандағы тағамдық құндылығы келесідей анықталды: ақуыз – 110 г, май – 13,4 г, көмірсу – 27,1 г.

Десерттің сапасын анықтау үшін органолептикалық бағалау жүргізілді. Бұл әдісте өнімнің дәмі, иісі, түсі, құрылымы және сыртқы көрінісі арнайы критерийлер бойынша бағаланды. Бағалау нәтижесінде өнімнің тұтынушылық қасиеттері анықталды.

«Лайт нұға» десертін органолептикалық бағалау ГОСТ/стандарт талаптарына сәйкес жүргізілді. Бағалау барысында өнімнің түсі, дәмі, иісі, құрылымы және сыртқы көрінісі қарастырылды. Нәтижесінде десерттің түсі 5/5 баллға бағаланып, ашық қоңыр-қызғылт түсті, біркелкі таралғаны анықталды. Дәмі 4,5/5 балл алып, сүзбе мен балдың үйлесімділігімен, тәттілігінің қалыптылығымен және тым қатты еместігімен сипатталды. Иісі 5/5 баллға бағаланып, табиғи сүт пен балдың жағымды хош иісі анық сезіліп, бөгде химиялық иістердің жоқтығы байқалды. Құрылымы мен текстурасы 4,5/5 баллға бағаланып, жұмсақ, біркелкі масса түрінде, жеңіл желе тәрізді сезіммен, орташа қаттылықта екені анықталды. Сыртқы көрінісі мен формасы 5/5 балл алып, өнімнің гомогенділігі, жеміс пен жаңғақ бөлшектерінің біркелкі таралуы және дұрыс безендірілгені байқалды.

Сақтау мерзімі және сақтау шарттары

Сүзбе негізіндегі лайт-нұға десертi тез бұзылатын өнімдер қатарына жатады. Сондықтан оны төмен температурада сақтау қажет.

Сақтау шарттары: Температура: +2...+6 °С. Салыстырмалы ылғалдылық: 75–80%. Тікелей күн сәулесінен қорғалған жерде **Сақтау мерзімі:** Тоңазытқышта: **7 тәулікке дейін** Өнім табиғи шикізаттан дайындалатындықтан және консерванттар қолданылмағандықтан, сақтау мерзімі 7 тәуліктен аспайды.

«Лайт нұға» – сүзбе негізінде дайындалған пайдалы десерт. Сүзбе құрамында ақуыз, кальций, А, В, D дәрумендері және минералдар бар, 100 г өнімнің калориясы 120–180 ккал (майлылығына байланысты). Қаймақ құрамында май, ақуыз, А, D дәрумендері және минералдар бар, калориясы 300–400 ккал. Сүзбе мен қаймақ қосындысы тағамның құнарлығын арттырып, ағзаға энергия береді. Қоспалар ретінде табиғи бал, кептірілген жемістер (финик, мейіз),

жаңғақтар (грек жаңғағы, арахис) және агар-агар қолданылады, бұл өнімге жағымды дәм мен консистенция береді [5].

Өнімнің денсаулыққа пайдасы: энергия көзі ретінде таңғы асқа қолайлы, құрамындағы минералдар мен дәрумендер сүйек жүйесін нығайтады, иммунитетті көтереді, көздің көру қабілетін жақсартады, ас қорытуға оң әсер етеді, терінің саулығын қолдайды. Белоктар бұлшық еттердің өсуіне және қалпына келуіне, майлар энергия беру мен дәрумендердің сіңуіне, ал дәрумендер мен минералдар жалпы ағзаның саулығына маңызды.

Органолептикалық бағалау көрсеткендей, өнімнің түсі ашық ақшыл сары, біркелкі құрылым, жағымсыз иіс жоқ, дәмі табиғи сүзбе мен қаймақ үйлесімімен тәтті, агар-агар қосылуы сақтау мерзімін ұзартады. Йод сынағы арқылы өнімде крахмал жоқ екені дәлелденді.

Қаптама өнімді сақтау және тасымалдауға арналған арнайы қораптан жасалған: материал – пластик, картон немесе қағаз, ішкі беті тегіс және дезинфекцияланған, мөлдір, бірнеше қабатты десертті көрсетуге лайық, қақпағы тығыз жабылады. Қорап өнімді сақтап қана қоймай, көрнекі әрі тартымды етеді, шағын және орташа көлемде жасалады, кейде мерекелік немесе мейрамханалық көлемде қолданылады.

Сүзбе мен қаймақтан жасалған десерт — дәмді әрі қоректік тағам. Құрамындағы майлар, ақуыздар, дәрумендер мен минералдар ағзаға энергия беріп, ас қорытуға пайдалы. Қаймақтың кремді құрылымы мен сүзбенің текстурасы үйлесіп, ерекше дәм береді. Жоғары калориялы болғандықтан, оны мөлшермен тұтыну ұсынылады.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде келесі тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, зерттеу жұмысы барысында ұсынылған технология бойынша «лайт нұға» десертті әзірленіп, дайын өнім алынды. Өнім табиғи ингредиенттер негізінде дайындалып, тәжірибелік түрде сәтті жүзеге асырылды.

Екіншіден, зерттеу нәтижесінде «лайт нұға» өнімінің негізгі артықшылықтары анықталды. Атап айтқанда, оның табиғи құрамы, тағамдық құндылығының жоғары болуы, құрамында ақуыз, пайдалы майлар мен көмірсулардың болуы, сондай-ақ дәстүрлі тәтті өнімдерге қарағанда денсаулыққа пайдалы балама екені дәлелденді.

Үшіншіден, өнімнің негізгі физика-химиялық көрсеткіштері зерттеліп, нақты мәндері анықталды. Аталған көрсеткіштер өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін сипаттайды және оның стандарт талаптарына сай келетінін көрсетеді. Сонымен қатар, «лайт нұға» десертті сүзбе негізінде дайындалатындықтан, тез бұзылатын өнімдер қатарына жатады. Осыған байланысты оны сақтау шарттарын сақтау маңызды.

Әзірленген «лайт нұға» өнімі – сапалы, пайдалы, тағамдық құндылығы жоғары және тұтынуға қауіпсіз десерт болып табылады. Қаймақ пен сүзбеден жасалған десерт — бұл қоректік және энергия беретін тағам, органолептикалық қасиеттері бойынша таппаларға сай келеді. «Лайт нұға» өнімі күнделікті рационға пайдалы қосымша бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Технология молока и молочных продуктов: учебное пособие для обу- чающихся по направлению подготовки 19.06.01 Промышленная экология и биотехнологии направленность 05.18.04 Технология мясных, молочных и рыбных продуктов и холодильных производств / сост.: В.В. Крючкова ; Донской ГАУ. – Персиановский : Донской ГАУ. - 2018. – 232 с.
2. Күзембаев Қ. Күзембаева Г. Қоғамдық тамақтандыру өнімдерінің технологиялары. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 352 б.
3. Кузнецова, Л.В., & Иванова, С.П. (2018). *Молочные продукты: качество, польза, безопасность*. **Москва: КолосС**.
4. *Қазақ дәстүрлі сүт өнімдері және олардың тағамдық құндылығы*. Алматы: ҚазҰУ баспасы. Жұбанова, А. (2020).
5. Абдуллабекова Р.М. Табиғи шикізаттан алынған биологиялық белсенді қоспаларды жасап шығарудың және гигиеналық негіздері. – Шымкент, 2002.

ӘОЖ 517.54.

ФАКУЛЬТАТИВ САБАҒЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЭКСТРЕМАЛЬДЫ ЕСЕПТЕР

Дәуренқызы М.¹, Нурканова Р.О.², Апышев О.Д.¹

¹С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

²ҚазАСит, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: m.daurenkyzy@mail.ru

Мақалада біз алдын-ала шешу жолдары белгісіз, яғни стандартты емес, дәстүрлі тәсілдермен шешілмейтін бірнеше мысалдардың шығару жолдарын береміз.

Стандартты емес есептер деп-математика курсында оларды шығарудың нақты бағдарламасын анықтайтын ортақ ережелері, яғни алгоритмі жоқ есептерді айтады.

Оқушылардың логикалық ой-өрісін арттыруда шығармашылық қабілетін дамытып, математикаға қызықтырып, дарындық қабілеттерін ашуда сондай есептердің орны ерекше болатынына еш күмәніміз жоқ.

Негізінен ондай есептер сабақта қарастырылмайды, себебі шешуге арналған дағдыланған жол жоқ, әрбір есептің өзіндік шығару әдіс-тәсілдері бар. Математикалық мысалдардың көп бөлігін алатын тапқырлық есептерді шығару ойлау қабілетін жетілдіруге пайдасы сөзсіз.

Дәстүрлі әдіспен шешілмейтін есептер әдеттегі математика сабағында да көмегін тигізіп қоймай, сабақтан тыс уақытта, факультатив кезінде, математикалық олимпиадаға дайындалуға өлшеусіз әсерін беретіні айдан анық.

Келтірілген есептерді түсіну үшін оқушы қауымға-вектор ұғымы, скаляр көбейтінді, функцияны экстремумға зерттеу ережелерін, коллинеар векторлар, Коши теңсіздіктерін, мажорант әдісін білсе жеткілікті.

Әдебиеттер тізіміндегі келтірілген оқу құралдарын ұтымды пайдаланады деп сенеміз.

1-мысал. $\sqrt{x-2} + \sqrt{4-x} = x^2 - 6x + 11$ теңдеуін шешейік.

Шешуі: Есептің дәстүрлі емес шығару жолын ұсынайық: Сонымен, жазықтықта $|\vec{a}| = \sqrt{(x-2) + (4-x)} = \sqrt{2}$ және $\vec{b}=(1;1)$ векторын енгізейік. Онда теңдеудің сол жағы осы вектордың скаляр көбейтіндісі болып табылады, яғни $\vec{a} \cdot \vec{b}$. Ал модульдері $|\vec{a}| = \sqrt{(x-2) + (4-x)} = \sqrt{2}$ және $|\vec{b}| = \sqrt{1+1} = \sqrt{2}$; Скаляр көбейтіндінің қасиеті бойынша $\vec{a} \cdot \vec{b} \leq |\vec{a}| \cdot |\vec{b}| \Rightarrow \sqrt{x-2} + \sqrt{4-x} \leq 2$.

Оң жағынан толық квадрат айырсақ $x^2 - 6x + 11 = (x-3)^2 + 2 \geq 2 \quad \forall x \in R \exists$.

Сол себепті теңдеудің \Leftrightarrow шешімі \exists , егер бір уақытта екі жағыда екіге тең болса, яғни $\sqrt{x-2} + \sqrt{4-x} = 2 \wedge x^2 - 6x + 11 = 2$. Жүйенің жалғыз $x = 3$ шешімі бар екенін көреміз.

Осы мысалды векторлық әдісті қолданбай да шығаруға болады.

$y = \sqrt{x-2} + \sqrt{4-x}$ деп белгілеп, осы функцияның ең үлкен (е.ү) мәнін табайық. Ол үшін y^2 е.ү. тапсақ жеткілікті, онда y – тіде табуға болады. $y^2 = 2 + 2\sqrt{-x^2 + 6x - 8} = 2 + 2\sqrt{1 - (x-3)^2} \Rightarrow y_{max}^2 = 4$, егер $x = 3 \exists$.

Сондықтан, теріс емес y шамасы үшін $y_{max} = 2$, егер $x = 3$. Әрине, векторлық әдіспен әлдеқайда қарапайым шешілетінін көреміз.

Жауабы: $x = 3$.

2 мысал. $x^2 - x + 2 = 2\sqrt[4]{2x-1}$.

Шешуі: Теңдеудің мағынасы $\forall x \geq 0,5$ бар, яғни ММЖ(мүмкін мәндер жиыны) $D = [0,5; \infty)$. Берілген теңдеуді $x^2 - x + 2 = 2\sqrt[4]{2x-1} - x$ түрінде жазсақ, оның түбірлері болып $f(x) = x^2 - x + 2$ және $\varphi(x) = 2\sqrt[4]{2x-1} - x$ функцияларының графиктерінің қиылысу немесе жанасу нүктелерінің абсциссалары табылады. Қисықтардың орнын анықтау үшін $f(x)$ пен $\varphi(x)$ – ті экстремумдарға зерттейік:

$y = f(x) = (x-1)^2 + 1 \geq 1 \exists \Rightarrow$ ең кіші мәнін $\inf f(x) = 1$ -ді $x = 1$ нүктесінде береді.

$y = \varphi(x)$ – тің D облысындағы ең үлкен мәнін табайық. $y' = \varphi'(x) = 2 \cdot \frac{1}{4} (2x-1)^{-3/4} \cdot 2 - 1 = \frac{1-(2x-1)^{3/4}}{(2x-1)^{3/4}} = 0 \Rightarrow x = 1 \in D$ – кризистик нүкте екен.

$0,5 < x < 1 \Rightarrow \varphi'(x) > 0; x > 1 \Rightarrow \varphi'(x) < 0 \Rightarrow x = 1$ нүктесі үшін $\sup \varphi(x) = 1$. Сонымен, $\forall x \in D \Rightarrow f(x) \geq 1$, ал $\varphi(x) \leq 1$. Осы

тұжырымдаулардан $f(x) = \varphi(x)$ теңдеуі қарапайым $f(x) = A, \varphi(x) = A$ теңдеулер жүйесіне эквивалентті. Бұл әдіс стандартты емес шешу тәсіліне жатады. Әдісті-мажорант әдісі, ал A санын- мажоранта саны деп атайды Сонымен қатар, біздің жағдайда $A=1$ болатынын көреміз.

$y = f(x)$ және $y = \varphi(x)$ функцияларының графиктері $B(1;1)$ нүктесінде бір-бірімен жанасады екен. Сол себепті осы нүктенің абсциссасы $x = 1$ теңдеудің жалғыз түбірі болып келеді.

Ескерту: Классикалық Коши теңсіздігін $n = 4$ үшін қолданып ($\forall a_i \geq 0, i = \overline{1, n} \Rightarrow \frac{1}{n}(a_1 + \dots + a_n) \geq \sqrt[n]{a_1 \dots a_n}$), $\varphi(x)$ функциясының жоғарғы бағасын табуға болады:

$\varphi(x) = 2\sqrt[4]{2x-1} - x = 2\sqrt[4]{1 \cdot 1 \cdot 1 \cdot (2x-1)} - x \leq 2\frac{1+1+1+2x-1}{4} - x = (x+1) - x = 1$. $\varphi(x) \leq 1$. Ал сол жағы үшін $f(x) \geq 1$ – жоғарыда көрдік, яғни $A = 1$. Олай болса $x^2 - 2x + 2 = 1, 2\sqrt[4]{2x-1} - x = 1$

жүйесінен $x = 1$ жолғыда шешімі болатынын көреміз.

Жауабы: $x = 1$.

3 мысал. Егер x, y – айнымалылары $4x^2 + y^2 = 16$ теңдеуін қанағаттандыратын болса, $(3x - 2y)$ - ең үлкен мәні қандай?

Шешуі: Берілген теңдеуді $(x/2)^2 + (y/4)^2 = 1$ радиусы 1-ге тең шеңберге келтірсек, $\frac{x}{2}$ мен $\frac{y}{4}$ әрқайсысының модульдері бірден артпайды, сол себепті оларды қандайда бір бұрыштың синусы мен косинусы деп қарастыруымызға болады, яғни $\frac{x}{2} = \cos\alpha, \frac{y}{4} = \sin\alpha$, бұдан $x = 2\cos\alpha, y = 4\sin\alpha$.

Олай болса есептің шарты төмендегі түрге айналғанын көреміз: Егер $\alpha \in [0; 2\pi)$ болса, $6\cos\alpha - 8\sin\alpha$ өрнегінің ең үлкен мәні нешеге тең?

Мектеп курсынан белгілі, $f(\alpha) = m\sin\alpha \cdot n\cos\alpha$ функциясының өзгеру облысы $[-\sqrt{m^2+n^2}; \sqrt{m^2+n^2}]$ кесіндісі. Ал $f(\alpha)$ функциясы 2π периодты болғандықтан $\alpha \in [0; 2\pi)$ шектеуі өзгеру облысына әсер етпейді. Біздің жағдайда $m = -8, n = 6$ тең, осыдан $\sqrt{m^2+n^2} = 10$.

Жауабы: $\max(3x - 2y) = 10$.

4 мысал.

$$f(x) = \left(\frac{1 + \sin^2 x}{\sin^2 x}\right)^n + \left(\frac{1 + \cos^2 x}{\cos^2 x}\right)^n, n \notin N$$

функцияның ең кіші мәнін табайық.

Шешуі: Екі оң $a > 0, b > 0$ сандары үшін $\frac{a+b}{2} \geq \sqrt{ab}$ – Коши теңсіздігін қолданайық:

$$\begin{aligned} f(x) &= \left(1 + \frac{1}{\sin^2 x}\right)^n + \left(1 + \frac{1}{\cos^2 x}\right)^n \geq 2 \left(\sqrt{\left(1 + \frac{1}{\sin^2 x}\right)\left(1 + \frac{1}{\cos^2 x}\right)}\right)^n \\ &= 2 \left(\sqrt{1 + \frac{1}{\sin^2 x} + \frac{1}{\cos^2 x} + \frac{1}{\sin^2 x \cdot \cos^2 x}}\right)^n = 2 \left(1 + \frac{2}{\sin^2 x \cdot \cos^2 x}\right)^{\frac{n}{2}} \\ &= 2 \left(1 + \frac{8}{\sin^2 2x}\right)^{\frac{n}{2}} \geq 2(1+8)^{\frac{n}{2}} = 2 \cdot 3^n \end{aligned}$$

Енді $f_{\min} = 2 \cdot 3^n$ орын алатынына көз жеткізейік. Ол үшін $2 \cdot 3^n$ мәнін қабылдайтын x -ті тапсақ болғаны. Коши теңсіздігі теңдікке айналып кеткенде орын алады. $f(x) = 2 \cdot 3^n$ теңдігі $\sin^2 x = \cos^2 x, \sin^2 2x = 1$ теңдеулер жүйесіне эквивалентті болса, ал оның түбірлерінің бірі болып $x_0 = \frac{\pi}{4} \exists$. Онда $f\left(\frac{\pi}{4}\right) = \left(\frac{1+0,5}{0,5}\right)^n + \left(\frac{1+0,5}{0,5}\right)^n = 3^n + 3^n = 2 \cdot 3^n$.

Жауабы: $f_{\min} = 2 \cdot 3^n$

5 мысал. $\left(\frac{1}{\sin^2 x} + \frac{1}{\cos^2 x}\right)(\sin^8 x + \cos^2 2x) = 4\cos^2 \sqrt{\frac{\pi^2}{4} - x^2}$ теңдеуін шешейік.

Шешуі: \forall екі оң санның арифметикалық ортасы геометриялық ортасынан кіші болмайтын қасиетінен $\frac{1}{2}\left(\frac{1}{a} + \frac{1}{b}\right) \geq \sqrt{\frac{1}{a} \cdot \frac{1}{b}}, \frac{a+b}{2} \geq \sqrt{ab} - \exists, \Rightarrow \frac{1}{2}\left(\frac{1}{a} + \frac{1}{b}\right)\left(\frac{a+b}{2}\right) \geq 1 \Rightarrow \left(\frac{1}{a} + \frac{1}{b}\right)(a+b) \geq 4$. Берілген теңдеудің мүмкін мәндер жиынында (ММЖ) $\sin^8 x > 0, \cos^2 2x > 0 - \exists$. Соңғы теңсіздікте $a = \sin^2 x, b = \cos^2 2x$ деп ұйғарсақ, берілген теңдеудің сол жағы ≥ 4 , ал оң жағы $4\cos^2 \sqrt{\frac{\pi^2}{4} - x^2} \leq 4$. Сол себепті мажорант әдісінен ($A=4$ – мажорант саны), берілген теңдеу келесі жүйеге эквивалентті екен, яғни

$$\begin{cases} \left(\frac{1}{\sin^2 x} + \frac{1}{\cos^2 x}\right)(\sin^8 x + \cos^2 2x) = 4 \\ \cos^2 \sqrt{\frac{\pi^2}{4} - x^2} = 4 \end{cases}$$

Екінші теңдеуден $x_{1,2} = \pm \frac{\pi}{2} \exists$. Біріншісіне апарып қойсақ, оның да қанағаттандыратынын көреміз.

Ескерту: Стандартты емес тригонометриялық теңдеулерді шешкенде түбірлерінің саны алгебралық теңдеулердегі сияқты олардың саны ақыры бола беруі мүмкін.

Жауабы: $x = \pm \frac{\pi}{2}$

6 мысал: $y = \frac{\sin^2 x - 4\sin x + 5}{3 - 2\sin x}$ функциясының өзгеру облысын табайық.

Шешуі: функция бүкіл сан осінде анықталған, үзіліссіз (бөлімі нөлден үлкен), сол себепті функцияның ең үлкен, ең кіші мәндері – $y_{e.ү.}, y_{e.к.}$ – тапсақ жеткілікті. $\sin^2 x \leq 1 \exists, \Rightarrow \sin^2 x - 4\sin x + 5 \leq 6 - 4\sin x = 2(3 - 2\sin x)$, ал $\forall x \Rightarrow 3 - 2\sin x > 0$ болғандықтан $y = \frac{\sin^2 x - 4\sin x + 5}{3 - 2\sin x} \leq \frac{2(3 - 2\sin x)}{3 - 2\sin x} = 2$

Осы қатынаста тек $\sin x = \pm 1$ жағдайда ғана теңдік таңбасы орын алатындығын көреміз. Сонымен, y -тің ең үлкен мәні 2-ге $\sin x = \pm 1$ кезінде ие болатынын көреміз, яғни $x = \frac{\pi}{2} + n\pi, n \in \mathbb{Z}$.

Енді y – функциясының ең кіші мәнін анықтайық. Ол үшін тепе – тең түрлендіру жасайық: $y = \frac{\sin^2 x - 4\sin x + 5}{3 - 2\sin x} = \frac{(3 - 2\sin x)^2 + 5 + (6 - 4\sin x)}{4(3 - 2\sin x)} = \frac{3 - 2\sin x}{4} + \frac{5}{4(3 - 2\sin x)} + \frac{1}{2}$.

Ал $3 - 2\sin x > 0 - \exists \Rightarrow \frac{3 - 2\sin x}{4} + \frac{5}{4(3 - 2\sin x)} \geq 2\sqrt{\frac{5(3 - 2\sin x)}{16(3 - 2\sin x)}} = \frac{\sqrt{5}}{2}$. (Біз $a + b \geq 2\sqrt{ab}$ - Коши теңсіздігін қолдандық)

Сондықтан функцияның ең кіші мәні $y = \frac{1}{2} + \frac{\sqrt{5}}{2} = \frac{\sqrt{5} + 1}{2}$. Осы мәні $\frac{3 - 2\sin x}{4} = \frac{5}{4(3 - 2\sin x)}$ жағдайда орын алады, яғни $\sin x = \frac{3 - \sqrt{5}}{2} \Rightarrow x = (-1)^k \arcsin \frac{3 - \sqrt{5}}{2} +$

$k\pi, k \in \mathbb{Z}$. Сонымен $E(y) = \left[\frac{1}{2}(\sqrt{5} + 1); 2 \right]$.

Жауабы: $E(y) = \left[\frac{1}{2}(\sqrt{5} + 1); 2 \right]$.

Қорыта келе, сөз соңында айтайық дегеніміз, математиканы оқыту үдерісінде шәкірттердің шығармашылық белсенділігін тәрбиелеу олардың алдына қойылған өзекті мәселе. Олардың математикалық қабілеттерінің дамуының және тәрбиеленуінің негізгі түйіні болып есептер табылады. Белгілі әдіскер, математик Д. Пойа былай деп жазған: «Математиканы жетік білу дегеніміз не? Ол есепті шығара білу, әрі дағдылы есептерді ғана емес, сонымен қатар тапқырлықты, ойлаудың стандартты емес жолдарын қажет ететін есептер».

Сонымен есепті шығару шығармашылық іскерліктің бір түрі, ал шешімін іздеу-ойлап табу үрдісі. Бұл жерде шешімнің әрқилы жолдарын табу маңызды мәселенің бірі. Ондай сәтте танымдылық ынта қалыптасып, ойлау қабілеті нығайып, зерттеушілік қасиеті жетіледі. Сонымен қатар, әр есептің дербес ерекшеліктерін қолдана білу оның шешуінің ең қарапайым, ұтымды және көркем тәсілін таңдап алуға мүмкіндік береді. Нақты модельден ауытқып, есептің шартын жан-жақты талдау-жұмыстың жемісті болуының бірден-бір кепілі болатынын айта кетпекпіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мерзляк А.Г и др. Неожиданный шаг или сто тринадцать красивых задач. (методические рекомендации). Киев. Агрофирма “Александрия”, 1993, - 58 с.
2. Кушнир И. Шедевры школьной математики. Задачи с решениями в двух книгах. Киев “Астарта” Кн.І. 2005.-544с.
3. Стихан Е.А. Мектеп бағдарламасындағы теңдеу мен теңсіздіктерді шығаруда векторлық әдісті қолдану. Респ. журнал математика и физики №2(2019), 28-31 стр.
4. Неверовская С.В. геометрические методы решения алгебраических задач. Тамбов, 2015,-25 с.
5. Генкин Г. Геометрические приемы решения алгебраических задач. Всероссийская газеты “первое сентября. Математика”. №34 (2004), 28-32 стр.
6. Супрун В.П. Математика для старшеклассников. Нестандартные методы решения задач. М.Книжный дом “ЛИБРОКОМ”, 2009,-272с.

ӘОЖ 519.6

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Ерланұлы Т., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Мадияров М.Н., т.ғ.к., математика кафедрасының
қауым. профессоры

С. Аманжолов атындағы ШҚУ

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: tamyrlan.yerlanly@mail.ru

Педагогикалық әдебиетте қолданбалы есеп ұғымы әртүрлі түсіндіріледі. Кейбір зерттеушілер (М.Жұмабаев, Қ.Байжанов, Л.Н.Тихонов, С.С.Варданыя, Г.М.Возняк және т.б.) қолданбалы деп осындай есепті санаған, ол табиғи тілден

математикалық тілге аударуды қажет етеді. Басқа зерттеушілер (Ж.А.Король, Н.Гайбуллаев, Г.М.Морозов және т.б.) қолданбалы есептің мазмұны мен шешу әдістері практикада кездесетін есептерге жақын болуы керек деп есептеген. Мысалы, М.В.Крутихина қолданбалы есепті әдетте проблема-есеп түрінде берілген сюжеттік есеп ретінде қарастырады және ол мынадай шарттарға сай болуы тиіс:

1. Мәселе практикада қойылғандай формада қойылуы керек (шешімі практикалық мәнге ие);

2. Изделетін және берілген шамалар (егер берілген болса) нақты, практикадан алынған болуы тиіс

Қазіргі таңда қолданбалы есеп – бұл математикадан тыс қойылған және математикалық құралдар арқылы шешілетін есеп болып табылады. Қолданбалы есептерді шешу әдістемесіне үлкен көңіл бөлуге М.Жұмабаев, В.Б. Фирсов, Л.М. Фридман және т.б. ғалымдар еңбектерінде ерекше назар аударған. Қолданбалы есептерді шешу бірнеше кезеңнен тұрады: формализация, жүзеге асыру және интерпретация. Қолданбалы есептерге сондай-ақ қазіргі оқу құралдарында берілген мәтіндік есептерді жатқызуға болады. Дегенмен, заманауи оқулықтардың басым бөлігі оқушыларды сипатталған объектілердің немесе құбылыстардың сандық көрсеткіштерін анықтауға бағыттайды. Кейінірек мұндай есептерді қайта тұжырымдап, өзгерту қажет.

Математикада есептерді шешуде келесі принциптерге сүйенеді:

1. Есептерді шешуде практикалық әдістерді қолдану: іздену, анықтамалық әдебиеттер мен дидактикалық материалдарды пайдалану, зерттеу және т.б.;

2. Есепті шешудің әртүрлі жолдарын қарастыру және ең тиімді әдісті таңдау;

3. Қолданбалы есептерді шешудің әрбір кезеңінде оқушыларды оқыту;

4. Есептерді оқу мақсаттарына және оқу талаптарына сәйкес өңдеу.

Осылайша, қолданбалы бағытты күшейту үшін негізгі құрал есептер болып табылады, бірақ тек есептер дұрыс таңдалған жағдайда ғана. Қазіргі таңда математика сабағында қолданбалы бағытты жүзеге асыруға ерекше мән берілуі қажет, себебі қолданбалы бағыт оқушылардың танымдық белсенділігін дамытады. Қолданбалы бағытты іске асыру үшін көптеген мысалдарды, есептерді, оқыту әдістері мен құралдарын қарастырып, ең оңтайлысын таңдау қажет. Сонымен қатар, оқу процесіне компьютерлік технологияларды енгізу де қолданбалы бағытты күшейтуге ықпал етеді.

Қолданбалы есептерге қойылатын негізгі талаптар:

1. Қолданбалы есептер курс бағдарламасына сай болуы, олар математиканы оқыту процесіне маңызды элемент ретінде енгізілуі және оқу мақсатына жетуге қызмет етуі;

2. Есептерді шешу әдістері практикалық әдістер мен тәсілдерге жақын болуы;

3. Оқушыларға есепте енгізілген терминдер, мазмұны және талаптары түсінікті болуы;

4. Қолданбалы есептердің мазмұнында тек математикалық емес, сонымен қатар нематематикалық мәселелер және олардың өзара байланысы көрсетілуі;

5. Есептің практикалық бөлігі оның математикалық мәнін басып кетпеуі қажет [5].

Қосымша талаптар:

1. Нематематикалық материалдың оқушылар үшін қолжетімді болуы;
2. Қолданбалы есептердің тәрбиелік және танымдық мәні;
3. Есептің шартына нақты өмірлік жағдайлар мен сандық мәліметтер енгізу.

Қазіргі таңда қолданбалы есептерге қызығушылық артуда. Бұл әсіресе ОЖС мен БЖС бағдарламасына қолданбалы есептердің енгізілуімен байланысты. Математика сабағында қолданбалы есептердің мәні зор. Қолданбалы есептердің функцияларын қарастыру арқылы олардың оқу процесіндегі рөлі анықталады.

Л.В. Виноградова қолданбалы есептердің үш негізгі функциясын бөліп көрсетеді:

1. Оқыту функциясы – жаңа материалды меңгерудің әр кезеңінде көрініс табады: білімді қабылдау, алғашқы бекіту, дайындық және бақылау кезеңдерінде;
2. Тәрбиелік функция – әртүрлі салалардан ақпаратты қамтиды, оқушылардың білім көкжиегін кеңейтеді, танымдық қабілеттерін арттырады;
3. Дамытушы функция – есте сақтау, зейін, қиял және логикалық ойлауды дамытуға ықпал етеді, жалпы шешу әдістерін бөліп көрсетуге үйретеді және математикалық теориялық білімді практикада қолдануға мүмкіндік береді [3;4].

Қолданбалы есептердің рөлі математика сабақтарында үлкен. Олар математикалық білімнің практикалық қолданылу ауқымын ашып, алған білімді тереңдетіп, бекітеді; есептер оқу материалын көрнекі түрде көрсетеді. Сонымен қатар, қолданбалы есептер оқушылардың логикалық және танымдық ойлауын дамытады, өз бетінше шешім қабылдауға үйретеді және математиканы оқудың мәнін көрсетеді.

Алайда, қазіргі таңда қолданбалы есептерге оқу бағдарламасында жеткілікті уақыт бөлінбейді. Е.В. Егупованың пікірінше, қолданбалы есептердің аз берілуінің негізгі себебі – математиканы оқушыларға түсінікті тілде қолданудың қиындығы. Сонымен қатар, мұғалімдер есептерді шешуге көп уақыт кетеді деп есептейді, ал нәтиже аз. Қолданбалы есептер оқу процесінде басты орын алуы тиіс. Оқушылар математикалық білімді практикада пайдалану дағдыларын үнемі жаттықтыруы керек. Әр сабақта практикалық мазмұндағы есептерді шешу ұсынылуы қажет. Бұл оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады, ойлау қабілеттерін жетілдіреді, белсенділікті жоғарылатады, математикалық білімді бекітеді және дағдыларды қалыптастырады.

Осылайша, біз қолданбалы есеп ұғымын қарастырдық және олардың математика сабақтарындағы рөлін анықтадық. Методикалық әдебиетке талдау жүргізу барысында қолданбалы есептерді шешу мәселесі ежелден қарастырылып келе жатқан, қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтпаған тақырып екенін көрсетті.

Қолданбалы есептерді шешу әдістемесі бірнеше кезеңнен тұрады және әр кезеңде оқушылардың танымдық және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталады. Қазақстандық педагог Ғ. Мұхамеджанов пен С. Жұбанов зерттеулерінде қолданбалы есептерді шешу мынадай кезеңдер арқылы жүзеге асырылады деп атап көрсеткен:

1. Есепті формализациялау – есептің шарты нақты анықталып, математикалық тілге аударылады. Бұл кезеңде оқушылар практикалық жағдайды математикалық модельге айналдыруды үйренеді. Мысалы, транспорттық есептер, қаржылық есептер, немесе физикалық құбылыстардың сипаттамасы математикалық формулаларға келтіріледі [Мұхамеджанов, 2018].

2. Шешу процесін ұйымдастыру – есепті шешу үшін алгоритмдер құрылады. Бұл кезеңде оқушылар есептің шешу жолдарын жоспарлайды, қажетті математикалық әдістерді таңдайды, есептеу жұмыстарын жүргізеді [Жұбанов, 2020].

3. Нәтижелерді интерпретациялау – математикалық шешім практикалық жағдайға аударылады. Оқушылар есептің нақты өмірдегі мәнін түсінеді және алынған нәтижелердің сенімділігін бағалайды. Мысалы, есептің нәтижесі нақты өндірістік немесе экономикалық жағдайға сәйкес келуі тиіс.

4. Модельдің адекваттылығын тексеру – шешімнің дұрыс немесе толық емес екенін анықтау. Оқушылар есептің нәтижесін практикалық жағынан бағалайды, қате немесе жеткіліксіз мәліметтер бар-жоғын талдайды.

5. Модельді модификациялау – қажет болса есептің математикалық моделін өзгерту немесе жетілдіру арқылы шешімнің тиімділігін арттыру. Бұл кезеңде оқушылар проблеманы шешудің бірнеше нұсқасын қарастырады және ең қолайлысын таңдайды [Мұхамеджанов, 2018].

Қазақстандық зерттеушілердің пікірінше, қолданбалы есептерді шешу барысында оқушылардың логикалық ойлауы, аналитикалық қабілеттері, графиктер салу және есептеу дағдылары дамиды. Сонымен қатар, қолданбалы есептер оқушыларды пәндер арасындағы байланысты көруге, нақты өмірлік жағдайларды математикалық әдістер арқылы талдауға үйретеді [Жұбанов, 2020].

Қазіргі заманғы Қазақстан мектебінде қолданбалы есептерді шешудің тиімді жолдарына мыналар жатады:

- Математикалық модельдеу әдістерін қолдану;
- Пәндер арасындағы байланысты көрсету арқылы есептерді оқу процесіне енгізу;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- Басқа пәндерден алынған практикалық есептерді шешу (экономика, физика, химия, биология);
- Есепті шешу әдістерін нақты практикада қолданылатын әдістермен байланыстыру [Мұхамеджанов, 2018; Жұбанов, 2020].

Осы әдістемелік тәсілдер қолданбалы есептердің тиімділігін арттырады, оқушылардың пәнге қызығушылығын күшейтеді және математикалық дағдыларды практикада қолдануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байқадамов, А. Математика мен оқытудың әдістемесі. – Алматы, 2015. – 248 б.
2. Қасымова, Ж. Мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана, 2018. – 192 б.
3. Әбдірахманова, Р. Қолданбалы есептерді шешу әдістемесі. – Алматы, 2020. – 210 б.
4. Терешин, Н.В. Методика преподавания математики в школе. – Москва, 2012. – 320 с.
5. Ладыженская, Т.П. Методика решения прикладных задач по математике. – Москва, 2013. – 256 с.
6. Ерғалиева, М. Математикалық ойлауды дамыту арқылы оқушылардың

шығармашылық қабілетін арттыру. – Алматы, 2019. – 160 б.

7. Мұқашев, Б. Математика оқытудың заманауи әдістері. – Астана, 2020. – 192 б.

ӘОЖ 519.6

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Ерланұлы Т., 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Мадияров М.Н., т.ғ.к., математика кафедрасының
қауым. профессоры

С. Аманжолов атындағы ШҚУ

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: tamyrjan.yerlanly@mail.ru

Математика оқытудың методикалық әдебиетін талдау нәтижесінде мектепте математика сабақтарының процесін екі кезеңге бөлуге болатыны анықталды:

I кезең – дайындық кезеңі.

Бұл кезең 5–6 сыныптарды қамтиды. Осы кезеңде оқушылар қарапайым қолданбалы есептермен танысады, олардың шешу жолдарын іздеуге тырысады. Қолданбалы есептерді шешу барысында оқушыларда есепті талдау, әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдану, шешім нәтижесін бағалау дағдылары қалыптасады.

II кезең – негізгі кезең.

Бұл кезең 7–9 сыныптарды қамтиды. Осы кезеңде оқушылар қолданбалы есептерді шешудің негізгі дағдыларын меңгереді. Мұғалім бұл кезеңде қолданбалы есептердің құрылымы мен олармен жұмыс істеу кезеңдерін жүйелендіріп, әр кезеңде есептерді шешу әдістерін үйретуі қажет.

Психологиялық-педагогикалық және методикалық әдебиеттерді талдау, сондай-ақ мұғалімдердің тәжірибесін зерттеу нәтижесінде математика сабақтарында қолданбалы есептерді пайдалану бойынша келесі методикалық ұсыныстар жасалды:

1. Бақылау және өзіндік жұмыстарда ашық банкісіндегі есептерді қолдану. Бұл есептерді үй тапсырмасы ретінде де беруге болады. 5-сыныптан бастап есептерді шешуді бастау оқушыларды мемлекеттік негізгі емтиханға дайындайды.

2. Мәтіндік есеппен жұмыс кезінде қосымша есептер беру қажет. Егер оқушылар есепті шешсе, оларға ұқсас есептерді бекіту үшін беру керек.

3. Сабақта әртүрлі дидактикалық материалдарды пайдалану – кестелер, диаграммалар, графиктер, оқу құралдары, схемалар және электрондық ресурстар қолдану. Бұл қолданбалы есептерді шешу дағдыларын қалыптастырады.

4. Қолданбалы есептер оқушыларды есептің мәтінін және шарттарын мұқият оқуға үйрету үшін сабаққа енгізілуі тиіс.

5. Математика сабақтарында тек оқулықтағы біртекті есептер емес, ҰБТ ашық банкісіндегі есептер міндетті түрде қолданылуы керек.

Қолданбалы есептердің дидактикалық мақсаттағы маңызы:

1. Оқу материалын иллюстрациялау.

2. Практикалық дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру.

3. Оқушылардың мотивациясын арттыру – қолданбалы есеп пәнге қызығушылықты күшейтеді, өйткені математика білімінің құндылығы оның практикалық мүмкіндіктерінде.

4. Бұрын алынған білімді бекіту және тереңдету.

5. Жаңа материалды оқыту алдында мәселені қою.

Қолданбалы есептерді қолдану оқушыларға теорияны меңгеруге, іздену әдістерін үйренуге, ойлау операцияларын дамытуға көмектеседі. Есеп шығару – математикалық білімді меңгерудің маңызды кезеңі. Есеп шешу оқушылардың шығармашылық қабілеті мен логикалық ойлауын дамытады. Практика көрсеткендей, есептерді жүйеленбеген әдістермен шешу оң нәтиже бермей, қиындық туғызады.

Қолданбалы есептерді шешуге арналған методикалық ұсыныстар:

1. Есепті шешуге кіріспес бұрын негіздерді қайталау. Егер оқушылар есепті шешуге қажетті математикалық негіздерді түсінсе, есептерді шешу жеңіл болады. Негізгі ұғымдарды білмеу – есепті шеше алмаудың басты себебі. Бұл мәселе бірнеше минутта шешіледі.

Сабақты жоспарлағанда мұғалім оқушылардың есептерді шешу үшін қажет теориялық материалға назар аударуын қамтамасыз етуі, сондай-ақ материалдың мазмұнын тәжірибеде қайта ой елегінен өткізуі тиіс. Мұғалім осындай методикалық тәсілді қолдана отырып, оқушыларды есептің мәнін түсінуге, оны талдауға және теориялық материалды практикада қолдануға дайындайды. Сонымен қатар, бұл әдіс бұрын үйренген материалды бекітуге де ықпал етеді. Бұрын алынған білімдер сенімді, берік болады.

Көптеген оқушылар өткен материалды қайталамайды, сол себепті кейін пәнді түсіну оларға қиындай түседі. Мысалы, пайыздарға арналған қолданбалы есептерді шешу кезінде оқушылар пайыз деген не екенін, берілген санның пайызын табуды, санды оның пайызынан анықтауды, пайыздық қатынасты есептеуді және т.б. білуі қажет.

2. Есептің шешу жолын түсінуге тырысу. Есептерді жиі шығару оқушыларға олардың логикасын түсінуге көмектеседі және есептерді шешу тәжірибесін арттырады. Қайталау арқылы оқушылар әртүрлі есептердің құрылымын, шешу әдістерін жақсы меңгереді, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыланады.

Тұрақты жаттығу оқушылардың сенімділігін арттырады, есепті жылдам және дұрыс шығаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, есептің шешу жолын түсіну олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдау кезінде әртүрлі тәсілдерді қолдануға үйретеді, математикалық білімді практикада тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастырады.

3. Шешімді егжей-тегжей жазу. Мұғалім есептің шешімін түсіндірген кезде, оқушылар оны толық және логикалық тізбектілікпен жазуы тиіс. Бұл оқушыларға есептің әрбір кезеңін кейін ұмытпауға мүмкіндік береді.

Егжей-тегжейлі жазу оқушыларға есептің құрылымын терең түсінуге көмектеседі, қателіктерді азайтады және әртүрлі типтегі есептерді дұрыс шешу дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар:

- Бұл дағды оқушылардың ойлау логикасын дамытады;
- Есепті шешудің әр кезеңін бақылауға мүмкіндік береді;
- Өз бетінше жұмыс істеу қабілетін жетілдіреді;
- Теориялық материалды практикада қолдануға үйретеді;

- Алынған білімді ұзақ мерзімге есте сақтауға ықпал етеді.

Осы әдісті тұрақты қолдану арқылы оқушылар есептерді шешудің құрылымын жақсы меңгеріп, әртүрлі тапсырмаларды сенімді және жылдам орындай алады.

4. Үй тапсырмасын дереу орындау. Практика көрсеткендей, үй тапсырмасын сол күні орындау өте пайдалы, себебі оқушылар мұғалімнің барлық нұсқауларын әлі есінде сақтайды. Бұл әдіс оқушыларға есептерді шешудің негізгі кезеңдерін тезірек меңгеруге мүмкіндік береді және материалды ұмытпай, тәжірибеде қолдануға септігін тигізеді.

Егер оқушы үй тапсырмасын кейінге қалдырса, есептерді шешудің негізгі кезеңдерін ұмытып қалу қаупі туады, бұл олардың сабақты түсінуін қиындатады. Сонымен қатар, үй тапсырмасын уақытында орындау оқушылардың логикалық ойлау, жоспар құру және есепті кезең-кезеңімен шешу дағдыларын жетілдіреді.

Бұл қарапайым әдісті білу және оны тұрақты қолдану арқылы оқушы пәнді жеңілдетіп, өз бетімен есеп шығару қабілетін дамыта алады, сонымен қатар сабаққа деген қызығушылығы мен сенімі артады.

5. Геометриялық есептерді шешу кезінде эскиз немесе сызба жасау. Егер есеп геометриялық болса, оны шешу үшін шарттағы барлық мәліметтерді көрсететін сызба немесе эскиз жасау қажет.

Сызба жасау арқылы оқушылар:

- Есептің шартын нақты көреді және түсінеді;
- Геометриялық пішіндерді дұрыс орналастыра алады;
- Қажетті ұзындықтар, бұрыштар, қатынастар сияқты мәліметтерді анық көре алады;
- Есепті кезең-кезеңімен логикалық шешуге үйренеді;
- Қателіктерді азайтады және дұрыс нәтиже алуға көмектеседі.

Осы әдісті қолдану оқушыларға көрнекілік арқылы ойлауды дамытуға, есептің шешімін жеңілдетуге және практикалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

6. Есептің мәнін түсінбей шешуге кіріспеу. Есепті шешуге кіріспес бұрын оның шартын мұқият оқу қажет. Оқушы алдымен не берілгенін, не табу керегін анықтауы тиіс.

Бұл әдісті қолдану арқылы:

- Оқушы есептің нақты мақсатын түсінеді;
- Есептің логикалық құрылымын дұрыс талдай алады;
- Қателіктерді азайтуға және дұрыс шешім шығаруға мүмкіндік туады;
- Шешімнің әрбір кезеңін жоспарлауға үйренеді;
- Теориялық білімді практикада тиімді қолдануды меңгереді;
- Сыни ойлау, талдау және қорытынды жасау дағдылары дамиды.

Осы қарапайым ереже оқушыларға есепті дұрыс түсінуге, жоспарлы шешуге және сенімді нәтиже алуға көмектеседі.

7. Есеп үшін жоспар құру. Есепті шешуден бұрын жоспар құру өте маңызды. Дұрыс жоспар жасалған жағдайда ғана есеп толық әрі дұрыс шығарылады.

Жоспар құру арқылы оқушылар:

- Шешімнің барлық кезеңін жүйелі түрде ұйымдастыра алады;
- Әр қадамды тексеріп, қателіктерді болдырмайды;

- Логикалық ойлау қабілетін дамытады және есептің құрылымын терең түсінеді;
- Күрделі есептерді бірнеше кезеңге бөліп, оларды кезең-кезеңімен тиімді шешеді;

- Уақытты үнемдеп, есептерді жылдам әрі дәл шығарады;
- Теориялық білімді практикада қолдану дағдыларын жетілдіреді.

Осы әдісті тұрақты пайдалану оқушыларға есептерді сенімді, жүйелі және дұрыс шешуге мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың өз бетінше жұмыс істеу қабілетін арттырады.

8. Шешімді тексеру. Есеп шығарған соң шешім жолын мұқият тексеру қажет. Бұл нәтиженің дұрыстығына сенуге мүмкіндік береді және қателіктерді болдырмайды.

Шешімді тексеру барысында оқушылар:

- Алынған нәтижені есептің шартымен салыстырады;
- Қадамдардағы есептеулерді қайта қарап, қателіктерді анықтайды;
- Есептің логикалық құрылымын және шешім жолын толық түсінеді;
- Өзіндік жұмысқа сенімділігін арттырады;
- Ұқсас есептерді келесіде тез әрі дұрыс шешуге дайындалады.

Тексеру — есепті толық меңгерудің, математикалық дәлдік пен логиканы дамыту тәсілдерінің бірі. Бұл әдісті тұрақты қолдану оқушыларға есептерді сенімді, жүйелі және дәл шығаруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байқадамов, А. Математика мен оқытудың әдістемесі. – Алматы, 2015. – 248 б.
2. Қасымова, Ж. Мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана, 2018. – 192 б.
3. Әбдірахманова, Р. Қолданбалы есептерді шешу әдістемесі. – Алматы, 2020. – 210 б.
4. Терешин, Н.В. Методика преподавания математики в школе. – Москва, 2012. – 320 с.
5. Ладыженская, Т.П. Методика решения прикладных задач по математике. – Москва, 2013. – 256 с.
6. Ерғалиева, М. Математикалық ойлауды дамыту арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру. – Алматы, 2019. – 160 б.
7. Мұқашев, Б. Математика оқытудың заманауи әдістері. – Астана, 2020. – 192 б.

ӘОЖ 519.6

ҰБТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТАЛДАУЫ

Есенгелдінова А.Б., 2-курс магистранты

Ғазизова Н.З., педагог-модератор

Ғылыми жетекші: Мадияров М.Н., т.ғ.к., математика кафедрасының қауым. профессоры

¹С. Аманжолов атындағы ШҚУ

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: eseab@mail.ru

²«Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебі» КММ

ШҚО, Тарбағатай ауданы, Тұғыл ауылы, e-mail: z-naz-erke@mail.ru

Функция ұғымын қалыптастыру тақырыбы бойынша ҰБТ тапсырмалары негізінен үш бағытта құрылымдалған:

1. Функцияның анықталу облысын табу

- Мысалы, функцияның формуласы берілгенде оның аргументінің мүмкін болатын мәндерін анықтау талап етіледі.

- Бұл тапсырмалар оқушылардың функцияның мәнін және оның анықталу облысын түсіну қабілетін тексереді.

- Әдістемелік тұрғыдан, мұндай тапсырмалар функцияның формальды анықтамасын нақты мысалдармен байланыстыра отырып меңгеруге мүмкіндік береді.

2. Графиктер және олардың қасиеттері

- График бойынша нөлдер, экстремумдар, монотондық аралықтар және ойық/дөңес аралықтарын анықтау тапсырмалары жиі кездеседі.

- Оқушылар графикті талдау арқылы функцияның қасиеттерін зерттеуді үйренеді.

- Мысалы, «Графиктен функцияның өсу және кему аралықтарын табу», «Функцияның нөлдерін график бойынша анықтау».

3. Қолданбалы есептер мен функцияны зерттеу

- Функцияны нақты өмірлік немесе геометриялық есептерде қолдану (мысалы, көлемді максимизациялау, аудан есептеу).

- Тапсырмалар туындыны қолдана отырып функцияның максимум/минимумын табуды және графикке жанама жүргізуді қамтиды.

- Бұл тапсырмалар оқушыларға функцияны зерттеу алгоритмін меңгеруге мүмкіндік береді:

1. Функцияның анықталу облысын анықтау;

2. Туындыны есептеу арқылы сынық нүктелерді табу;

3. Максимум/минимум мәндерін анықтау;

4. Графиктік сипаттау.

Қорытынды талдау

- ҰБТ тапсырмалары оқушылардың логикалық ойлау, аналитикалық қабілеттерін, графиктік көрнекілікті түсіну және функцияның негізгі қасиеттерін қолдану дағдыларын дамытады.

- Тапсырмалардың құрылымы оқулықтағы теориялық материал мен сабақта алынған дағдыларға тікелей байланысты.

- Осыған байланысты, мектепте функцияны кезең-кезеңімен, теориядан практикаға көшу арқылы үйрету әдістемесі ҰБТ тапсырмаларына тікелей дайындыққа сәйкес келеді.


- 1) График бойынша шаманы анықтау тапсырмасы

Мысал 1. Суретте Алматы қаласында 2015 жылғы 6–18 қаңтар аралығында күнделікті жауған жауын-шашын көлемі көрсетілген.

- Горизонталь бойынша – айдың күндері

- Вертикаль бойынша – сол күндері жауған жауын-шашын мөлшері, миллиметрмен

Қою нүктелер графикке қосылып, көрнекілік үшін сызықпен жалғанған. График бойынша осы кезеңде Алматы қаласында 3 миллиметрден көп жауын-шашын түскен күндер саны қанша?



Сурет-1.

Шешуі:

- График бойынша горизонтальдан (күндер) және вертикальдан (жауын-шашын мөлшері) 3 мм-ден асқан күндерді анықтаймыз.
- Қою нүктелердің 3 мм-ден жоғары тұрған күндерін санаймыз.

Нәтиже: Осы кезеңде 4 күнде жауын-шашын 3 мм-ден көп болған.

Жауабы: 4 күн

2) Дәрежелік және иррационал функцияларды зерттеу тапсырмалары

Мысал 2. Функция берілген: $y = x^3 - 3x^2 + 2$ Функцияның максимум нүктесін табыңыз.


Шешуі: Алдымен туындысын табамыз:

$$y' = 3x^2 - 6x = 3x(x - 2)$$

Туынды нөлдерін табамыз:

$$3x(x - 2) = 0 \Rightarrow x = 0 \text{ немесе } x = 2$$

Туындының таңбалары бойынша функцияның өсу және кему аралықтарын анықтаймыз:



Сурет-2.

Функцияның максимум нүктесі $x = 0$

Жауабы: 0

Мысал 3. Функция берілген:

$$y = -\frac{2}{3}x^{3/2} + 3x + 1.$$


$x \in [1, 9]$ аралығында функцияның ең үлкен мәнін табыңыз.

Шешуі: Туындысын табамыз:

$$y' = -\frac{2}{3} \cdot \frac{3}{2} \sqrt{x} + 3 = -\sqrt{x} + 3$$

Туындыны нөлге теңейміз:

$$-\sqrt{x} + 3 = 0 \Rightarrow x = 9$$



Сурет-3.

$x=9$ - функция максимумы


Жауабы: Ең үлкен мән $x=9$.

Мысал 4. $y = 2x^2 - 8x + 5$ квадрат үшмүшелігінің графигін көрсетіңіз.

Шешуі: $y = 2x^2 - 8x + 5$ квадрат үшмүшелігін түрлендірейік.

$$2x^2 - 8x + 5 = 2(x^2 - 4x + \frac{5}{2}) = 2(x - 2)^2 - 3.$$

Бізге $y = 2(x - 2)^2 - 3$ функциясының графигін салу керек. Бұл 2 бірлікке оңға және 3 бірлікке төмен қарай жылжыған $y = 2x^2$ параболасының графигі (4 – сурет). Тура осындай әдіспен кез келген квадрат үшмүшелігінің графигін салуға болады.




Сурет - 4.

Мысал 5. $y = \frac{2x-3}{x-1}$ графигін көрсетіңіз.

Шешуі: Түрлендіреміз:

$$\frac{2x-3}{x-1} = \frac{2(x-1)-1}{x-1} = 2 - \frac{1}{x-1}$$

$y = -\frac{1}{x-1} + 2$ функциясының графигін саламыз. Бұл оңға 1 бірлікке және жоғары қарай 2 бірлікке жылжыған $y = -\frac{1}{x}$ гиперболоа графигі (5 – сурет). Тура осындай әдіспен кез келген $y = \frac{ax+b}{cx+d}$ түрінде берілген сызықты бөлшек функцияның графигін салуға болады.




Сурет - 5.

Мысал 6. $y = \sqrt{-4x + 8}$ графигін көрсетіңіз.

Шешуі: Берілген функцияны келесі түрге келтіреміз:

$$y = \sqrt{-4x + 8} = 2\sqrt{-(x - 2)}$$

Бұл функцияның графигін салу үшін алдымен $y = 2\sqrt{x}$ функцияның графигін салып алу қажет. Оны y осіне қатысты симметриялы бейнелейміз, содан кейін 2 бірлікке оңға қарай жылжытамыз (6 – сурет).




Сурет - 6.

Мысал 7. $y = \sin x + \sqrt{3}\cos x$ графигін көрсетіңіз.

Шешуі: Түрлендіру жасаймыз:

$$\sin x + \sqrt{3}\cos x = 2\left(\frac{1}{2}\sin x + \frac{\sqrt{3}}{2}\cos x\right) = 2(\sin x \cos \frac{\pi}{3} + \cos x \sin \frac{\pi}{3}) = 2\sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right)$$

Алдымен $y = 2\sin\left(x + \frac{\pi}{3}\right)$ функциясының графигін салып алу қажет. Бұл $\frac{\pi}{3}$ - ке солға қарай жылжыған $y = 2\sin x$ функциясының графигі (7 – сурет). Функция периоды, периоды 2π . Сондықтан оның графигін $-\pi \leq x \leq \pi$ аралығында салу жеткілікті. Тура осындай әдіспен кез келген $y = a\sin x + b\cos x$; $a, b = \text{const}$ түрінде берілген функцияның графигін салуға болады.



Сурет -7.

Мысал 8: $y = \frac{2}{3}x^3 - 2x^2 - 6x + 3$ функциясының бірсарынды аралықтарын анықтау керек болсын.

Шешуі:


1) Анықталу облысы $(-\infty; \infty)$. Өйткені функция көпмүшелік.

2) $y' = 2x^2 - 4x - 6 = 2(x+1) \cdot (x-3) = 0$;

3) $x \in (-\infty; -1) \cup (-1; 3) \cup (3; +\infty)$.

x	$(-\infty; -1)$	$(-1; 3)$	$(3; +\infty)$
y'	+	-	+
y	өседі	кемиді	өседі

Сонымен, $(-\infty; -1)$ және $(3; +\infty)$ аралықтары функцияның өсу, ал $(-1; 3)$ аралығы оның кему аралықтары (8-сурет).



Сурет -8.

Мысал 9. Қабырғасы a болатын квадрат қаңылтырдан табаны квадрат және төбесі ашық болып келген ең үлкен көлемді дайындай үшін бұрыштарынан бірдей квадрат қиып алу керек. (65 – сурет)

Шешуі. Бүктеген кезде қаңылтырдан ең үлкен көлемді жәшік дайындау үшін бұрыштарынан бірдей квадраттар қиып алу керек. Қиылып алынатын квадраттың қабырғасының ұзындығын x деп алып белгілейік. Сонда жәшіктің табанының қабырғасы $a-2x$ болады, ал жәшіктің көлемі

$$V(x) = (a - 2x)^2 \cdot x = (a^2 - 4ax + 4x^2) \cdot x = a^2x - 4ax^2 + 4x^3, \text{ мұндағы } x \in \left[0; \frac{a}{2}\right]$$

$$V'(x) = (a^2x - 4ax^2 + 4x^3)' = a^2 - 8ax + 12x^2;$$

$$a^2 - 8ax + 12x^2 = 0, \text{ бұдан } x_1 = \frac{a}{6}, x_2 = \frac{a}{2}$$

$$\frac{a}{6} \in \left[0; \frac{a}{2}\right]; \frac{a}{2} \in \left[0; \frac{a}{2}\right]$$

$$V(0) = 0$$

$$V\left(\frac{a}{6}\right) = \frac{2a^3}{27}$$

$$V\left(\frac{a}{2}\right) = 0$$

Ең үлкен мәні: $V\left(\frac{a}{6}\right) = \frac{2a^3}{27}$

Жауабы: Сонымен қиып алатын квадраттың қабырғасының ұзындығы $\frac{a}{6}$ - ға тең болса, жәшік ең үлкен көлемге ие болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Холодулина, С.Ю. Функцияларды оқыту әдістемесі негізінде шығармашылық зерттеу / Математика және математикалық білім, 2019. – 370–374 б.
2. Темірғалиев Н. Математикалық анализ: I-ші том (1987, Мектеп).
3. Темірғалиев Н., Әубәкір Б., Байлов Е., Потапов М. К., Шерниязов Қ. Алгебра және анализ бастамалары, 10-11 сыныптар. Алматы, Жазушы, 2002.
4. Бұлабаев Т., Мақатаева Ғ. Математикалық талдау негіздері: Алматы: Қайнар, 1996.
5. Колмогоров А.Н. және т.б.. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін орта мектептің 10-11 сыныптарына арналған оқулық, А., Просвещение. - Қазақстан, 2004.

ӘОЖ 519.6

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ФУНКЦИЯ ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕР ЖҮЙЕСІ

Есенгелдінова А.Б., 2-курс магистранты

Ғазизова Н.З., педагог-модератор

Ғылыми жетекші: Мадияров М.Н., т.ғ.к., математика кафедрасының
қауым. профессоры

¹С. Аманжолов атындағы ШҚУ

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: eseab@mail.ru

²«Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебі» КММ

Тұғыл ауылы, Тарбағатай ауданы, ШҚО, Қазақстан

e-mail: z-naz-erke@mail.ru

Бұрын [1] жұмысында «Функциялар» тақырыбы бойынша жаттығулар жүйесіне қойылатын талаптар сипатталған.

Анықталғандай, Е.И. Лященко функция ұғымын меңгеруге арналған есептер жүйесінің келесі ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

1. Жаңа ұғымның практикалық маңыздылығын көрсетуге немесе математиканы әрі қарай оқудағы маңыздылығын көрсетуге байланысты есептердің болуы.

2. Аталған ұғымды қалыптастыру кезінде қажет білім мен дағдыларды жаңартуға арналған есептердің болуы.

3. Ұғымның мәнді белгілерін бөліп көрсетуге арналған есептердің болуы.

4. Қалыптасып жатқан ұғымды тануға арналған есептердің болуы.

5. Ұғым анықтамасының мәтінін меңгеруге арналған есептердің болуы.

6. Ұғыммен байланысты символиканы қолдануға арналған есептердің болуы.

7. Ұғымның қасиеттерін анықтауға арналған есептердің болуы.

8. Ұғымды қолдануға арналған есептердің болуы.

Сондай-ақ, «жаттығулар жүйесін таңдау және құрастырудың келесі принциптері» анықталған:

1. Жүйелілік принципі. Есептер жүйесінде бұрын оқылған материалдан оқшауланған жеке фактілерді зерттеу жаттығулары, жаңа фактіні бұрынғы материалмен байланыстыру жаттығулары және оқылған материалды жүйелеу жаттығулары болуы қажет.

2. Тәртіп принципі. Жаттығулар күрделілік деңгейі бойынша орналастырылады: қарапайымнан күрделіге.

3. Тұрақтылық принципі. Бұл принцип біртепті жаттығулардың болуы арқылы көрінеді.

Қарастырылған жаттығулар жүйесіне қойылатын әртүрлі талаптарды ескере отырып, біз Е.И. Лященко талаптарына сәйкес келетін есептер жүйесін жасақтадық. Олар келесі тақырыптарды қамтиды:

- «Функциялар және оларды беру тәсілдері»
- « $y = \sin x$, $y = \cos x$ функциялары, олардың қасиеттері және графиктері»
- « $y = \operatorname{tg} x$, $y = \operatorname{ctg} x$ функциялары, олардың қасиеттері және графиктері»

«Функциялар және оларды беру тәсілдері» тақырыбына есептер жүйесі

1-есеп. Бір қабырғасының ұзындығы a -ға және сол қабырғаға түсірілген биіктігі h -қа тең болатын үшбұрыштың ауданы 20 -ға тең. a қабырғасының ұзындығын h биіктігінің функциясы ретінде өрнектеңіз және осы функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынтығын табыңыз.

2-есеп. Сыйымдылығы 8 м^3 болатын бакта 2 м^3 су бар. Әр минут сайын бакқа $0,15\text{ м}^3$ көлемінде су қосылады. T минуттан кейін бакта қанша текше метр су болады? Функцияны формула арқылы беріңіз. Бакта 20 , 24 , 30 және 35 минуттан кейін қанша су болады? Қанша минуттан кейін бакта $3,5\text{ м}^3$, $6,2\text{ м}^3$ көлемінде су болады?

3-есеп. Қай кестеде y айнымалысының x айнымалыға функционалдық тәуелділігін көрсетілген?

а)

x	-1	0	1	2
y	0	1	2	3

б)

x	2	3	4	5	3
y	-2	4	9	8	8

4-есеп. Берілген теңдеуді x және y бойынша шешіңіз. Алынған шешімдер

мен айнымалылардың мүмкін мәндерін ескере отырып, бұл теңдеудің $y=f(x)$ немесе $x=g(y)$ түріндегі функцияны беретінін айтуға бола ма?

а) $2x + 3y = 24$

б) $7x - 5y = 35$ ».

5-есеп. Бос ұяшықтарды толтырыңыз. Функция деп у айнымалысының х айнымалысына _____ атайды, мұнда әрбір х айнымалы мәніне сәйкес у айнымалысының _____ мәні болады.

6-есеп. Функцияның $f(3)$, $f(-2)$, $f(0)$ болғандағы мәнін табыңыз, егер $f(x) = x + 3x$ болса.

7-есеп. Берілген $f(x) = -3x + 2$ функциясы үшін табыңыз:

а) $f(-x)$,

б) $f(x + 5)$;

в) $f(f(1))$;

г) $f(f(x))$.

8-есеп. Функцияның анықталу облысын табыңыз:

а) $f(x) = x^3 - 4x$;

б) $g(x) = \frac{x-1}{x^2+3x+2}$;

в) $h(x) = \frac{1}{x^2-4x+3}$

9-есеп. « $y = f(x)$ функциясын беретін f ереже әр екі таңбалы санға оның цифрларының қосындысын сәйкес етеді. Табу қажет:

1. $f(17)$;

2. $f(35)$;

3. x –тің қандай мәндерде функцияның мәні 3-ке тең болады;

4. Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін»

10-есеп. Функцияның графигін салыңыз:

$$y = \begin{cases} x + 2, & -4 \leq x \leq -2 \\ 0, & -2 < x \leq 0 \\ x^2, & 0 < x \leq 3. \end{cases}$$

Берілген функция графигін пайдалана отырып, анықтаңыз:

1. Функцияның анықталу облысы қандай;

2. Функцияның ең кіші және ең үлкен мәндері қандай;

3. Аргументтің қандай мәндерінде функцияның мәні нөлге тең, нөлден үлкен, нөлден кіші болады;

4. Функция қай аралықта өседі, қай аралықта кемиді».

Біз «Функциялар және оларды беру тәсілдері» тақырыбы бойынша келесі есеп түрлерін ұсындық:

• №1, 2, 4 – функцияны аналитикалық түрде беру бойынша;

• №3, 5 – қалыптасып жатқан ұғымды түсіну бойынша;

• №8 – функцияның анықталу облысын табу бойынша;

• №6, 9 – берілген аргумент мәніне сәйкес функция мәнін табу немесе керісінше;

• №10 – функцияның графигін салу бойынша;

• №7 – функционалдық символиканы қолдану бойынша.

« $y = \sin x, y = \cos x$ функциялары, олардың қасиеттері және графиктері» тақырыбына есептер жүйесі

11-есеп. «Функцияның мәнін табыңыз:

- a) $2 \sin\left(x - \frac{\pi}{6}\right) + 1, x = \frac{4\pi}{3},$
b) $-\sin\left(x + \frac{\pi}{4}\right), x = -\frac{\pi}{2}$ ».

12-есеп. «Берілген координатталы нүкте $2 \cos\left(x - \frac{\pi}{6}\right) + 1$ функциясының графигінде жата ма:

- a) $(0; \sqrt{3} + 1),$
б) $\left(\frac{\pi}{6}, 1\right),$
в) $\left(\frac{\pi}{2}, 2\right),$
г) $\left(\frac{\pi}{6}, 3\right).$

13-есеп. Келесі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз:

1. Қай жағдайда x сандық аргументке ие $y = \sin x$ функциясы берілген деп айтылады?

2. Қай жағдайда x сандық аргументке ие $y = \cos x$ функциясы берілген деп саналады?

14-есеп. $y = \cos x$ функциясының графигін 0 мен 2π аралығында салыңыз, бірлік ретінде $2,5$ см алыңыз. Графиктен ординаталары

- a) $0; \frac{1}{2}; -\frac{1}{2}; \frac{\sqrt{2}}{2}; -\frac{\sqrt{2}}{2}; \frac{\sqrt{3}}{2}; -\frac{\sqrt{3}}{2}$ -ге тең,
б) $-\frac{\sqrt{3}}{2}; \frac{\sqrt{2}}{2}$ - ден артық,
в) $\frac{1}{2}; -\frac{\sqrt{2}}{2}$ -ден кіші болатын нүктелерді түрлі-түсті қарындашпен белгілеңіз.

15-есеп. Функцияның анықталу облысын табыңыз:

- 1) $y = \sin 2x,$
2) $y = \cos \frac{x}{2},$
3) $y = \sin \sqrt{x}.$

16-есеп. « $y = \sin x$ функциясының өсу (кему) аралықтарын берілген кесіндіде анықтаңыз: 1) $\left[\frac{\pi}{2}, \frac{5\pi}{2}\right]$

17-есеп. Егер $f(x) = 2x^2 - x + 1$ болса, онда $f(\sin x) = 3 - 2\cos^2 x - \sin x$ екенін дәлелдеңіз.

« $y = \operatorname{tg} x, y = \operatorname{ctg} x$ функциялары, олардың қасиеттері және графиктері» тақырыбына есептер жүйесі

18-есеп. Функцияның мәнін табыңыз:

- a) $2 \operatorname{tg}\left(x - \frac{\pi}{4}\right) + 1,$ егер $x = \frac{3\pi}{4};$
b) $-\operatorname{ctg}\left(x + \frac{\pi}{6}\right),$ егер $x = \frac{\pi}{3}.$

19-есеп. Берілген нүкте $2 \operatorname{tg}\left(x - \frac{\pi}{4}\right) + 1$ функциясының графигінде жата ма?

- a) $\left(\frac{\pi}{2}; 1\right)$

б) $\left(\frac{3\pi}{4}; 3\right)$

в) $(\pi; 1)$

г) $\left(\frac{\pi}{4}; 2\right)$.

20-есеп. Келесі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз:

1. Қай жағдайда x сандық аргументке ие $y = tg x$ функциясы берілген деп айтылады?

2. Қай жағдайда x сандық аргументке ие $y = ctg x$ функциясы берілген деп саналады?

21-есеп. $y = tg x$ функциясының графигін $-\pi$ мен π аралығында салыңыз. Графиктен ординаталары:

а) $0; 1; -1; \sqrt{3}; -\sqrt{3}$ -ке тең болатын нүктелерді белгілеңіз;

б) 1-ден артық болатын нүктелерді белгілеңіз;

в) -1 -ден кіші болатын нүктелерді белгілеңіз.

22-есеп. Функцияның анықталу облысын табыңыз:

а) $y = tg 2x$,

б) $y = ctg \frac{x}{2}$,

с) $y = tg \sqrt{x}$.

23-есеп. $y = tg x$ функциясының өсу (кему) аралықтарын берілген кесіндіде анықтаңыз: $\left[-\frac{\pi}{2}; \frac{\pi}{2}\right]$.

24-есеп. Егер $f(x) = x^2 + 2x + 1$ болса, онда $f(tgx) = (tg x + 1)^2$ екенін дәлелдеңіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Холодулина, С.Ю. Функцияларды оқыту әдістемесі негізінде шығармашылық зерттеу / Математика және математикалық білім, 2019. – 370–374 б.

2. Темірғалиев Н. Математикалық анализ: I-ші том (1987, Мектеп).

3. Темірғалиев Н., Әубәкір Б., Байлов Е., Потапов М. К., Шерниязов Қ. Алгебра және анализ бастамалары, 10-11 сыныптар. Алматы, Жазушы, 2002.

4. Бұлабаев Т., Мақатаева Ғ. Математикалық талдау негіздері: Алматы: Қайнар, 1996.

5. Колмогоров А.Н. және т.б.. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін орта мектептің 10-11 сыныптарына арналған оқулық, А., Просвещение- Қазақстан, 2004.

ӘОЖ 517.9

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН ШЕШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескенди́ров Н.Б., Байзақ Ж.Е., Секенов Ж.Қ., Ағызам Е.,
Айтмұқашева А.А., Алмабек Р., Байбазарова А.Ш., Талапхан Қ.
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: nurzhanyeskendirov69@gmail.com

Дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешу барысында бірқатар маңызды мәселелер туындайды. Бұл мәселелер теориялық, әдістемелік және есептеу тұрғысынан қарастырылады.

Негізгі мәселе – жүйенің шешімі бар ма және ол жалғыз ба? Аналитикалық шешімнің болмауы: көптеген жүйелер үшін шешімді ақырлы түрде формулалар арқылы өрнектеп табу мүмкін емес, әсіресе сызықсыз жүйелерде.

Келесі мәселе - сызықсыздық және орнықтылық мәселесі. Сызықсыз жүйелер: күрделі динамикалық характеристика; орнықтылықты зерттеу мүмкін емес. Жүйені орнықтылыққа зерттеу үшін тепе-теңдік нүктелері; Якоби матрицасы; меншікті мәндер зерттеледі.

Табиғат үрдістері мен құбылыстарын сипаттау үшін бірнеше функциялар қажет болатын жағдайлар көптеп кездеседі. Осы функцияларды табу үшін жүйе құрайтын бірнеше дифференциалдық теңдеулерді шешуге келеміз.

Сол сияқты бір жоғарғы ретті дифференциалдық теңдеуден қосымша функцияларды енгізе отырып бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер жүйесін алуға да болады. Расында да

$$y^{(n)} = f(x, y, y', y'', \dots, y^{(n-1)}) \quad (1)$$

жоғарғы туындысына қатысты шешілген n -ші ретті дифференциалдық теңдеу болсын.

$$\begin{aligned} y &= y_1, \\ y' &= y'_1 = y_2, \\ y'' &= y'_2 = y_3, \\ &\dots\dots\dots \\ y^{(n-1)} &= y'_{n-1} = y_n, \\ y^{(n)} &= y'_n = f(x, y_1, y_2, \dots, y_n) \end{aligned}$$

дейік. Нәтижесінде n -ші ретті бір дифференциалдық теңдеудің орнына бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\left. \begin{aligned} y'_1 &= y_2, \\ y'_2 &= y_3, \\ y'_3 &= y_4, \\ &\dots\dots\dots \\ y'_n &= f(x, y_1, y_2, \dots, y_n). \end{aligned} \right\} \quad (2)$$

Пайда болған теңдеулер жүйесі төмендегідей жүйенің дербес жағдайы болып табылады:

$$\left. \begin{aligned} y'_1 &= f_1(x, y_1, y_2, \dots, y_n), \\ y'_2 &= f_2(x, y_1, y_2, \dots, y_n), \\ &\dots\dots\dots \\ y'_n &= f_n(x, y_1, y_2, \dots, y_n). \end{aligned} \right\} \quad (3)$$

(3) түріндегі жүйені дифференциалдық теңдеулердің қалыпты жүйесі дейді. Мұнда ізделінді белгісіз функциялар саны теңдеулер санына тең деп ұйғарылады.

(3) жүйесінің шешімі деп жүйенің барлық теңдеулерін қанағаттандыратын, яғни тепе-теңдікке айналдыратын n функциялардан тұратын y_1, y_2, \dots, y_n функциялар жиынтығын айтамыз.

$$x = x_0 \text{ болғанда } y_1 = y_{10}, y_2 = y_{20}, \dots, y_n = y_{n0} \quad (4)$$

болатын бастапқы шарттар деп аталатын шарттарды қанағаттандыратын шешімді (3) жүйесінің дербес шешімі деп атайды. Мұндағы $x_0, y_{10}, y_{20}, \dots, y_{n0}$ берілген сандар.

$y_{10}, y_{20}, \dots, y_{n0}$ сандарын C_1, C_2, \dots, C_n кез келген тұрақтылары арқылы алмастыра отырып (3) жүйесінің n кез келген тұрақтыдан тәуелді болатын шешіміне, яғни жалпы шешіміне келеміз.

Дифференциалдық теңдеулердің қалыпты жүйесі үшін шешімнің бар болуы және жалғыздығы жайлы теорема бар, оның дербес жағдайы ретінде n -ретті дифференциалдық теңдеудің шешімінің бар болуы және жалғыздығы жайлы теореманы айтуға болады.

Жоғарыда n -ретті бір дифференциалдық теңдеу дифференциалдық теңдеулердің қалыпты жүйесіне келтірілуі мүмкін дедік. Жалпы айтқанда, керісінше болуы да мүмкін: дифференциалдық теңдеулердің қалыпты жүйесі n -ретті бір дифференциалдық теңдеуге келтіріледі. Бірінші ретті n дифференциалдық теңдеулердің қалыпты жүйесі n -ретті бір дифференциалдық теңдеуге эквивалентті.

Расында да, (3) жүйенің бірінші теңдеуін алайық та оның екі жақ бөлігін де x бойынша дифференциалдайық:

$$\frac{d^2 y_1}{dx^2} = \frac{\partial f_1}{\partial x} + \frac{\partial f_1}{\partial y_1} \frac{dy_1}{dx} + \frac{\partial f_1}{\partial y_2} \frac{dy_2}{dx} + \dots + \frac{\partial f_1}{\partial y_n} \frac{dy_n}{dx},$$

немесе, $\frac{dy_i}{dx} = y_i'$ туындыларды олардың $f_i(x, y_1, y_2, \dots, y_n)$ өрнектерімен алмастырайық

$$\frac{d^2 y_1}{dx^2} = \frac{\partial f_1}{\partial x} + \frac{\partial f_1}{\partial y_1} f_1 + \frac{\partial f_1}{\partial y_2} f_2 + \dots + \frac{\partial f_1}{\partial y_n} f_n,$$

яғни

$$\frac{d^2 y_1}{dx^2} = F_2(x, y_1, y_2, \dots, y_n). \quad (5)$$

теңдеуін аламыз.

(5) теңдігін дифференциалдап, (3) жүйесін ескерсек

$$\frac{d^3 y_1}{dx^3} = \frac{\partial F_2}{\partial x} + \frac{\partial F_2}{\partial y_1} f_1 + \frac{\partial F_2}{\partial y_2} f_2 + \dots + \frac{\partial F_2}{\partial y_n} f_n$$

қатынасын аламыз. Немесе мына теңдеуді аламыз:

$$\frac{d^3 y_1}{dx^3} = F_3(x, y_1, y_2, \dots, y_n). \quad (6)$$

Осылайша жалғастыра отырып, келесідегідей теңдеулерді алуға болады:

$$\left. \begin{aligned} \frac{d^4 y_1}{dx^4} &= F_4(x, y_1, y_2, \dots, y_n), \\ \dots &\dots \\ \frac{d^{n-1} y_1}{dx^{n-1}} &= F_{n-1}(x, y_1, y_2, \dots, y_n), \\ \frac{d^n y_1}{dx^n} &= F_n(x, y_1, y_2, \dots, y_n). \end{aligned} \right\} \quad (7)$$

Пайда болған (5)-(7) теңдеулерді (3) жүйенің бірінші теңдеуімен қосып жазсақ, төмендегідей жаңа дифференциалдық теңдеулер жүйесі пайда болады:

$$\left. \begin{aligned} \frac{dy_1}{dx} &= f_1(x, y_1, y_2, \dots, y_n), \\ \frac{d^2 y_1}{dx^2} &= F_2(x, y_1, y_2, \dots, y_n), \\ \dots &\dots \\ \frac{d^n y_1}{dx^n} &= F_n(x, y_1, y_2, \dots, y_n). \end{aligned} \right\} \quad (8)$$

Жалпы айтқанда, (8) жүйенің алғашқы $n-1$ теңдеулерінен $n-1$ белгісіз y_2, y_3, \dots, y_n функцияларды y_1 функциясы және оның $n-1$ -ші ретке дейінгі туындылары арқылы өрнектеуге болады. Осы өрнектерді (8) жүйенің соңғы теңдеуіне қоя отырып y_1 белгісіз функциясына қатысты n -ретті бір дифференциалдық теңдеу аламыз:

$$\frac{d^n y_1}{dx^n} = \Phi \left(x, y_1, \frac{dy_1}{dx}, \dots, \frac{d^{n-1} y_1}{dx^{n-1}} \right). \quad (9)$$

Егер (9) теңдеуінің жалпы шешімін

$$y_1 = \varphi_1(x, C_1, C_2, \dots, C_n), \quad (10)$$

$\frac{z'}{z} = C_1$, яғни $z' = C_1 z$ - аралық интеграл. z табу үшін $z' = C_1 z$ теңдеуінің айнымалыларын ажыратып, теңдіктің екі жағын да интегралдаймыз. Нәтижесінде ізделінді $z = C_2 e^{C_1 x}$ белгісіз функцияны табылады.

$$y = \frac{dz}{dx} \text{ болғандықтан, } y = C_1 C_2 e^{C_1 x}.$$

Ендеше жүйенің шешімі:

$$y = C_1 C_2 e^{C_1 x}, \quad z = C_2 e^{C_1 x}.$$

Функциялардың біреуі табылған соң қалған функцияларды интегралдау амалына жүгінбей, саралап, табылған функцияны дифференциалдай отырып, табуға болады. Мысалы, жоғарыда қарастырған мысалда z функциясын тапқаннан кейін y функциясын табу үшін жүйенің екінші теңдеуін пайдаландық, ал, егер де бірінші теңдеуін $\frac{dy}{dx} = \frac{y^2}{z}$ пайдалансақ, онда $\frac{dy}{dx} = \frac{y^2}{C_2 e^{C_1 x}}$ теңдеуін аламыз. Бұл теңдеудің айнымалыларын ажыратып, интегралдасақ үшінші бір тұрақты пайда болар еді. Бұлай болуы мүмкін емес, себебі, y екінші ретті теңдеуді қанағаттандырады, ал екінші ретті теңдеудің жалпы шешімі екі тұрақтыдан тәуелді.

Дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешудің әдістемелік ерекшеліктері – есепті кезең-кезеңмен дұрыс ұйымдастыру, жүйенің табиғатына сай әдістерді таңдау және нәтижені терең талдаумен байланысты ерекшеліктер.

Негізгі ерекшелік – теңдеулерді жеке емес, біртұтас жүйе ретінде қарастыру.

Есепті кезең-кезеңмен ұйымдастыру

Әдістемелік тұрғыдан шешу белгілі бір алгоритм бойынша жүргізіледі:

1. Жүйені жазу
2. Түрін анықтау (сызықты/сызықсыз)
3. Әдісті таңдау
4. Шешу
5. Тексеру және талдау

Бұл – оқытуда да, ғылыми зерттеуде де маңызды.

Жүйенің түріне байланысты әдіс таңдау.

Сапалық талдаудың міндеттілігі

Әдістемелік ерекшелік – тек шешіп қою емес, характеристикасын зерттеу: тепе-теңдік нүктелерін анықтау; орнықтылыққа зерттеу; фазалық траекторияларын салу.

Дифференциалдық теңдеулердің шешімін табудың маңызы өте зор, себебі олар табиғаттағы, техникадағы және қоғамдағы көптеген процестерді сипаттайды.

ҚОЛДЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Математический анализ: учебно-методическое пособие / составители Л. Б. Рыбина, А. Е. Березкина. — 2-е изд., исправл. — пос. Караваево: КГСХА, 2024

2. Горлач, Б. А. Математический анализ / Б. А. Горлач. — 2-е изд., стер. — Санкт-Петербург : Лань, 2024. — 604 с.

3. Көлекеев К. Д., Назарова К. Ж. Дифференциалдық теңдеулер. – Алматы: Дәуір, 2017. - 216 бет.

4. Сүлеймен Ж. Дифференциалдық теңдеулер курсы. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 440 бет.

ӘОЖ 517.95

БІРӨЛШЕМДІ ЖЫЛУӨТКІЗГІШТІК ТЕҢДЕУІ ҮШІН БАСТАПҚЫ-ШЕКТІК ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әбиханова А., Ағызам Е., Ескендилов Н.Б., Талапхан Қ.,
Айтмұқашева А.А., Алмабек Р., Байбазарова А.Ш.,
Байзақ Ж.Е., Секенов Ж.Қ.
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: zigerkusmanov@gmail.com

Бірөлшемді жылуөткізгіштік теңдеуі үшін бастапқы-шектік есептердің үш типін айыруға болады. Бастапқы-шектік есептері дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер теориясының негізгі ұғымдарының бірі болып табылады және ол математикалық модельдеу барысында маңызды рөл атқарады. Көптеген табиғи және техникалық процестер уақытқа немесе басқа айнымалыларға тәуелді өзгеретін шамалар арқылы сипатталады. Осындай процестерді зерттеу кезінде олардың тек жалпы шешімін табу жеткіліксіз, бастапқы күйін ескере отырып нақты шешімін анықтау қажет болады. Бұл мәселе бастапқы-шектік есептердің мазмұнын құрайды. Ол механика, физика, инженерия және басқа да қолданбалы ғылымдарда кеңінен қолданылады. Мысалы, дененің қозғалысын, жылу таралуын немесе тербеліс процесін зерттегенде бастапқы уақыттағы күйі белгілі болса, сол арқылы жүйенің болашақтағы күйін анықтауға болады [1].

Параболалық типтегі дифференциалдық теңдеулер көбінесе уақытқа тәуелді таралу процестерін сипаттайды. Мұндай теңдеулерде кеңістік айнымалысы бойынша екінші ретті туынды және уақыт бойынша бірінші ретті туынды кездеседі, бұл олардың негізгі ерекшелігін көрсетеді.

Нақтырақ айтсақ, параболалық теңдеулер келесі табиғи процестерді сипаттайды: жылуөткізгіштік процестері: Материалдағы температураның уақыт бойынша таралуын сипаттайды. Мысалы, металл таяқшаның бір ұшы қыздырылған кезде, жылудың екінші ұшқа таралуы. Диффузиялық процестер: Газ немесе сұйықтағы заттардың концентрациясының уақыт бойынша өзгеруі, бояғыш заттың судағы таралуы немесе химиялық реагенттің ерігенде диффузиясы. Тербелістерді тежейтін процестер: жүйедегі тербелістердің уақыт өте азаюын сипаттайтын жағдайлар. Мысалы, сұйықтағы кішкентай тербелістердің біртіндеп сөнуі [1].

Сондай-ақ, параболалық теңдеулер арқылы сұйықтық немесе газдың бір өлшемді ағысының диффузиялық сипаттамасы зерттеледі.

Параболалық теңдеулер табиғаттағы таралу және диффузия процестерін сипаттауға арналған негізгі математикалық модельдер болып табылады, олар көбінесе жылу, концентрация немесе потенциал сияқты физикалық шамалардың кеңістікте және уақыт бойынша біртіндеп өзгеруін көрсетеді.

Бірөлшемді жылуөткізгіштік теңдеуін шешуді қарастырудың бірнеше маңызды себептері бар. Ең алдымен, бұл теңдеу нақты физикалық процесті – жылудың кеңістікте уақыт бойынша таралуын сипаттайды. Сондықтан оны зерттеу арқылы температураның өзгеру заңдылықтарын түсінуге және болжауға мүмкіндік туады.

Сонымен қатар, бірөлшемді жағдай күрделі көпөлшемді есептердің қарапайым моделі болып табылады. Ол негізгі ұғымдар мен әдістерді, атап айтқанда айнымалыларды ажырату тәсілін, Фурье әдісін және бастапқы-шеттік шарттардың рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды себеп – бұл теңдеу көптеген қолданбалы есептердің негізін құрайды. Мысалы, техникада материалдардың қызуы мен суынуын зерттеу, құрылыс саласында жылу алмасу процестерін талдау, сондай-ақ физика мен инженериядағы түрлі диффузиялық құбылыстарды сипаттау осы теңдеуге сүйенеді.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, бірөлшемді жылуөткізгіштік теңдеуін қарастыру студенттердің дифференциалдық теңдеулерді шешу дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, олардың физикалық мазмұнын түсінуіне және теориялық білімдерін практикалық есептерде қолдана білуіне ықпал етеді.

Бірөлшемді жылуөткізгіштік, яғни диффузия теңдеуі үшін қойылатын Коши есебін немесе бастапқы-шектік есептерді Фурье әдісімен шешу әдістемесі дифференциалдық теңдеулерді оқытуда маңызды орын алады. Бұл әдіс бастапқы және шектік шарттармен берілген есептің шешімін аналитикалық түрде табуға мүмкіндік береді және физикалық процестердің мәнін терең түсінуге жағдай жасайды.

Коши есебін немесе бастапқы-шектік есептердің оқыту Коши есебінің негізгі мақсаты – жылуөткізгіштік теңдеуін қанағаттандыратын және берілген бастапқы шарттарды орындайтын функцияны табу. Фурье әдісінің мәні шешімді айнымалыларды ажырату тәсілі арқылы іздеуге негізделеді, яғни шешім уақыт пен кеңістік айнымалыларының көбейтіндісі түрінде қарастырылады. Осы тәсілдің нәтижесінде бастапқы теңдеу бірнеше қарапайым дифференциалдық теңдеулерге жіктеледі.

Әрі қарай алынған функциялар Фурье қатары түрінде өрнектеледі. Бұл жерде бастапқы шарттар Фурье коэффициенттерін анықтауда шешуші рөл атқарады. Нәтижесінде Коши есебінің немесе бастапқы шекаралық есептердің шешімі шексіз қатар түрінде жазылады, ол уақыт өте келе жүйенің күйінің қалай өзгеретінін сипаттайды.

Әдістемелік тұрғыдан бұл тақырыпты меңгеруде студенттерге айнымалыларды ажырату әдісінің логикасын, Фурье қатарларының құрылымын және бастапқы шарттардың маңызын жүйелі түрде түсіндіру қажет. Сонымен қатар, алынған шешімнің физикалық мағынасын талдау және графиктік интерпретация жасау оқу процесінің тиімділігін арттырады.

Сөйтіп, бастапқы-шектік есеп берілген бастапқы және шектік шарттарды қанағаттандыратын шешімді табуды қамтиды. Бірөлшемді жылуөткізгіштік теңдеуі үшін бастапқы-шектік есепті шешудің әдістемесі ретінде Фурье немесе Лаплас түрлендірулерін қолдану кең таралған. Бұл тәсіл шешімді аналитикалық түрде алу мүмкіндігін береді және температураның уақыт бойынша қалай таралатынын нақты сипаттайды. Төменде бастапқы-шекті есепті Фурье әдісі арқылы шешуді қарастырайық [2].

Келесі түрдегі бірөлшемді жылуөткізгіштік теңдеуін қарастырайық:

$$\frac{\partial u(x,t)}{\partial t} = a^2 \frac{\partial^2 u(x,t)}{\partial x^2}, 0 < x < L, 0 < t < T, \quad (1)$$

мұндағы $a^2 = \frac{k}{c\rho}$, k – жылуөткізгіштік коэффициенті, ρ – тығыздық, u – температура, c – сыйымдылық, $a^2 = \frac{d}{c}$, d – диффузия коэффициенті c – орта тұтқырлық коэффициенті. $x = 0$, $x = L$ кеңістіктік айнымалысының өзгеруі.

$t = 0$, $t = T$ – процесс моменттері, $D = [0, L] \times [0, T]$ – берілген облыс.

(1) теңдеу үшін келесідей бастапқы-шектік есептер алынады.

I бастапқы-шектік есеп келесі түрде болады:

$$u_t = a^2 u_{xx}, 0 < x < L, 0 < t < T,$$

$$u(x, 0) = \psi(x), 0 \leq x \leq L,$$

$$u(0, t) = \varphi_1(t), 0 < t \leq T,$$

$$u(L, t) = \varphi_2(t), 0 < t \leq T,$$

мұндағы $\psi(x)$, $\varphi_1(t)$, $\varphi_2(t)$ қандай да бір үзіліссіз берілген функциялар.

II бастапқы-шектік есеп келесі түрде беріледі:

$$u_t = a^2 u_{xx}, 0 < x < L, 0 < t < T,$$

$$u(x, 0) = \psi(x), 0 \leq x \leq L,$$

$$\frac{\partial u(0, t)}{\partial x} = \varphi_1(t), 0 < t \leq T,$$

$$\frac{\partial u(L, t)}{\partial x} = \varphi_2(t), 0 < t \leq T,$$

III бастапқы-шектік есеп келесі түрде беріледі:

$$u_t = a^2 u_{xx}, 0 < x < L, 0 < t < T,$$

$$u(x, 0) = \psi(x), \quad 0 \leq x \leq L,$$

$$\alpha_0 \frac{\partial u(0, t)}{\partial x} + \beta_0 u(0, t) = \varphi_1(t), \quad 0 < t \leq T,$$

$$\alpha_1 \frac{\partial u(L, t)}{\partial x} + \beta_1 u(L, t) = \varphi_2(t), \quad 0 < t \leq T,$$

мұндағы $\alpha_0, \beta_0, \alpha_1, \beta_1$ сандары үшін $(\alpha_i^2 + \beta_i^2 > 0, i = 1, 2)$.

(1) теңдеуі үшін Коши есебін келесі түрде беруге болады:

$$u_t = a^2 u_{xx}, \quad -\infty < x < +\infty, \quad 0 < t < T,$$

$$u(x, 0) = \psi(x), \quad -\infty \leq x \leq +\infty,$$

Мұндағы I бастапқы-шектік есеп дегенімізді Ox осінде $x = 0$ мен $x = L$ аралығындағы жіңішке өзекшеге жылу беру есебі деп түсінуге болады. $x = 0$ нүктесінен $x = L$ нүктесіне температураның өзгеру заңдылығы $\varphi_1(t)$ функциясы арқылы беріледі. Яғни D облысындағы шекаралық шарттарды қанағаттандыратын t мезетіндегі x нүктесіндегі өзекше температурасын, яғни $u(x, t)$ функцияны табу керек.

I бастапқы-шекаралық есепті алайық [3]:

$$U_t = U_{xx}, \quad (x, t) \in Q = \{(x, t) \in R^2; 0 < x < 1, t > 0\}, \quad (2)$$

$$U(0, t) = U(1, t) = 0, \quad 0 < t < \infty, \quad (3)$$

$$U(x, 0) = \varphi(x), \quad 0 \leq x \leq 1, \quad (4)$$

$C^{2,1}(Q) \cap C(Q)$ класындағы шешімді табайық.

Есепті меншікті функциялар әдісі немесе Фурье әдісі деп аталатын әдіс арқылы шешейік. Онда шешімді

$$U(x, t) = X(x)T(t) \neq 0$$

түрінде іздейміз. Яғни бір айнымалыдан тәуелді болатын функциялардың көбейтіндісі түрінде іздейік. $X(x)$ және $T(t)$ табу үшін $U(x, t)$ (2)-(4) қояйық:

$$U_t(x, t) = X(x)T'(t), \quad U_{xx}(x, t) = X''(x)T(t),$$

$$X(x)T'(t) = X''(x)T(t) \Rightarrow \frac{T'(t)}{T(t)} = \frac{X''(x)}{X(x)}, \quad (5)$$

(5) теңдік тұрақты шамаға $-l$ тең дейік:

$$\frac{T'(t)}{T(t)} = \frac{X''(x)}{X(x)} = -\lambda,$$

Бұдан келесі теңдеулерді аламыз:

$$1) T'(t) + \lambda T(t) = 0, \quad 2) X''(x) + \lambda X(x) = 0.$$

Алынған қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін шекаралық шарттар келесі түрде болады:

$$U(0, t) = 0 \Rightarrow X(0)T(t) = 0 \Rightarrow X(0) = 0,$$

$$U(1, t) = 0 \Rightarrow X(1)T(t) = 0 \Rightarrow X(1) = 0.$$

Нәтижесінде Штурм-Лиувилль есебіне келеміз[3]:

$$\begin{cases} X''(x) + \lambda X(x) = 0 \\ X(0) = X(1) = 0 \end{cases}$$

$\lambda_n = \pi^2 n^2, n = 1, 2, \dots$ - меншікті мәндер және $X_n = \sin \pi n x$ - меншікті функциялар.

Онда келесі шешімді аламыз:

$$T' + \lambda T = 0 \Rightarrow T'_n + \pi^2 n^2 T_n = 0 \Rightarrow k_n + \pi^2 n^2 = 0 \Rightarrow k_n = -\pi^2 n^2 \Rightarrow T_n = A_n e^{-\pi^2 n^2 t}$$

Нәтижесінде дербес шешімдер алынады:

$$U_n(x, t) = X_n(x)T_n(t) = A_n \sin \pi n x \cdot e^{-\pi^2 n^2 t}$$

Дербес шешімдердің сызықты комбинациясын аламыз:

$$U(x, t) = \sum_{n=1}^{\infty} U_n(x, t) = \sum_{n=1}^{\infty} A_n \sin \pi n x \cdot e^{-\pi^2 n^2 t}, \quad (6)$$

Мұндағы A_n коэффициентті табу үшін келесі қатынасты қарастырамыз:

$$U(x, 0) = \sum_{n=1}^{\infty} A_n \sin \pi n x \Rightarrow \sum_{n=1}^{\infty} A_n \sin \pi n x = \varphi(x). \quad (7)$$

Мұнадғы Фурье коэффициенттері келесі формула арқылы анықталады:

$$A_n = 2 \int_0^1 \varphi(x) \sin \pi n x dx, n = 1, 2, \dots \quad (8)$$

Ендеше (6)-(8) берілген (2)-(4) есебінің шешімі болады. Бұл шешім $C^{1,2}(Q) \cap C(Q)$ класына тиісті.

Кез келген дифференциалдық теңдеулердің аналитикалық шешімдерін табу барлық жағдайда мүмкін бола бермейді, олар көбіне тек белгілі бір шектеулі теңдеулер класы үшін ғана анықталады.

Бұл тақырыптың әдістемелік аспектілері Коши есебін, бастапқы-шектік есептерді оқыту мен түсіндірудің тиімді жолдарын қарастырумен байланысты. Атап айтқанда, студенттерге дифференциалдық теңдеудің мәнін, бастапқы шарттардың рөлін, шешімнің бар болуы мен жалғыздығы сияқты негізгі ұғымдарды жүйелі түрде меңгерту маңызды. Сонымен қатар, теориялық білімді практикалық есептермен ұштастыру, графиктік және сандық әдістерді қолдану да үлкен мәнге ие. Ендеше, Коши есебін, бастапқы-шектік есептерді оқытудың әдістемелік мәселелерін қарастыру дифференциалдық теңдеулерді терең түсінуге, сондай-ақ оларды нақты қолданбалы есептерде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Тихонов А.Н., Самарский А.А., Уравнения математической физики, Физматлит, Москва, 1966. - 735 с.
2. Формалев В.И., Ревизников Д.Л. Численные методы, - М.: Физматлит, 2004. - 400 с.
3. Голубева, Н.В. Математическое моделирование систем и процессов: учебное пособие / Н. В. Голубева. - 2-е изд., стер. - Санкт-Петербург: Лань, 2016. - 192 с.

ӘОЖ 519.6

ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ КЕЙБІР ТҮРЛЕРІНІҢ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Әлімғазыева А.Қ., 2-курс магистранты

Каженова С.Қ., педагог-зерттеуші

Ғылыми жетекші: Мадияров М.Н., т.ғ.к., математика кафедрасының
қауым. профессоры

¹С. Аманжолов атындағы ШҚУ


Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: ayualim@mail.ru

²«№18 орта мектебі» КММ

Өскемен қ., Қазақстан.

Геометриялық есептер.

Мысал 1. Трапецияның табандарында жатқан және диагональдарымен шектелген үшбұрыштардың аудандары m^2 және n^2 . Егер $m+n=p$ болса, онда трапецияның ауданын табыңыз.



1 - сурет – Есеп 1 сызбасы

Есеп шарты бойынша:

$$S_{\Delta BOC} = m^2, \quad S_{\Delta AOD} = n^2$$

Келесі белгілеулерді енгізейік:

$$BC = a, \quad AD = b, \quad OM = h_1, \quad OK = h_2,$$

$$MK \perp AD, \quad MK = h_1 + h_2 = h.$$

$$S_{\Delta BOC} = \frac{a \cdot h_1}{2} = m^2, \quad S_{\Delta AOD} = \frac{b \cdot h_2}{2} = n^2$$

$$S_{mp} = \frac{(a+b) \cdot h}{2} = \frac{(a+b) \cdot (h_1 + h_2)}{2}.$$

$BC \parallel AD$ және BD қиюшы болғандықтан, $\angle CBD = \angle BDA$. Ал $\angle BOC = \angle DOA$, себебі вертикаль бұрыштар. Сондықтан, ΔDOA және ΔBOC үшбұрыштары екі бұрышы бойынша $\Delta DOA \sim \Delta BOC$.

$$k = \frac{h_1}{h_2} = \frac{a}{b}, \quad \frac{S_{\Delta BOC}}{S_{\Delta DOA}} = k^2$$

болғандықтан,

$$\frac{h_1}{h_2} = \frac{a}{b} = \frac{\sqrt{S_{\Delta BOC}}}{\sqrt{S_{\Delta DOA}}} = \frac{m}{n}.$$

Осылайша келесі теңдіктерді аламыз:

$$\frac{h_1}{h_2} = \frac{m}{n}; \quad \frac{a}{b} = \frac{m}{n}$$

Теңдіктердің әр жағына 1 – санын қосатын болсақ, онда:

$$\frac{h_1}{h_2} + 1 = \frac{m}{n} + 1; \quad \frac{a}{b} + 1 = \frac{m}{n} + 1.$$

$$\frac{h_1 + h_2}{h_2} = \frac{m + n}{n}; \quad \frac{a + b}{b} = \frac{m + n}{n}; \quad .$$

Соңғы екі теңдікті бір – біріне мүшелеп көбейтейік:

$$\frac{(a+b)(h_1+h_2)}{b \cdot h_2} = \frac{(m+n)^2}{n^2}$$


$$\frac{bh_2}{2} = n^2 \Rightarrow bh_2 = 2 \cdot n^2$$

$$\frac{(a+b)(h_1+h_2)}{2n^2} = \frac{(m+n)^2}{n^2}$$

$$\frac{(a+b)(h_1+h_2)}{2} = (m+n)^2 = p^2 = S_{mp}.$$

Жауабы: $S_{mp} = p^2$.

Мысал 2. $ABCD$ тік төртбұрышының AB және BC қабырғаларынан AXD , BXY , DYC үшбұрыштарының қатнасы сәйкесінше 5, 4 және 3 болатындай етіп X және Y нүктелері таңдалып алынған. DXY үшбұрышының ауданын табыңыз.



2- сурет – Есеп 2 сызбасы

$AB = a, BC = b, AX = x, BY = y$ болсын, онда:

$$\begin{cases} \frac{1}{2}bx = 5; \\ \frac{1}{2}a(b-y) = 3; \\ \frac{1}{2}(a-x)y = 4. \end{cases}$$

Сонымен қатар,

$$S_{\Delta XYD} = ab - 5 - 4 - 3 = ab - 12.$$

Жүйені шешетін болсақ:

$$\begin{cases} bx = 10; \\ a(b-y) = 6; \\ (a-x)y = 8. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = \frac{10}{b}; \\ ab - ay = 6; \\ ay - xy = 8. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = \frac{10}{b}; \\ ay = ab - 6; \\ ab - xy = 14. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = \frac{10}{b}; \\ y = \frac{ab-6}{a}; \\ xy = ab-14. \end{cases}$$

Жүйенің алғашқы екі теңдігінің мәндерін үшінші теңдікке апарып қоятын болсақ,

$$\frac{10}{b} \cdot \frac{ab-6}{a} = ab-14, \quad 10 \cdot (ab-6) = ab \cdot (ab-14), \quad (ab)^2 - 24ab + 60 = 0.$$

Бұл алынған теңдеуді шешу үшін $ab = z$ белгілеуін енгіземіз де келесі квадрат теңдеуді аламыз:

$$z^2 - 24z + 60 = 0,$$

Оның шешімдері:


$$z_1 = 12 + \sqrt{84}, \quad z_2 = 12 - \sqrt{84}.$$

Есептің берілгені бойынша $S_{\Delta XYD} = ab - 12$ болған, егер кері ауыстыру жасасақ $ab = 12 - \sqrt{84}$ онда: $S_{\Delta XYD} = -\sqrt{84}$ аламыз. Ал бұлай болуы мүмкін емес, сондықтан:

$$ab = 12 + \sqrt{84} \Rightarrow S_{\Delta XYD} = \sqrt{84} = 2\sqrt{21}.$$

Жауабы: $2\sqrt{21}$.

Мысал 3: $ABCD$ және $EFGH$ бірлік квадраттарының қабырғалары $AB \parallel EF$ және қилысу ауданы $\frac{1}{16}$. Осы квадраттардың центрлерінің мүмкін болатын ең кіші арақашықтығын табыңыз.



3 - сурет – Есеп 3 сызбасы

Есеп шарты бойынша $S_{DD_1FF_1} = \frac{1}{16}$.

Егер $FF_1 = x$, ал $FD_1 = y$, болса, онда:

$$xy = \frac{1}{16}; \quad y = \frac{1}{16x} (x \neq 0; y \neq 0),$$

$$FK = O_4O_5 = 1 - y;$$

$$O_2O_4 = O_3O_5 = FO_4 = \frac{1}{2}$$

$$d^2 = O_1O_2^2 = O_1O_3^2 + O_2O_3^2 \Rightarrow O_1O_3 = \frac{1}{2} + \frac{1}{2} - x = 1 - x;$$

$$O_2O_3 = \frac{1}{2} - O_3O_4 = \frac{1}{2} - \left[\frac{1}{2} - (1 - y) \right] = 1 - y.$$

$$d^2 = (1 - x)^2 + \left(1 - \frac{1}{16x} \right)^2,$$

Мұндағы $0 < x < 1$; d^2 ең кіші болғанда d – ның мәні де ең кіші мән қабылдайды, сондықтан $f(x) = (1 - x)^2 + \left(1 - \frac{1}{16x} \right)^2$ функциясын қарастырайық:

I тәсіл:

$$f(x) = 1 - 2x + x^2 + 1 - \frac{2}{16x} + \frac{1}{16^2 x^2};$$

$$f(x) = x^2 + \frac{1}{16^2 x^2} - 2x - \frac{2}{16x} + 2$$

$x + \frac{1}{16x} = t$ ауыстыруын енгізсек, онда:

$$t^2 = x^2 + 2 \frac{x}{16x} + \frac{1}{16^2 x^2} \Rightarrow t^2 = x^2 + \frac{1}{16^2 x^2} + \frac{1}{8}$$

$$t^2 - \frac{1}{8} = x^2 + \frac{1}{16^2 x^2};$$

Ендеше,

$$F(t) = t^2 - \frac{1}{8} + 2 - 2t = t^2 - 2t + 1\frac{7}{8}$$

функциясын аламыз.

$t^2 - 2t + 1\frac{7}{8}$ квадрат үшмүшесінің коэффициенті $a > 0$, параболаның тармақтары жоғары қарайды, яғни минимум нүктесі төбесі болып табылады:

$$t_0 = -\frac{b}{2a} = \frac{2}{2} = 1;$$

$$F(t_0) = \frac{7}{8} \Rightarrow d^2 = \frac{7}{8}; d = \sqrt{\frac{7}{8}} = \frac{\sqrt{14}}{4}.$$

II тәсіл (туындыны қолдану): $f(x) = (1-x)^2 + \left(1 - \frac{1}{16x}\right)^2$

$$f'(x) = (-1) \cdot 2(1-x) + 2\left(1 - \frac{1}{16x}\right)\left(-\frac{1}{16}\right)(-1)x^{-2} = 2(x-1) + 2\left(1 - \frac{1}{16x}\right)\frac{1}{16x^2} =$$

$$= 2(x-1) + 2\frac{16x-1}{16^2 x^3} = \frac{2(16^2 x^3(x+1) + (16x-1))}{16^2 x^3}$$

Енді функцияның сындық нүктелерін табайық, яғни:

$$f'(x) = 0, x \neq 0$$


$$16^2 x^4 - 16^2 x^3 - 16x - 1 = 0; 16^2 x^4 - 1 - 16^2 x^3 + 16x = 0;$$

$$(16x^2 - 1)(16x^2 + 1) - 16x(16x^2 - 1) = 0$$

$$(16x^2 - 1)(16x^2 + 1 - 16x) = 0;$$

Алынған теңдеудің көбейткіштерін жеке – жеке нөлге теңестіру арқылы $x = \frac{1}{4}$

, $x_{2,3} = \frac{2 \pm \sqrt{3}}{4}$ мәндерін аламыз да, функцияның ең кіші мәндер қабылдайтын нүктелерін (4 сурет) анықтаймыз.



4 - сурет –Интервалдар әдісі

$x_{2,3} = \frac{2 \pm \sqrt{3}}{4}$ нүктелеріндегі функцияның мәнін табайық:

$$\begin{aligned}
 f\left(\frac{2-\sqrt{3}}{4}\right) &= \left(1 - \frac{2-\sqrt{3}}{4}\right)^2 + \left(1 - \frac{1}{16\left(\frac{2-\sqrt{3}}{4}\right)}\right)^2 = \left(\frac{2+\sqrt{3}}{4}\right)^2 + \left(\frac{4(2-\sqrt{3})-1}{4(2-\sqrt{3})}\right)^2 = \\
 &= \frac{(2+\sqrt{3})^2}{16} + \left(\frac{4(2-\sqrt{3})(2+\sqrt{3}) - (2+\sqrt{3})}{4(2-\sqrt{3})(2+\sqrt{3})}\right)^2 = \frac{(2+\sqrt{3})^2}{16} + \frac{(2-\sqrt{3})^2}{16} = \frac{4+4\sqrt{3}+3+4-4\sqrt{3}+3}{16} = \frac{14}{16} = \frac{7}{8}; \\
 f\left(\frac{2+\sqrt{3}}{4}\right) &= \left(1 - \frac{2+\sqrt{3}}{4}\right)^2 + \left(1 - \frac{1}{16\left(\frac{2+\sqrt{3}}{4}\right)}\right)^2 = \left(\frac{2-\sqrt{3}}{4}\right)^2 + \left(\frac{4(2+\sqrt{3})-1}{4(2+\sqrt{3})}\right)^2 = \\
 &= \frac{(2-\sqrt{3})^2}{16} + \left(\frac{4(2+\sqrt{3})(2-\sqrt{3}) - (2-\sqrt{3})}{4(2-\sqrt{3})(2+\sqrt{3})}\right)^2 = \frac{(2-\sqrt{3})^2}{16} + \frac{(2+\sqrt{3})^2}{16} = \frac{4+4\sqrt{3}+3+4-4\sqrt{3}+3}{16} = \frac{14}{16} = \frac{7}{8};
 \end{aligned}$$

Ендеше, көріп отырғанымыздай:


$$f\left(\frac{2+\sqrt{3}}{4}\right) = f\left(\frac{2-\sqrt{3}}{4}\right);$$

Яғни:

$$d^2 = \frac{7}{8}; \quad d = \frac{\sqrt{14}}{4}$$

Жауабы: $\frac{\sqrt{14}}{4}$.

Мысал 5. $ABCD$ трапециясының диагональдары O нүктесінде $AO:OC=3:1$ қатынасында қиылысады және AOD үшбұрышының ауданы 36-ға тең. Трапецияның ауданын табыңыз.



5 – сурет – 5 сызбасы

Есептің шарты бойынша $S_{\triangle AOD} = 36$. 4 суреттегідей қосымша сызықтар жүргіземіз де, пайда болған параллелограмның ауданын табамыз:

$$S_{MBCA} = S_{BCED} = z \cdot h. \Rightarrow S_{ABCD} = \frac{1}{2} z \cdot h.$$

Трапецияның диагональдарының қиылысу нүктесінің қасиеті бойынша:

$$ON = \frac{3}{4}h.$$

Үшбұрыштың аудан табу формуласын қолдана отырып:

$$36 = \frac{1}{2} \cdot 3z \cdot \frac{3}{4}h \Rightarrow 36 = \frac{9}{8}z \cdot h \Rightarrow zh = 36 \cdot \frac{8}{9} \Rightarrow zh = 32.$$

Ендеше:

$$S_{\Delta BCD} = S_{\Delta ABCD} = 16$$
$$S_{BOC} = \frac{1}{2} \cdot 1z \cdot \frac{1}{4}h = \frac{1}{8} \cdot zh = \frac{1}{8} \cdot 32 = 4$$

Сонымен:

$$S_{\text{од}} = 36 + 16 + 16 - 4 = 64.$$

Жауабы: $S_{\text{пр.}} = 64$.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қуанбаева, Б. (2005). Оқу мотивациясын қалыптастырудың педагогикалық жүйені жетілдірудегі рөлі. Математика және физика, (2), 7–9.
2. Есенғабдылов, Ж. (2007). 7 сынып оқушыларын математикалық есептерді шешуге үйрету. Ұлт тағлымы, (6), 97–100.
3. Таубаева, Ш., & Барсай, Б. (2012). Оқытудың қазіргі технологиялары. Қазақстан мектебі, (3), 14–15.
4. Айтмамбетова, Б. Р. (2000). Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Кәсіпкер, (7), 17–19.
5. Тасболатова, Р. Б. (2014). Болашақ математика мұғалімінің құзырлығын қалыптастырудың тиімді жолдары. І. Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетінің хабаршысы, (2–3).

ӘОЖ 519.6

ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

¹Әлімғазыева А.Қ., 2-курс магистранты

²Есенгелдінова А.Б., 2-курс магистранты

³Каженова С.Қ., педагог-зерттеуші

Ғылыми жетекші: Мадияров М.Н., т.ғ.к., математика кафедрасының
қауым. профессоры

^{1,2}С. Аманжолов атындағы ШҚУ

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: ayualim@mail.ru

³«№18 орта мектебі» КММ

Өскемен қ., Қазақстан

Математикалық олимпиадаларды өткізудің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыру және оларды математикалық үйірмелерге тарту. Олимпиада барысында оқушылар өздерінің білім деңгейін, логикалық ойлау қабілетін, стандартты емес есептерді шешу

дағдыларын тексеруге мүмкіндік алады. Жарысқа ерікті түрде қатысу, ерекше атмосфера және тапсырмалардың өзгешелігі оқушыларды ынталандырады.

Оқушылардың математикаға қызығушылығын дамытуда жарыс элементінің маңызы зор. Әсіресе төменгі сынып оқушылары үшін бәсекелестік пен жетістікке ұмтылу ерекше ынталандырушы фактор болып табылады. Ал жоғары сыныптарда олимпиадаларға қатысу көбіне болашақ кәсіби бағдармен байланыстырылады.

Олимпиада оқушылардың математикалық қабілеттерін анықтауға және дамытуға ықпал етеді. Кейде сабақта өз мүмкіндігін толық көрсете алмайтын оқушылар олимпиада барысында логикалық, интуитивті және шығармашылық тапсырмаларды сәтті орындай алады. Осындай жетістіктер оқушының өзіне деген сенімін арттырып, математикамен тереңірек айналысуға қызығушылығын оятады. Мұғалімдер мұндай оқушыларды қолдап, қосымша әдебиеттер мен тапсырмалар ұсынып, олардың қабілеттерін әрі қарай дамытуға жағдай жасайды.

Олимпиадаға қатысқан әрбір оқушы жоғары нәтиже көрсетуге ұмтылады. Ол үшін есептерді түрлі тәсілмен шешуді үйренеді, математикалық әдебиеттерді оқиды, үйірмелерге белсенді қатысады. Бұл үдеріс оқушылардың табандылығын, шығармашылық ойлауын және өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Математикалық олимпиадалар дарынды оқушыларды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ғылым мен техниканың қарқынды дамуы жағдайында болашақ білікті мамандарды даярлау үшін өте маңызды. Олимпиадаларды мектеп, аудан, облыс және республикалық деңгейде жүйелі түрде өткізу арқылы дарынды балаларды кеңінен қамтуға болады.

Сонымен қатар, олимпиадалар оқушылардың кәсіби бағдарын айқындауға көмектеседі. Математикалық жарыстарға қатысу арқылы оқушылар өз қабілеттерін бағалап, болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауға мүмкіндік алады. Көптеген оқушылар олимпиадаларға қатысқаннан кейін математиканы немесе оған жақын салаларды өмірлік кәсібі ретінде таңдайды.

Олимпиадаларды ұйымдастыру мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға да ықпал етеді. Мұғалімдер оқушыларды дайындау үшін түрлі тапсырмаларды іріктеп, жаңа әдістерді меңгереді, ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен танысады. Үйірме сабақтары мен олимпиадалар мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

Олимпиадалар мектептегі сыныптан тыс жұмыстың қорытындысы ретінде де маңызды рөл атқарады. Мектеп, аудан, облыс және республикалық олимпиадалар арқылы оқушылардың дайындық деңгейін салыстыруға, білім сапасын бағалауға болады. Ал халықаралық олимпиадалар әр елдегі математикалық білім беру деңгейін салыстыруға мүмкіндік береді.

Олимпиада әр мектепте, ауданда, облыста, республикада математикадан сыныптан тыс жұмыстың қорытындысын шығарады. Мектеп және аудандық олимпиадалар оқушылардың математикалық дайындығы мен математикалық дамуының сапасын, сондай-ақ мектептің жекелеген сыныптарында, ауданның жекелеген мектептерінде математиканың оқыту жағдайын салыстыруға мүмкіндік береді. Облыстық және республикалық олимпиадалар кейбір дәрежеде елдің жекелеген облыстарындағы, өлкелері мен республикаларындағы математикалық

білім берудің жай-күйін салыстыруға мүмкіндік береді. Халықаралық олимпиадалар әртүрлі елдердің орта мектептерінде математикалық білімнің жоғарғы қырының жағдайын салыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай салыстыру мүмкіндігі ғылыми-техникалық революция кезеңінде өте маңызды, өйткені олимпиадаларға қатысушы елдерге оқушылардың математикалық білім мазмұнындағы олқылықтарды жою үшін, математика саласындағы болашақ мамандарды даярлау бойынша іс-шараларды жүзеге асыруда қажетті шараларды уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді.

Олимпиаданы дайындау мен өткізудің жалпы принциптері. Біздің елімізде жыл сайын олимпиаданың бес туры өткізіледі: мектеп, аудандық, облыстық және республикалық олимпиада. Олимпиада Халықаралық математикалық олимпиадалармен аяқталады. Олимпиаданың бұл жүйесі жекелеген жоғары оқу орындары өткізетін тапсырмаларды шешу бойынша конкурстармен, теледидармен, кейбір газеттермен, журналдармен толықтырылады [11].

Олимпиаданы өткізу белгілі бір ұйымдастырушылық принциптерге негізделеді. Әдетте олимпиадалар бірнеше кезеңнен тұрады: мектептік, аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлер. Әр кезеңде тапсырмалар күрделене түседі.

Тапсырмаларды іріктеу кезінде олардың әртүрлі деңгейде болуы ескеріледі:

– 1–2 тапсырма көпшілік оқушыларға қолжетімді;

– 2–3 тапсырма орташа күрделілікте;

– қалған тапсырмалар ең қабілетті оқушыларға арналған күрделі есептер болады.

Бұл жүйе барлық қатысушыларды ынталандырып, дарынды оқушыларды анықтауға мүмкіндік береді.

Олимпиаданы табысты өткізу үшін бірінші кезекте келесі шарттарды орындау қажет, олар: 1) математикадан сыныптан тыс барлық жұмыстарды жүйелі түрде өткізу; 2) олимпиадаларды өткізу тұрақтылығын қамтамасыз ету; 3) әрбір олимпиаданы өткізу алдында маңызды, мазмұнды және қызықты дайындық жұмыстары; 4) олимпиадалар өткізуді жақсы ұйымдастыру; 5) жарыстардың қызықты математикалық мазмұны.

Барлық олимпиадаларды өткізу оқушылардың тиісті дайындығын болжайды. Сондықтан әр мектепте сыныптар немесе сыныптар параллельдері бойынша үйірмелер жүйелі түрде жұмыс істеуі керек. Жоғары деңгейдегі үйірмелер жоғары оқу орындарында, ал аудандарда - математикалық мектептерде немесе аудандық әдістемелік кабинеттерде ұйымдастырылады. Сондай-ақ неғұрлым күшті немесе жалпы қызығушылық танытатын математикамен жүйелі түрде жеке жұмыс жүргізілуі тиіс.

Математикалық олимпиаданың әр туры өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы құрылады. Олар тиісті олимпиаданы тікелей өткізу алдындағы барлық дайындық жұмыстарын қамтамасыз етеді, жарысты өткізу үшін тапсырмаларды іріктеуді, қатысушылардың жұмыстарын тексеруді қамтамасыз етеді, жеңімпаздарға сыйлықтар береді. Сонымен қатар, мектеп олимпиадаларын өткізу үшін тапсырмаларды қазылар алқасы мүшелері таңдап алады немесе құрайды, аудандық олимпиадаларды өткізу үшін облыстық ұйымдастыру комитеті

жіберетін тапсырмаларды да пайдалануға болады, бірақ, әрине, олардың кейбіреулерін аудандық олимпиаданың қазылар алқасы дайындаған тапсырмалармен ауыстыруға болады.

Жоғары оқу орындары жанындағы Аудандық математикалық үйірмелердің, үйірмелердің қатысушылары, әдетте, мектеп олимпиадаларына қатысады және осылайша олимпиаданың жалпы жүйесіне қосылады. Бірақ олар осы ЖОО-ның немесе аудандық үйірменің олимпиада қорытындысы бойынша аудандық немесе қалалық олимпиадаларға қатыса алады және осылайша олимпиаданың жалпы жүйесіне қатыса алады. Теледидар олимпиадаларының, сондай-ақ жеке газеттер мен журналдармен өткізілетін міндеттерді шешу конкурстарының жеңімпаздары облыстық олимпиадаларға енгізіледі және облыстық олимпиадада сәтті өнер көрсеткен жағдайда Республикалық олимпиадаға облыс командасына енгізіледі.

Математикалық олимпиадалар тәрбиелік маңызға да ие. Тапсырмаларға экономикалық, өндірістік және қолданбалы сипаттағы есептерді енгізу оқушылардың өмірмен байланысын күшейтеді.

Сабақтан тыс жұмыстар – оқушылардың білімін тереңдетудің маңызды құралы. Олар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, логикалық ойлауын, интуициясын және шығармашылық қабілетін дамытады. Мұндай жұмыстарға математикалық үйірмелер, сайыстар, кештер, олимпиадалар жатады.

Сабақтан тыс жұмыстың тұрақты формаларына математикалық үйірмелер мен ғылыми қоғамдар, ал уақытша формаларына олимпиадалар мен пәндік апталықтар кіреді. Математика пәнінен сабақтан тыс жұмыс тәжірибесінде қазіргі заманғы отандық мектеп үлкен тәжірибе жинақтады, онда оқытудың әр түрлі түрлерін жүзеге асырады. 1-суретте сабақтан тыс жұмыстың барлық нақты нысандары емес, бірақ олардың жүйелік ұйымы көрсетілген. Бұл ретте математиканы оқытудың сабақтан тыс кез келген түрі міндетті түрде танымдық функцияны қамтитыны көрінеді. Сабақтан тыс жұмыс формаларының дәстүрлі жіктелуі сандық белгіге (жеке, топтық, аралас нысандар) сүйенеді, алайда уақытша белгінің жіктеу критерийі ретінде қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда тұрақты (ұзақ, тұрақты) формалар сызықтық сипатқа ие, ал қарқынды (тұрақты емес, уақытша) – нүктелік.

Олимпиадалық тапсырмалар эвристикалық сипатта болады, яғни олар стандартты емес шешімдерді талап етеді. Мұндай есептерді шешу үшін оқушыларға жаңа идеялар қажет, бірақ арнайы терең білім талап етілмейді – мектеп бағдарламасын жақсы меңгеру жеткілікті.

Олимпиаданың алғашқы кезеңінде балалардың дамуында маңызды орын алады. Дәл осы даму уақытында баланың алғашқы дербес ашылуы болуы мүмкін. Олар тіпті шағын және болмашы, бірақ оларда болашақ ғылымға деген қызығушылықтың өсуі пайда болады. Олимпиада оқушының өзін тануға мүмкіндік береді, өз көздерінде және айналасындағылардың арасында көп жағдайда орнығуға мүмкіндік береді. Жалпы олар баланың шығармашылық бастамаларын дамытуға қызмет етеді. Олимпиада туралы айта келе, осы уақытқа дейін оқушылармен сыныптан тыс жұмыстың бұл түрі атқарылған жұмыстың өзіндік қорытындысы (көбінесе үйірме) болғанын атап өткен жөн. Олимпиада-жарыс, әрине, оқушылардың математикалық білім беру мағынасында өсуін

ынталандырады, олардың математикалық ойлау қабілетін, математикаға қызығушылығын, табандылық - олимпиада тапсырмасын ойдағыдай орындап жүргендерден қалыс қалмауға тілек білдіреді; жиі олимпиадаға қатысу және оған дайындық оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге итермелейді, ғылыми-көпшілік әдебиетпен жұмыс істей білуге үйретеді және т. б. Олимпиада математиканы оқытудың жалпы деңгейіне де оң әсер етеді, көп жағдайда оқушылардың математикалық білім сапасын анықтауға мүмкіндік беріп сонымен қатар, жоғары деп саналатын математикалық дайындық деңгейін сипаттай отырып, мұғалімді қандай да бір дәрежеде бағдарлайды. Алайда, олимпиада оқушыларды қызықтыратын жаңа ақпарат көзі болып табылмайтындығына және сондықтан жастардың тереңдетілген математикалық дайындығының негізгі нысаны болып саналмайтындығына назар аудару қажет.

Алғашқы бүкілодақтық олимпиадалар өңірлік және мектеп олимпиадаларын дамытуда үлкен рөл атқарды. Еліміздің жетекші ЖОО-лары мектеп оқушыларымен, мектеп мұғалімдерімен белсенді жұмыс істей бастады, ғылымның түрлі салаларында жұмыс істейтін ғалымдар арасындағы байланыстарды айтарлықтай нығайта бастады.

Олимпиаданың негізгі ерекшеліктеріне:

-олимпиаданы мүмкіндігінше оқу жылы бойы алуы тиіс уақыт аралығы.

-қол жетімділік, әрбір оқушы олимпиадаға қатысуға мүмкіндігі болуы тиіс.

Қалада, аудан орталығында немесе кіші ауылда оқитындарына қарамастан, барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ұмтылу қажет.

-көпсатылы сипат, жеке сынып ауқымынан бірнеше аумақты біріктіруге дейін.

-олимпиаданың мұндай құрылымы оған барлық оқушыларға қатысуға мүмкіндік береді, сонымен қатар жеңімпаздар ғана емес, қатысушылар да жеңеді.

Олимпиаданы өткізу алдында жалпы және оның жекелеген кезеңдерінде үлкен дайындық жұмыстары жүргізіледі. Дайындық тиімділігінің маңызды шарты-мұғалімдердің олимпиаданы ұйымдастырушылармен бірге жұмыс істеуге деген ынтасы. Жарыс пен балаларды, сондай-ақ мұғалімдерді көтермелеу шараларының қисынды үйлесімі қажет. Олимпиаданың ұйымдастыру іс-шаралары мұғалімнің бастамашылығымен толықтырылуы тиіс.

Олимпиадалар оқушылардың өзіне деген сенімін арттырып, олардың шығармашылық бастамаларын дамытады. Бұл жарыстар математиканы тереңірек оқуға ынталандырады және болашақ мамандық таңдауға әсер етеді.

Қорытындылай келе, математикалық олимпиадалар оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудың, дарынды балаларды анықтаудың және математикалық білім сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Қуанбаева, Б. (2005). Оқу мотивациясын қалыптастырудың педагогикалық жүйені жетілдірудегі рөлі. Математика және физика, (2), 7–9.

2.Есенғабылов, Ж. (2007). 7 сынып оқушыларын математикалық есептерді шешуге үйрету. Ұлт тағлымы, (6), 97–100.

3.Таубаева, Ш., & Барсай, Б. (2012). Оқытудың қазіргі технологиялары. Қазақстан мектебі, (3), 14–15.

4. Айтмамбетова, Б. Р. (2000). Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Кәсіпкер, (7), 17–19.

5. Тасболатова, Р. Б. (2014). Болашақ математика мұғалімінің құзырлығын қалыптастырудың тиімді жолдары. І. Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетінің хабаршысы, (2–3).

6. Садыкова, Г. Д. (2012). Болашақ мамандарды кәсіби даярлауда деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалану: дис. пед. ғыл. кан. Қызылорда, 112 б.

7. Жексенбаева, Ү. Б., Игенбаева, Б. Қ., & Ниязова, Г. Б. (2006). Оқушыларды зерттеушілік оқытудың технологиясы. Астана, 112 б.

ӘОЖ 372.851

КОМБИНАТОРИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІ БОЙЫНША ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қабылахметова А.С., «7М01501-Математика», магистратура 1-курс

Ғылыми жетекші: Аменова Ф.С., PhD докторы, математика

кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: kaby lakhmetova aruzhan@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада комбинаторика элементтері бойынша есептерді шешу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жолдары қарастырылады. Комбинаторика білім алушылардың логикалық ойлауын, талдау, салыстыру, жалпылау және тиімді шешім қабылдау қабілеттерін дамытуда маңызды орын алады. Зерттеу барысында комбинаторикалық ұғымдарды меңгертудің мазмұны, есептерді шешуде қолданылатын негізгі тәсілдер, білім алушылар жиі жіберетін қателіктер және оларды болдырмау жолдары талданды. Комбинаторика элементтерін жүйелі оқыту математикалық сауаттылықты арттыруға, есеп шығару мәдениетін қалыптастыруға және пәнге деген қызығушылықты күшейтуге ықпал ететіні айқындалды.

Кілт сөздер: комбинаторика, есеп шығару дағдысы, математиканы оқыту әдістемесі, логикалық ойлау, математикалық сауаттылық.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде математиканы оқыту тек теориялық білім берумен шектелмей, білім алушының ойлау әрекетін дамытуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда комбинаторика элементтері ерекше мәнге ие. Себебі комбинаторикалық есептер білім алушыны есеп шартын талдауға, мүмкін жағдайларды жүйелеуге, заңдылықты анықтауға және негізделген қорытынды жасауға үйретеді.

Комбинаторика дискретті математиканың маңызды бөлімі ретінде ықтималдықтар теориясы, статистика, информатика сияқты салалардың негізін құрайды. Сонымен қатар ол күнделікті өмірде де жиі қолданылады. Өртүрлі таңдау жасау, нысандарды орналастыру, топтастыру және нұсқаларды анықтау сияқты әрекеттер комбинаторикалық ойлауды қажет етеді.

Алайда тәжірибе көрсеткендей, білім алушылар комбинаторика есептерін шешуде бірқатар қиындықтарға тап болады. Олар есептің түрін дұрыс ажырата алмайды, реттің маңызын ескермейді, формулаларды механикалық қолданады немесе барлық мүмкін жағдайларды толық қарастырмайды. Сондықтан комбинаторика элементтері бойынша есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады.

Мақаланың мақсаты - комбинаторика элементтері бойынша есептерді шешу дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау және оларды оқу үдерісінде қолданудың әдістемелік негіздерін көрсету.

Негізгі бөлім

Комбинаторика элементтерін оқытудың маңызы

Комбинаторика элементтері білім алушылардың логикалық және алгоритмдік ойлауын дамытуда маңызды рөл атқарады. Комбинаторикалық есептерді шешу барысында білім алушы нысандарды салыстырады, жүйелейді, белгілі бір шартқа сәйкес мүмкін жағдайларды саралайды. Бұл оның математикалық ойлау мәдениетін қалыптастырады.

Комбинаторикалық мазмұндағы тапсырмалар білім алушыны жүйелеуге, жіктеуге, таңдау шарттарын нақтылауға, артық және қайталанатын жағдайларды ажыратуға үйретеді. Мұндай әрекеттер математикалық ұғымдардың мазмұнын терең түсінуге негіз болады. Әсіресе «қанша тәсілмен?», «қай жағдайда?», «қандай шектеумен?» деген сұрақтар білім алушыны тек нәтижеге емес, шешу процесіне назар аударуға жетелейді.

Комбинаторика тақырыбының тағы бір ерекшелігі - оның өмірмен байланыстылығы. Мысалы, киім үлгілерін таңдау, команда құрастыру, маршрут анықтау, код немесе пароль жасау сияқты жағдайлар комбинаторикалық мазмұнға ие. Осы арқылы білім алушы математиканың практикалық маңызын түсінеді.

Негізгі комбинаторикалық ұғымдарды меңгерту

Комбинаторика элементтерін нәтижелі оқыту үшін негізгі ұғымдарды саналы түрде меңгерту қажет. Оларға алмастыру, орналастыру, теру, қосу және көбейту ережелері жатады. Бұл ұғымдардың айырмашылығын нақты ажырату - есеп шығару дағдысының негізі.

Алмастыруда берілген элементтердің барлығы алынып, реті ескеріледі. Орналастыруда элементтердің белгілі бір бөлігі алынады және олардың реті маңызды болады. Ал теруде элементтердің тек таңдалуы есепке алынады, реттілік маңызды емес. Білім алушы осы ерекшеліктерді түсінген жағдайда ғана есептің түрін дұрыс анықтай алады.

Сондықтан оқыту барысында «рет маңызды ма?», «барлық элемент алына ма?», «таңдау ма, орналастыру ма?» деген жетекші сұрақтарды қолдану тиімді.

Формулаларды жаттатудан бұрын олардың мағынасын нақты мысалдар арқылы ашып көрсету керек. Егер білім алушы формуланың қайдан шыққанын, нені білдіретінін және қандай жағдайда қолданылатынын түсінсе, онда ол есеп мазмұнына сәйкес дұрыс әдісті таңдауға дағдыланады. Бұл саналы меңгерудің басты көрсеткіші болып табылады.

Есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру жолдары

Комбинаторика элементтері бойынша есептерді шешу дағдыларын қалыптастыруда қарапайымнан күрделіге қарай оқыту қағидасы сақталуы тиіс. Алдымен білім алушыларға нақты және түсінікті есептер беріледі. Олар барлық нұсқаларды қолмен тізіп, кесте немесе сызба арқылы көрсетеді. Осыдан кейін ғана жалпылау жасалып, формулалар енгізіледі.

Бұл тәсілдің артықшылығы - білім алушы формуланы жаттап қана қоймай, оның мағынасын түсінеді. Егер формула дайын күйінде берілсе, ол көбіне механикалық түрде есте сақталып, есеп мазмұнына сәйкес дұрыс қолданылмайды.

Комбинаторика тақырыбын оқытуда көрнекілік әдісінің маңызы зор. Ағаш диаграммасы, кесте, сызба сияқты тәсілдер білім алушыға есеп құрылымын түсінуге көмектеседі. Мысалы, екі немесе үш кезеңнен тұратын есептерді ағаш сызбасы арқылы көрсету барлық мүмкін жағдайды толық қамтуға мүмкіндік береді.

Проблемалық жағдаяттар да есеп шығару дағдысын қалыптастыруда тиімді. Білім алушыға дайын ережені ұсынбай, оны өздігінен ойлануға жетелейтін сұрақтар беру қажет. Мұндай тәсіл танымдық белсенділікті арттырып, теориялық ұғымдардың саналы меңгерілуіне ықпал етеді.

Практикалық бағыттылық

Комбинаторика элементтерін оқытуда практикалық мазмұндағы есептерді қолдану маңызды. Өмірмен байланысты тапсырмалар білім алушының қызығушылығын арттырады және математикалық білімнің қолданбалы сипатын көрсетеді. Мысалы, белгілі бір топтан адам таңдау, сабақ кестесін құру, нөмірлер комбинациясын анықтау сияқты есептер комбинаториканың шынайы өмірдегі рөлін ашып көрсетеді.

Практикалық есептер білім алушының тек есеп шығару дағдысын ғана емес, сонымен бірге шешім қабылдау, салыстыру және талдау қабілетін де дамытады, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушы берілген шектеулерді ескеріп, мүмкін нұсқаларды саралап, ең тиімді тәсілді анықтауға дағдыланады. Бұл қабілет математикалық дайындықпен бірге өмірлік мәселелерді шешуде де маңызды болып табылады.

Көрнекілік, модельдеу және проблемалық оқыту әдістері

Комбинаторика тақырыбын оқытуда көрнекілік әдісі ерекше орын алады. Ағаш тәрізді диаграмма, кесте, блок-схема, таңбалау үлгілері сияқты құралдар есептің құрылымын көзбен көруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе бірнеше кезеңнен тұратын есептерде немесе барлық мүмкін жағдайды толық қамту қажет болғанда өте тиімді.

Модельдеу әдісі білім алушының абстрактілі ұғымды нақты бейнеге айналдыруына көмектеседі. Мысалы, екі немесе үш таңбалы сандарды құрастыру, киім үлгілерін таңдау, орын алмастыру сияқты жағдайларды схема түрінде көрсету реттілік пен таңдау ұғымын жеңіл түсіндіреді. Көрнекілік тәсілдері білім алушының жіберетін қателіктерін де азайтады, себебі ол шешім барысын өз көзімен бақылап отырады.

Проблемалық оқыту да комбинаторика элементтерін меңгертуде тиімді. Егер білім алушыға дайын формула ұсынылмай, алдымен оны ойлантатын жағдаят берілсе, онда жаңа білім саналы түрде қалыптасады. Мысалы, «топтан екі адамды неше түрлі жолмен таңдауға болады?» және «сол екі адамға әртүрлі міндет

жүктелсе, не өзгереді?» деген салыстырмалы сұрақтар реттің маңызын табиғи түрде ашып көрсетеді. Мұндай тапсырмалар білім алушының танымдық белсенділігін арттырады.

Жиі кездесетін қателіктер және оларды түзету жолдары

Комбинаторика есептерін шешуде жиі кездесетін қателіктердің бірі – есептің түрін дұрыс анықтамау. Көп жағдайда білім алушылар реттің маңызды екенін байқамай, теру формуласын қолданады немесе керісінше, рет маңызды емес есепте орналастыру тәсіліне жүгінеді. Тағы бір жиі кездесетін қате – барлық жағдайды толық қарастырмау немесе бір жағдайды бірнеше рет санау.

Мұндай қателіктерді болдырмау үшін оқыту барысында арнайы қателермен жұмыс ұйымдастыру қажет. Дайын шешімдердің ішінен қате жіберілген орынды табу, оны түсіндіру, ұқсас есептерді салыстыру және шешу жолын ауызша негіздеу – өте тиімді тәсілдер. Бұл білім алушының талдау жасау және өзін-өзі бақылау қабілетін дамытады.

Сондай-ақ әр есептен кейін қысқаша рефлексия жүргізудің маңызы зор. «Бұл есепте қандай белгі шешуші болды?», «Ретті ескеру керек пе еді?», «Басқа тәсілмен шешуге бола ма?» деген сұрақтар білім алушыны өз әрекетін саралауға үйретеді. Нәтижесінде қате саны азайып, шешу сапасы жақсарады.

Комбинаторика және ойлау қабілеттерінің дамуы

Комбинаторика элементтері логикалық ойлаумен қатар алгоритмдік және шығармашылық ойлауды да дамытады. Білім алушы есепті кезең-кезеңімен талдауға, әрекеттердің ретін анықтауға және шешудің тиімді жолын таңдауға үйренеді. Сонымен қатар бір есептің бірнеше шешу тәсілін қарастыру арқылы ой икемділігі артады.

Сондықтан комбинаторика элементтері бойынша есептерді жүйелі оқыту білім алушының жалпы интеллектуалдық дамуына оң әсер етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, комбинаторика элементтері бойынша есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру математиканы оқытудағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Комбинаторика білім алушының логикалық ойлауын, талдау жасау қабілетін, есеп шығару мәдениетін және математикалық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Комбинаторика элементтерін тиімді оқыту үшін қарапайымнан күрделіге қарай оқыту, көрнекілік әдістерін қолдану, практикалық мазмұндағы тапсырмалар беру, проблемалық жағдаяттар туғызу және қателермен жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Осындай тәсілдер білім алушылардың комбинаторикалық есептерді саналы түрде шешуіне және математикалық білімін практикада қолдана алуына жағдай жасайды.

Демек, комбинаторика элементтері бойынша есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру білім сапасын арттырудың және білім алушының танымдық белсенділігін дамытудың тиімді жолы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқыту әдістемесі. - Алматы: Білім, 2018.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы: Эверо, 2014.
3. Поля Г. Есепті қалай шығару керек. - Алматы: Қазақ университеті, 2013.
4. Колягин Ю.М. Математикалық есептерді шешу әдістемесі. - Мәскеу: Просвещение, 2011.

5. Гнеденко Б.В. Курс комбинаторного анализа. - Москва: Наука, 1982.

6. Жұмабекова Г.С. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы, 2020.

7. Жұмабекова Г.С. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 2020.

ӘОЖ 530.145:004.94

ТОЛҚЫНДЫҚ-КОРПУСКУЛАЛЫҚ ДУАЛИЗМДІ ЗЕРТТЕУДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК СИМУЛЯЦИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қайратбекқызы М., IT және жаратылыстану жоғары мектебі физика және технологиялар кафедрасының 6B01521 – Физика-Информатика мұғалімдерін даярлау БББ бойынша, 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: Бектасова Г.С., филос.ғ.к., IT және жаратылыстану жоғары мектебі физика және технологиялар кафедрасының қауымдастырылған профессоры

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: kairatbekmeru09@gmail.com

Қазіргі физиканың маңызды салаларының бірі – кванттық механика. Бұл салада микробөлшектердің мінез-құлқы классикалық механика заңдарынан түбегейлі ерекшеленеді.[1-3] Осындай ерекше құбылыстардың бірі – толқындық-корпускулалық дуализм, яғни бөлшектердің бір мезгілде әрі толқын, әрі бөлшек қасиеттерін көрсетуі. Бұл құбылысты түсіну күрделі болғандықтан, оқыту үдерісінде компьютерлік симуляциялар маңызды құрал ретінде қолданыла бастады. [1,4]

Осы жұмыстың мақсаты — толқындық-корпускулалық дуализм мен бақылаушы әсерін зерттеуде компьютерлік симуляцияларды қолдану мүмкіндіктерін талдау және олардың ғылыми әрі білім беру саласындағы тиімділігін көрсету.

Жұмыстың міндеттері:

- Кванттық дуализмнің теориялық негіздерін қарастыру;
- Компьютерлік модельдеу әдістерін сипаттау;
- Симуляция нәтижелерін интерпретациялау және олардың практикалық маңызын бағалау.

Зерттеу нысаны — кванттық жүйелердегі толқындық және корпускулалық қасиеттердің көрінісі.

Зерттеу пәні — аталған құбылыстарды компьютерлік симуляция арқылы модельдеу әдістері.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы кванттық дуализм мен бақылаушы әсерін сандық модельдеу арқылы визуализациялау тәсілдерін жүйелеуде және олардың оқу процесіндегі қолданылуын негіздеуде көрінеді.

Алғаш рет жарықтың толқындық табиғаты Т.Юнг жүргізген қос саңылау тәжірибесінде дәлелденсе, кейін А.Эйнштейн фотоэффект құбылысын түсіндіру арқылы жарықтың бөлшектік қасиетін негіздеді. Кейінірек Н.Бор комплементарлық принципін ұсынып, кванттық нысандардың қасиеттері бақылау тәсіліне тәуелді болатынын көрсетті.[6]

Компьютерлік симуляциялар кванттық құбылыстарды визуализациялауға, ықтималдық үлестірімдерін сандық түрде есептеуге және өлшеу параметрлерін өзгерту арқылы жүйе мінез-құлқын талдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл теория мен эксперимент арасындағы байланысты нығайтып, күрделі кванттық ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді.

1. Қос саңылау тәжірибесі


Қос саңылау тәжірибесін алғаш рет жарық үшін Т.Юнг жүргізген. Кейін бұл тәжірибе электрондар үшін де қайталанды.

Тәжірибенің мәні:

Жарық немесе электрондар екі тар саңылаудан өтіп, экранға түседі.

Егер жүйеде бөлшектің қай саңылаудан өткенін анықтайтын детектор болмаса, экранда интерференциялық сурет пайда болады. Бұл — толқындық мінез-құлық.

Ал егер детектор орнатылып, бөлшектің нақты қай саңылаудан өткені анықталса, интерференция жойылып, экранда екі бөлек максимум ғана байқалады. Бұл — корпускулалық мінез-құлық.



Сурет-1 – Қос саңылау тәжірибесі

Ең қызығы: бөлшектерді бір-бірлеп жіберген жағдайда да, ұзақ уақыт өткен соң экранда интерференциялық үлгі жиналады. Бұл құбылыс кванттық объектілердің өз-өзімен интерференция жасай алатынын көрсетеді.

Қос саңылау тәжірибесі толқындық-корпускулалық дуализмнің және бақылаушы әсерінің ең айқын дәлелі болып табылады.[4]

2. Қос саңылау тәжірибесін сандық модельдеу

Қос саңылау тәжірибесін модельдеу кезінде:

- Бастапқы толқын функциясы беріледі
- Кеңістіктік тор (grid) құрылады
- Уақыт бойынша эволюция Шредингер теңдеуі арқылы есептеледі
- Экрандағы ықтималдық үлестірімі ($|\psi|^2$) ретінде шығарылады

Егер модельде «қай саңылаудан өтті» детекторы қосылса, онда:

- Фазалық когеренттілік жойылады
- Интерференциялық мүшелер есептеуден алынып тасталады
- Нәтижесінде екі максимум ғана қалады

Сондықтан кванттық механикада компьютерлік симуляциялар ерекше маңызға ие. Олар абстрактілі математикалық теңдеулерді көрнекі модельге айналдырып, ықтималдық үлестірімдерін динамикалық түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік симуляциялар екі саңылау тәжірибесін модельдеуге мүмкіндік береді. Виртуалды детекторды қосу арқылы бөлшектің қай саңылаудан өткенін анықтауға болады. Осындай жағдайда интерференциялық көрініс жойылады.

Кванттық механикадағы құбылыстарды тікелей бақылау күрделі және қымбат эксперименттік құрылғыларды қажет етеді. Сонымен қатар электрондар мен фотондардың мінез-құлқын көзбен көру мүмкін емес, ал теория тек математикалық формализм арқылы беріледі.

Осы себепті компьютерлік симуляциялар кванттық жүйелерді зерттеуде маңызды құрал болып табылады. Олар абстрактілі теңдеулерді көрнекі модельдерге айналдырып, ықтималдық үлестірімдерін графикалық түрде көрсетуге мүмкіндік береді.[9,10]

Кванттық симуляцияларда жиі қолданылатын әдістер:

- *Ақырлы айырымдар әдісі (finite difference method)
- *Уақыт бойынша эволюция үшін Crank–Nicolson схемасы
- *Монте-Карло әдісі (ықтималдық үлестірімін модельдеу)
- *Матрицалық операторлармен жұмыс

Біз толық Шредингер теңдеуін емес, интерференциялық үлгіні аналитикалық формула арқылы модельдейміз.

Интенсивтік формуласы:

$$I(x) = I_0 \cos^2(\pi dx / \lambda L)$$

- d – саңылаулар арақашықтығы
- λ – толқын ұзындығы
- L – экранға дейінгі қашықтық
- x – экран координатасы.[9]

4.3.3.Бақылаушы әсерін моделдеу

Детектор қосылған кезде интерференциялық мүше жойылады:

```
File Edit Format Run Options Window Help
import numpy as np
import matplotlib.pyplot as plt


# Параметрлер
wavelength = 500e-9 # толқын ұзындығы (м)
d = 0.5e-3 # саңылаулар арақашықтығы (м)
L = 1 # экранға дейінгі қашықтық (м)
x = np.linspace(-0.01, 0.01, 1000) # экран координатасы

# -----
# 1. Интерференция бар (бақылаушы әсері жоқ)
I_interference = np.cos(np.pi * d * x / (wavelength * L))**2

# -----
# 2. Бақылаушы әсері бар (интерференция жоғалған)
# Саған ыңғайлы болу үшін "детектор қосылды" деп қарастырамыз
# Нәтижесінде екі саңылау бойынша жай бөлінген максимум
I_no_interference = 0.5 * np.ones_like(x) # екі максимумның ықтималдығы бірқалкі

# -----
# График салу
plt.figure(figsize=(10,5))
plt.plot(x, I_interference, label="Бақылаушысыз: Интерференция бар")
plt.plot(x, I_no_interference, label="Бақылаушымен: Интерференция жоқ", linestyle='--')
plt.xlabel("Экран координатасы (м)")
plt.ylabel("Интенсивтік")
plt.title("Қос саңылау тәжірибесі: бақылаушы әсері")
plt.legend()
plt.show()
```

Сурет-2 - Бақылаушы әсерін модельдеу коды



Сурет-3 - Бақылаушы әсерін модельдеу кодының нәтижесі

Сонда графикте жолақтармен қатар, екі максимум байқалады (корпускулалық мінез).

Компьютерлік симуляцияның негізгі артықшылықтары:

1. Абстрактілі ұғымдарды визуализациялау
2. Параметрлерді өзгертіп, нәтижені салыстыру
3. Бақылаушы әсерін «қосу/өшіру» мүмкіндігі
4. Оқу процесінде интерактивті құрал ретінде пайдалану

Осылайша компьютерлік симуляциялар кванттық дуализм мен бақылаушы әсерін зерттеудің тиімді әдісі болып табылады.

Компьютерлік симуляциялар кванттық механика сияқты абстрактілі және интуицияға қиын тақырыптарды оқытуда ерекше рөл атқарады. Классикалық тәжірибелік әдістермен студенттер электрон немесе фотондардың толқындық-корпускулалық мінезін тікелей көре алмайды. Мұнда компьютерлік модельдеудің бірнеше маңызды артықшылығы бар:

1. Күрделі құбылыстарды визуализациялау
2. Ықтималдық және эксперименттік түсінікті қалыптастыру
3. Бақылаушы әсерін тәжірибелік тұрғыда көрсету. [9,10]
3. Қорытынды

Компьютерлік симуляциялар білім беру саласында:

1. Қиын кванттық концепцияларды визуалды түрде көрсетуге;
2. Ықтималдық пен бақылаушы әсерін тәжірибелік түрде түсіндіруге;
3. Студенттердің ғылыми ойлауын дамытуға;
4. Абстрактілі теорияны нақты тәжірибе арқылы үйренуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс әсіресе қос саңылау тәжірибесін, толқындық-корпускулалық дуализмді және бақылаушы әсерін түсіндіруде таптырмас құрал болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гриффитс Д. **Введение в квантовую механику** . – М.: Мир, 2018.
2. Сакураи Дж., Наполитано Дж. **Современная квантовая механика** . – М.: Бином, 2020.

3. Шанкар Р. ****Принципы квантовой механики****. – М.: Лаборатория знаний, 2019.
4. Фейнман Р., Лейтон Р., Сэндс М. ****Фейнмановские лекции по физике. Том 3. Квантовая механика****. – М.: Мир, 2011.
5. Гейзенберг В. ****Физика и философия****. – М.: Наука, 1989.
6. Юнг Т. ****Опыты по интерференции света**** // *Philosophical Transactions of the Royal Society*, 1804.
7. де Бройль Л. ****Исследования по теории квантов****. – Париж, 1924.
8. Ландау Л. Д., Лифшиц Е. М. ****Квантовая механика (нерелятивистская теория)****. – М.: Наука, 2013.
9. Ньюман М. ****Вычислительная физика****. – М.: ДМК Пресс, 2013.
10. Йоханссон Й., Нейшн П., Нори Ф. QuTiP: Python-библиотека для моделирования квантовых систем // *Computer Physics Communications*, 2012.

ӘОЖ 37.016:53

ФИЗИКА ЕСЕПТЕРІН ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОТЫРЫП ОҚЫТУ – ББЖМ НӘТИЖЕСІН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Құдайбергелен Б.Б., 7М01502 «Физика» БББ 2-курс білім алушысы

Ғылыми жетекші: Бектасова Г.С., философ.ғ.к.,

қауымдастырылған профессор

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: berekekudaibergen@mail.ru

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыға тек ақпарат беру емес, сол алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуге баулу. Әсіресе, жаратылыстану бағытындағы пәндер, оның ішінде физика оқушылар үшін ең күрделі пәндердің бірі саналады. ББЖМ (Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу) нәтижелері көрсеткендей, оқушылар теориялық формулаларды жаттағанымен, оларды практикалық тапсырмаларда, функционалдық сауаттылықты талап ететін сұрақтарда қолдануда қиындықтарға тап болады. Осы мәселені шешудің ең тиімді жолы – физика есептерін өмірмен байланыстыра отырып оқыту.

Теория мен практиканың сабақтастығы. Физика — табиғат туралы ғылым. Біздің айналамыздағы әрбір қозғалыс, жарықтың сынуы, электр құрылғыларының жұмысы, тіпті адамның жүруі де физикалық заңдылықтарға бағынады. Алайда, оқулықтағы есептер көбіне «материалдық нүкте», «идеал газ» сияқты дерексіз ұғымдар төңірегінде болғандықтан, оқушы бұл ғылымның өзіне қандай пайдасы бар екенін түсінбей жатады. Егер біз сабақта «Автомобильдің тежелу жолын қалай есептеу керек?» немесе «Үйдегі электр энергиясының шығынын қалай үнемдеуге болады?» деген сияқты өмірлік маңызы бар сұрақтарды талдасақ, оқушының пәнге деген қызығушылығы бірнеше есе артады.

ББЖМ форматы және функционалдық сауаттылық. ББЖМ тапсырмалары соңғы жылдары PISA халықаралық зерттеуінің форматына жақындап келеді. Ондағы сұрақтар оқушыдан тек формуланы білуді емес, мәтінді оқып, одан қажетті деректерді бөліп алуды және сол жағдаятты физикалық модельге айналдыруды

талап етеді. Мысалы, жай ғана «қысымды есепте» деудің орнына, «неліктен тау шаңғысының беті кең болады?» немесе «адам батпаққа батып бара жатқанда не істеу керек?» деген сияқты мәселелік сұрақтар қойылады. Мұндай есептерді шығару арқылы оқушы физиканың өміршеңдігін сезінеді.

Есептерді контекстік негізде құрастыру. Мұғалім сабақ барысында есептерді мынадай бағыттарда құрастыра алады:

Тұрмыстық техника және физика. Электр шәйнегінің қуаты, микротолқынды пештің жұмыс істеу принципі, тоңазытқыштың ПӘК-і (пайдалы әрекет коэффициенті). Оқушы үйдегі құрылғылардың паспортына қарап, олардың тұтынатын энергиясын есептеуді үйренсе, бұл оның өмірлік дағдысына айналады.

Көлік және қауіпсіздік. Инерция заңын түсіндіргенде қауіпсіздік белдігінің маңызын, үйкеліс коэффициентін айтқанда қысқы дөңгелектердің рөлін атап өту керек. Бұл тек физикалық білім емес, сонымен бірге жол жүру қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу.

Адам физиологиясы. Адам көзінің оптикалық жүйесі, қан қысымының гидродинамикалық негіздері, сүйектердің иіндік механизмі. Биологиямен пәнаралық байланыс орнату оқушының дүниетанымын кеңейтеді.

Эксперименттік есептердің рөлі. ББЖМ нәтижесін арттыруда зертханалық жұмыстар мен үй жағдайындағы эксперименттердің орны ерекше. Оқушы өз қолымен динамометрді пайдаланып үйкеліс күшін өлшесе немесе қарапайым линза арқылы кескін алса, оның жадында бұл ақпарат ұзақ сақталады. Қазіргі таңда виртуалды зертханаларды қолдану да тиімді, бірақ қолжетімді заттардан (су құйылған стақан, сызғыш, тиын) жасалған тәжірибелер физиканың «қолжетімді» екенін дәлелдейді.

Пәнаралық байланыс және ББЖМ-ға дайындық. Физика есептерін математикалық есептеулермен, химиялық реакциялардың жылулық әсерімен немесе географиялық ендіктердегі еркін түсу үдеуінің өзгеруімен байланыстыру керек. ББЖМ-да кездесетін интеграцияланған тапсырмалар оқушыдан жан-жақтылықты талап етеді. Сондықтан, сабақ барысында «есеп шығару алгоритмін» ғана үйретпей, сол құбылыстың себеп-салдарлық байланысын талдауға уақыт бөлу қажет.

Оқытудың инновациялық әдістері. Мәселелік оқыту (Problem-based learning) әдісі арқылы оқушыға нақты бір өмірлік мәселе беріледі. Мысалы: «Сіздерге жаңа үй салынды. Оның жылуын сақтау үшін қандай материалдарды қолданар едіңіздер және ол экономикалық тұрғыдан қаншалықты тиімді?». Оқушы мұнда жылу өткізгіштік, меншікті жылу сыйымдылығы және шығындарды есептеу сияқты бірнеше тақырыпты қамтиды. Бұл әдіс оқушының сыни ойлауын дамытып, ББЖМ кезіндегі логикалық сұрақтарға мүдірмей жауап беруіне септігін тигізеді.

Физика есептерін өмірмен байланыстыру – бұл жай ғана әдіс емес, бұл оқушының білім сапасын көтерудің стратегиялық құралы. ББЖМ нәтижелерінің жоғары болуы оқушының формула жаттағанында емес, сол формуланы өмірдегі құбылыстарды түсіндіру үшін қалай қолданатынында. Мұғалім әр сабағында «Бұл бізге не үшін керек?» деген сұраққа жауап бере алса, оқушының физикаға деген көзқарасы өзгереді. Ал қызығушылық бар жерде міндетті түрде жоғары нәтиже мен сапалы білім болады.

Физиканы өмірмен сабақтастыру арқылы біз тек емтиханға дайын оқушыны емес, алған білімін ел игілігіне, технологиялық дамуға жұмсай алатын функционалды сауатты тұлғаны қалыптастырамыз.

ББЖМ тапсырмаларында ең жиі кездесетін екі маңызды сала — **Жылулық құбылыстар** (энергия тиімділігі) және **Оптика** (адам денсаулығы) бойынша контекстік есептер үлгісін мысалға алуға болады. Бұл мысалдар оқушының физиканы күнделікті өмірмен байланыстыру дағдысын қалыптастырады.

1-тақырып: Жылулық құбылыстар (Үйдің жылу оқшаулауы)

Контекст: "Қысқы жылуды сақтау"

Үйдің жылуды жоғалтуы оның қабырғаларының материалына тікелей байланысты. Жылу мөлшерінің берілуі мына формуламен сипатталады:

$$Q = c \cdot m \cdot (t_2 - t_1)$$

Алайда, практикалық есептерде жылу өткізгіштік коэффициенті (λ) маңызды рөл атқарады. Кестеде әртүрлі құрылыс материалдарының жылу өткізгіштігі берілген (неғұрлым аз болса, соғұрлым жылуды жақсы сақтайды)

Кесте №1. Материалдардың жылу өткізгіштігі

Материал	Жылу өткізгіштік (Вт/(м·К))
Темірбетон	1,50
Піскен кірпіш	0,70
Ағаш (қарағай)	0,15
Пенопласт	0,04

1-сұрақ: Неліктен заманауи құрылыста үйдің сыртын пенопластпен қаптайды? Кестедегі деректерге сүйеніп, физикалық тұрғыдан дәлелдеңіз.

2-сұрақ: Сырттағы температура -20°C , ал үйде $+20^{\circ}\text{C}$. Егер терезе екі қабатты болса, оның арасындағы ауа қабаты жылуды қалай сақтайды? (Ауаның жылу өткізгіштігі өте төмен екенін ескеріңіз).

3-сұрақ: Массасы 500 г алюминий радиатор мен 500 г шойын радиатор берілген. Қайсысы бөлмеге көбірек жылу бере алады? (Алюминийдің меншікті жылу сыйымдылығы $900 \text{ Дж} / (\text{кг} \cdot ^{\circ}\text{C})$, шойындыкі $540 \text{ Дж} / (\text{кг} \cdot ^{\circ}\text{C})$).

2-тақырып: Оптика (Көру гигиенасы)

Контекст: "Смартфон және көз жанары"

Адам көзі — күрделі оптикалық жүйе. Оның негізгі элементі — көз бұршағы (линза). Көздің оптикалық күші D (диоптрия) мына формуламен анықталады:

$$D = \frac{1}{F}$$

Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында миопия (жақыннан көргіштік) жиі кездеседі. Бұл жарық сәулелерінің торламаға жетпей, оның алдында түйісуінен болады.

1-сұрақ: Жақыннан көргіштікті түзету үшін қандай линза (жинағыш әлде шашыратқыш) қолданылады? Оның оптикалық күшінің таңбасы (+ немесе –) қандай болады?

2-сұрақ (Мәселелік): Оқушы смартфонға ұзақ қарағанда көз бұршағының бұлшықеттері үнемі керіліп тұрады. Бұл көздің фокустық арақашықтығына қалай

әсер етеді?

3-сұрақ: Оптикалық күші $D = -2$ дптр болатын көзілдіріктің фокустық арақашықтығын есептеңіз. Ол адам көзінің қандай ақауын түзейді?

Бұл тапсырмаларды сабақта қолдану алгоритмі:

Талдау: Алдымен мәтінді оқып, ондағы физикалық құбылысты анықтау.

Гипотеза: Есептемей тұрып, өмірлік тәжірибеге сүйеніп болжам жасау.

Есептеу: Формулаларды қолданып, нақты математикалық дәлел келтіру.

Тұжырым: Алынған нәтиженің өмірдегі пайдасын (үнемдеу, қауіпсіздік, денсаулық) айту.

Қорытындылай келе, физика есептерін өмірмен байланыстыра отырып оқыту – бұл жай ғана оқыту әдісі емес, бұл оқушының білім сапасын жаңа деңгейге көтерудің стратегиялық құралы. ББЖМ нәтижелерінің жоғары болуы оқушының формулаларды механикалық түрде жаттауында емес, сол алған білімін кез келген өмірлік жағдаятты түсіндіру мен шешу үшін қолдана алуында.

Тәжірибе көрсеткендей, есептің мазмұны оқушының күнделікті тұрмысына, денсаулығына немесе болашақ мамандығына қатысты болса, оның танымдық белсенділігі артады. Контекстік тапсырмалар арқылы біз оқушы бойында мынадай маңызды дағдыларды қалыптастырамыз:

- Сыни ойлау: Құбылыстың себеп-салдарлық байланысын талдау.
- Функционалдық сауаттылық: Мәтінмен, кестемен және графикалық деректермен жұмыс істей білу.
- Практикалық икемділік: Физика заңдарын техникада, тұрмыста және қауіпсіздік ережелерінде қолдану.

Мұғалімнің шеберлігі – құрғақ теорияны жанды мысалдармен алмастыра білуінде. Сабақ барысында «Бұл бізге не үшін керек?» деген сұраққа жауап бере алатын контекстік есептерді қолдану оқушының пәнге деген қорқынышын сейілтіп, оны зерттеушілікке баулиды.

Түйіндей келгенде, физиканы өмірмен сабақтастыру арқылы біз тек ББЖМ көрсеткіштерін жақсартып қана қоймай, заманауи технологиялық ортада бағдарлай алатын, шешім қабылдауға қабілетті, функционалды сауатты тұлғаны тәрбиелейміз. Бұл – бүгінгі білім беру мазмұнын жаңартудың басты талабы әрі нәтижелі көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: Ақорда. (Білім беру мазмұнына қойылатын заманауи талаптар бөлімі).
2. Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу (ББЖМ): Әдістемелік нұсқаулық. – Астана: «Ұлттық білім беруді бағалау орталығы» РМҚК, 2023-2024.
3. PISA халықаралық зерттеуі: Жаратылыстану ғылыми сауаттылығы бойынша тапсырмалар жинағы. – Алматы: Ұлттық білім академиясы, 2022.
4. Перышкин А. В. Физика және өмір. – М.: Дрофа, 2018. (Физикалық құбылыстарды тұрмыспен байланыстыру әдістемесі).
5. Башарұлы Р., Қазақбаева Д., Токбергенова У. Физика: Жалпы білім беретін мектептің 7-9 сыныптарына арналған оқулықтар мен әдістемелік құралдар. – Алматы: Атамұра, 2019.
6. Мүлдірбекова Г. Физика сабағында функционалды сауаттылықты дамыту жолдары // Қазақстан мектебі. – 2021. – №5. – 12-15 бб.

7. Ахметов Н. Пәнаралық байланыс – білім сапасын арттырудың негізі. – Түркістан: ХҚТУ хабаршысы, 2020.
8. Контекстік есептер жинағы: Физика курсы бойынша оқу-әдістемелік құрал / Құраст. С. Е. Маманов. – Қарағанды, 2022.
9. Берікұлы А. Мектептегі физика экспериментінің маңызы. – Семей: Шәкәрім университетінің баспасы, 2019.
10. OECD (2023), PISA 2022 Results (Volume I): The State of Learning and Equity in Education, PISA, OECD Publishing, Paris.

УДК 539.5

ФОРМИРОВАНИЕ КЛАСТЕРНЫХ НАНОСТРУКТУР В СПЛАВЕ 47ХНМ ПРИ ТЕРМОМЕХАНИЧЕСКОЙ ОБРАБОТКЕ В РАМКАХ ДОСТИЖЕНИЯ ЭФФЕКТА СВЕРХПЛАСТИЧНОСТИ

Макаренко А.Е., Кантай Н.

Научный руководитель: Ерболатулы Д.Е., профессор, доктор физико-математических наук

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: santerxenon@gmail.com

Аннотация. Работа посвящена изучению наноструктурных превращений в сплаве 47ХНМ при термомеханической обработке в рамках эффекта сверхпластичности. В межзеренных прослойках установлено формирование тетраэдрических и октаэдрических плотноупакованных кластеров со структурами Франка-Каспера при сверхпластической деформации. Наноструктурных превращения, предшествующие СПД связываются с зарождением акустических плазмонов при механических нагрузках.

Актуальность. Явление сверхпластичности активно исследуется в никельсодержащих сплавах из-за их перспективных механических и функциональных характеристик, что идеально подходит для создания сложных 3D структур и использования в экстремальных условиях (высокая температура, механические нагрузки, радиоактивное излучение, коррозионные среды).

Введение. Сверхпластичность – свойство материалов, позволяющее им деформироваться до экстремально высоких степеней растяжения (до >1000%) без разрушения. Исследованы структурные особенности сплава 47ХНМ методами просвечивающей электронной микроскопии, рентгеноструктурного анализа. В зонах локализации пластической деформации выявлено формирование плотноупакованных тетраэдрических и октаэдрических кластерных наноструктур. На основе полученных картин предложены 3D модели кластерного строения межзеренных границ. На примере структуры 47ХНМ выявлены системы октаэдрических кластеров на основе ОЦК решетки Cr с внедрением атомов Ni. Цель – изучение методов термомеханической обработки сплавов на основе никеля для достижения наилучшего и оптимального соотношения физико-механических

свойств сплава и установление их взаимосвязи с фазовыми превращениями на наноструктурном уровне.

Сплав 47ХНМ обладает высоким сопротивлением пластическим деформациям и релаксационной стойкостью в условиях статического и циклического нагружений, малым упругим гистерезисом и высокой усталостной прочностью. Химический состав сплава (Cr – 47 %, Mo – 5 %, Ni – остальное) обеспечивает аустенитную структуру, повышенную коррозионную стойкость и значительное упрочнение. Для 47ХНМ разработан метод термомеханической обработки: гомогенизация (1170°C, 4 часа), высокотемпературная деформация (1080°C, обжатие 32%), низкотемпературная деформация (800°C, обжатие 17%), дисперсионное твердение (820°C, 5 часов), нагрев (до 980°C) для активации сверхпластичности. В этой последовательности, низкотемпературная деформация интенсифицирует диффузию и перераспределение легирующих компонентов в приграничных объемах (объемы, расположенные вдоль границ зёрен). После полного цикла обработки формируется ультрамелкозернистая структура (размер зерна менее 1 мкм). По границам зерен выявлены сфероидальные выделения размером 50-200 нм, обогащенные Mo. Твердость материала 49 HRC. Относительное удлинение при сверхпластической деформации 480%, что в 3 раза выше, чем после стандартной ТМО.




Рисунок 1. Сектры рентгеновской дифракции, полученные от образцов 47ХНМ

Фазовые переходы при сверхпластичности. При нагреве выше 0.5 от абсолютной температуры плавления происходит динамическая рекристаллизация с уменьшением размера зерен и увеличением доли высокоугловых границ, способствующих зернограничному скольжению. На рис. 1 представлены спектры рентгеновской дифракции, полученные от образцов сплава 47ХНМ. После сверхпластической деформации в образце в этой же области углов дифракции появляется текстура связанная с возникновением и ростом интерметаллидных фаз. Таким образом, видно, что при сверхпластической деформации интерметаллидные фазы растут в виде тонких выделений в межзеренных границах.

Выявлено наличие так называемой Р-фазы ($\text{Cr}_{9.54}\text{Mo}_{25.24}\text{Ni}_{21.22}$) являющейся продуктом реакции всех трех легирующих компонентов сплава. Кроме того, в структуре присутствует метастабильная фаза хрома на основе примитивной кубической решетки ($\text{Pm}\bar{3}\text{n}$) с параметром 4.570 \AA .

На картине рентгеновской дифракции наблюдается также система рефлексов, отвечающая еще одной примитивной кубической решетки с параметром 4.128 \AA . Ее возникновение объясняется особенностями взаимной когерентной связи двух равновесных фаз – ГЦК-никеля и ОЦК-хрома. Кристаллические решетки этих двух фаз могут быть связаны через атомные конфигурации с тетраэдрически плотноупакованными атомами.

Электронная микроскопия выявила тетраэдрическую плотную упаковку атомных кластеров со структурой типа 9R. В никельсодержащих сплавах образуются вторичные фазы (Cr-Mo-Ni), стабилизирующие мелкозернистую структуру.




Рисунок 2. Модель плотной упаковки тетраэдров в межзеренной границе, предложенная на основе ПЭМ и кластерная 3D-модель плотной упаковки октаэдров и тетраэдров.

Механизм сверхпластичности. Основным механизмом сверхпластичности является зернограничное скольжение, включающее сдвиг и поворот зерен, диффузию атомов и динамическую рекристаллизацию. Изменение удельного атомного объема обеспечивает демпфирующий эффект и адаптацию к нагрузкам.

Экспериментальные данные выявили формирование кластерных плотноупакованных наноструктур в зонах локализации пластической деформации. Предложены 3D-модели кластерной структуры межзеренных границ. В сплавах на основе никеля малые энергетические возбуждения инициируют образование плазмонов, что влияет на распределение электронной плотности и межатомные связи. Как результат – переключение химической связи между соседними атомами кластеров кристаллической решетки, что инициирует образование наноструктур, участвующих в механизмах СПД.

Применение сверхпластичных сплавов. Эти материалы применяются в авиационной промышленности (изготовление деталей методом

суперпластической формовки), автомобилестроении (создание легких и прочных конструкций), энергетике (компоненты для турбин и высокотемпературных устройств) и медицинской технике (имплантаты). Их использование снижает энергозатраты при обработке благодаря деформации при относительно низких температурах (400–480°C) и обеспечивает высокую точность изготавливаемых деталей.

Заключение. Сверхпластичность в никельсодержащих сплавах представляет собой комплекс явлений, обусловленных наноструктурными особенностями, фазовыми переходами и электронными процессами. Ключевую роль играют кластерная упаковка атомов, жидкоподобная межзеренная фаза и плазмонный резонанс. Дальнейшие исследования позволят разработать новые материалы с улучшенными характеристиками и расширить их применение в промышленности.

Благодарности: Авторы благодарят профессора Д.Е. Ерболатулы за любезно предоставленные образцы.

Список литературы:

1. Silkin I.V., et al. Phonon-Plasmon Interactions in Ni(111) // Surface Science. – 2020. – Vol. 693. – P. 121540.
2. Chernov I.P., et al. Shockley Surface States in Nickel // Journal of Physics: Condensed Matter. – 2019. – Vol. 31, No. 35. – P. 355001.
3. Anemone G., et al. Cluster Structures in Metallic Alloys // Nanomaterials. – 2022. – Vol. 12, No. 3. – P. 456.
4. Панин В. Е. Солитоны кривизны как обобщенные волновые структурные носители пластической деформации и разрушения // Физическая мезомеханика. – 2013. – Т.16. – № 3. – С.7–26.
5. Medin D.L., Foiles S.M., Cohen D.A., A dislocation-based description of grain boundary dissociation: Application to a 90° $\langle 110 \rangle$ tilt boundary. – 2001
6. Bernasconi M., et al., Berdijk-Coxeter Helices in Nanostructures // Nano Letters.– 2018.– Vol .18, No .8.– P .5122-5128.

ЭОЖ 37.016:51

АНАЛИТИКАЛЫҚ ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ордагалиева Е.М.

Ғылыми жетекші: Аменова Ф.С., PhD докторы, математика
кафедрасының қауымдастырылған профессоры
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: muratkalievna.e@mail.ru

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орындарында аналитикалық геометрия курсының оқытудың кешенді әдістемелік тәсілдері қарастырылады. Математикалық білім берудегі дәстүрлі әдістер мен заманауи STE(A)M технологияларының интеграциялануын талдап, студенттердің кеңістіктік және логикалық ойлауын дамытудың жолдары ұсынылған. Мақалада координаттар әдісі мен векторлық

алгебраның әмбебаптығы, сондай-ақ цифрлық визуализация құралдарының танымдық процеске әсері зерттелген.

Аналитикалық геометрия – жоғары математиканың іргелі және қолданбалы салаларының бірі ретінде студенттердің математикалық мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл пәнді оқытудың басты әдістемелік ерекшелігі геометриялық нысандардың қасиеттерін қатаң алгебралық тілде сипаттау арқылы абстрактілі ойлауды дамыту болып табылады. Оқу процесінде студенттер тек формулаларды қолдануды ғана емес, сонымен қатар геометриялық бейнені аналитикалық теңдеуге айналдырудың логикалық алгоритмдерін меңгереді. Бұл бағыттағы оқыту әдістемесі студенттің «суреттен – формулаға» және «формуладан – суретке» еркін өту қабілетін шыңдауы тиіс.

Координаттар әдісін жүйелі түрде енгізу аналитикалық геометрияның негізгі өзегі саналады. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, оқытушы есепті шешудің ең тиімді координаттар жүйесін таңдаудың маңыздылығына тоқталуы қажет. Декарттық координаттар жүйесінен бөлек, полярлық координаттардың маңызын түсіндіру физикалық және астрономиялық құбылыстарды модельдеуде өте тиімді. Мысалы, планеталардың орбиталарын сипаттауда полярлық теңдеулерді қолдану есептеулерді жеңілдетіп қана қоймай, студентке математиканың нақты өмірдегі қолданысын көрсетеді. Векторлық алгебра элементтерін оқыту барысында скалярлық, векторлық және аралас көбейтінділердің геометриялық мағынасына баса назар аудару керек. Бұл амалдарды игеру жазықтықтағы және кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын зерттеудің негізгі құралына айналады.

Екінші реттік қисықтар мен беттер теориясын оқыту әдістемесін жетілдіру – заманауи геометриялық білім берудің өзекті мәселесі. Эллипс, гиперболола және параболаның канондық теңдеулерін қарастыруда олардың фокальды және оптикалық қасиеттерін талдау қажет. Бұл бағытта STE(A)M-білім берудің (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) мүмкіндіктерін пайдалану өте өнімді. Конференцияның негізгі бағыттарына сай, математикалық есептерді инженерлік жобалармен ұштастыру студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырады. Мәселен, екінші реттік беттерді сәулет өнеріндегі (гиперболоидты мұнаралар) немесе радиотехникадағы (параболалық антенналар) рөлін талқылау оқу материалын тереңірек игеруге көмектеседі.

Қазіргі цифрландыру жағдайында аналитикалық геометрияны оқытуда жасанды интеллект және цифрлық визуализация құралдарын (GeoGebra, Maple, Desmos) пайдалану – әдістемелік инновацияның басты белгісі. Оқытушы дәріс немесе практикалық сабақтар кезінде үш өлшемді (3D) модельдерді динамикалық түрде көрсету арқылы студенттердің кеңістіктік елестетуін дамыта алады. Студенттер параметрлік теңдеулердегі коэффициенттерді өзгерткенде беттің формасы қалай өзгередінін бақылай отырып, математикалық заңдылықтарды өз бетінше ашады. Бұл тәсіл «белсенді оқыту» принципіне сүйенеді және білім алушының зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, жасанды интеллект алгоритмдерін күрделі теңдеулер жүйесін шешуде немесе есептеулерді тексеруде қолдану білім берудегі жаңа этикалық және техникалық аспектілерді қамтиды.

Аналитикалық геометрияның кейбір есептерінің шығарылуы.

№1 есеп. Векторлық көбейтіндінің көмегімен үшбұрыштың ауданын табу

Шарты: Төбелері $A(1, 2, 0)$, $B(3, 0, -3)$ және $C(5, 2, 6)$ нүктелерінде жатқан үшбұрыштың ауданын табыңыз.

Шешуі:

1. \overrightarrow{AB} және \overrightarrow{AC} векторларын табамыз:

$$\overrightarrow{AB} = (2, -2, -3), \overrightarrow{AC} = (4, 0, 6)$$

2. Векторлық көбейтіндіні есептейміз: $\overrightarrow{AB} \cdot \overrightarrow{AC} = (-12, -24, 8)$.

3. Вектор модулі: $|\overrightarrow{AB} \cdot \overrightarrow{AC}| = \sqrt{(-12)^2 + (-24)^2 + 8^2} = 28$

4. Аудан: $S = 1/2 \cdot 28 = 14$.

Әдістемелік ерекшелігі: координаттық әдістің тиімділігін көрсету.

№2 есеп. Нүктеден түзуге дейінгі қашықтық

Шарты: $P(2, -1)$ нүктесінен $3x + 4y - 12 = 0$ түзуіне дейінгі қашықтықты табыңыз.

Шешуі: $d = \frac{|3 \cdot 2 + 4 \cdot (-1) - 12|}{\sqrt{3^2 + 4^2}} = 2$ |

Әдістемелік ерекшелік: формуланы нормаль вектор ұғымымен байланыстыру.

№3 есеп. Эллипстің канондық теңдеуі

Шарты: Үлкен жарты осі $a=5$, фокустар арасы $2c=8$ болса, эллипс теңдеуін жазыңыз.

Шешуі: $c=4$, $b^2 = c^2 - a^2 = 25 - 16 = 9$. Теңдеу: $\frac{x^2}{25} + \frac{y^2}{9} = 1$.

№4 есеп. Жазықтық теңдеуі

Шарты: $M(1, -2, 3)$ нүктесі арқылы өтетін және $n=(4, 5, -1)$ векторына перпендикуляр жазықтық.

Шешуі: $4(x-1) + 5(y+2) - 1(z-3) = 0 \Rightarrow 4x + 5y - z + 9 = 0$.

Бұл есептер білім алушыларға тек формула жаттау үшін емес, фундаменталды ойлау қабілетін қалыптастыру үшін қажет. Аналитикалық геометрия – бұл геометриялық бейнені (суретті) алгебралық тілге (сан мен теңдеуге) аудару өнері. Есептерді білім алушыларға тигізетін нақты көмегі мен практикалық маңызын мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Кеңістіктік ойлауды қалыптастыру

Аналитикалық геометрия есептері студенттің басындағы 3D модельді жазықтыққа түсіруге көмектеседі. Мысалы, жазықтық теңдеуін құру немесе түзулердің арасындағы бұрышты табу (№4 есеп) арқылы білім алушы нысандардың кеңістікте қалай орналасатынын нақты математикалық дәлдікпен көре бастайды.

2. Алгебра мен геометрияның синтезі

Көптеген оқушылар үшін бұл екі пән екі бөлек дүние сияқты көрінеді. Ал бұл есептер геометриялық мәселені алгебралық теңдеулер жүйесі арқылы шешуге болатынын көрсетеді. Бұл – логикалық байланыс орнатудың ең жоғарғы деңгейі.

3. Практикалық қолданыс

Бұл есептердің шешілу жолдары қазіргі заманғы көптеген технологиялардың негізінде жатыр:

– IT және компьютерлік графика (Gamedev): Видеоойындардағы кейіпкердің қозғалысы, жарықтың түсуі, объектілердің бір-біріне соқтығысуы (collision detection) түгелдей векторлық және скалярлық көбейтінділер (№1, №4 есеп) арқылы есептеледі.

– Робототехника: Роботтың бір нүктеден екінші нүктеге жетуі үшін оның бағдарламасына түзулер мен жазықтықтардың теңдеулері жазылады. Нүктеден түзуге дейінгі қашықтық (№2 есеп) роботтың кедергілерді айналып өтуі үшін қолданылады.

– Архитектура және құрылыс: Күрделі шатырлардың, көпірлердің немесе күмбездердің жобасын жасағанда екінші ретті қисықтар (№3 есеп – эллипс) мен жазықтықтардың қиылысу бұрыштары есепке алынады. Мысалы, эллипс тәрізді ғимараттарда акустика өте жақсы болады (фокустардың қасиетіне байланысты).

– Навигация және GPS: Екі нысанның координаталарын білу және олардың арасындағы қашықтықты, бұрышты есептеу – навигациялық жүйелердің басты жұмыс принципі.

4. Пәнаралық байланыс (Физикамен байланыс)

Векторлар тақырыбы физикадағы күш (force), жылдамдық және үдеу ұғымдарын түсінуге тікелей көмектеседі. Егер студент аналитикалық геометрияда векторларды меңгермесе, физикадағы механика бөлімін терең түсінуі екіталай

Сонымен қатар, аналитикалық геометриядағы есептерді кезеңдік жүйелеу (қарапайымнан күрделіге қарай) студенттердің логикалық ойлауын кезең-кезеңімен қалыптастырады. Есептерді шешудің алгоритмі келесідей құрылады:

- геометриялық шарттарды талдау және фигураның түрін анықтау.
- координаттар жүйесін рационалды таңдау және бастапқы параметрлерді енгізу.
- теңдеулер жүйесін құру және алгебралық түрлендірулерді орындау.
- алынған нәтиженің геометриялық мағынасын түсіндіру және тексеру.

Оқыту процесінде бағалау критерийлерін де жаңарту қажет. Студенттердің тек есеп шығару нәтижесін емес, сонымен қатар есепті шешуде қолданған әдісінің тиімділігін, алгоритмдік ойлауын және цифрлық құралдарды (GeoGebra, Desmos) қолдану шеберлігін бағалау маңызды. Бұл бағытта рейтингтік бағалау жүйесінің ашықтығы студенттердің өзіндік зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттырады.

Әдістемелік ерекшеліктердің тағы бір маңызды қыры – пәнаралық байланысты нығайту. Аналитикалық геометрия курсы сызықтық алгебра, математикалық талдау және теориялық механика пәндерімен тығыз байланысты. Оқыту процесінде векторлық кеңістіктер мен матрицалар теориясының геометриялық интерпретациясын көрсету студенттердің математикалық білімін біртұтас жүйеге біріктіреді.

Қорыта айтқанда, аналитикалық геометрияны оқытудың әдістемелік ерекшеліктері – классикалық фундаменталды білім мен заманауи технологиялық трендтердің үндесуінде. Оқытудың осындай кешенді жүйесін енгізу болашақ математиктер мен педагогтардың ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыруға мүмкіндік

береді. Мақалада ұсынылған әдістемелік тәсілдер университет оқытушылары мен магистранттар үшін тәжірибелік құндылыққа ие.

Әдебиеттер тізімі

1. Базарбаева С. Аналитикалық геометрия: Оқулық. – Алматы, 2021.
2. «Сәтбаев оқулары: БІЛІМ-ҒЫЛЫМ-БИЗНЕС ИНТЕГРАЦИЯСЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты XIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Өскемен: «С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕАҚ, 2026.
3. Математиканы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Астана, 2023.

УДК: 539

ОСОБЕННОСТИ ТВЕРДОФАЗНЫХ ПРЕВРАЩЕНИЙ ИНИЦИИРОВАННЫХ МЕХАНИЧЕСКИМ УДАРОМ

Перевалов Т.Д.¹, Кульбакин И.С.¹

Научный руководитель: Квеглис Л.И.²

¹Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,
070020, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

²Томский государственный университет, г. Томск, Россия
e-mail: tim03pereval0407@gmail.com

В работе наблюдали структурно – фазовые превращения в локализованных участках медной фольги, подвергнутой ударной нагрузке стальным шариком, движущимся со скоростью 780 м/с. Обнаружено, что деформация медной фольги уменьшила ее толщину почти вдвое, с 200 мкм до 100 мкм. С помощью энерго-дисперсионной аналитической приставки INCA Penta FETx3 в локальных областях деформированной медной фольги были идентифицированы сферические частицы цинка диаметром около 1 мкм, возникающие в медных образцах. С помощью рентгено - структурного анализа некоторых участков медного образца наряду с рефлексами меди обнаружены слабые рефлексы слоистой структуры типа $L1_1$ с удвоенным параметром решётки относительно решётки меди Рисунок (1).

На рисунке (1) Почти двумерные (2D) металлические системы, образованные в слоях инверсии заряда¹ и искусственных слоистых материалах^{2,3}, допускают существование низкоэнергетических коллективных возбуждений^{4,5}, называемых 2D плазмонами, которые не встречаются в трехмерном (3D) металле. Эти возбуждения вызвали значительный интерес, поскольку их низкая энергия позволяет им участвовать во многих динамических процессах, с участием электронов и фононов³, Металлы часто поддерживают электронные состояния, которые ограничены поверхностью, образуя почти двумерный слой электронной плотности. Здесь авторы [1] показывают, что, вопреки ожиданиям, низкоэнергетическая коллективная мода возбуждения может быть обнаружена на чистых металлических поверхностях.

Акустический плазмон, описанный здесь, имеет очень общий характер и должен присутствовать на многих металлических поверхностях. рассмотренные экспериментальные данные можно интерпретировать как новое коллективное

электронное возбуждение (акустический поверхностный плазмон) квази-2D распределения поверхностного заряда. Этот коллективный режим соответствует противофазным колебаниям плотности заряда 2D и 3D электронных подсистем на поверхности металла. рассчитывается в структура временной теории функционала плотности с использованием интегрального уравнения (в символической форме) $\chi = \chi^0 + \chi^0 (v + f_{xc})$, где v Кулоновский потенциал, χ^0 представляет собой функцию отклика плотности невзаимодействующих электронов, а f_{xc} — ядро обменно-корреляционного взаимодействия, выбранное здесь равным нулю (приближение случайной фазы). В занятой части она почти параболическая с энергией связи 2,7 эВ при C , что находится в тесном согласии с измерениями фотоэмиссии и предыдущими расчетами.




Рисунок 1 Дифракционные картины с различных участков медного образца:
 Вверху - участка содержащего слабые рефлексы сверхструктуры $L1_1$
 Внизу - От участка меди, не содержащей сверхструктуры $L1_1$

Акустический поверхностный плазмон возникает в результате взаимодействия частично заполненного электронного поверхностного состояния (действующего как двумерная электронная плотность, перекрывающаяся в той же области пространства, что и объемный электронный газ) и дальнедействующего кулоновского взаимодействия, проявляющегося в виде трехмерного динамического экранирования двумерной поверхностной электронной плотности. Он соответствует противофазным колебаниям заряда между двумерными и трехмерными подсистемами, а его дисперсия определяется главным образом скоростью Ферми поверхностного состояния V_F^{2D} и тесно следует верхнему краю

континуума для возбуждений электронно-дырочных пар в пределах полосы поверхностных состояний (рис. 2a). Акустические поверхностные плазмоны обязаны своим существованием нелокальному экранированию поверхностных электронов, вызванному объемными электронами, на поверхностях, характеризующихся частично заполненной полосой поверхностных состояний, лежащей в широкой объемной энергетической щели (рис. 2d), поэтому акустические поверхностные плазмоны должны быть распространенным явлением на многих металлических поверхностях.

Более того, дисперсия акустических плазмонов тесно связана с верхним краем электрон-дырочного возбуждения, поэтому она будет влиять на динамику электронов вблизи уровня Ферми гораздо сильнее, чем обычные 2D плазмоны, которые, благодаря своей дисперсии $q^{1/2}$, перекрываются в гораздо более узком диапазоне в пространстве энергия-импульс с электрон-дырочным континуумом. Возбуждение коллективной моды при очень низких энергиях может, следовательно, привести к новым ситуациям на металлических поверхностях, возникающим из конкуренции между некогерентными электрон-дырочными возбуждениями и новой коллективной когерентной модой. Многие явления, такие как динамика электронов, фононов и адсорбатов, а также химические реакции с характерными энергиями ниже нескольких электронвольт, могут быть существенно затронуты открытием нового низкоэнергетического канала распада, такого как акустический поверхностный плазмон.




Рисунок 2. Распределение энергии акустических поверхностных плазмонов.

b - Первая зона Бриллюэна на поверхности Be (0001)

c - геометрия рассеяния в измерениях спектров EEL

d - электронная зонная структура поверхности Be (0001) Ab initio. Красная пунктирная линия - это изначально рассчитанное состояние поверхности, а заштрихованная область соответствует прогнозируемым объемным состояниям

Особый интерес представляет взаимодействие акустического поверхностного плазмона со светом. Наклон дисперсии акустического поверхностного плазмона, определяемый V_F^{2D} , примерно на три порядка ниже скорости света, и поэтому прямое возбуждение нового коллективного режима светом невозможно.

Акустическая дисперсия позволяет при той же энергии фотона осуществлять коллективное поверхностное возбуждение с гораздо меньшей ассоциированной длиной волны, чем у обычного 2D плазмона с его дисперсией $q_1=2jj$. Таким образом, новый режим может служить инструментом для ограничения света в широком диапазоне частот.

В работе [2] учитывается наличие волновых процессов при упруго-пластических деформациях, которое может проявляться при скоростях шара более 100 м/с, и свойства преград изменяются. Высокие скорости физико-химических превращений инициируются нелинейными волнами локализованной пластической деформации. [3]

Для объяснения природы механохимических процессов Бутягин [4] привлек представления о неравновесных состояниях связей в молекулах. Это предположение позволяет объяснить, почему для осуществления механохимического распада достаточно небольших энергий [5]. Тиссен, Майер и Хайнике [6] предложили модель «магма-плазмы» механохимических процессов. Согласно этой модели, выделяющаяся при ударе или истирании энергия, вследствие слабой теплопроводности тел, приводит не только к локальному подъему температуры и сублимации вещества, но и к возникновению такого состояния вещества, в котором оно находится в виде ионов и электронов (плазма).

В работах [7,8] предложены модели плазмона как группы атомов, имеющих сконцентрированный положительный заряд, окруженный общими электронным облаком. Размеры такой группы (кластера) составляют от 0,3 до 10 нанометров. Авторы [9] обнаружили, что давление может сильно менять плотность электронных состояний.

Теоретические методы изучения многоатомных систем позволяют создать основу для проведения исследований теории строения атомов, молекул и кристаллов. Эта задача требует развития теоретических методов, которые могли бы адекватно описывать многоатомные системы и проследить эволюцию электронных состояний исследуемого объекта начиная от атома и заканчивая кристаллом [10].

Для данной работы были исследованы плотности электронных состояний кластеров меди и цинка. Проведены расчеты в рамках теории функционала плотности (DFT) с использованием методов рассеянных волн Слэттера и неограниченного метода Хартри-Фока. Провели численный эксперимент, основными объектами являлись 3D модели кластеров меди и цинка, с учётом координат каждого атома. Использовали метод построения кластерных 3D моделей в соответствии с теоретическими данными о возможных кластерных конфигурациях. Мы построили модели кластеров меди и цинка в виде

шестиатомных октаэдров, имеющих различную симметрию и межатомные расстояния.

На рисунке 3 приведены результаты расчёта плотности электронных состояний для а- меди, b- цинка, d-Cu₅Zn₈ (8)




Рисунок 3(а)




Рисунок 3(б)




Рисунок 3(с)




Рисунок 3(д)

Рисунок 3. Результаты Расчет плотности спин-поляризованных электронных состояний для шестиатомных октаэдрических кластеров:

а- Для меди

б- Для цинка

с- Для атомно-упорядоченной фазы Cu₃Zn₃ со структурой L11

д- Cu₅zn₈

Литература

1. <https://doi.org/10.1038/nature05975>
2. Багуев Г.С. Инженерные методы исследования ударных процессов / Голубков Ю.В., Ефремов А.К., Федосов А.А. // Машиностроение. — Россия. — 1977. — С. 240.
3. Панин, В.Е. Солитоны кривизны как обобщенные волновые структурные носители пластической деформации и разрушения/ В.Е. Панин, В.Е. Егорушкин // Физическая мезомеханика. 2013. - Т. 16. - № 3. С.7–26. [1] Болдырев В.В. Экспериментальные методы в механохимии твердых неорганических веществ/ В. В. Болдырев – Новосибирск, 1983.- 65 с.
4. П. Ю. Бутягин , Высокомол. соед., 9, 136 1967.

5. В. В. Болдырев и Е. Г. Аввакумов. Механохимия твердых неорганических веществ Успехи химии Т. XL 1971 г. Вып. 10, 1835-1856.
6. P. Thiesse, G. Mayer, K. Heinek, Grundlagen der Tribochemie, Berlin, 1967.
7. Панин В.Е., Фундаментальная роль кривизны кристаллической структуры в пластичности и прочнотти твердых тел/ Панин В.Е., Панин А.В., Елсукова Т.Ф., Попкова Ю.Ф. //Физическая мезомеханика 17 №6 2014. - С. 7-18.
8. Безносюк Жуковский М.С.¹, Безносюк С.А.², Ванчинкхуу Дж.³ Теоретические основы и компьютерное моделирование фемтосекундного импульсного синтеза активных центров наноструктурных превращений материалов / Фундаментальные проблемы современного материаловедения том 10 №2 (2013).
9. (5)Г.Б Бокий, Введение в кристаллохимию // Издательство МГУ 1954. С. 300.
10. А.В.Нявро Эволюция электронных состояний: атом-молекула-кластер-кристалл//Издательский дом Томского государственного университета 2013, 267 С.

ӘОЖ 517.9

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ МЕНШІКТІ МӘНДЕР МӘСЕЛЕСІ

Сырымқызы Ә., Ескендилов Н.Б., Байзақ Ж.Е., Секенов Ж.Қ., Ағызам Е.,
Айтмұқашева А.А., Алмабек Р., Байбазарова А.Ш., Талапхан Қ.
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: amina.syrymkyzy000@mail.ru

Дифференциалдық тендеулерді шешудегі меншікті мәндер мәселесі – математикалық физикада, операторлар теориясында және қолданбалы есептерде маңызды орын алатын тақырып. Бұл ұғым әсіресе шекаралық есептерді шешуде кеңінен қолданылады.

Штурм-Лиувилль типті есептер дербес туындылы дифференциалдық тендеулерді айнымалыларды ажырату әдісімен, яғни Фурье әдісі арқылы шешу барысында пайда болады.

Штурм-Лиувилль есебі деп берілген шекаралық шарттарды қанағаттандыратын дифференциалдық тендеудің нөлден өзге шешімдерін анықтау мәселесін айтады. Басқаша айтқанда, бұл — меншікті функцияларды табу есебі. Сонымен қатар, мұндай шешімдердің бар болуы параметрдің белгілі бір мәндеріне, яғни меншікті мәндерге тәуелді, сондықтан оларды анықтау да есептің негізгі бөлігі болып табылады.

Кейбір жағдайларда тендеудегі коэффициенттердің арнайы түрін пайдалана отырып, Штурм–Лиувилль есебін қарапайым әрі зерттеуге ыңғайлы түрлерге келтіруге болады. Бұл бағыттағы алғашқы зерттеулер 1837–1841 жылдары Жозеф Лиувилль мен Жак Шарль Франсуа Штурм тарапынан жүргізілген.

Математикалық физиканың көптеген тендеулерін Фурье әдісі арқылы шешу барысында Штурм–Лиувилль типті есептерге келеміз. Мысалы, ұштары бекітілген біртекті жіптің тербелісін қарастыру немесе біртекті емес стерженьдегі жылу таралу процесін зерттеу кезінде осындай есептер туындайды.

Меншікті мәндерді анықтау мәселесі механика мен физиканың әртүрлі салаларында жиі кездесетіндіктен, мұндай есептерді шешудің тиімді жаңа сандық және аналитикалық әдістерін дамыту өзекті болып табылады.

Меншікті мәндер теориясында әртүрлі тәсілдер қолданылады, олардың ішіндегі негізгі үшеуі — дифференциалдық теңдеулер әдісі, интегралдық теңдеулер әдісі және вариациялық әдіс. Бұл тәсілдердің әрқайсысы өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтарына ие [1].

Леонард Эйлер еңбектерінен бастау алатын дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерді шешудің классикалық әдістері [1] көп жағдайда Штурм–Лиувилль типті есептерге келіп тірелетіні белгілі.

Атап айтқанда, математикалық физика теңдеулерінің бастапқы-шеттік есептерін айнымалыларды бөлу әдісі арқылы шешу барысында Штурм–Лиувилль есебінің меншікті мәндері мен меншікті функцияларын табу, сондай-ақ олардың негізгі қасиеттерін зерттеу қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, математикалық физика теңдеулерін шешуде қолданылатын заманауи, технологиялық тұрғыдан жетілдірілген әдістер де Штурм–Лиувилль есебінің әртүрлі аспектілерін қамтиды [2].

Жалпы алғанда, Штурм–Лиувилль есебінің нақты қойылымы қарастырылып отырған бастапқы есептің құрылымына тікелей тәуелді болады [1–2].

Штурм–Лиувилль есебі жалпы жағдайда толық шешімі оңай табыла бермейтін күрделі мәселелердің бірі болып табылады, сондықтан зерттеулер көбінесе оның жекелеген қарапайым жағдайларын қарастырумен шектеледі. Осындай қарапайым жағдайларды толық талдау нәтижесінде меншікті мәндер мен меншікті функциялар үшін айқын формулаларды алуға мүмкіндік бар.

Штурм–Лиувилль есебін зерттеу барысында қалыптасқан ұғымдар мен әдістер математиканың және физиканың көптеген салаларының дамуына елеулі ықпал етті. Атап айтқанда, бұл бағыт операторлардың спектрлік теориясы мен математикалық анализ арасындағы өзара байланысты тереңдетіп, жаңа идеялардың қалыптасуына негіз болды.

Сонымен қатар, математикалық физиканың кейбір маңызды сызықтық емес теңдеулерімен тығыз байланысының нәтижесінде соңғы уақытта Штурм–Лиувилль есебіне деген зерттеушілердің қызығушылығы айтарлықтай артып отыр [3].

Кейбір дербес жағдайлар үшін Штурм–Лиувилль есебінің меншікті мәндері мен өзіндік функцияларын табу формулаларын алуға болады екен. Осы жағдайларды қарастырайық.

I жағдай:

$$y'' + \lambda y = 0, \quad x \in [0, l] \tag{1}$$

теңдеуінің

$$y(0) = y(l) = 0 \tag{2}$$

бірінші шекаралық шартты қанағаттандыратын нөлдік емес шешімдеріне сәйкес келетін меншікті мәндерін табу керек.

Шешуі: (1) теңдеуінің жалпы шешімінің түрі λ – параметрінің мәніне байланысты. Сондықтан үш түрлі жағдайды қарастырамыз.

1) $\lambda < 0$ болсын, онда $\lambda = -r^2$ деп белгілейік. (1) теңдеуіне сәйкес келетін $k^2 - r^2 = 0$ характеристикалық теңдеудің әртүрлі нақты $k_1 = r_1$, $k_2 = -r_2$ деген екі түбірі болады. Сондықтан дифференциалдық теңдеудің жалпы шешімі

$y = c_1 e^{r_1 x} + c_2 e^{-r_2 x}$ түрінде жазылады. Жалпы шешімге шекаралық шарттарды қойып,

$$\begin{cases} c_1 + c_2 = 0 \\ c_1 e^{rl} + c_2 e^{-rl} = 0 \end{cases} \quad (3)$$

жүйесін аламыз. Бұл жүйенің анықтауышы

$$\Delta = \begin{vmatrix} 1 & 1 \\ e^{rl} & e^{-rl} \end{vmatrix} = e^{rl} (e^{-2rl} - 1) \neq 0, \quad (r \neq 0)$$

нөлге тең емес, сондықтан (3) сызықты алгебралық жүйесінің тек нөлдік шешімі бар болады. Олай болса, $c_1 = c_2 = 0$. Демек, $\lambda < 0$ болған жағдайда берілген есептің меншікті мәндері болмайды.

2) $\lambda = 0$ болса, онда $y'' = 0$ теңдеуінің жалпы шешімі $y = c_1 x + c_2$ түрінде жазылады. Жалпы шешімге шекаралық шарттарды қойып

$$\begin{cases} c_2 = 0 \\ c_1 l + c_2 = 0 \end{cases} \implies \begin{cases} c_2 = 0 \\ c_1 = 0 \end{cases}$$

жүйесін аламыз. Демек, бұл жағдайда берілген дифференциалдық теңдеудің тек қана нөлдік шешімі болады. Сондықтан $\lambda = 0$ саны берілген есептің меншікті мәні болмайды.

3) $\lambda > 0$ болсын. $\lambda = r^2$ деп белгілейік. Онда (1) теңдеуіне сәйкес келетін $k^2 + r^2 = 0$ характеристикалық теңдеудің комплекс түйіндес екі $k_1 = ri$, $k_2 = -ri$ түбірі бар болады. Сондықтан (1) теңдеуінің жалпы шешімі $y = c_1 \cos rx + c_2 \sin rx$ түрінде жазылады. Жалпы шешімге шекаралық шарттарды қойып, төмендегі жүйені аламыз:

$$\begin{cases} c_1 \cos 0 + c_2 \sin 0 = 0, \\ c_1 \cos rl + c_2 \sin rl = 0 \end{cases} \implies \begin{cases} c_1 = 0, \\ c_2 \sin rl = 0 \end{cases} \quad (4)$$

(4) жүйесінің $\sin rl = 0$ болғанда ғана нөлдік емес шешімі бар болады. Сондықтан $rl = \pi n$, яғни $r_n = \frac{\pi n}{l}$, $n \in Z$, $\lambda_n = r_n^2 = \frac{\pi^2 n^2}{l^2}$. $\lambda \neq 0$ болғандықтан, n - нің тек оң мәндерін алған жеткілікті. Сонымен, берілген шекаралық есептің

меншікті мәндері $\lambda_n = \frac{\pi^2 n^2}{l^2} \quad n = 1, 2, \dots$ формуласы арқылы табылады. λ

параметрінің осындай мәндерінде (4) алгебралық жүйенің нөлдік емес шешімдері

бар болады және ол $\begin{cases} c_1 = 0 \\ \forall c_2 \in R \end{cases}$ жүйесі арқылы беріледі. c_1 және c_2 тұрақтыларының

табылған мәндерін дифференциалдық теңдеудің жалпы шешіміне апарып қойып, берілген есептің

$$y_n = c_n \sin \frac{\pi n}{l} x, \quad n = 1, 2, \dots$$

өзіндік функцияларын аламыз. c_n тұрақтысының мәні бірге тең немесе

$$\|y_n\| = 1 \Rightarrow c_n \int_0^l \sin^2 \frac{\pi n}{l} x dx = 1 \Rightarrow c_n = \sqrt{\frac{2}{l}}$$

түрінде таңдап алынады.

Осындай алгоритмді пайдаланып,

$$\begin{cases} y'' + \lambda y = 0 \\ y(0) = y'(l) = 0 \end{cases} \quad (5) \quad \text{және} \quad \begin{cases} y'' + \lambda y = 0 \\ y'(0) = y(l) = 0 \end{cases} \quad (6)$$

Штурм-Лиувилль есептерінің меншікті мәндері мен өзіндік функцияларын табуға болады. Бұл есептердің де $\lambda \leq 0$ болған жағдайда меншікті мәндері болмайды. $\lambda > 0$ болған жағдайда дифференциалдық теңдеулердің жалпы шешімі

$$y = c_1 \cos rx + c_2 \sin rx, \quad r = \sqrt{\lambda}$$

түрінде жазылады. Жалпы шешімге шекаралық шарттарды қойып:

$$(5) \text{ есеп үшін } \begin{cases} c_1 = 0 \\ -rc_1 \sin rl + rc_2 \cos rl = 0 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} c_1 = 0 \\ rc_2 \cos rl = 0 \end{cases} \quad \text{және}$$

$$(6) \text{ есеп үшін } \begin{cases} rc_2 = 0 \\ c_1 \cos rl + c_2 \sin rl = 0 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} c_1 = 0 \\ c_1 \cos rl = 0 \end{cases}$$

жүйелерін аламыз. Бұл жүйелердің $\cos rl = 0$ болғанда нөлдік емес шешімдері бар

болады. Сондықтан, $rl = \frac{\pi}{2} + \pi n$, яғни $n \in Z, r_n = \frac{\pi(2n+1)}{2l}$. n -нің теріс мәндерін

қарастырмай-ақ қоюға болады, өйткені $\lambda_n = r_n^2 > 0$. Сонымен, (5)-(6) есептерінің

меншікті мәндері бірдей және ол $\lambda_n = r_n^2 = \frac{\pi^2}{4l^2} (2n+1)^2, \quad n = 0, 1, 2, \dots$ формуласы

арқылы табылады. (5) есебінің өзіндік функциялары $y_n = \sin \frac{\pi}{2l} (2n+1)x, \quad n = 0, 1, 2, \dots,$

ал (6) есебінің өзіндік функциялары $y_n = \cos \frac{\pi}{2l} (2n+1)x$, $n = 0, 1, 2, \dots$ формулалары арқылы табылады.

II жағдай.

$$y'' + \lambda y = 0, \quad x \in [0, l] \quad (7)$$

теңдеуінің

$$y'(0) = y'(l) = 0$$

екінші шекаралық шартты қанағаттандыратын нөлдік емес шешімдеріне сәйкес келетін меншікті мәндерін табу керек.

Шешуі: I-жағдайда қарастырылған есепке жүргізілген талдау сияқты (7) есебіне талдау жүргізу арқылы есептің $\lambda < 0$ кезде меншікті мәндері болмайтындығын, ал $\lambda \geq 0$ болғанда меншікті мәндері табылатындығын көрсетуге болады.

1) $\lambda = 0$ болсын, онда $y'' = 0$ теңдеуінің жалпы шешімі $y = c_1 x + c_2$ түрінде жазылады. Жалпы шешімге шекаралық шарттарды қойып $\begin{cases} c_1 = 0 \\ \forall c_2 \in R \end{cases}$ екендігін аламыз. Олай болса (7) есебінің $\lambda = 0$ болғандағы нөлдік емес шешімдері бар болады. Сондықтан $\lambda = 0$ саны берілген есептің меншікті мәнін, ал $y = 1$ функциясы $\lambda = 0$ мәніне сәйкес келетін өзіндік функциясын анықтайды.

2) $\lambda > 0$ болсын. Бұл жағдайда (7) есебінің жалпы шешімі

$$y = c_1 \cos rx + c_2 \sin rx, \quad r = \sqrt{\lambda}$$

формуласы арқылы жазылады. Осы функцияның бірінші ретті туындысын тауып, оған шекаралық шарттарды қойсақ, яғни

$$y' = -rc_1 \sin rx + rc_2 \cos rx \Rightarrow \begin{cases} rc_2 = 0 \\ -rc_1 \sin rl + rc_2 \cos rl = 0 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} c_2 = 0 \\ c_1 \sin rl = 0 \end{cases}$$

жүйесін аламыз. Бұл алгебралық жүйенің $\sin rl = 0$ болғанда ғана нөлдік емес шешімі бар болады. Бұдан $rl = \pi n$ немесе $r_n = \frac{\pi n}{l}$, $n \in Z$.

Сонымен, $\lambda_n = r_n^2 = \frac{\pi^2 n^2}{l^2}$, $n = 1, 2, \dots$ сандары да берілген есептің меншікті

мәндерін анықтайды. Бұл меншікті мәндерге $y_n = \cos \frac{\pi n}{l} x$ өзіндік функциялары

сәйкес келеді. Олай болса, $\lambda_n = \frac{\pi^2 n^2}{l^2}$, $n = 0, 1, 2, \dots$ сандары берілген есептің меншікті

мәндерін, ал $y_n = \cos \frac{\pi n}{l} x$, $n = 0, 1, 2, \dots$ өзіндік функцияларын анықтайды.

Штурм–Лиувилль есебінің маңызы өте кең әрі іргелі сипатқа ие, себебі ол дифференциалдық теңдеулер теориясы мен қолданбалы есептердің көптеген бағыттарының негізін құрайды.

Штурм–Лиувилль есебі дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерді, әсіресе математикалық физика теңдеулерін (жылуөткізгіштік, толқын, Лаплас теңдеулері) шешуде негізгі құрал болып табылады. Айнымалыларды бөлу (Фурье әдісі) барысында шешім міндетті түрде осы есепке келтіріледі. Бұл есеп арқылы меншікті мәндер анықталады; меншікті функциялар жүйесі құрылады. Олар ортогонал жүйе түзеді; функцияларды қатарларға (Фурье қатары) жіктеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Штурм–Лиувилль есебі операторлардың спектрлік теориясының негізін қалайды. Бұл бағыт сызықты операторлардың спектрін зерттейді; кванттық механикада, сигналдарды өңдеуде маңызды рөл атқарады.

Көптеген физикалық құбылыстар осы есеппен байланысты, мысалы, тербелістер (ішек, мембрана); жылу таралуы; толқындық процестер. Инженерия мен техникада: акустика; механика; электр тізбектері сияқты салаларда нақты есептерді шешуде қолданылады.

Сонымен қатар, Штурм–Лиувилль есебі сандық әдістерді дамытуда; кері есептерде; графтардағы дифференциалдық операторларда маңызды бағыт болып отыр.

ҚОЛДЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Владимиров Уравнения математической физики / В.С. Владимирова. – М.: Наука, 1981.
- 2.Гребенникова И.В. Уравнения математической физики: учебное пособие / И.В. Гребенникова. - Екатеринбург: УрФУ, 2016. - 164 с.
- 3.Оразов И.О., Сарсенби А.М., Шалданбаев А.А. Штурм-Лиувилль операторының екіеселі спектрі жайында // Известия НАН РК. – 2014. № 3.- С. 153-157.

3-СЕКЦИЯ
ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ
ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕР, STE(A)М-БІЛІМ БЕРУ

НАУЧНЫЕ И ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ В ОБЛАСТИ ПСИХОЛОГИИ И
ПЕДАГОГИКИ, STE(A)М-ОБРАЗОВАНИЕ

ӘОЖ 821.512.122.09

ОРТА ҒАСЫР ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫН ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ
ОҚЫТУ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАТЫН
ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

Абенова С.Е.

Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.Қ., филология ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған профессоры
С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: abenova_saule79@mail.ru

Орта Азия мен Қазақ елінің ана тілі мен әдебиетінің өркендеп-өсуіндегі жаңа басқыш – орта ғасыр әдбиеті. Ол X-XII ғасырлар аралығын қамтиды. Тарихқа көз жіберсек, бұл уақыт - араб халифатының билігі жойылып, ел басқару ісін жергілікті жерлердегі феодалдар мен ақсүйектер өз қолдарына алған кезең. Осыдан бастап араб тілі бұрынғыдай міндетті мемлекеттік тіл болудан қалып, түркі әдеби тілі жан-жақты дамып, жетіле түскен шақ. Осының өзі түркі халықтарының, соның ішінде, қазақ, өзбек, ұйғыр, қырғыз, т.б. халықтардың этникалық құрамының қалыптаса бастауы мен олардың әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі рөлінің біртіндеп арта түсуіне тікелей әсерін тигізді десек болады.

Сөйтіп, қыпшақ, оғыз, қарлұқ және ұйғыр тайпалары мен халықтарының тілдері негізінде X-XII ғасырларда араб графикасының түрік жазуы қалыптасқандығын тарихтан білеміз. Әдебиеттің көптеген ескерткіштері аралас қарлұқ-ұйғыр және қыпшақ-оғыз тілдерінде дүниеге келе бастаған.

Қазақ елінің территориясын мекен еткен түрлі тайпалар мен тайпалық бірлестіктердің қоғамдық, экономикалық және мәдени өмірінде осы орта ғасырда елеулі өзгерістер біртіндеп белең ала бастаған.

VIII-IX ғасырларда жаулап алған араб басқыншыларына қарсы халық жер-жерлерде көтерілістер жасаған. Осы сияқты көтерілістерді жергілікті феодал-ақсүйектер пайдаланып, араб халифаларының билігін жойып, әкімшілікті өз қолдарына алған. Соның нәтижесінде Жетісу жері мен Шығыс Түркістанда X ғасырдың орта шенінде Қарахан мемлекеті пайда болған. Аталмыш мемлекеттің негізін салушы ретінде Сатұқ Боғра хан (915-955 ж.) танылады.

Сол кездегі Қазақ қалаларының ең ірісі Отырар барынша өрлеп, көшпелі және отырықшы түркі тайпаларын өзара байланыстырып тұрған экономикалық қана орталық емес, аса ірі сауда, қолөнер әрі ғылым мен мәдениет ошағына да айналған. Мұнда көптеген білім ордалары, медреселер, аса бай кітапхана, т.б.

болды. Сонымен қатар бұл кезде Орта Азия мен Қазақстанда Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан Беруни сияқты ғұлама тұлғалар есімі мәшһүр бола бастаған. Аталмыш энциклопедист ғалымдардың ішінде әл-Фараби тұлғасы оқшау көрінді.

Сонымен қатар орта ғасырларда Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иүгінеки, Ахмед Яссауи сияқты көркем сөз зергерлері мен тілші – ғалымдар түркі тіліндегі көркем әдебиеттің шарықтап, өсіп-өркендеуіне мол үлестерін қосқандығы артында қалған бағажетпес мұралары толық дәлел.

Орта ғасырдағы ең танымал әдеби туындылар – «Құтадғу білік», «Диуани лұғат ат – түрік», «Хибат ұл-хақайық», «Диуани хикмет» сынды шығармалар Қарахан мемлекетіндегі тайпалар мен халықтардың бәріне түсінікті, ортақ тіл болып табылатын түркі тілінде жазылған.

Еліміз өзінің Тәуелсіздігін алып, етек-жеңімізді жия бастағаннан бері өткен тарихымызға көз жігіртіп, бүгінгі әдебиеті мен мәдениетінің көне бастауына арқа сүйеп, қайта саралап, тереңіне бойлап, соның негізінде жас ұрпақтың санасына бабалар мұрасын сіңіріп, құндылықтарымызды ыждаһаттылықпен зерделеп, ұлттық кодымызды айқындап, болашаққа шашауын шығармай аманат етіп, рухани қазына қорын байыту мәселесі күн тәртібінен түспейтіні белгілі.

Соған орай ХХІ ғасырдың алғашқы кезеңінен-ақ Қазақстан мемлекетінің білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер жасалып келеді. Кеңестік жүйеден қол үзгеннен бастап, барлық білім саласы жаңару мен жаңғыртудың жаңашыл формаларын қабылдағаны баршамызға аян. Тәуелсіздік ұстанымы педагогтердің ой еркіндігі мен шығармашылық ізденісіне кең жол ашты. Атап айтар болсақ, ұлттық тіл мен әдебиеттің білім беру мазмұны мен формасы түбегейлі өзгеріске ұшырады десек болады. Жоғарыда айтқанымыздай жас ұрпақ егемендіктің нәтижесінде ұлттық тарих пен құндылықтарды тереңнен меңгеруге бет алды. Бұрын соңды тек ЖОО-да ғана жай ақпарат түрінде дәріс оқылатын ұлтымыздың рухани мұрасы ғылыми тұрғыдан заман ағымына қарай қайта зерттеліп, жастардға білім мен тәрбие беруде басты құралға айналды.

Қазақ ұлтының рухани мәдениетінің негізгі болып табылатын Түркілік кезең әдебиеті, мәдениеті, тарихи тұлғаларына қатысты арнайы пәндер ендіріліп, филолог маман дайындаудағы мән - маңызына тереңнен зер салына бастады. Қазақ тілі мен әдебиетінің түрлі саладан маман дайындайтын оқу орындарында әдебиеттің тарихын оқытуға қатысты ғылыми әдіснамаларының теориясы мен парадигмалары толықтай жаңартылып келеді десек артық айтпаған болар едік. Оқу бағдарламаларына жасалған жаңа талаптар пәнді оқыту процесіне де айтарлықтай ықпал етіп, бұрынғы мемлекеттік жалпыға ортақ білім стандарты деңгейінен өтіп, әр оқу орнының таңдау компоненттеріне басымдық берілгенін білеміз. Білім берудегі бұл жаңашылдықтар оқу процесін алғы шарттарға сай ұйымдастырып, инновациялық технологияларды түрлеп, тиімді қолдануды міндеттеп отыр. ұстаздардың заман талабына сәйкес болуы, күн тәртібінен түспейтін, өзектілігін жоймайтын мәселе екені айдан анық.

Қазақстанның барлық ЖОО-да қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлаудағы басты ұстанымдарға келсек, сауатты, білікті, шығармашыл тұлға дайындау және жас маманың жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талаптарын

қанағаттандыру. Бұған қоса бірнеше ЖОО студенттің төрт жылғы алған білімін толыққанды өмірде жүзеге асыруын көздегендіктен кәсіби біліктілікті көтеруде жаңашыл ізденістерге барып, студенттің сабақтан бос уақытын дұрыс пайдалануының да әдістерін қарастырған. Жас ізденушінің кәсіби жетілуі деген де студентке ғылыми мағлұматтар жинау мен оларды зерттеп талдаудың әдіснамасын белгілі ғалымдардың зертханалық еңбектерінен алуға ұсыныс жасағанын аңғарамыз. Осыған орай Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін және филолог мамандарды дайындайтын бірнеше ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының ішкі мазмұны мен мақсат, міндеттерін зерделесек, пәнді оқытудың жай-күйінде айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екеніне көз жеткізуге болады.

«Жалпы кез келген пәнді оңтайландыру - білім беру және тәлім-тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық ұстанымдарын сақтап көздеген мүддеге қиындықсыз жету де Қазақ әдебиетінің тарихына қатысты мағлұматтардың, ғылыми деректер мен зерттеушілер еңбектерін бір жүйеге келтіріп, нақытлаудың мәні зор. Алғаш Қарахан дәуіріндегі әдебиеттің тарихына қатысты айтылған ой-пікірлер, мақалалар, зерттеулер туралы материалдарды толықтай сүзгіден өткізіп, сұрыптап алу қажет. Тәуелсіз концепция тұрғысынан кейіннен табылған деректерді жинақтау, сақтау және оқу процесіне жаңа технологиялар мен құралдар арқылы қолданып, білім алушының таным-түсінігінің кеңейуіне мол мүмкіндік береді. Сабақ барысында қазіргі сандық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану студенттің ізденісінің ғылыми-практикалық жағын жетілдіруіне жол ашады» [1, 30 б.].

Орта ғасырдағы Қарахан әдебиеті ЖОО – да «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәнінің құрамында оқылып келеді. Бұл кезеңдегі әдеби мұралардың ауқымдылығына, мазмұнының тереңдігіне, құндылық сапасына, соңғы зерттеулердегі тың ақпараттар салмақтылығына келсек те жеке пән ретінде қарастыруды қажет ететінін филолог ғалым Д.О. Айтенова да өз зерттеуінде баса айтқан.

Қазақ әдебиетінің тарихи генезисіндегі бастапқы танымдық ұғымдар да сол кезең әдебиетімен тікелей байланысады. Демек, X–XII ғасыр ескерткіштерінің арғы бастаулары тереңде жатқан қазақ әдебиетіндегі ежелгі дәуірлердің бір арналы бұлағы десек болады.

Орта ғасыр әдебиеттің қамтитын тақырыптары ретінде ««Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастанының басты идеясы, сюжеттік желісі», «М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрігі» түркі тілді халықтарға ортақ мұрасы», А. Иүгінеки «Ақиқат сыйы» еңбегі, өмір сүрген қоғамдағы моральдық ұғымдар мен мінез-құлық нормаларын жыр еткен шығармасы», «Н. Рабғузи. «Рабғузи қиссалары», «Қожа Ахмет Йассауи-сопылық әдебиеттің ірі өкілі «Диуани хикметі», XII ғасырдағы әдеби ескерткіштері» қарастырылады. Аталған дәуір әдебиетінің өзінен бұрынғы сақтар мен ғұндардың ауыз әдебиеті үлгілерімен генезистік, типологиялық, дәстүрлік үндестікте дамығаны терең түсіндіріледі» [1, 32 б.].

Қазақстандағы Қарахан дәуірі әдебиеті зерттеулерінің бастауында белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиевтің еңбегін атауға болады. Ол 1967 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» атты еңбегінде Ж.Баласағұнидың «Құтадғу білік», М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк», А.Иүгінекидің «Хибатул Хақайық» және А.Иасауидың «Диуани хикмет» шығармасына арнайы тоқталады

[2, 29-52 бб.]. Келесі еңбек – 1971 жылы жарық көрген Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов және М. Томановтың бірге дайындаған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің жазба тілі» атты кітабы. Онда жоғарыда аталған төрт шығармаға қоса, «Тэфсир», яғни Құран кәрім аудармасы туралы да мәліметтер беріледі [3, 16-26 бб.]. Бұдан бөлек Қарахан дәуірі әдебиетін Б. Кенжебаев, Р. Бердібаев, Қ. Өмірәлиев, Н. Келімбетов, Ә. Қоңыратбаев, М. Мырзахметов, А. Аманжолов, А. Қыраубаева, А.Н. Көшербаева, Б. Әбдірахымұлы, Қ. Сарбасова, Ұ. Исабекова, Б. Құлжанова, А. Көшербаева, Т. Ахметов, Р. Арзиев, Қ. Молдасан, М. Әліпхан, Б. Нұриман және т.б. ғалымдар қарастырды.

Аталмыш кезеңдегі әдеби мұралады игеру барысында студенттер мынандай жалпы құзіреттіліктерді қалыптастырады: Ежелгі дәуір әдебиеті пәнінің ғылыми-теориялық негіздері мен қазақ әдебиетінің түркілік түп негізінен хабардар болады. Сонымен қатар әдебиет тарихының әдебиеттану ғылымының құрамдас негізгі бөлімі екеніне тағы бір мәрте көз жеткізеді. Олай дейтініміз бұл туралы ақпараттық білім 1-курста оқылатын «Әдебиеттануға кіріспе» пәнінде берілген. Бұған қоса Түркі тектес халықтарға ортақ әдеби мұраларды үш дәуірге бөле отырып, игереді. Ғылыми-зерттеу еңбектерге сүйене отырып, шығармаларды жан-жақты талдау жасауды меңгереді.

Кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыруда «Халық ауыз әдебиеті» мен «Әдебиет тарихындағы» ақындар шығармашылығының тақырыбына жазбаша хабарлама, баяндама, эссе, сұхбат дайындау, оқытылатын шығармаларды талдау үшін арнайы терминдер мен ұғымдарды сараптай білу, өз ойын көркем тілмен жеткізу, көркем мәтінді әдеби нормаға сай аударуға дағдыланып, жүзеге асыруы қажет.

Студенттер бойына қалыптастыратын іскерлік дағдыларға келсек, «Ежелгі әдебиетте» кездесетін ұғымдарды түсінуге; топтық талқылау арқылы зерттеушілік көзқарастарын дамытуға; тақырыптармен жұмыс істей отырып, әдеби материалды талдай білу тәжірибесін жетілдіріп, өз жұмысын қорғай білуге дағдылануға; Ұлт тарихына, әдебиетіне қатысты көзқарастарды жүйелеп, ақын - жыраулардың рухани болмысын ашып, сыни ой-пікір айтуға; мәселен, Ж. Баласағұннан Алтын Орда дәуіріне дейінгі аралықта өмір сүрген қазақ әдебиетінің алғашқы өкілдері туралы дерек-дәйектерді жаңа уақыт талабына сай зерделей алуға; топтаса жұмыс істеу арқылы сабақта жинақтаған білім-біліктерін теориямен ұштастыра отырып, әдеби тілді дамытуға күш салады. Бұл жаңа гуманитарлық білім аясында әдебиетті оқыту, этникалық-мәдени білім беру мәселелерін де қамтиды. Қ.К.Тоқаевтың айтуы бойынша «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында біздің елімізде этникалық-мәдени білім кеңістігін қалыптастырудың маңыздылығы баса көрсетілген [4].

Қазақстан Республикасында білікті мамандар даярлауға, орта және жоғары білім беру жүйесінде білім берудің әдіснамалық негіздерін жаңғыртуға бағытталған нормативтік құжаттарда, білім беруді ізгілендіру, кәсіптік шеберлік, адами құндылықтарды жоғары қоятын, елжандылық, ұлтты сүю мен елдіктің мүддесін ойлау қасиеттері жоғары қоғам мүшесін қалыптастыру міндеттерін алға қойылуда. Осы міндеттер шешу барысында аталмын кезең әдебиетін меңгерту

жастардың білімін дамытуда, саналуан құзіреттіліктерді қалыптастыруда, заман талабына сай ұлтшыл тұлға тәрбиелеуде маңызы өте жоғары.

Бұған қоса қорыта айтсақ, орта ғасыр түркі әдебиеті – дәстүрлі түркі дүниетанымының негізгі категорияларын қамтыған, философиялық, этикалық, онтологиялық және антропологиялық, діни, мифологиялық мәселелерді көтеріп, этикалық-дидактикалық құндылықтарды өз бойында жинақтаған адамзаттық ақыл-ой қазынасы.

Студенттер Қазақ әдебиеті тарихының бір үлкен арнасы - ежелгі дәуір әдебиеті дәуірінде өмір сүрген ақындардың шығармашылығымен терең танысып, олардың мол мұрасының мазмұнына қанығады. Соның нәтижесінде біз сөз етіп отырған орта ғасырдағы бабалар шығармаларын оқу арқылы ұлттық патриотизм, отаншылдық идеяларын насихаттауды үйренеді. Сондай-ақ ойларын жүйелі жеткізуге, сөздік қорларын байытып, ауызша және жазбаша тілдерін дамытуға мол мүмкіндік алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Айтенова Д.О., Мынбаева А.П. ЖОО «Қазақ әдебиеті тарихы» курсының оқыту бойынша әдістемелік ұстанымдар // ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы». - 2(402) January – February 2023.

2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдері [Ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін]. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1967. – 388 бет.

3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің жазба тілі. – Алматы: Мектеп баспасы, 1971. – 272 бет.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде N 3058. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы // Концепция этно-культурного образования в Республике Казахстан. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 32 бет. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960003058>.

ӘОЖ 821.512.122.09

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЛТАЙ БЕЙНЕСІ

Аймуханбетова М.Е., «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру

бағдарламасының докторанты

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., профессор, филология

ғылымдарының докторы

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: Madina.aimukhanbetova@gmail.com

«Алтай тақырыбы қазақ руханиятында – әдебиетінде, өнерінде және тұтас мәдени кеңістігінде ерекше шабытпен жырланып келе жатқан іргелі құбылыс болып табылады», - деп академик Сейіт Қасқабасов атап көрсеткендей, Алтайға қатысты поэзиялық, прозалық және фольклорлық туындылар мол болғанымен, бұл тақырып арнайы жүйеленіп, кешенді түрде зерттеле қойған жоқ [1, 46 б.]. Әсіресе, қазақ пен Алтай арасындағы көне тарихи-мәдени сабақтастық мәселесі ауыз әдебиеті үлгілерінде жиі ұшырасқанымен, оны типологиялық әдіс негізінде

жанрлық тұрғыдан салыстыра зерттеу ісі әлі де өзекті бағыттардың бірі болып отыр.

Қазақ әдебиетінде Алтай бейнесі поэтикалық символ деңгейіне көтерілген. Ол – тарихи жадының, этникалық бастау көзінің, рухани тұтастықтың көркемдік коды іспетті. Ауыз әдебиеті мұраларында, эпостық жырлар мен тарихи аңыздарда, халық әндерінде Алтай ұғымы атақоныс, алтын бесік, киелі мекен ретінде сипатталады. Бұл үрдіс жазба әдебиетте жалғасын тауып, Алтай тақырыбы тарихи-әдеби және идеялық-көркемдік тұрғыдан тереңдей түсті.

Географиялық тұрғыдан алғанда, Алтай тауы – Еуразия кеңістігіндегі аса ірі тау жүйелерінің бірі. Оның құрамына Өр Алтай, Таулы Алтай, Моңғол Алтайы жатады. Ұзындығы шамамен 3000 шақырымға созылатын бұл тау сілемдері табиғи-географиялық байлығымен, биік мұзарт шыңдарымен, орманды алқаптарымен ерекшеленеді. Өр Алтай аймағында Қазақстан, Шығыс Түркістан және Моңғолия қазақтары тарихи тұрғыдан мекендеп келеді. Алтаймен жапсарлас жатқан Саян, Ханғай, Хан-Тәңірі таулары да табиғи тұтастық аясында қарастырылады. Алтай атауының «Алтын тау», «Алтынды тау» түрінде қолданылуы оның байлығы мен киелілік сипатын аңғартады.

Соңғы археологиялық зерттеулер, соның ішінде Берел қорғандары қазбалары, Алтай өңірінің тек этникалық бастау емес, адамзат өркениетінің көне ошақтарының бірі екенін дәлелдейді. Шығыс Азия мен Сібір аймағындағы, сондай-ақ фин-угор халықтарының этногенезіне қатысты ғылыми тұжырымдар да Алтай кеңістігінің тарихи-мәдени маңызын айқындай түседі. Осы тұрғыдан алғанда, Алтай өңірі түркі мәдени мұрасының маңызды орталығы әрі тарихи сабақтастықтың символдық кеңістігі ретінде танылады.

Алтай тақырыбы қазақ әдебиетінде тек табиғат көрінісін бейнелеумен шектелмейді. Ол – ұлттық бірегейлік, тарихи жады, мәдени тамыр және рухани тұтастық идеяларын тоғыстыратын көпқабатты көркемдік феномен. Сондықтан Алтайға қатысты әдеби мұраны жинақтау, жүйелеу және типологиялық-салыстырмалы әдістер негізінде кешенді зерттеу – қазіргі әдебиеттану ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Тауы да алтын Алтайдың, тасы да алтын,

«Ескен желі соғады қоңыр салқын.
Ағажай-Алтайдай жер қайда-ай?!
Қиыр жайлап, шет қонып қара Ертісті,
Абақ-Керей баласы ән салатын.
Ағажай-Алтайдай жер қайда-ай?!»

деп ата-бабаларымыз Алтайды қазақ халқының құт мекені, ата жұрты екенін айтып, оның сұлу керемет табиғатына жер жетпейтіндігін тамсана жыр етеді.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті ұлттық сананың жаңғыруымен, тарихи жадтың жаңаша пайымдалуымен және кеңістік категориясының идеялық жүктемесінің артуымен сипатталады. Осы кезеңде өмір сүрген көрнекті қаламгерлер – Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Иса Байзақов шығармаларында Алтай тақырыбы көркемдік-идеялық тұрғыдан маңызды орын алады.

Аталған авторлар поэзиясы мен прозасында Алтай образы тек географиялық нысан ретінде емес, тарихи-рухани кеңістік, этникалық бастау, ұлттық тұтастықтың символы ретінде бейнеленеді. Мәселен, Мағжан Жұмабаев поэзиясында Алтай – түркі дүниесінің алтын бесігі, тарихи жадының поэтикалық архетипі ретінде көрініс тапса, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларында ұлттық өрлеу идеясы табиғат кеңістігімен астастырыла беріледі. Жүсіпбек Аймауытов пен Сәкен Сейфуллин туындыларында кеңістік категориясы әлеуметтік-тарихи өзгерістер контекстінде қарастырылып, Алтай бейнесі ұлттық болмыс пен заман шындығының өзара сабақтастығын айқындайтын көркемдік деталь ретінде қолданылады. Ал Иса Байзақов поэзиясында Алтай табиғаты эпикалық серпінмен, романтикалық пафоспен жырланып, халықтық дүниетаным аясында өрістейді.

Осылайша, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде Алтай тақырыбы табиғат лирикасының шеңберінен шығып, ұлттық идея, тарихи сана және рухани тамыр ұғымдарымен ұштасқан көпқырлы көркемдік феноменге айналды. Бұл үрдіс қазақ әдебиетіндегі кеңістік концепциясының тереңдеуіне және ұлттық-мәдени кодтың поэтикалық тұрғыдан жаңаша интерпретациялануына негіз қалады.

«Айбатты Алтай тауы бұлттан асқан,
Басың қар-қысы, жазы қырау басқан.
Айдынды Азияның қарауылы-
Шудалы Ақбас бура көбік шашқан.
Өр Алтай ызғарланған көкке тиіп,
Өр кеуде ақ мамықтай төсік биік.
Үймелеп көктен бұлттар, қоршап төніп
Аймалап ақ төсінді құшқан сүйіп.
Басыңнан суық мұздай мөлдір бұлақ
Күрілдеп көбік шашып, төмен құлап.
Мың түрлі әнге қосқан сарындарың
Көш жерден құрыш қанып естір құлақ.
Бауырыңда ақ бөкеннің лағы ойнап,
Сағымдай сумаңдаған салып ойнақ.
Уа, шіркін! Шың құзына келіп шығып,
Отырсам қызыл жібек әлем байлап» [2].

Сәкен Сейфуллин поэзиясындағы Алтай бейнесі ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі мен рухани аңсарын танытатын лирикалық категория ретінде көрінеді. Ақын жырларында Алтай табиғаты эстетикалық идеал деңгейіне көтеріліп, көркемдік бейнелеу құралдары арқылы асқақ пафоспен суреттеледі. Табиғаттың сұлулығы мен кеңістіктің айбындылығы адам сезімімен астасып, ұлттық кеңістіктің символдық мәнін айқындайды. Алтай бейнесі тек табиғи-географиялық нысан ретінде емес, тарихи жады мен мәдени сабақтастықтың көркем көрінісі ретінде танылады.

Алтай тақырыбы қазақ поэзиясында кеңінен жырланып, оның көркем келбеті ән мен жырға арқау болғаны белгілі. ХХ ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер кезеңінде Алтай образы табиғи сұлулықпен қатар экономикалық және стратегиялық маңызымен де сипаттала бастады. Осы тұрғыдан алғанда, Алтай – әрі эстетикалық, әрі өркениеттік құндылықтарды тоғыстырған кеңістік. Сондықтан

бұл өңірде туып-өскен тұлғалар үшін Алтай ұғымы табиғи мақтаныш пен рухани идентификацияның негізіне айналады.

XX ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаев Алтай тақырыбын тарихи-философиялық деңгейде пайымдайды. Ақын дүниетанымында Алтай мен Тұран ұғымдары өзара сабақтас, егіз категориялар ретінде көрінеді. Мағжанның Түркістан өлеңінде Алтай түркі халықтарының тарихи түп-төркіні, этногенездік бастауы ретінде бейнеленеді. Ақын Алтайды түріктердің ежелгі мекені, олардың таралу аймағының алғашқы ошағы деп танытып, кеңістікті ұлттық тарихи санамен ұштастырады.

Осылайша, Сәкен Сейфуллин поэзиясында Алтай лирикалық-эмоционалдық сипатта көрінсе, Мағжан Жұмабаев шығармашылығында ол тарихи-мифологиялық әрі өркениеттік кеңістік деңгейінде интерпретацияланады. Бұл екі бағыт XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде Алтай тақырыбының көпқырлы, идеялық-символдық мазмұнға ие болғанын айғақтайды. Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?

«Түрікке адамзатта ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,

Тұранның ерлеріне ел жеткен бе?!» [3].

«Алтай, Күршім - не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, мәйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алалаған-ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі-алты ай жаз тау еркесі-киік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны.

Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлықтай айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұрандасып, күбірлесіп, көлендесіп, езу тартса-есің кетіп, сұңқыл қақса-шым-шым етіп, бойың босап, қиялың қия кезеді», - деп Алаштың ардақты азаматы Ж.Аймауытов «Ақбілек» романында Алтайдың ғажап сұлу табиғатын ақ өлеңмен суреттеп берген еді [4].

«Ал десең, аясына алады Алтай,

Көргенде көңілге күй салады Алтай.

Сұлудай торғын киген бұлт жамылып,

Арқаға әлденеше қарады Алтай.

Алтайдың ең үстінде Ақтау биік,

Бойына бұлт жете алмай тартқан киік.

Андары, бұғы, марал ойын салып,

Секірген қиясында өршіл киік.

Көргенде көз, көңілдің Алтай емі,

Алтайдың кең аңқиды алған демі.

Жерінен алтын, күміс жентектеліп,

Алтайдың кен құсады талай жері» [5].

Иса Байзақов «Алтай аясында» поэмасында шабыттана жырлайды. Иса Байзақов «Алтай аясында» поэмасында Алтай кеңістігін асқақ романтикалық пафоспен жырлап, оны ұлттық рухтың, табиғи сұлулықтың және тарихи тағдырдың тоғысқан мекені ретінде бейнелейді. Ақын поэмасында Алтай табиғаты

динамикалық сипатта суреттеліп, кеңістік категориясы лирикалық қаһарманның ішкі күйімен сабақтастырылады. Осы арқылы Алтай образы тек географиялық ұғым емес, рухани-эстетикалық концепт деңгейіне көтеріледі деп

Қазақтың ақиық ақыны Ғафу Қайырбеков:

«Ардағым Алтай, даламның асқан төрі екен,

Таудың да тарлан таланттысы екен, сері екен.

Тау емес, мынау кілең бір алтын баспалдақ

Алланың өзі аспаннан түскен жер екен» [6], – деп ерекше тебіренгені белгілі.

Қазақ поэзиясында Алтай бейнесін терең тебіреніспен жырлаған қаламгердің бірі – Ғафу Қайырбеков. Ақын өлең жолдарында Алтайды «даланың асқан төрі», «алтын баспалдақ» тәрізді метафоралық бейнелеулер арқылы асқақтата сипаттайды. Мұнда Алтай – киелі кеңістік, табиғат пен тылсым үйлесімінің символы. Көркемдік тәсілдер арқылы таудың биіктігі мен айбыны рухани биіктік ұғымымен астасып, поэтикалық образға айналады.

Жалпы алғанда, көркем әдебиетте суреттелген Алтай тақырыбы биік мұраттың, сұлулық пен мәңгіліктің символдық көрінісі ретінде орнықты. Ол – табиғаттың тылсым қуатын, тарихи жадының тереңдігін және ұлттық рухтың беріктігін танытатын көпқабатты образ. Алтай тақырыбы тарихи тамырынан нәр алып, әр кезеңдегі ақын-жазушылар шығармашылығында жаңаша көркемдік интерпретацияға ие болып отырды. Соның нәтижесінде Алтай бейнесі қазақ әдебиетінде эстетикалық әрі идеялық тұрғыдан орныққан, мәдени-рухани маңызы жоғары тұрақты көркемдік феноменге айналды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Алтай және қазақ руханияты // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Өскемен, 2011. – Б. 45-50.
2. Сейфуллин С. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 2003. – 192 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
4. Аймауытов Ж. Ақбілек: повесть, роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.
5. Байзақов И. Құралай сұлу : өлеңдер мен поэмалар. - Алматы : Атамұра, 2007. - 192 б.
6. Қайырбеков Ғ. Көнсадақ: өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Атамұра, 2003. 192 б.

ӘОЖ 821.512.122.09

О. БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ АУДАРМАДА БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Алиева Д.С.

Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.Қ., филология ғылымдарының

кандидаты, қауымдастырылған профессоры

С. Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: alievadinara813@gmail.com

Қазақ әдебиетінде 1960 жылдары өз өрнегімен, айрықша стилімен ерекшеленіп келген жазушылардың бірі - Оралхан Бөкей. «Мұзтаудың мұзбалағы» атанған қаламгер өзінің азғантай ғұмырында дара қолтаңбасы және жазу

шеберлігіндегі соны ізденістері арқасында оқырмандардың зор ықыласына бөленіп, жүректерінің төрінен орын алды. О. Бөкей «Кербұғы», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Құм мінезі», «Жетім Бота», «Бәрі де майдан», «Қар қызы», «Өліара», «Сайтан көпір» т.б. сынды көптеген повестері мен әңгімелері, «Өз отынды өшірме», «Атау кере» сынды романдары арқылы асқаралы биікке өзін де, туған елін де, әдебиетін де шығарып, қазақ әдебиетіндегі ұлы суреткер ретінде әлемге танылды.

Қара сөзден қамшы өрген қаламгер Оралхан Бөкей шығармаларында үнемі жауабы жоқ сұрақтар қоя отырып, өз оқырманын терең ойға батырып, шыңыраудың түбіне тастайды. Сондай жауапсыз сауалдарға толы шоқтығы биік шығармаларының бірі – «Атау кере» романы. Шығарма бүкіл адамзаттық мәселерді қозғай отырып, адамзатты ғасыр дертінен сақтандыру мақсатын көздейді. Повестегі Шал образы арқылы романтизм сарыны байқалады.

Жазушы мұнда Шал образының негізінде өмір шындығына деген өз көзқарасын танытуға тырысқан. Сонымен қатар өзінің ойдан жасалған әлемін көрсету мақсатында жоғарыда сөз еткен романтизм тәсілдерін ұтымды пайдаланғаны айқын аңғарылады. Шалдың елден жырақ қашып, тіршілік кешуі, Қозы және Баян есімді балаларды бірін Шығыстағы, бірін Батыстағы балалар үйінен алып келіп асырауы, ағалы-қарындастай болып кеткен балаларды өскенде қоспақ ойы - бәрі де тұнып тұрған романтизм десек болады. «Адам - орманның ортасында жүріп күнәға батқанша, ағаш-орманның арасында таза өскеніне не жетсін. Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да; ішімдік пен аяқтан шалар ағайын алауыздығынан да ада, таза да тәкаппар ұрпағын тәрбиелеймін. Иә, пәле - қала, өсек - жаладан... меңдуана жегендей желіктірер әуен мен әумесер қылар айғай-шудан да алып қашып отырмын» [1], - дейді Шал. Мұның өзі романтизм қаһармандарына тән қасиет екені йдан анық.

Жалпы О. Бөкей шығармалары түрлі тілдік бірліктерге бай болып келеді. Жазушы тілде бар дәстүрлі тіркестерге жаңаша сипат беріп, мағынасы жағынан алшақ сөздерді шендестіріп, тұлғалық жағынан бірқатар өзгерістерге ұшырата отырып, жаңа мағынамен байытудың жолын шебер көрсетеді. Оралхан Бөкейдің бір сөйлемде бірнеше тұрақты тіркестерді жалпыхалықтық қолданыстағы тұрақты тіркестермен үйлестіре отырып, өз әуеніне салып, құбылта қолдануы жиі байқалады. Халықтың әдеби тіліндегі тұрақты тіркестер еш өзгеріске түспей, дайын күйінде де жазушы туындыларында қолданыс тауып, берілген ойды шеберлікпен жеткізуде орынды қолданылып тұрғанын аңғаруымызға болады. Авторлық қолданыстағы тұрақты тіркестер жазушының «Бура» әңгімесінде жиі ұшырасады. Мысалы:

ҚАЗ. *Кең даланың суығына тоңып, ыстығына көнген хайуан тіршілік кешкен жерін сүреңсіз сұсты күй жайлап, жұтынған жұрттың тықыры таянған сайын шиыршық атып, жауынға тиген қыл арқандай ширап алатын* [2]. Берілген сөйлем ағылшын тіліндегі нұсқасында түсіріліп қалған.

ҚАЗ. *Жүк арта-арта әбден ығыр қылып, мылжа-мылжасын шығарып тастаған атан мен інгендердің өркешіне дейін жауыннан кейінгі жауқазындай едірейісе қалатын* [2].

ENG. *Even the working camels, who knew no peace, had fat, healthy humps* [3, p. 371]. Алайда бұл сөйлемнің ағылшынша аудармасы түйелердің жаз бойы семіріп, күзде күзеуге көшкенде өркештері майланғанын беру мағынасында автор «жауыннан кейінгі жауқазындай» деген сипаттамасын аудармашы жалаң ғана мән беретін, семіз мағыналы ағылшын тіліндегі «fat, healthy» сын есімдерін қолдану арқылы аударған.

Аталмыш сөйлемдерден «суығына тоңып, ыстығына көнген», «жауынға тиген қыл арқандай ширап алатын», «жауыннан кейінгі жауқазындай» түріндегі тұрақты тіркестер - автордың өз туындысы. Жалпыхалықтық қолданыста бұл тұрақты тіркестер «ыстығына күйіп, суығына тоңу», «жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптау», «қыл арқандай ширығу» түрінде ұшырасатынын баршамыз білеміз. Ал жазушы О. Бөкей болса тілде бар дәстүрлі тіркестерге жаңаша сипат беріп, мағынасы жағынан алшақ сөздерді шендестіріп, тұлғалық жағынан бірқатар өзгерістерге ұшыратып, жаңа мағынамен байытудың жолын айқын көрсеткенін байқаймыз.

Жазушының «Ардақ» пен «Бура» атты әңгімелеріндегі тұрақты тіркестер біріншіден, еш өзгертілмей, даяр қалпында сөйлемнің әртүрлі орындарында қолданылып, оқиға желісін, кейіпкер бейнесін сомдауда қолданылса, екіншіден, сол жалпыхалықтық тілдегі тұрақты тіркестерді сол мағынада, бірақ өзінше құбылтып өзгертіп қолданады, ал үшінші бір жағдайда, өз қаламынан бейнелі, тың тұрақты тіркестер жасап, сөздік қордың баюына өз үлесін қосқанын аңғарамыз. Өйткені, фразеологизмдер бойындағы мағына тұтастығы, дайын күйінде жұмсалатындығы, еш өзгеріске ұшырамай тіл арқылы берілуі, көп ойды аз сөзге сыйғызатын образдылығы ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтар туралы ақпараттарды тиімді береді.

О. Бөкейдің прозалық шығармаларындағы тұрақты тіркестер сол туындылардың көркемдік реңкін күшейтіп, жазушының стилін қалыптастырып, шеберлік қырын танытады. Ғалым Ә. Қайдар, фразеологизмдер ойдың әртүрлі эмоционалды-экспрессивті реңктерін беруге қабілетті екендігін айтады [4, 97 б.]. Ал ғалым Х. Қожахметова тұрақты тіркестер көркем шығармаларда образдардың мінезін кейіптеуде, олардың психологиялық көңіл-күйін бейнелеуде, кейіпкерлер бейнесін жасауда қолданылады дейді [5].

Жоғарыдағы тұрақты тіркестерді аудару барысында біріншіден, аудармашы сол тұрақты тіркестердің жалпы мағынасын қарапайым сөздермен берсе, екіншіден, түпнұсқадағы тұрақты тіркестерді аудармада да мағыналас фразеологизмдермен беруге тырысқаны аңғарылады, үшіншіден, түсіндіру тәсілі арқылы сол тіркестердің мағынасы жеткізіле берілген.

Қалай десек те тұрақты тіркестер аударуда үлкен қиындықтар туғызатын тілдік бірліктер екендігі баршамызға аян. Тұрақты тіркестердің сапалы аударылуы ол аудармашының қос тілді жақсы меңгергендігімен ғана өлшеніп қоймайды. Сонымен қатар аудармашыдан сол халықтың менталитетін, ұлттық болмыс-мінезін танып, фондық мәліметтерді, фондық білім мен ұлттық фондық білім қоры да талап етіледі. А. Федоров шынайы фонды құрайтын түсініктер жиынтығынан бөтен бір халықтың, бөтен бір елдің өмір бейнесі көрінеді дейді [6].

Тұрақты тіркестерді түпнұсқадан екінші бір тілге аудару барысында мынадай тәсілдер қолданылады:

1. Тұрақты тіркестердің аударылушы тілде кездесетін баламасымен аудару.

2. Аударылушы тілдегі нұсқасын беру арқылы аудару.

3. Аударылушы тілдегі баламасы да аударма нұсқасы да болмаған жағдайда тұрақты тіркес емес басқа да тілдік бірліктер арқылы аудару [7].

Оралхан Бөкейдің өзге де әңгімелері сияқты «Бура» да - түрлі тілдік құбылыстарға бай, қаламгерлік шеберлігін танытатын туындыларының бірі. Осыған дейін талдап көрсеткеніміздей мақал-мәтелдер де, тұрақты тіркестер де онда жиі ұшырасады. Мәселен, *Түйе атаулы жылауық* [1] деген мәтел «as weery as a double-humped camel» түрінде ағылшын тілінде де тұрақты тіркес оралымымен сәтті аударылған. Келесі бір ретте Бураның туған жерінің пейзажын жазушы «*Туған жерінің осы іспетті бірде жайсаң да жасаң, бірде кенезесі кепкен аңырақай дидары*» [1] деп суреттеп берсе, аудармашы осыған ұқсас келетін жазушының құм даланы суреттеген ұзақ сипаттамасын ағылшын тілінде бір мақалдың бойына сыйғызып «*Be it picturesque or sombre, there was no place toke like home for Bura*» [3, p. 371] деп береді де, басқа сөздер мен сөз тіркестердің барлығын түсіріп тастаған.

Осылайша жазушының «Ардақ» әңгімесінде кездесетін мақал-мәтелдердер қолданысына, әрі аудармада берілу жолдарына тоқталар болсақ, онда аудармашы автордың ішкі монологын түйіндеуде, баяндалып отырған оқиғасын бір сөзбен тұжырымдауда орынды қолданғанын көреміз. Мәселен:

ҚАЗ. *Аш құлақтан – тыныш құлақ* [8, 20 б.]. Бұл мақалдың аудармасы ағылшын тіліндегі нұсқасында түсіріліп қалған.

ҚАЗ. *Бар байлығы – бір шайлығы* [8, 20 б.].

ENG...*his entire fortune barely covered the cost of providing guests with tea as is right and proper* [3, p. 381]

ҚАЗ. *Кісі өлімі – тіріге сын* [8, 21 б.] (аудармасы ағылшын тіліндегі нұсқасында түсіріліп қалған).

ҚАЗ. *Есің барда – еліңді тап* [8, 21 б.].

ENG. *Go back to our native village* [3, p. 389].

Мұндағы Оралхан Бөкей қолданған тұрақты тіркестер *құтын қашырмау* – байлығын, бақытын кетірмеу, бірлік, ынтымағын сақтау деген мағынада қолданылса; *табанының астына тастау* – басу, жаншу, зулау мағынасында; *ұзақ телмірді* – көп қарады; *қамшылар жақ* – оң жағы; *қолқаны қабады* – жаман иіс танауын жарады; *қайта қайрылу* – қайта оралу, қайтып келу; *көз сату* – телміру, тілену мағыналарында қолданылып тұр. Бұл сөйлемдердегі тұрақты тіркестер ағылшын тіліне мағынасы жеткізіліп қана, басқа сөздермен алмастырылып аударылғанын байқауымызға болады.

Көркем туындыларды аудару барысында сол халық тілінде бейнеленген мәдениет, адамдардың болмысы, өмір сүру салты, олардың өздерін ұстау жолдары, ой-болмысы, қоршаған әлемді тануы сияқты ұлттық мәдениет көріністерін көрсету аудармадағы «аударылмайтын» тілдік бірліктерге қатысты қиындықтар туғызатыны анық.

Қорыта айтар болсақ, Оралхан Бөкей – туындыларының тақырыбы ерекше, тілдік құбылыстарға бай талантты жазушы. Оның жазушы ретіндегі бір ерекшелігі – шығармалары жарыққа шыға салысымен орыс тіліне бірден аударылып отыруы болса, екіншіден, жазушы еш шығармасын бірнеше рет жазбаған, яғни шимай қағаз қолданбаған екен. Ол шығармаларында өзінің ішкі болмысын, дүниетанымы мен көзқарасын ұлттық және мәдени астары терең тілдік бірліктер арқылы қатаң цензура сүзгісінен өткізе білген.

Жазушы шығармалары ағылшын тіліне аралық тіл арқылы аударылған. О. Бөкей шығармаларының орыс тіліндегі, сол арқылы ағылшын тіліне аударылған шығармаларының тілін талдау барысында түпнұсқа тілін жетік білетін аудармашылар (Б. Момышұлы, Р. Сейсембаев) аударған шығармалар сапасы жағынан жоғары екендігімен ерекшеленді. Ал аударманы жолма-жол тәсіл арқылы аударған аудармашылар (А. Ким, А. Кончиц, О. Мирошниченко, Ю. Домбровский т.б.) шығармаларында жазушының тілдік тұлғасы сақталмай, ұлттық және мәдени код толық берілмеген. О. Бөкей шығармаларын орыс тілінен ағылшын тіліне аударған аудармашы – Саймон Холлингсворт

Әдебиеттер тізімі

1. Бөкей О. Шығармалары. Роман, повестер. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. 2. – 384 бет.
2. Бөкей О. Бура // <https://reader.bookmate.com/czfRwIPo>. 15.10.2020.
3. Вокеев О. The man-deer and other stories. – Almaty, 2017. – 441 p.
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет.
5. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1972. – 79 бет.
6. Федоров А. Основы общей теории перевода: лингвистические проблемы. – СПб.: Филология три, 2002. – 416 с.
7. Шайманов А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі эмофразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері және оларды аударудың тәсілдері // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2015. – №3. – Б. 222-226.
8. О. Бөкей. Кербұғы: әңгімелер мен повесть. – Алматы, Атамұра, 2003. – 202 бет.

ӘОЖ 37.015.3:615.851

БІЛІМ БЕРУДЕГІ АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ануарбек Ж.А.

Ғылыми жетекші: Баймухамбетова Б.Ш., философия докторы PhD

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

Аннотация. Арт-терапия бүгінгі таңда психологиялық көмек көрсетудің тиімді әдістерінің бірі ретінде кеңінен қолданылуда. Ол әсіресе дамуында ауытқулары бар, эмоционалдық және мінез-құлықтық қиындықтары кездесетін балалармен жұмыс жасауда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс арқылы баланың ішкі жан дүниесін, сезімдері мен уайымдарын шығармашылық әрекет арқылы ашуға мүмкіндік туады. Арт-терапияның негізгі мақсаты – адамның психологиялық

мәселелерін шешу және эмоционалды жағдайын жақсарту. Сонымен қатар, ол баланың өзін-өзі тануына және өзіне деген сенімділігін арттыруға ықпал етеді. Ғалымдардың пікірінше, эмоциялық даму мен танымдық процестердің үйлесімділігі тұлғаның қалыптасуында ерекше маңызға ие. Арт-терапия осы процестерді дамытуда қауіпсіз әрі тиімді орта қалыптастырады. Бұл әдіс нәтижеге емес, шығармашылық процеске бағытталуымен ерекшеленеді. Сол арқылы бала еркін түрде өзін білдіріп, ішкі қысымнан арылады. Қорытындылай келе, арт-терапия балалардың психикалық денсаулығын нығайтып, олардың жан-жақты дамуына оң әсер ететін маңызды құрал болып табылады.

Кілт сөздер. Арт-терапия, психологиялық көмек, эмоционалды даму, мінез-құлық бұзылыстары, шығармашылық процесс.

Бүгінгі таңда арт-терапия психологтар, психотерапевттер және дефектологтар жұмысында қолданылатын тиімді әдістердің бірі болып саналады. Бұл дамуында ауытқулары бар әртүрлі эмоционалды және мінез-құлық бұзылулары бар балаларға психологиялық көмек көрсету кезінде өте құнды және тіпті таптырмайтын құрал. Арт-терапияның өзіндік педагогикалық бағыты бар, оның міндеттері даму, түзету, білім беру және әлеуметтену болып табылады.

Қазақстандық педагог-психологтардың ішінде С.М.Жакыпов[1], А.М.Құстубаева[2] өз еңбектерінде психиканың эмоциялық және танымдық қызметін қарастырған, Білім алушылардың оқу үдерісіндегі эмоциялары мен сезімдеріне тірек болу мәселелерін Қ.Б.Жарықбаев[3], Ж.И.Намазбаева[4], Х.Т.Шериязданова[5], Н.Қ.Тоқсанбаева[6] және т.б. сияқты қазақстандық педагогтар мен психологтар жариялап жүр. Тұлғалық және эмоциялық даму мәселелерін, сондай-ақ «эмоция» мен «ерекше қажеттілік» түсініктерін анықтау Н.Қ.Тоқсанбаеваның ғылыми еңбектерінен көрініс тапқан. Ғалым ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық ортасын зерттеудің өзектілігін атап, «барлық танымдық үдерістердің ішінде адамды қоғамға бейімдеп, оны оқу үдерісіне икемдейтін эмоциялық аспект негізгі болып табылады, өйткені әртүрлі әлеуметтік рөлдік қызметтерді субъективті-эмоция түрінде атқару жеке тұлғаны да және оны қоршаған әлемді де өзгертеді» дейді[6]. А.А.Төлегенова[7], Д.Б.Ахметова[8] сынды зертеушілер эмоциялық интеллектіні талдаған. Авторлар атап көрсеткендей, эмоциялық интеллектінің жоғары деңгейі эмоцияның мәнін түсінуге, жағымсыз эмоцияның көріністерін ретке келтіруге мүмкіндік береді.

Арт-терапияны жүргізуде ғалымдардың эмоция мәселесіне қатысты түрлі маңызды пікірлерінің маңызы зор.

Арт-терапия-бұл белгілі бір өнер түріне жанрлық тиістілігімен де, бағытымен де, психокоррекциялық терапевтік қолдану технологиясымен де анықталатын айырмашылықтары мен ерекшеліктері бар психокоррекциялық әдістердің жиынтығы. Қазіргі уақытта «арт-терапия» ұғымы бірнеше мағынаға ие:

- емдеу мен түзетуде қолданылатын өнер түрлерінің жиынтығы ретінде қарастырылады;

- арт-терапия әдістерінің кешені ретінде;

- психотерапиялық және психокоррекциялық тәжірибенің бағыты ретінде;

- әдіс ретінде.

Ол медицинада (психиатрия, терапия, хирургия және т.б.) және психологияда (жалпы, медициналық, арнайы) қолданылады. Арт-терапия әр түрлі өнер құралдарының адамға әсер етуімен байланысты бағыт ретінде өздігінен де, дәрі-дәрмектермен, педагогикалық және басқа құралдармен бірге қолданылады. Арт-терапия термині (art-therapy тікелей аударғанда «өнермен емдеу» деген мағынаны береді) ағылшын тілінен аударғанда шығармашылық терапия деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз ағылшындардан келді. Оны жалпы ғылымға 1938 жылы алғаш енгізген Андриан Хилл болды. Ол туберкулезбен ауырған ауруларды емдеуге алғаш рет енгізген. Көп кешікпей бұл сөз тіркесі шектеусіз және психотерапияның барлық бағыттарында, педагогикада, әлеуметтік жұмыста т.б. қолданылады. Әр адам өзін, өз сезімін және өзінің жағдайын әуен, дыбыс және сурет арқылы көрсете алады. Емдеу орталықтарында жүргізілетін өнерге қатысты қызметтердің барлық түрінде қолданыла бастады.

Арт-терапияның гуманистік бағытының өкілдері Эдит Крамер, Э. Виршоп, М. Бетенски, Р.Сильвер және т. б. Арт-терапияны өз тәжірибелерінде қолданған ресейлік ғалымдар: М.Ю.Алексеева, Е. Р.Кузьмина, Л. Д.Лебедева, А.В. Гришина, Л. А. Аметова, Е.А.Медведева, И. Ю. Левченко, Л. Н. Комиссарова, Т. А. Добровольский.

Арт-терапияның мәні өнердің терапиялық және түзету әсерінен тұрады. Сондай ақ көркем шығармашылық іс-әрекеттің көмегімен травматикалық жағдайды қалпына келтіруде, онымен байланысты тәжірибені көркемдік іс-әрекеттің өнімі арқылы сыртқы пішінге келтіруде, сонымен қатар жаңа жағымды тәжірибелер жасауда көрінеді.

Балалармен жұмыс жасауда арт-терапияны қолдану бірқатар артықшылықтарға ие:

- біріншіден, психологиялық тұрғыдан қауіпсіз, еркін, бағалауды талап етпейді.

- екіншіден, баланың шығармашылық өнімі ретроспективті баға беруге мүмкіндік береді (орындалған жұмысты бағалау).

- үшіншіден, баланың өзіндік құндылығы туралы хабардар болу мүмкіндігін жасайды.

Арт-терапияның негізгі мақсаты адамды суретші немесе әртіс етіп шығару емес, оның психологиялық мәселелерін шешуге бағытталады. Мұндай жұмысқа жасына қарамастан кез-келген адам қатыса алады және бұл оның шығармашылық қабілеттерін қажет етпейді. Арт-терапияның қандай да бір өнерге жүйелі оқыту сабақтарынан айырмашылығы оның нәтижеге емес шығармашылық процеске бағытталуы. Еркін шығармашылық жағдайы эмоционалды босатуды, өзін-өзі көрсету мүмкіндігін береді және процестің барлық қатысушыларына үлкен рахат сезім сыйлайды. Бала кезінде әр адам сурет салды, мүсіндеді, ойнады, сондықтан арт-терапия әдісі іс жүзінде жас шектеулеріне ие емес және арт-терапия процесіне белгілі бір адамдардың қатысуына қарсы көрсетілімдер жоқ. Арт-терапия адамдар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға көмектеседі. Арт-терапия көбінесе сөйлеу қабілеті жеткіліксіз, өз ойларын сөзбен жеткізу қиын болатын және өз тәжірибелерін ауызша сипаттауда қиындық тудыратын адамдар үшін өте маңызды және т.б.

Балалармен психокоррекциялық жұмыста арт-терапияның маңызын арттыру – бұл балалардың психикалық денсаулығын нығайтудың, олардың эмоционалдық, мінез-құлықтық және когнитивті дамуындағы кедергілерді еңсерудің маңызды құралы. Арт-терапия – тек сурет салу мен мүсіндеу емес, ол символикалық тіл арқылы баланың ішкі әлемін ашуға, сөйлеу арқылы білдіру қиынға соғатын сезімдер мен ойларды бейнелеуге мүмкіндік беретін терең психотерапиялық процесс. Бұл әдіс балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларға шығармашылықпен айналысу арқылы өзін-өзі тануға, өзіне деген сенімді арттыруға және өмірдегі қиындықтарды еңсеруге жол ашады.

Арт-терапияның тамыры тереңде психологияның әртүрлі бағыттарында жатыр. Атап айтқанда, Психоаналитикалық бағыт (З.Фрейд, К.Юнг): Психоанализдің негізгі идеясы – адамның мінез-құлқы мен эмоцияларының санадан тыс процестерге, әсіресе балалық шақта жинақталған тәжірибелерге, қорғаныш механизмдеріне және ішкі қақтығыстарға байланысты екендігі. Арт-терапияда балалардың суреттері мен шығармалары олардың бейсаналы ойлары мен сезімдерін көрсететін құрал ретінде қарастырылады. Мысалы, Фрейдтің қорғаныс механизмдері (репрессия, проекция) баланың бейнелеу тілінде көрініс табуы мүмкін. Карл Юнгтің архетиптер мен коллективті бейсаналылық туралы ілімі де арт-терапияға әсер етті. Балалардың суреттерінде жиі кездесетін әмебап символдар (дөңгелек, күн, ағаш) осы ұжымды бейсаналылықтың көрінісі ретінде қарастырылады. Арт-терапия балаларға осы бейсаналы мазмұнды қауіпсіз түрде зерттеуге және оны қабылдауға көмектеседі.

Гуманистік психология (К.Роджерс, А. Маслоу): Бұл бағыт адамның әлеуетін, өзін-өзі дамытуға деген талпынысын және тұлғаның өсуін қолдауды негізге алады. Арт-терапияда гуманистік психологияның әсері балаға деген эмпатия, шартсыз қабылдау және шынайылық сияқты қағидаттарда көрінеді. Психолог баланың шығармашылық процесін бағаламай, керісінше, оның ішкі тәжірибесін тыңдап, қолдау көрсетеді. Арт-терапия баланың өзінің “шынайы” тұлғасын табуына, өзінің құндылығын сезінуіне және өзіне деген сенімін нығайтуына ықпал етеді.

Когнитивті-мінез-құлық терапиясы (А. Бек, А. Эллис): Бұл бағыт ойлау үлгілері мен мінез-құлық арасындағы байланысты зерттейді. Арт-терапия арқылы балалар өздерінің теріс ойлау қалыптарын анықтай алады. Мысалы, "ешқашан бағынбаймын" немесе "ешкім мені жақсы көрмейді" сияқты ойларды сурет арқылы бейнелеп, бұл ойлардың негізсіз екенін түсінуге болады. Шығармашылық үдерісте жаңа шешімдер іздеу, жоспарлау және орындау арқылы балалардың мәселелерін шешу дағдылары мен сыни ойлау қабілеттері дамиды.

Жүйелік терапия: Бұл бағыт адамды оның отбасылық, әлеуметтік жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастырады. Арт-терапия арқылы балалар өздерінің отбасылық қарым-қатынастарын, жанұядағы орнын бейнелей алады. Бұл суреттер ата-аналарға баланың ішкі әлемін, оның отбасындағы рөлін түсінуге көмектеседі. Жүйелік арт-терапия отбасылық қақтығыстарды шешуге, қарым-қатынастарды жақсартуға және отбасылық қолдауды нығайтуға бағытталған.

Бастапқыда Зигмунд Фрейд пен Карл Густав Юнг адамның ешкімге айта алмаған сыры және эмоциясын сыртқа шығаруға көмектесетін терапия жасауға

тырысты. Уақыт өте келе науқастармен жұмыс істеген суретші Адриан Хилл туберкулезбен ауыратын жандардың денсаулығы арт-терапиядан кейін жақсара бастағанын байқаған. «Арт-терапия» түсінігі осы кезде енгізілді.

Көптеген адам мен жасы кіші балалар өзінің не сезініп тұрғанын түсінбейді және оны сөзбен сыртқа шығара алмайды. Осының себебінен айналасындағылармен қарым-қатынас құруы қиындайды. Өз-өзіне қалай тыйым салатынын, бейсанасында қандай бағдарлама барын, жан жарасын шығармашылық процесс кезінде анықтау, онымен жұмыс істеу оңайырақ. Яғни адам өзі туралы сөзбен айтпайды – тек «метафория» түрінде көрсетеді: түс, дыбыс, қозғалыс және т.б. арқылы. Кейін маманмен өнер туындысының астарында не жатқанын анықтап, оны емдеп жазуға тырысады дейді психолог мамандар.

Арт-терапияның қарапайым сурет салу, киім тігу немесе музыка тыңдаудан айырмашылығы көп. Өйткені оның мақсаты әдеттегідей өнер объектісін жасау емес, бар болғаны адамның ішкі менімен жұмыс істеу. Осыны ескере отырып тәсіл нәтижеге емес, процеске көбірек негізделеді. Сондықтан арт-терапияға бару үшін керемет сурет салып білудің қажеті жоқ.

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта арт-терапия әдістері балалар мен жасөспірімдердің танымдық қабілеттерін жетілдіруде тиімді құрал ретінде танылуда. Арт-терапияның алуан түрлі әдістері балалар мен жасөспірімдердің танымдық процестерін жан-жақты жетілдіре отырып, олардың психологиялық және эмоциялық күйін жақсартуға, оқу, тәрбие және даму процесіне оң әсерін тигізетінін байқадық. Арт-терапия - бұл тек өнерді сүйетіндерге ғана емес, сонымен қатар психологиялық саулығын жақсартуды, өзін-өзі тануды тереңдетуді және өмірге деген жаңаша көзқарас қалыптастыруды қалайтындар үшін тиімді әдіс. Ол адамға ашылуға, өз ішкі әлемін зерттеуге және өмірінде оң өзгерістер жасауға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері. – Алматы: Алла прима, 2012. – 203 б.
2. Кустубаева А., Джакупов С.М., Толегенова А.А., Ракишев Р. Эмоциональный и когнитивный интеллект // Вестник НАПК. – Алматы, 2008. – № 1-2. – С. 30-37.
3. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері. Алматы, 2005. – Б. 415.
4. Намазбаева Ж.Ы. Психология. – Алматы: Print-S, 2005. – 296 б.
5. Шерьязданова Х.Т. Диагностическое исследование эмоционального выгорания преподавателей колледжа // Ученые записки СПбГИ психологии и социальной работы. – 2017. – №1. – С. 128-134.
6. Альмухамбетова Б.Ж., Токсанбаева Н.К., Баженова Э.Д. Методология исследования эмоционального состояния студентов с особыми образовательными потребностями в вузах: учебно-методическое пособие / Альмухамбетова Б.Ж., Токсанбаева Н.К., Баженова Э.Д. – Талдыкорган: Изд. отдел ЖУ им. И. Жансугурова, 2020. – 123 с.
7. Толегенова А.А. Психофизиологическое исследование эмоционального интеллекта: док. филос. (Ph.D.) ... дис. – Алматы, 2009. – 115 с.
8. Ахметова Г.К., Балакаева Г.Т., Зейнолла С.Ж. К вопросу развития эмоционального интеллекта субъектов образовательной среды // Казанский педагогический журнал. – 2016. – № 41 (117). – С. 95-100.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Ахметжанова Ш.Ш., Бастауыш сынып мұғалімі
«Сейфуллин атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
Мақаншы ауданы, Абай облысы, Қазақстан
e-mail: shynar_akhmetzhanova@mai.lru

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту жолдары қарастырылады. Оқу процесінде қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдердің тиімділігі талданып, оқушылардың қызығушылығын арттырудағы мұғалімнің рөлі сипатталады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мұғалімнің кәсіби шеберлігіне жоғары талап қояды. Білім беру мазмұны жаңарып, оқыту үдерісінде оқушының жеке тұлғасын дамыту, оның шығармашылық қабілетін арттыру негізгі мақсаттардың біріне айналды. Әсіресе бастауыш сынып кезеңі – баланың тұлғалық дамуы мен білімге деген қызығушылығы қалыптасатын маңызды кезең болып табылады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің міндеті – оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, олардың танымдық белсенділігін дамыту.

Бастауыш мектеп – білімнің алғашқы баспалдағы. Осы кезеңде оқушылардың оқу дағдылары, ойлау қабілеті, сөйлеу мәдениеті және өздігінен білім алуға деген ынтасы қалыптасады. Егер осы кезеңде оқыту дұрыс ұйымдастырылса, оқушының әрі қарайғы оқуына берік негіз қаланады. Сол себепті мұғалім сабақ барысында тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттыруы қажет.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың белсенділігін арттыру үшін ойын технологиялары, топтық жұмыс, сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылуда. Мұндай әдістер оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өз ойын еркін жеткізуіне, шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты бастауыш сыныпта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдарын зерттеу және тиімді әдістерін қолдану – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі. Себебі оқушының білімді сапалы меңгеруі оның сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігіне байланысты. Егер оқушы оқу процесіне белсенді қатысса, онда оның ойлау қабілеті дамып, алған білімін өмірде қолдана алу мүмкіндігі артады. Сондықтан мұғалім сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерінің бірі – олардың ойын арқылы білімді тез қабылдауы. Осыған байланысты сабақта ойын элементтерін пайдалану өте тиімді. Дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа

деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ойлау, есте сақтау және зейін қабілеттерін дамытады. Мысалы, «Кім жылдам?», «Тапқыр болсаң, тауып көр», «Сиқырлы сандықша», «Жасырын сөзді тап» сияқты ойындар оқушылардың белсенділігін арттырып, оқу материалын жеңіл меңгеруге көмектеседі. Ойын барысында оқушылар еркін ойлап, өз пікірін ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар, бастауыш сыныпта топтық жұмыс әдісін қолдану да өте тиімді. Топтық жұмыс барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, бірлесіп тапсырма орындайды. Бұл олардың бір-біріне көмектесуіне, өз ойларын дәлелдеуге және ортақ шешім қабылдауға үйренуіне мүмкіндік береді. Топтық жұмыс оқушылардың жауапкершілігін арттырып, олардың коммуникативтік дағдыларын дамытады. Мұғалім топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде әр оқушының белсенді қатысуына жағдай жасап, олардың өзара сыйластықта жұмыс істеуіне бағыт беруі қажет. Сабақ барысында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану да оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл технология оқушыларды өз бетімен ойлауға, ақпаратты талдауға және қорытынды жасауға үйретеді. Мысалы, «Кластер», «БББ кестесі», «Ойлан – жұптас – бөліс», «Венн диаграммасы» сияқты әдістер оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Мұндай тапсырмалар арқылы оқушылар өз білімдерін жүйелеп, жаңа ақпаратты бұрынғы білімдерімен байланыстыра алады.

Қазіргі уақытта білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану ерекше маңызға ие. Интерактивті тақта, мультимедиялық презентациялар, бейнематериалдар және түрлі цифрлық білім беру ресурстары сабақтың мазмұнын байытып, оқушылардың назарын аударуға көмектеседі. АКТ құралдарын қолдану арқылы мұғалім сабақта көрнекілікті арттырып, оқу материалын түсіндіруді жеңілдетеді. Сонымен қатар, мұндай технологиялар оқушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бастауыш сыныпта оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту да маңызды. Шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге, қиялын дамытуға және жаңа идеялар ұсынуға үйренеді. Мысалы, сурет салу, шағын әңгіме құрастыру, рөлдік ойындар ұйымдастыру сияқты тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырады. Мұндай жұмыстар оқушылардың өзіне деген сенімін күшейтіп, олардың белсенділігін арттырады.

Осылайша, бастауыш сыныпта қолданылатын әртүрлі педагогикалық әдіс-тәсілдер оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға үлкен ықпал етеді. Мұғалім сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын оятатын әдістерді тиімді пайдаланып, оқу процесін қызықты әрі мазмұнды ұйымдастыруы қажет. Мұндай жағдайда оқушылар білімді саналы түрде меңгеріп, өздігінен білім алуға ұмтылады.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру – білім беру үдерісінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру арқылы олардың оқу мотивациясын қалыптастыруға және білім сапасын жақсартуға болады. Бұл үдерісте мұғалімнің кәсіби шеберлігі, шығармашылықпен жұмыс

істеуі және тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдануы үлкен рөл атқарады. Сабақ барысында ойын технологияларын, топтық жұмыстарды, сыни тұрғыдан ойлау әдістерін және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Мұндай әдістер оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өз ойын еркін жеткізуіне және білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, мұғалім әр оқушының жеке ерекшелігін ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыруы қажет. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, өздігінен білім алуға баулу және олардың оқу әрекетіне деген жауапкершілігін қалыптастыру – бастауыш білім берудің маңызды міндеттері. Осылайша, бастауыш сыныпта заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мұғалімнің басты мақсаты – оқушыларды білім алуға ынталандырып, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2018.
2. Жарықбаев Қ. Педагогика негіздері. – Алматы: Рауан, 2010.
3. Әбдікәрімов Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы: Білім, 2012.
4. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2004.
5. Сейтқазиев А. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2015.
6. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 2008.
7. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. – Астана, 2007.

ӘОЖ 1174

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ДҰРЫС СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Балажанова Г.М., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Сейфуллин атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
Мақаншы ауданы, Абай облысы, Қазақстан
e-mail: arujan83@bk.ru

Қазақ тілінде дұрыс сөйлеу мәдениеті – бұл адамның тілдік нормаларды сақтай отырып, ой-пікірін айқын, түсінікті және сыпайы жеткізу қабілеті. Тіл мәдениеті – кез келген қоғамдағы тұлғаның білім деңгейін, әлеуметтік белсенділігін, психологиялық және коммуникативтік дамуын көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бастауыш сыныптан бастап дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, баланың ойлау, есте сақтау, сөйлеу және жазу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ тілінің орфоэпиялық, грамматикалық және лексикалық нормаларын меңгеру, сөйлеу мәдениетін дамыту тек тілдік дағдыларды емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени құндылықтарды қалыптастырады. Сабақ барысында дұрыс сөйлеу мәдениетін дамыту – оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін

арттыру, өз ойын дұрыс жеткізе білу, ой-пікірін нақты және логикалық түрде айту дағдыларын қалыптастыру.

Қазіргі білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту тек грамматика мен сөздік қорды жетілдірумен шектелмейді. Пән мұғалімі оқушыларға сөйлеу мәдениетін үйретуде ойын, диалог, жобалық әдістерді, интерактивті және инновациялық технологияларды белсенді қолдануы қажет. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескеру – тиімді сабақ өткізу үшін маңызды.

Сөйлеу мәдениеті – бұл тілдік нормаларды сақтау, логикалық және көркем ойлау арқылы ойды дұрыс жеткізу. Ол бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады:

- фонетикалық және орфоэпиялық дағдылар;
- грамматикалық дұрыстық;
- лексикалық байлық;
- коммуникативтік және әлеуметтік тұрғыдан дұрыс сөйлеу.

Педагогикалық теориялар

• Выготскийдің әлеуметтік даму теориясы – балалардың сөйлеу дағдылары әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы дамиды.

• Бихевиористік тәсілдер – тілдік дағдыларды жаттығу және қайталау арқылы қалыптастыру.

• Эмоционалды және танымдық тұрғыдан оқыту – қызықты интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін арттыру.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері

• Ұзақ мәтінді есте сақтау қиын, сондықтан қысқа, нақты сөйлемдер мен визуалды материалдар тиімді.

• Ойын және интерактивті әдістер оқу мотивациясын арттырады.

• Танымдық белсенділік аз, сондықтан диалог және практикалық тапсырмалар қажет.

Қазақ тілінде дұрыс сөйлеуді дамыту әдістері

1. Сөйлеу дағдыларын дамыту

• Диалогтар жүргізу, рөлдік ойындар, сұрақ-жауап.

• Шығармашылық тапсырмалар: әңгімелеу, шағын эссе, көркем мәтіндерді айту.

2. Грамматикалық және лексикалық дағдылар

• Интерактивті жаттығулар, сөздік ойындар, мәтіндер талдау.

• Орфоэпия мен грамматикалық нормаларды практикалық сабақтар арқылы бекіту.

3. Ойын және интерактивті әдістер

• «Дұрыс сөйлеу жарысы», рөлдік драматизация, сөздік пазлдар.

• Мультимедиялық презентациялар, аудио-визуалды материалдар.

4. Жобалық әдіс

• Топтық жобалар: «Менің тіл мәдениетім», «Сөйлеу мәдениеті – мінез мәдениеті».

• Әр топ өз жобасын қорғайды, пікір алмасады, сөйлеу мәдениетін тәжірибе жүзінде қолданады.

Қазақ тілінде дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру – бастауыш сынып

оқушыларының тұлғалық, әлеуметтік және интеллектуалдық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дұрыс сөйлеу мәдениетін дамыту тек тілдік нормаларды меңгерумен шектелмейді. Бұл процесс оқушының ойлау қабілетін, логикалық тұрғыдан сөйлеуін, эмоционалды және әлеуметтік дағдыларын дамытумен тығыз байланысты. Балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру барысында педагогтің рөлі ерекше маңызды, себебі ол тілдік, коммуникативтік және шығармашылық дағдылардың қалыптасуына бағыт-бағдар береді.

Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, сөйлеу мәдениетінің негізгі құрамдас бөліктері – орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық және коммуникативтік дағдылар. Бастауыш сыныпта осы дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыру оқушылардың сөздік қорын байытуға, тілдік қателерді азайтуға, логикалық және көркем ойлауын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дұрыс сөйлеу мәдениетін дамыту балалардың өзін-өзі ұстауы, өз ойын дәл жеткізуі, сыныптағы әлеуметтік қарым-қатынастарын реттеуі үшін маңызды.

Практикалық тәжірибе көрсеткендей, сабақта қолданылған инновациялық әдістер – ойын, диалог, рөлдік жаттығулар, топтық және жеке жобалар, интерактивті тапсырмалар – балалардың сөйлеу дағдыларын айтарлықтай жақсартты. Мысалы:

- Диалог және рөлдік ойындар арқылы оқушылардың коммуникативтік қабілеті дамыды, олардың сөйлеу мәнері мен логикалық ойлауы жетілді.
- Ойын және интерактивті тапсырмалар сабаққа қызығушылықты арттырып, оқушылардың белсенділігін қамтамасыз етті.
- Жеке және топтық жобалар шығармашылық ойлау қабілетін, сөйлеу икемділігін және өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастырды.

Қазақ тілінде дұрыс сөйлеу мәдениетін дамытуда педагогтің жүйелі жұмысы өте маңызды. Ол сабақта тілдік нормаларды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және эмоционалды дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмаларды тиімді қолдануы қажет. Сонымен бірге, әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру маңызды – кейбір балаларға қосымша мотивация, көрнекі құралдар немесе индивидуалды тапсырмалар қажет болуы мүмкін.

Осы зерттеудің нәтижелері педагогтар үшін бірнеше практикалық ұсыным береді:

1. Сабақтарды әрдайым ойын, интерактивті және көрнекі әдістермен байыту, сөйлеу мәдениетін дамытатын практикалық тапсырмаларды енгізу.
2. Диалог, рөлдік ойын және топтық жұмыс арқылы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.
3. Жеке және топтық жобалар арқылы шығармашылық ойлауды дамыту және балалардың өз ойын дәл жеткізуіне мүмкіндік беру.
4. Ата-аналар мен сынып жетекшілерімен тығыз байланыс орнатып, балалардың күнделікті өмірде дұрыс сөйлеу мәдениетін қолдануын қолдау.
5. Тілдік нормаларды бекітуге жүйелі көңіл бөлу, орфоэпиялық, грамматикалық және лексикалық қателерді түзету жұмыстарын сабақта тұрақты жүргізу.

Қорыта келгенде, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру – бұл тек пәндік

мақсат емес, сонымен қатар оқушының тұлғалық дамуының, әлеуметтік қарым-қатынасының және оқу жетістіктерінің негізгі факторларының бірі. Бастауыш сыныпта қазақ тілінде сөйлеу мәдениетін жүйелі түрде дамыту арқылы біз оқушылардың өз ойын сенімді, көркем және логикалық жеткізу қабілетін қалыптастырамыз. Бұл олардың мектеп өмірінде ғана емес, кейінгі өмірінде де табысты, коммуникативті және мәдени тұрғыдан дамыған тұлға болып өсуіне жағдай жасайды.

Сонымен, педагогикалық тәжірибеге сүйене отырып, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістерін жүйелі түрде қолдану – мектептегі сабақ тиімділігін арттырудың, оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын жетілдірудің негізгі кілті болып табылады. Бұл бағытта сабаққа ойын, диалог, интерактивті әдістерді, жобалық жұмыстар мен практикалық тапсырмаларды жүйелі енгізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенова Ж. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2015.
2. Жұмабаева Б. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында инновациялық әдістер. – Алматы, 2010.
3. Әбдірахманова Г. Қазақ тілін оқытудың заманауи әдістері. – Алматы, 2018.
4. Виготский Л.С. Психология развития ребенка. – Москва, 1984.
5. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – Москва, 2005.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007.
7. Коваленко Н.П. Педагогическая психология. – Санкт-Петербург, 2012.
8. Махамбетова Г. Бастауыш сыныпта сөйлеу мәдениетін дамыту. – Алматы, 2016.
9. Смаилова Д. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру әдістері. – Алматы, 2019.
10. Ахметова Б. Қазақ тілінде дұрыс сөйлеу мәдениеті және оның педагогикалық негіздері. – Алматы, 2020.
11. Тәжібаев Н. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2015.

УДК 37

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ПОДРОСТКОВ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЕ

Бейсенбаева М.Т.

Научный руководитель: Завалко Н.А., д.п.н., профессор кафедры ПОиМ
КГУ «Васильковская основная школа», село Капай Батыр, Казахстан
e-mail: beisenbayeva.munira@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития критического мышления подростков в процессе обучения английскому языку. Анализируются теоретические и психолого-педагогические основы формирования критического мышления, а также методы его развития в условиях образовательного процесса. Особое внимание уделяется возможностям урока иностранного языка как средства формирования аналитических, оценочных и рефлексивных навыков учащихся.

Отдельно рассматриваются особенности организации обучения в сельской школе и возможности использования интерактивных методов обучения для развития критического мышления подростков.

Ключевые слова: критическое мышление, подростки, обучение английскому языку, сельская школа, коммуникативная компетенция, методы обучения.

Введение

Современное образование характеризуется переходом от традиционной модели передачи знаний к формированию у обучающихся универсальных компетенций, необходимых для успешной социализации и профессиональной деятельности. Одной из ключевых компетенций XXI века является критическое мышление, позволяющее человеку анализировать информацию, оценивать её достоверность и принимать обоснованные решения.

Интенсивное развитие информационных технологий и увеличение объема доступной информации требуют от учащихся умения ориентироваться в информационном пространстве, критически осмысливать получаемые данные и использовать их в практической деятельности. В связи с этим формирование критического мышления становится одной из приоритетных задач современного образования.

Особую роль в развитии критического мышления играет обучение иностранному языку. Предмет «Иностранный язык» обладает значительным потенциалом для формирования аналитических и коммуникативных навыков учащихся, поскольку предполагает работу с текстами, обсуждение различных точек зрения, анализ культурных особенностей и развитие аргументированной речи.

Актуальность исследования также обусловлена особенностями обучения в сельской школе. В условиях ограниченных образовательных ресурсов урок английского языка может выступать эффективным инструментом развития интеллектуальных способностей учащихся и расширения их мировоззрения.

Цель данной статьи — рассмотреть особенности развития критического мышления подростков на уроках английского языка и определить эффективные методы его формирования в условиях сельской школы.

Теоретические основы развития критического мышления

Критическое мышление является сложным когнитивным процессом, включающим способность анализировать информацию, выявлять причинно-следственные связи, оценивать аргументы и формировать собственные выводы. По мнению исследователей, критическое мышление предполагает последовательное рассуждение, доказательство или опровержение утверждений, а также установление логических связей между различными явлениями.

В педагогической науке критическое мышление рассматривается как важный элемент интеллектуального развития личности. Оно формируется в процессе учебной деятельности и требует систематической педагогической поддержки.

Исследователи отмечают, что критическое мышление не является врожденным качеством. Оно развивается постепенно в ходе выполнения

различных познавательных задач, требующих анализа, сравнения, синтеза и оценки информации.

В условиях обучения иностранному языку развитие критического мышления тесно связано с формированием иноязычной коммуникативной компетенции. Учащиеся учатся понимать содержание текста, выявлять позицию автора, интерпретировать информацию и выражать собственное мнение на иностранном языке.

Таким образом, обучение английскому языку может рассматриваться как эффективное средство развития критического мышления учащихся.

Психолого-педагогические особенности подросткового возраста

Подростковый возраст является важным этапом развития личности. В этот период происходит активное формирование мировоззрения, системы ценностей и способности к самостоятельному мышлению.

Психологические исследования показывают, что в подростковом возрасте существенно изменяется структура мышления. Учащиеся начинают активно использовать логические операции, анализировать информацию, проводить аналогии и формулировать собственные выводы.

Однако подростковое мышление характеризуется также некоторыми особенностями, такими как склонность к поспешным выводам и недостаточная аргументированность суждений. Поэтому задача учителя заключается в создании условий для развития аналитических и рефлексивных навыков учащихся.

Эффективное развитие критического мышления возможно при использовании методов обучения, предполагающих активное участие учащихся в образовательном процессе, обсуждение проблемных ситуаций и совместный поиск решений.

Методы развития критического мышления на уроках английского языка

Современная методика преподавания иностранных языков предлагает различные технологии развития критического мышления. Среди наиболее эффективных методов можно выделить:

1. Метод проектов

Проектная деятельность предполагает самостоятельное исследование учащимися определенной проблемы и представление результатов работы. В процессе выполнения проектов школьники анализируют информацию, сравнивают различные источники и формулируют собственные выводы.

2. Метод взаимного обучения (peer-to-peer learning)

Данный метод предполагает активное взаимодействие учащихся, обмен знаниями и обсуждение учебных вопросов в группах. В ходе такой деятельности учащиеся учатся рассматривать проблему с различных точек зрения и аргументированно отстаивать собственную позицию.

3. Дискуссии и дебаты

Организация дискуссий на уроках английского языка способствует развитию аргументации, аналитического мышления и коммуникативных навыков. Учащиеся учатся формулировать собственное мнение и уважительно относиться к позиции других участников обсуждения.

4. Анализ текстов

Работа с аутентичными текстами позволяет развивать навыки анализа информации. Учащиеся могут выполнять задания на определение основной идеи текста, выявление аргументов автора и оценку достоверности представленной информации.

Исследования показывают, что использование комплекса подобных методов способствует повышению уровня критического мышления учащихся. В ходе экспериментальной работы было установлено, что применение специально разработанной программы обучения позволило повысить уровень критического мышления подростков в среднем на 11,7 %.

Особенности развития критического мышления в условиях сельской школы

Сельская школа обладает рядом особенностей, влияющих на организацию образовательного процесса. К ним относятся ограниченные образовательные ресурсы, небольшая наполняемость классов и необходимость индивидуального подхода к обучению.

Несмотря на существующие трудности, сельская школа обладает значительным потенциалом для развития критического мышления учащихся. Небольшие классы позволяют организовывать групповые формы работы, дискуссии и проектную деятельность.

Кроме того, использование цифровых образовательных ресурсов и интернет-технологий позволяет расширить образовательные возможности сельских школьников и повысить их мотивацию к изучению английского языка.

Заключение

Развитие критического мышления является важнейшей задачей современного образования. Формирование данного навыка способствует развитию интеллектуальной самостоятельности учащихся, их способности анализировать информацию и принимать обоснованные решения.

Уроки английского языка обладают значительным потенциалом для развития критического мышления благодаря коммуникативной направленности обучения и возможности использования разнообразных интерактивных методов.

Наиболее эффективными средствами развития критического мышления являются проектная деятельность, взаимное обучение, дискуссии и анализ текстов. Использование данных методов способствует формированию аналитических, оценочных и коммуникативных навыков учащихся.

Таким образом, систематическое применение технологий развития критического мышления на уроках английского языка способствует формированию у подростков ключевых компетенций, необходимых для успешной адаптации в современном обществе.

Список литературы

1. Воропаева Е.В. Развитие критического мышления подростков на уроках иностранного языка. – Екатеринбург, 2023.
2. Воропаева Е.В. Использование концепции взаимного обучения (peer-to-peer) при формировании критического мышления подростков на онлайн-уроках иностранного языка // Интерактивная наука. – 2022. – №10.

3. Воропаева Е.В., Куприна Т.В. Практика применения метода проектов на уроках иностранного языка и его роль в формировании критического мышления подростков. – Екатеринбург, 2023.
4. Шакирова Д.М. Теоретические основания концепции формирования критического мышления // Педагогика. – 2006.
5. Шадриков В.Д. Познавательные процессы и способности в обучении. – М.: Просвещение, 1990.
6. Halpern D. Teaching critical thinking for transfer across domains // American Psychologist. – 1998.
7. Bailin S., Case R., Coombs J., Daniels L. Conceptualizing Critical Thinking // Journal of Curriculum Studies. – 1999.
8. Van Gelder T. Teaching critical thinking: Some lessons from cognitive science // College Teaching. – 2005.
9. Vdovina E., Gaibisso C. Developing Critical Thinking in the English Language Classroom. – ELTA Journal, 2013.

ӘОЖ 37

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Біләлова Н.Н.

Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.Қ., филология ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған профессоры

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: nurai_nurbekova@bk.ru

Андатпа. Мақалада Мұзафар Әлімбаев поэзиясын жалпы білім беретін мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде қолданылатын инновациялық технологиялардың тиімділігі қарастырылады. Ақын шығармаларын меңгертуде цифрлық платформалар, жобалық оқыту, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, интерактивті әдістер мен креативті тапсырмалар жүйесінің мүмкіндіктері талданады. Поэзияны оқытуда дәстүрлі талдау мен заманауи педагогикалық тәсілдердің сабақтастығы негізделіп, практикалық ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: поэзияны оқыту, инновациялық технология, цифрлық білім беру, жобалық әдіс, интерактивті оқыту, әдеби талдау.

Қазіргі білім беру кеңістігінде әдебиетті оқыту мазмұны ғана емес, оны меңгертудің әдіс-тәсілдері де жаңғыру үстінде. Әсіресе поэзияны оқытуда оқушының эмоциялық қабылдауы мен аналитикалық ойлау қабілетін қатар дамыту маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, Мұзафар Әлімбаев поэзиясы – эстетикалық талғам қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды меңгертуге және шығармашылық ойлауды дамытуға қолайлы материал. Ақын шығармаларының мазмұндық тереңдігі мен тілдік айшықтылығы оны дәстүрлі түсіндірмелі әдіспен ғана емес, инновациялық технологиялар арқылы оқытуды талап етеді. Осыған байланысты поэзияны оқыту үдерісінде білім алушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес,

мәтінді өз бетінше зерттеуші субъект ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Мұзафар Әлімбаев шығармаларын меңгертуде интерпретациялық еркіндікке негізделген тәсілдер оқушының жеке пікірін қалыптастыруға, көркем мәтінді көпқабатты құрылым ретінде қабылдауына мүмкіндік береді [1.23]. Әдеби талдау барысында сұрақ қою мәдениетін қалыптастыру, мәтін ішіндегі астарлы мағыналарды іздеу, авторлық позицияны пайымдау – инновациялық оқытудың басты бағыттарының бірі. Интерактивті талдау әдістері поэзияның ішкі құрылымын жүйелі түсінуге жағдай жасайды. Мысалы, өлең мәтінін семантикалық өрістерге бөліп қарастыру, кілт сөздер арқылы мазмұндық карта құру, образдар жүйесін графикалық модель түрінде көрсету – күрделі поэтикалық құрылымды нақты әрі түсінікті етеді. Бұл тәсілдер мәтіннің тек мазмұнын игерумен шектелмей, оның композициялық және стильдік ерекшеліктерін де айқындауға көмектеседі. Сондай-ақ, цифрлық гуманитаристика элементтерін пайдалану әдеби білімнің жаңа мүмкіндіктерін ашады [2.45]. Өлең мәтініндегі жиі қолданылатын лексемаларды сандық талдау, тақырыптық динамиканы салыстырмалы диаграмма арқылы көрсету, автор шығармашылығының кезеңдік эволюциясын интерактивті хронология түрінде ұсыну – оқыту процесін зерттеу сипатындағы әрекетке айналдырады. Мұндай жұмыс оқушының аналитикалық дағдысын жетілдіреді және поэзияны деректік негізде зерделеуге жол ашады. Әлімбаев поэзиясын оқытуда рефлексивтік тәсілдер де маңызды. Әдеби мәтінді оқу барысында оқушының ішкі әсерін тіркеу, эмоциялық жауап пен логикалық қорытындыны салыстыру, автор идеясына жеке көзқарасын дәлелдеу – тұлғалық дамуға бағытталған әрекеттер. Бұл үдеріс әдебиетті тек пәндік білім ретінде емес, рухани тәжірибе ретінде игеруге ықпал етеді.

Поэзияны цифрлық ортада оқыту – мәтінді визуалды және аудиалды форматта қабылдауға мүмкіндік береді. Мұзафар Әлімбаев өлеңдерін интерактивті такта, презентация, бейнефильм, подкаст форматында ұсыну оқушының қабылдау арнасын кеңейтеді. Мысалы, өлең мәтінін экранда бөліктерге бөліп, кілт сөздерге гиперсілтеме жасау, автор өміріне қатысты деректерді визуалды карта түрінде көрсету оқыту процесін жандандырады. Сонымен қатар, аудиожазба арқылы өлеңді мәнерлеп тыңдату оның ырғақтық, интонациялық ерекшеліктерін терең түсінуге ықпал етеді.

Әлімбаев поэзиясын талдауда «INSERT», «Кластер», «Блум таксономиясы» сияқты стратегиялар тиімді нәтиже береді. Бұл әдістер оқушыны тек мазмұнды меңгеруге емес, мәтінге талдау жасауға, салыстыруға, бағалауға жетелейді. Мысалы, «Өлеңдегі ұлттық құндылықтар» тақырыбында кластер құру арқылы оқушылар мәтіннен ұғымдарды іріктеп, олардың өзара байланысын анықтайды. Мұндай жұмыс аналитикалық ойлау қабілетін арттырады. Жобалық технология ақын шығармаларын терең зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушылар топтық жұмыс арқылы «Әлімбаев поэзиясындағы табиғат бейнесі», «Балалар поэзиясындағы тәрбиелік мазмұн», «Ақын поэзиясындағы уақыт концептісі» секілді тақырыптарда зерттеу жобаларын дайындай алады.

Әлімбаев поэзиясын оқытуда шығармашылық тапсырмалар маңызды орын алады. Өлеңді заманауи стильде қайта жазу, белгілі бір шумаққа иллюстрация жасау, авторға хат жазу сияқты тапсырмалар оқушының эстетикалық қабылдауын

тереңдетеді [3.45]. Рефлексия кезеңінде «Бес жолды өлең», «Еркін жазу» әдістерін қолдану арқылы оқушы өз әсерін жүйелейді. Жобалық жұмыстарды ұйымдастыру барысында зерттеу кезеңдерін нақтылау маңызды: мәселені айқындау, дереккөздермен жұмыс, мәтіндік талдау, нәтижені интерпретациялау және қорытынды жасау. Мұндай құрылым оқушының ғылыми ізденіс мәдениетін қалыптастырады. Әр топ өз тақырыбы бойынша поэтикалық мәтіндерден дәйексөздер келтіріп, образдар жүйесін салыстырып, ортақ тұжырым ұсынуға дағдыланады. Бұл үдеріс тек әдеби білімді тереңдетіп қана қоймай, дербес ойлау мен дәлелді пікір айту қабілетін жетілдіреді. Инновациялық технологиялардың тағы бір бағыты – коллаборативті оқыту. Онлайн платформада ортақ құжатпен жұмыс істеу, пікір алмасу форумдарын ұйымдастыру, цифрлық постер немесе инфографика әзірлеу арқылы білім алушылар мәтінді бірлесе талдайды. Әсіресе поэзиядағы символдар мен метафораларды визуализациялау олардың мағыналық өрісін кеңінен ашуға мүмкіндік береді. Мұндай әдіс көркем мәтінді тек сөздік деңгейде емес, бейнелік деңгейде де игеруге жағдай жасайды. Әлімбаев шығармаларын меңгертуде проблемалық оқыту әдісі де нәтижелі. Оқушыларға «Ақын поэзиясындағы ұлттық болмыс қалай көрінеді?» немесе «Лирикалық кейіпкердің уақытқа көзқарасы қандай?» сияқты ашық сұрақтар қойылып, пікірталас ұйымдастырылады [4.12]. Мұндай талқылау мәтіннің мазмұнын терең түсінуге және сыни пайым жасауға жетелейді. Мұзафар Әлімбаев поэзиясын оқытуды мазмұндық әрі әдістемелік тұрғыдан жаңғыртады. Бұл тәсілдер әдебиетті тек ақпарат көзі ретінде емес, танымдық-шығармашылық әрекет алаңы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім алушы көркем мәтінді талдай алатын, оны жеке тәжірибе [5.456].

Қорытындылай келе, Мұзафар Әлімбаев поэзиясын оқытуда инновациялық технологияларды жүйелі қолдану – әдеби білім мазмұнын жаңартудың тиімді жолдарының бірі. Ақын шығармаларының мазмұндық тереңдігі мен тілдік көркемдігі заманауи педагогикалық тәсілдер арқылы игерілгенде ғана толық ашылады. Цифрлық ресурстар, интерактивті платформалар, жобалық және проблемалық оқыту әдістері поэзияны қабылдаудың аясын кеңейтіп, оқушының танымдық белсенділігін арттырады. Инновациялық технологиялар поэзияны тек мәтіндік талдау нысаны ретінде емес, зерттеу, интерпретация және шығармашылық әрекет кеңістігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер білім алушының эмоциялық қабылдауын, сыни ойлауын, коммуникативтік дағдыларын және эстетикалық талғамын қатар дамытады. Әсіресе, топтық жұмыс пен цифрлық құралдарды үйлестіре қолдану әдебиетті оқытуды тұлғалық-бағдарлы бағытта жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаева С. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2011.
2. Қоңыратбаев Т. Әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 2005
3. Әлімбаев М. Таңдамалы шығармалар: Көп томдық. – Алматы: Жазушы, 2003.
4. Әлімбаев М. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ана тілі, 2010.
5. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2004.

ЦИФРОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ КАК СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ХИМИИ

Богданова В.А.

Научный руководитель: Бегенова Б.Е., д.х.н., профессор
Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: bogdanova_608@mail.ru

АЛГОРИТМДІК ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ЛОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ДАМУ

Конусова А.И., информатика пәні мұғалімі
«Сейфуллин атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
Мақаншы ауданы, Абай облысы, Қазақстан
e-mail: alfuya-k85@mail.ru

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру және алгоритмдік ойлау дағдыларын дамыту маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Ақпараттық қоғам жағдайында оқушылардан тек дайын білімді қабылдау емес, оны талдап, тиімді қолдана білу, шешім қабылдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту талап етіледі. Алгоритмдік ойлау – мәселелерді кезең-кезеңімен шешуге, жүйелі түрде жоспарлауға және нәтижеге тиімді жетуге мүмкіндік беретін ойлау қабілеттерінің маңызды түрі болып табылады.

Информатика пәні алгоритмдік ойлауды дамыту үшін ең қолайлы пәндердің бірі болып табылады. Себебі сабақ барысында оқушылар алгоритм құру, бағдарламалау, практикалық тапсырмаларды орындау сияқты әрекеттер арқылы логикалық және құрылымдық ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Алгоритмдік ойлау тек информатика пәнінде емес, басқа пәндерді игеруде, сонымен қатар өмірде де шешім қабылдауға көмектеседі.

Бастауыш және негізгі мектепте алгоритмдік ойлауды дамыту оқушылардың логикалық пайымдау, талдау, салыстыру және жоспарлау дағдыларын қалыптастырады. Сабақта ойын элементтері, практикалық тапсырмалар, жобалық әдістер мен заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады және логикалық ойлау қабілеттерін жүйелі дамытуға мүмкіндік береді. Алгоритмдік ойлау – оқушыларға нақты тапсырманы қадам-қадаммен шешуге мүмкіндік беретін ойлау қабілеті. Бұл қабілет оқушылардың жүйелі, логикалық ойлауын дамытып, шешім

қабылдауда тиімділікті арттырады. Информатика сабақтары алгоритмдік ойлауды дамыту үшін ерекше мүмкіндік береді, өйткені:

- Оқушылар белгілі бір тапсырманы орындау үшін алгоритм құрады;
- Бағдарламалау тілдерін пайдалана отырып логикалық байланыстарды түсінеді;

- Мәселені шешудің бірнеше жолын ойластырады;
- Талдау және салыстыру қабілеттерін дамытады.

Алгоритмдік ойлау тек жеке оқушылардың дамуына ғана емес, сабақтың жалпы тиімділігіне де ықпал етеді. Бұл қабілет логикалық ойлау, шығармашылық және практикалық дағдыларды бір уақытта дамытады.

Бастауыш сыныпта алгоритмдік ойлауды дамыту ойын элементтерімен үйлескен практикалық тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Мысалы:

- LEGO WeDo немесе mBot роботтары арқылы қадамдық тапсырмалар беру;
- Роботты лабиринттен шығару, нысанды табу сияқты ойындар;
- Топтық тапсырмалар: оқушылар шағын топтарда роботты басқару арқылы мәселені шешеді.

Бұл әдістер оқушыларға өз ойларын жүйелеуге, логикалық байланыстарды анықтауға және шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сабаққа қызығушылық пен белсенділікті арттырады.

Негізгі мектепте алгоритмдік ойлауды дамыту күрделене түседі, сондықтан сабақта жобалық және практикалық тапсырмалар қолдану тиімді. Мысалы:

- Жобалық жұмыс: оқушылар шағын бағдарлама құрып, оны робот арқылы жүзеге асырады;
- Бағдарламалау: Scratch немесе Python арқылы алгоритмдерді құру;
- Практикалық есептер: роботты бағдарлау, сенсорларды пайдалану, қоршаған ортаны тану.

Жобалық әдіс оқушылардың логикалық ойлау қабілетін тереңдетіп, шығармашылық пен аналитикалық ойлау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, топтық жұмыс арқылы оқушылар бір-бірімен идеяларын бөлісіп, ортақ шешім қабылдауға үйренеді.

Информатика сабақтарында алгоритмдік ойлауды дамыту үшін келесі әдістер тиімді:

1. Ойын әдісі – қызығушылықты арттырады;
2. Жобалық әдіс – шығармашылық пен логикалық ойлауды дамытады;
3. Топтық жұмыс – коммуникативтік дағдыларды қалыптастырады;
4. Интерактивті құралдар – компьютер, планшет, робот конструкциялары арқылы сабақты көрнекі етеді.

Бұл әдістер сабақтың қызықты, практикалық және нәтижелі өтуін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2004.
2. Сейтқазиев А. Оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2015.
3. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 2008.
4. Бидайбеков Е. Информатиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 2010.
5. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. – Астана, 2007.

6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2018.
7. Жарықбаев Қ. Педагогика негіздері. – Алматы: Рауан, 2010.

ӘОЖ 821.512.122.09:37.09

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

**Кржибаева С.М., «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
2-курс магистранты**

**Ғылыми жетекші: Картаева А.М., профессор, филология
ғылымдарының докторы**

**Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: Saule.kr98@mail.ru**

Қадыр Мырза Әли - еліміздегі аты мәшһүр жыр дүлділерінің бірі. Оның бірінші туындысы 1954 жылы республикалық «Пионер» балалар журналында жарияланды. Содан бергі уақыт ішінде оның жетпістен астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ әдеби-сын кітаптары жарық көрді, өлеңдері мектеп оқулықтарына енді. Ал әнге арнап жазылған өлеңдерінің саны екі жүзден асты. Олардың көбі халыққа кең тарады, «Күндер-ай» атты жеке кітап болып басылып шықты.

Баспа бетінде Қадыр шығармалары туралы айтылған пікірлер өте көп. Қадыр Мырза Әли - қазіргі қазақ әдебиетінің майталман шебері, классигі. Мәселен, ақынның шығармашылығы жөнінде академик С.Қирабаев: «Туған жер туралы толғанысты оның тарихы, салт-дәстүрі, халықтың жақсы мінездері жайлы ойлармен ұштастыруда. Қ.Мырза Әли ізденістері өте бағалы. «Ой орманы», «Дала дидары» кітаптары қазақ тағдыры жайлы ақынды тебіrentкен ойлардың біздің бүгінгі өмір-тіршілігіміздің мән-мақсатын сезінуге бастайтынын көреміз. Ол шындыққа, құбылыстың сырына, дала тарихына ой көзімен қарауға үйретеді-десе, академик З.Қабдолов: «Енді тұрысына көшсек, мүбәда қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсынан өте беріп, соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан, шын Қадыр Мырзалиев,» - деп оның өлеңдерін, поэмаларын аса жоғары бағалады.

Қ.Мырза Әли ең алғаш өзінің шығармашылық жолын балаларға арнап өлеңдер жазудан бастаған ақын. Ал балаларға арнап шығарма жазудың өзіндік ерекшелігі, көптеген қиындықтары бар. Балаларға арнап шығарма жазу үшін автордың балалардың мінез-құлқын, психологиясын, қабылдау дәрежесін жете білуі аса қажет. Қ. Мырза Әли балалардың психологиясын, мінез-құлқын, жазумен айналысқан педагог жазушы екенін танытты. Оның «Көктем» (1959), «Жаңғалақтар» (1960), «Кішкене Қожанасырлар» (1961), «Ноян қоян» (1962), «Алуан палуан» (1963), «Сабақ» (1964), «Шымыр жанғақ» (1984) сияқты кітаптары өзінің идеялық көркемдік сапасының шымырлығымен қазақ балалар әдебиетінің алтын қорына қосылған туындылар. Ақынның өлеңдері баланың ұғымына жеңіл оқуына оңай. Бәрі де бала жүрегін жаулап алатын, олардың жан-дүниесін тербетер,

әдемі, көрікті. Өмірге келген әр жасөспірімнің білім қорын байытып, өмірлік сабақ алуына ұйымды түрде тікелей жәрдемдесетін еңбектер. Көркем өнерінің аса маңызды саласы балалар әдебиетінің өсіп-өркендеуіне Қадыр ақынның сіңірген еңбегін республика жұртшылығы лайықты түрде бағалаумен келеді. Оған дәлел: оның балаларға арналған көптеген кітаптарының қайта-қайта, жеткіншектердің күнбе-күн қолдан тастамайтын рухани игілігіне айналуы.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бергі жарты ғасырға жуық ақын шығармалары ересек оқырмандарға айналды. 1965 жылы жарық көрген «Ой орманы» атты өлеңдер жинағындағы мазмұны терең, көркемдік дәрежесі биік өлеңдермен-ақ ақын қалың оқырманның жылы ықыласына бөленіп, бірден әдеби қауымға жете таныла бастады. Оған дәлел - 1966 жылы «Ой орманы» өлеңдер жинағы үшін ақынға Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының берілуі.

Одан кейінгі жылдары ол өндіре жазып, көптеген өлең кітаптарын бастырды. «Дала дидары» (1966), «Бұл бағы» (1967), «Ақ отау» (1968), «Домбыра» (1975), «Алақан» (1977), «Қорамсақ» (1980), «Көкпар» (1981),

«Күндер-ай» (1984), «Күміс қоңырау» (1985), «Қызыл кітап» (1986), «Қылыш пен қанжар» (1991), «Мәңгі майдан» (1992), «Заман-ай» (1997), «Еңіреп өткен ерлер-ай» (2001) т.б.

Қадыр Мырза Әли көптеген өлеңдері мектеп оқулықтарына енді. Ақын өзінің әзіл, ойнақы жырларымен тентектікті, жалқаулықты әжуалап, өз оқушысын жақсы өнеге, сүйкімді қылыққа мегзейді. Оның әнге арнап жазған өлеңдерінің саны 200-ден астам. Олардың көбі халық арасына кеңінен тарап «Үндер-ай» атты жеке кітап ретінде басылып шықты. Талантты ақынның еңбектері бірнеше тілге аударылып, сонау шетелдіктер тарапынан өте жоғары бағаланды. Ақын қаламынан халық фольклорының атақты күлдіргі кейіпкері Алдар Көсе туралы «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты сатиралық комедиясы мен Махамбет батырдың ең соңғы азапты күндері туралы «Жаралы жолбарыс» атты драмалық шығармалары туды. Әлемдік әдебиет өкілдерінің шығармаларын қазақшалады.

Ақын белгілі бір тақырыпты терең зерттеп зерделейтін жүйе жинақтарды өмірге әкелді. Олар «Ақ отау», «Бұлбұл бағы», «Ой арманы», «Дала дидары», «Домбыра», «Жерұйық», «Алақан», «Қорамсақ», «Көкпар», «Қызыл кітап», «Мәңгі майдан», «Қылыш пен қанжар», «Заман-ай», «Алмас жерде қалмас» тағы басқа жинақтар қазақ поэзиясында бұрын–соңды болып көрмеген құбылыс ретінде қабылданды. Ақын қаламынан әдебиеттің әр жанрына қатысты шығармалар туды.

Ол лирика, поэма, драма, эссе, афоризмдер, ғибратты мөлтек әңгімелер, әдеби сын, аудармалар және балалар әдебиетіне өлшеусіз үлес қосты.

«Қазақ поэзиясында осы ғасырдың орта тұсынан өте бере келіп, соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант екеу болса - бірі, біреу болса өзі - Қадыр Мырзалиев... Қазіргі қазақ поэзиясын көп дауысты, қуатты оркестр десек, мұның құрамындағы Қадыр музыкасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері бар: Қадыр лирасының сыңғыры бөлек, сыры терең»,-деп баға береді академик Зейнолла Қабдолов

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті – оқушының жан дүниесін байыту, ұлттық сана-сезімін ояту және рухани-адамгершілік қасиеттерді дарыту. Әсіресе орыс сыныптарында қазақ әдебиетін оқыту барысында бұл мақсат ерекше

мәнге ие. Әдебиет сабағы арқылы оқушылар тек тіл үйреніп қана қоймай, халықтың дүниетанымын, мәдениетін, мінезін таниды.

Қадыр поэзиясы осы тұрғыдан үлкен тәрбиелік мәнге ие. Мысалы, «Адам бол!» өлеңінде жас ұрпаққа адамдықтың, адалдықтың, жауапкершіліктің маңызы айтылады. Ал «Мен қазақпын» өлеңі – ұлт рухының символы, ол оқушыға өз ұлтына мақтаныш сезімін ұялатады.

Сабақтарда ақын шығармашылығын тиімді оқыту үшін келесі инновациялық әдістер қолдануға болады: «Өлеңді сезіну» әдісі – оқушылар өлеңді оқып, өз әсері мен түсінігін бөліседі; «Құндылықтар картасы» – шығармадан алынған адамгершілік идеяларды талқылап, постерге бейнелеу; «Интерактивті талдау» – Padlet, Kahoot, Quizizz сияқты цифрлық құралдар арқылы өлең мазмұнын бекіту; «Шығармашылық жоба» – «Қадыр мұрасы» атты бейнебаян немесе эссе жазу.

Бұл әдістер оқушылардың ойлау белсенділігін арттырып, әдебиетке деген қызығушылығын күшейтеді. Ең бастысы – олардың жүрегінде мейірім, ар-ождан, намыс, отансүйгіштік сезімдерін оятады.

Қадыр Мырза Әли поэзиясын оқытудағы жаңа идеялар және функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары. Қазіргі білім берудің басты мақсаты – оқушыны өмірде қолдана алатын біліммен қамтамасыз ету. Бұл бағытта функционалдық сауаттылық пен PISA зерттеулерінің талаптары маңызды рөл атқарады. Қазақ әдебиеті пәнінде Қадыр Мырза Әли шығармашылығын пайдалана отырып, оқушылардың сыни ойлауын, талдау, салыстыру, аргументтеу дағдыларын дамытуға болады.

1. Функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері Қадыр поэзиясын тек жаттау емес, өмірмен байланыстыру – басты мақсат. «Өлеңнен өмірге» әдісі – оқушылар өлең жолдарын қазіргі өмірмен байланыстырып, қандай құндылық өзекті екенін дәлелдейді. «Кейс талдау» – өлең мазмұнына сәйкес өмірлік жағдаят беріліп, оқушылар шешім қабылдау арқылы ақын ойын өмірмен ұштастырады. «Салыстырмалы талдау» – Қадырдың өлеңін басқа автордың шығармасымен салыстыру, оқушының бағалау және пікір айту қабілетін дамытады. «Құндылық кодтары» әдісі – әр өлеңнен мейірім, жауапкершілік, намыс, адалдық сияқты құндылықтарды тауып, постер түрінде ұсыну.

2. PISA форматына бейімделген тапсырмалар үлгісі Қадыр өлеңдері оқушыларды мәтінді терең түсінуге және нақты дәлелмен жауап беруге үйретеді. Мысалы, «Мен қазақпын» өлеңін талдауда:

Тапсырма 1: Өлеңдегі ұлттық бейнелерді анықта және олардың мәнін түсіндір.

Тапсырма 2: Ақынның «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» жолындағы ойды қазіргі заманмен байланыстырып түсіндір.

Тапсырма 3: Бұл өлең қазіргі жас ұрпаққа қандай рухани күш береді? Өз көзқарасыңды дәлелде. Бұл тапсырмалар оқушыны талдау, дәлелдеу, мәтін мен өмір арасындағы байланысты табуға бағыттайды.

3. Инновациялық әдістер мен жаңа идеялар Қадыр Мырза Әли поэзиясын оқытуда келесі әдіс-тәсілдер тиімді нәтиже береді: «Кері байланыс дөңгелегі» – оқушылар өлеңнен не үйренгенін, өз өміріне қандай ой түйгенін жазады; «QR талдау» – әр топқа QR-код арқылы ақынның бейнесі, цитаталары немесе сұрақтар

беріледі; «Саналы оқу» (Visible Thinking) әдісі – «Көрдім – ойландым – білдім» стратегиясы арқылы оқушы ой қорытады; «Mind map» (ақыл картасы) – өлеңнің құрылымын, тақырыптық желісін, негізгі ойды визуалды түрде бейнелейді; «Дәлелді пікір» (Claim–Evidence–Reasoning) моделі – әр оқушы өз пікірін өлең жолымен дәлелдеп, логикалық қорытынды жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Қадырдың қадірі. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. 1-т., – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2001.
2. С.Қирабаев. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. А., 1998.
3. Аманхан Әлім. Талант тағлымы //«Ана тілі»газеті, 10-желтоқсан, 2009.
4. Мырза Әли Қ.Таңдамалы: Өлеңдер.-Алматы: Жазушы. 2005. - 424 бет.
5. «PISA халықаралық зерттеуінің нәтижелері және функционалдық сауаттылықты дамыту бағыттары». – ҚР БҒМ, 2023.
6. Жұмабекова, Ш. Қазақ әдебиетін оқытуда жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдер. – Алматы: Рауан, 2020.

ӘОЖ 1174

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Кырыкбаева Г.У., Бастауыш сынып мұғалімі
«Сейфуллин атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
Мақаншы ауданы, Абай облысы, Қазақстан
e-mail: Kyrykbaeva-gulmira@mail.ru

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыру әдістері қарастырылады. Оқу мотивациясы – оқушылардың білім алуға, сабаққа белсенді қатысуға деген ішкі ынтасы мен қызығушылығы. Мақалада заманауи педагогикалық әдістер, мотивациялық стратегиялар және практикалық тәжірибелер талданады. Сонымен қатар, оқу мотивациясын арттыру арқылы сабақ тиімділігін, шығармашылық қабілеттерді және оқу нәтижесін жақсарту жолдары қарастырылады.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – оқушыларды жан-жақты дамыған, шығармашылық қабілеті жоғары, әлеуметтік дағдылары қалыптасқан тұлға ретінде тәрбиелеу. Бастауыш сынып – бұл білім алудың алғашқы кезеңі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың оқу мотивациясы, эмоционалды және әлеуметтік қабілеттері қалыптасатын маңызды саты болып табылады. Осы кезеңде оқушылардың танымдық белсенділігін, қызығушылығын және өздігінен білім алу қабілетін дамыту – педагогтің басты міндеттерінің бірі.

Оқу мотивациясы – бұл оқушының білім алуға деген ішкі ынтасы, сабаққа белсенді қатысуға деген қабілеті мен қызығушылығы. Білім беру тәжірибесі көрсеткендей, оқушылардың оқу мотивациясы жоғары болған кезде олардың білімді қабылдау қабілеті артып, оқу процесіне қызығушылығы өседі. Керісінше, мотивация төмен болса, оқу сапасы да, белсенділігі де төмендейді. Сондықтан

бастауыш сыныптағы оқу мотивациясын арттыру әдістерін зерттеу өзектілігін жоғалтпайтын тақырып болып табылады.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, оқушылардың мотивациясын қалыптастыру бірнеше факторға байланысты: ішкі мотивация, яғни оқушының өз қызығушылығы мен жеке дамуға деген құштарлығы, және сыртқы мотивация, яғни бағалау, ата-ананың қолдауы, мұғалімнің ықпалы. Ішкі мотивация оқушының өзін-өзі дамытуға, шығармашылық және когнитивтік қабілеттерін арттыруға бағытталған. Сыртқы мотивация оқушыны тапсырманы орындауға ынталандыруға, сабаққа белсенді қатысуға мәжбүр етеді. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, тиімді оқу мотивациясы екі фактордың үйлесімі арқылы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескерсек, олардың оқу мотивациясын қалыптастыру үшін педагогикалық әдістерді жүйелі қолдану қажет. Мысалы, ойын технологиялары, жобалық әдістер, интерактивті тапсырмалар және позитивті кері байланыс оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, мотивациялық стратегиялар тек танымдық белсенділікті арттырып қана қоймай, оқушылардың эмоционалды тұрақтылығын, әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Оқу мотивациясы – бұл оқушының білім алуға деген ішкі ынтасы, сабаққа белсенді қатысуға деген қабілеті мен қызығушылығы. Оқу мотивациясы оқушының оқу процесіне қатысуын, жаңа білімді меңгеруге ұмтылысын, өзін-өзі дамыту және жетілдіру қабілетін анықтайды.

Ғылыми әдебиеттерде оқу мотивациясы көбіне екі негізгі компонентке бөлінеді:

1. Ішкі мотивация (*intrinsic motivation*) – оқушының өз қызығушылығы, жеке дамуға ұмтылысы, жаңа білімді алу ниеті. Бұл мотивацияның негізгі факторы – оқушының ішкі қызығушылығы мен өз бетінше әрекет етуге құштарлығы.

2. Сыртқы мотивация (*extrinsic motivation*) – бағалау, марапат, ата-ананың немесе мұғалімнің ықпалы сияқты сыртқы ынталандырулар. Бұл мотивация оқушыны тапсырманы орындауға немесе сабаққа қатысуға мәжбүрлейді, бірақ ішкі қызығушылықты дамытпайды.

Бастауыш сынып оқушылары үшін оқу мотивациясын қалыптастыру маңызды, себебі олардың оқуға деген қызығушылығы мен белсенділігі мектептегі алғашқы жетістіктеріне тікелей әсер етеді.

Оқу мотивациясын арттыру әдістері:

Ойын технологиялары: Бастауыш сыныпта оқу мотивациясын арттырудың тиімді әдістерінің бірі – ойын технологиялары. Ойындар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, танымдық белсенділікті ынталандырады және білімді қабылдауды жеңілдетеді.

Рөлдік ойындар: Рөлдік ойындар – оқушылардың нақты өмірлік жағдайларды модельдеу арқылы оқуға қатысуын қамтамасыз етеді. Мысалы, математикалық тапсырмаларды шешу кезінде «дүкенші – сатып алушы» ойынын ұйымдастыру немесе әдебиет сабағында кейіпкерлердің рөлін ойнау арқылы оқу қызықты әрі есте қаларлық болады.

Дидактикалық ойындар:

• Сөзжұмбақтар, пазлдар, кроссвордтар – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

• «Сұрақ–жауап» ойындары – сабақ материалын бекіту үшін тиімді.

• «Сабақ ойыны» – оқушыларды топқа бөліп, ұпай жинауға арналған ойындар мотивацияны күшейтеді.

Ойын технологиялары тек білімді меңгеруге емес, сонымен қатар әлеуметтік дағдылар мен командалық жұмыс қабілетін дамытуға да ықпал етеді.

Жобалық әдіс: Жобалық әдіс – оқушыларға нақты бір тапсырманы орындау арқылы өз білімін практикалық тұрғыда көрсетуге мүмкіндік береді.

Топтық жобалар:

• Оқушылар шағын топтарға бөлініп, бір тақырып бойынша зерттеу жүргізеді.

• Топтық жобалар оқушының шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытады.

Жеке жобалар:

• Жеке жобалар оқушының өзіндік зерттеу дағдыларын дамытады.

• Мысалы, бастауыш сыныпта «Менің сүйікті жануарым» тақырыбында көркем сурет, әңгіме немесе презентация жасау.

• Жобалық әдіс оқушылардың өзіндік белсенділігін арттырады және оқу процесіне деген жауапкершілікті қалыптастырады.

Позитивті кері байланыс

Позитивті кері байланыс – оқушылардың оқу мотивациясын арттырудың маңызды әдістерінің бірі.

Мақтау және ынталандыру

• Оқушының шағын жетістіктерін атап өту.

• «Жақсы», «Өте жақсы» сияқты позитивті сөздерді қолдану.

• Белсенділік пен қызығушылықты марапаттау.

Сыннан қорғау

• Қателіктерді сын ретінде емес, даму мүмкіндігі ретінде қарастыру.

• Сабақта қателескен оқушыны сынамай, дұрыс шешімге бағыттау.

Позитивті кері байланыс оқушылардың өзін-өзі бағалауына оң әсер етеді және сабаққа қатысуға деген ынтасын арттырады.

Интерактивті және цифрлық технологиялар

Интерактивті құралдар мен цифрлық технологиялар сабақтың көрнекілігін арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді.

Мультимедиялық ресурстар

• Презентациялар, видеоматериалдар, анимациялар сабақ материалын қызықты етеді.

• Мысалы, қазақ тілі сабағында мәтіндерді көркем бейнематериалмен көрсету.

Электрондық оқулықтар мен онлайн платформалар

• Оқушылар үйде немесе сыныпта интерактивті тапсырмаларды орындай алады.

• Мысалы, «Bilimland», «Znanium» сияқты платформалар арқылы оқушылар өз бетімен білім алады.

Интерактивті құралдар сабаққа қатысуды арттырады, ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді және оқу мотивациясын күшейтеді.

Эмоционалды және әлеуметтік мотивация

Эмоциялық және әлеуметтік факторлар оқу мотивациясын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Эмоционалды интеллектті дамыту

• Оқушыларға өз эмоцияларын тануға, басқаруға және басқа адамдардың эмоциясын түсінуге үйрету.

• Эмоционалды тұрақты балалар сабаққа белсенді қатысады, қызығушылығы жоғары болады.

Сыныптық атмосфера

• Достық қарым-қатынас, сенімді орта, қолдау көрсету сабаққа қатысуды арттырады.

• Топтық жұмыс пен ынтымақтастық арқылы оқушылар бір-біріне көмек көрсетіп, сабаққа қызығушылық танытады.

Мотивациялық стратегиялар

Мотивациялық стратегиялар оқу процесінде әдістермен үйлестіріліп қолданылуы тиіс. Мақсат қою

• Оқушыға нақты мақсаттар мен тапсырмалар беру.

Қызықты тапсырмалар

• Сабақта практикалық, шығармашылық және интерактивті тапсырмаларды қолдану.

• Тапсырманың қызықты әрі түсінікті болуы оқушылардың мотивациясын күшейтеді.

Жеке жетістіктерді көрсету

• Оқушының өз жетістіктерін бағалауы, күнделік жүргізу.

• Бұл оқушылардың өзін-өзі бақылау және мотивация қабілетін арттырады.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыру сабақ тиімділігін жақсарту мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

• Ойын технологиялары мен жобалық әдістер оқу мотивациясын арттырады.

• Позитивті кері байланыс оқушылардың өзін-өзі бағалауына және белсенділігіне әсер етеді.

• Интерактивті және цифрлық құралдар сабаққа қызығушылықты арттырады.

• Эмоционалды және әлеуметтік мотивация психологиялық климатты жақсартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – Москва, 2005.
2. Маслоу А. Мотивация и личность. – Москва, 1998.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007.
4. Жұмабаева Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы, 2010.
5. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва, 2006.
6. Полат Е.С. Педагогические технологии. – Москва, 2008.
7. Дэци Э., Райан Р. Self-Determination Theory. – New York, 2000.
8. Иванов П.П. Психология обучения младших школьников. – Санкт-Петербург, 2012.
9. Дьяченко М.А. Социально-эмоциональное развитие младших школьников. – Санкт-Петербург, 2016.

ХИМИЯДАН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛЫ РЕТІНДЕ

Қадеш Ж. *, Тантыбаева Б.С.

Ғылыми жетекшісі: Тантыбаева Б.С., п.ғ.к., химия кафедр. профессоры
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: kadesh.zhadyra@mail.ru

Андатпа. Мақалада химия пәні бойынша қосымша білім беру жүйесінде жобалық оқыту (Project-Based Learning, PBL) әдісін қолдану арқылы оқушылардың креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында оқушылар ғылыми-зерттеу жобаларын орындап, эксперименттік жұмыстар жүргізіп, өз нәтижелерін ғылыми конкурстарда қорғады. Зерттеу нәтижелері жобалық оқыту әдісі оқушылардың креативті ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және химия пәніне деген қызығушылығын арттыратынын көрсетті.

Түйін сөздер: қосымша білім беру, химия, жобалық оқыту, креативті құзыреттілік, ғылыми зерттеу, PBL.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек теориялық білім алуымен шектелмей, олардың шығармашылық ойлауын, зерттеушілік қабілеттерін және практикалық дағдыларын дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. ХХІ ғасырда білім беру жүйесі оқушылардың креативтілігі, сыни ойлауы, коммуникациялық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс (Trilling & Fadel, 2009). Осыған байланысты химия пәнін оқытуда дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану маңызды.

Қосымша білім беру жүйесі оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесінде оқушылар ғылыми жобалармен, эксперименттік зерттеулермен, олимпиадалармен және ғылыми конкурстармен айналысу арқылы өздерінің ғылыми әлеуетін дамыта алады (Әбілқасымова, 2018).

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде жобалық оқыту (Project-Based Learning – PBL) әдісіне ерекше назар аударылуда. Бұл әдіс оқушылардың өз бетінше білім алуына, зерттеу жүргізуіне, нақты проблемаларды шешуіне және ғылыми жобалар орындауына негізделген (Thomas, 2000). Жобалық оқыту оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға, білімді практикада қолдануға және зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді (Condliffe et al., 2017).

Осыған байланысты бұл зерттеудің мақсаты – химия пәні бойынша қосымша білім беру барысында жобалық оқыту әдісін қолдану арқылы оқушылардың креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру мүмкіндіктерін зерттеу.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында педагогикалық эксперимент, бақылау, сауалнама жүргізу, Ликерт шкаласы бойынша бағалау, эксперименттік жұмыстар жүргізу және алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысына 2020–2024 жылдар аралығында қосымша білім беру жүйесінде химия пәні бойынша ғылыми жобалармен айналысатын оқушылар қатысты. Оқушылар «тұрақты даму» және «жасыл химия» бағыттары бойынша ғылыми жобалар орындады. Зерттеу барысында оқушылар:

- зерттеу тақырыптарын таңдады;
- ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасады;
- гипотеза ұсынды;
- зертханалық эксперименттер жүргізді;
- нәтижелерді талдады;
- ғылыми жобаларын республикалық және халықаралық конкурстарда қорғады.

Оқушылардың креативті құзыреттіліктерін анықтау үшін арнайы сауалнама жүргізіліп, нәтижелері Ликерт шкаласы бойынша бағаланды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Зерттеу нәтижелері жобалық оқыту әдісі арқылы ұйымдастырылған қосымша білім беру оқушылардың креативті құзыреттіліктерінің дамуына оң әсер ететінін көрсетті. Эксперименттік топтағы оқушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жүйелі түрде айналысу барысында шығармашылық ойлау, зерттеушілік, проблеманы шешу және эксперимент жүргізу дағдыларын меңгерді.

Ғылыми зерттеумен айналысу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Себебі ғылыми жоба орындау барысында оқушы:

- өз бетінше зерттеу жүргізеді;
- жаңа идеялар ұсынады;
- эксперимент нәтижелерін талдайды;
- нақты проблемаларды шешеді;
- өз жұмысын ғылыми ортада қорғайды.

Бұл әрекеттер оқушылардың креативті ойлауын дамытуға ықпал етеді. Креативті құзыреттілік – бұл жаңа идеялар ұсыну, стандартты емес шешімдер табу, ғылыми зерттеу жүргізу және жаңа өнім жасау қабілеті (Runco & Jaeger, 2012).

Жобалық оқыту әдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, себебі оқушылар оқу процесінің белсенді қатысушысына айналады. Олар дайын білімді алмайды, керісінше өздері білімді іздеп табады, зерттейді және тәжірибе арқылы дәлелдейді. Бұл оқушылардың пәнге деген ішкі мотивациясын арттырады (Deci & Ryan, 2000).

Зерттеу барысында ғылыми жобалармен айналысқан оқушылар республикалық және халықаралық ғылыми конкурстарда жүлделі орындарға ие болды. Бұл оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, олардың ғылыммен айналысуға деген қызығушылығын күшейтті. Ғылыми жетістік оқушылар үшін маңызды мотивациялық фактор болып табылады.

Жалпы алғанда, химия пәні бойынша қосымша білім беру жүйесінде жобалық оқыту әдісін қолдану:

- оқушылардың креативті ойлауын дамытады;
- зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады;
- пәнге деген қызығушылығын арттырады;
- ғылыми құзыреттіліктерін қалыптастырады;
- болашақ мамандықты таңдауға әсер етеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері химия пәні бойынша қосымша білім беру жүйесінде жобалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолы екенін көрсетті. Ғылыми-зерттеу қызметі оқушылардың шығармашылық ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Қосымша білім беру жүйесінде жобалық оқыту әдісін кеңінен қолдану оқушылардың ғылыми әлеуетін дамытуға және болашақта ғылым саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбілқасымова А.Е. Оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру. – Алматы, 2018.
2. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістемесі. – Астана, 2019.
3. Thomas J.W. A Review of Research on Project-Based Learning. – 2000.
4. Condliffe B., Quint J., Visher M., Bangser M., Drohojowska S., Saco L., Nelson E. Project-Based Learning: A Literature Review. – 2017.
5. Runco M.A., Jaeger G.J. The Standard Definition of Creativity // Creativity Research Journal. – 2012.
6. Deci E., Ryan R. Intrinsic Motivation and Self-Determination in Human Behavior. – 2000.
7. Trilling B., Fadel C. 21st Century Skills: Learning for Life in Our Times. – 2009.
8. Miller E., Krajcik J. Promoting Deeper Learning in Science Education. – 2019.

ӘОЖ: 821.512.122

ҚАЗАҚ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МЕНГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

Қанатова Ұ.

Ғылыми жетекші: Сейпутанова А.К., филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: kanatovna01@list.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ прозалық шығармаларындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың мазмұны, табиғаты және олардың көркемдік қызметі ғылыми тұрғыдан талданады. Ұлттық-этнографиялық элементтердің әдеби мәтіндегі танымдық, эстетикалық, идеялық және тәрбиелік қызметі айқындалып, олардың ұлттық болмысты танытудағы рөлі сараланады. Сонымен

қатар, жоғары оқу орындарында қазақ прозасын оқыту барысында ұлттық-этнографиялық құндылықтарды меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылады.

Ұсынылған әдістемелік бағыттар студенттердің әдеби-теориялық білімін тереңдетуге, ұлттық мәдени мұраны саналы түрде игеруіне және көркемдік ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мақала нәтижелері жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде, әдебиет пәндерін оқытуда, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдануға арналған.

Кілт сөздер: қазақ прозасы, ұлттық-этнографиялық құндылықтар, этнографизм, көркемдік қызмет, ұлттық болмыс, әдеби талдау, жоғары оқу орны, оқыту әдістемесі.

Қазақ әдебиеті – ұлттың тарихи жадын, рухани тәжірибесін және мәдени ерекшелігін сақтап, ұрпаққа ұрпаққа жеткізетін көркем жүйе. Оның ішінде прозалық шығармалар халықтың әлеуметтік өмірін, дүниетанымын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын және наным-сенімін кең көлемде әрі жан-жақты суреттеуімен айрықша. Қазақ прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтар – жай тұрмыстық деталь немесе тарихи фон ғана емес, олар шығарманың идеялық негізін анықтайтын, кейіпкер тұлғасын ашатын, ұлттық мінез-құлықты қалыптастыратын көркемдік санат ретінде көрінеді.

Ұлттық-этнографиялық құндылықтар көркем мәтінде халықтың материалдық және рухани мәдениетін, қоғамдық қатынастар құрылымын, дәстүрлі ой-пікірін көрсету арқылы ұлттық болмыстың тұтас бейнесін қалыптастырады. Бұл құбылыс қазақ әдебиетінің даму кезеңдерінде жиі көрінгенімен, әсіресе прозалық жанрда кең ауқымды әрі күрделі сипатта өрістейді. Проза жанрының көлемді формасы жазушыға ұлттық өмірді жан-жақты бейнелеуге, этнографиялық кеңістікті тарихи-әлеуметтік контексте ұғындыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық мәдени кодты сақтау және тарихи сабақтастықты жалғастыру мәселесі айрықша мәнге ие болып отыр. Осы контексте, жоғары оқу орындарында қазақ прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтарды терең және жүйелі меңгерту – тек әдеби білім беру міндеті ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананы қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Әдеби шығармаларды этнографиялық және көркемдік тұрғыдан кешенді талдау студенттердің филологиялық кәсіби дайындығын жетілдірумен қатар, олардың ұлттық дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ прозалық шығармаларындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметін ғылыми тұрғыдан талдау және оларды жоғары оқу орындарында меңгертудің тиімді әдістемелік жолдарын анықтау. Осы мақсат аясында ұлттық-этнографиялық ұғымның теориялық негіздері қарастырылып, прозалық мәтіндегі этнографизмдердің функционалдық ерекшеліктері талданып, сонымен қатар білім беру процесінде қолданылатын заманауи педагогикалық әдістер жүйеленеді.

Зерттеу жұмысы әдебиеттану теориясы, мәдениеттану және педагогика ғылымдарының қиылысындағы кешенді талдауға сүйенеді. Бұл тәсіл қазақ прозасының көркемдік табиғатын тереңірек ұғынуға және оны оқу тәжірибесінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Ұлттық-этнографиялық құндылықтар – көркем мәтінде халықтың тарихи қалыптасқан тұрмыс-салты, дүниетанымы, рухани және материалдық мәдениетінің бейнелену жүйесі. Бұл құбылыс әдебиет теориясында этнографизм, ұлттық колорит, мәдени код ұғымдарымен сабақтас қарастырылады. Қазақ прозасында этнографиялық элементтер тек тарихи шындықты сипаттайтын қосымша дерек қана емес, олар шығарманың идеялық мазмұнын тереңдететін, кейіпкер тұлғасын даралайтын, ұлттық болмысты тұтас танытатын көркемдік құрал ретінде қызмет атқарады.

Қазақ прозасының қалыптасу кезеңінен бастап ұлттық сипаты басты орынға ие болды. XX ғасырдың басындағы әдебиетте ұлттық өмір шындығы мен этнографиялық болмыс ағартушылық және қоғамдық сана мәселелерімен үйлесіп өрістеді. Мысалы, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романында қазақ қоғамындағы қыз тағдыры, қалыңмал мен отбасылық салт-дәстүрлер әлеуметтік теңсіздікпен байланысты ашылады. Мұнда этнографиялық көріністер – құдалық, ұзату, неке рәсімдері – тек салт сипаттамасы ғана емес, кейіпкер трагедиясының әлеуметтік негізін айқындайтын фактор ретінде беріледі. Яғни, ұлттық дәстүр шығарманың көркемдік конфликінің құрамдас бөлігі ретінде қызмет атқарады.

Сол сияқты Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романында ауыл тіршілігі, көшпелі қоғамның өмір сүру ерекшеліктері, руаралық байланыстар және білім беру мәселелері этнографиялық нақтылықпен көрініс табады. Жазушы кейіпкердің рухани даму жолын ұлттық орта аясында бейнелейді. Мұнда этнографиялық контекст кейіпкердің дүниетанымын қалыптастыратын әлеуметтік-мәдени кеңістік ретінде ұсынылады.

Қазақ прозасында ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметі ерекше айқын көрінетін шығармалардың бірі – Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы. «Абай жолы» эпопеясында қазақ халқының XIX ғасырдағы тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері, билік құрылымы мен отбасылық қатынастары кең көлемде суреттеледі. Жазушы этнографиялық элементтерді тарихи және әлеуметтік процестермен байланыстыра отырып, ұлттық мінездің күрделі табиғатын ашады. Мысалы, ас беру рәсімдері, дау-дамай шешу жолдары, қыз ұзату, қонақ күту сияқты дәстүрлер – шығарма композициясының табиғи құрамдас бөлігі болып табылады. Олардың көмегімен қазақ қоғамының моральдық нормалары мен рухани ұстанымдары айқын көрініс табады.

Сонымен қатар Ғабит Мүсіреповтің прозасында ұлттық аналардың бейнесі, дәстүрлі тәрбие әдістері және қазақы мінез-құлық сипаттары терең зерттеледі. «Ұлпан» романында этнографиялық кеңістік әйел тұлғасының тарихи рөлін көрсетуге бағытталған. Ұлттық салт-дәстүр мен дала заңы кейіпкер тағдырын айқындайтын әлеуметтік күш ретінде көркемдік шешімге айналады.

Ал Оралхан Бөкейдің прозалық туындыларында ұлттық-этнографиялық құндылықтар табиғат пен адамның үйлесімділігін көрсету арқылы айқындалады. Жазушы Алтай өңірінің табиғи көріністерін, ауыл өмірін және ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін лирикалық-психологиялық әдіспен бейнелейді. Мұнда этнографиялық элементтер философиялық мәнге ие болып, ұлттық дүниетанымның символдық деңгейдегі көрінісін береді.

Қазақ прозасындағы этнографизмдердің көркемдік ролін бірнеше бағытта талдауға болады:

1. Кеңістік қалыптастыру қызметі. Этнографиялық детальдер ұлттық кеңістікті (ауыл, жайлау, қыстау, киіз үй) нақтылап, шығарманың көркемдік шынайылығын күшейтеді.

2. Кейіпкерді даралау қызметі. Ұлттық мінез-құлық, салтқа қатынас және дәстүрге көзқарас арқылы кейіпкердің психологиялық портреті жасалады.

3. Әлеуметтік-тарихи қызметі. Дәстүр мен замана қайшылығы, ескі мен жаңаның қақтығысы этнографиялық контекст арқылы көрінеді.

4. Символдық-идеялық қызметі. Ұлттық құндылықтар ұлттың рухани тұтастығын білдіретін символдық мәнге ие болады.

Мысалы, көшпелі тұрмыс көріністері – еркіндік пен кеңістіктің символы, киіз үй – шаңырақ тұтастығының белгісі, ал салттық рәсімдер – қоғамдық үйлесім мен моральдық нормалардың көрінісі ретінде көркемдік рөл атқарады.

Қазақ прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтар мәтіннің мазмұндық құрылымын байытып қана қоймай, оның эстетикалық қуатын арттырады. Олар тарихи шындық пен көркемдік қиялдың тоғысқан тұсында ұлттық болмыстың тұтас моделін жасайды. Сондықтан этнографизмдерді әдеби талдауда қосымша элемент ретінде емес, шығарманың көркемдік-идеялық өзегін құрайтын маңызды категория ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді болып табылады.

Қазақ прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтарды жоғары оқу орындарында меңгерту – мазмұндық жағынан күрделі, әдіснамалық тұрғыдан көпқырлы үдеріс. Бұл бағыттағы жұмыс тек мәтіндегі салт-дәстүрлерді атаумен шектелмеуі тиіс. Керісінше, этнографиялық элементтердің көркемдік қызметін, идеялық жүктемесін, тарихи-әлеуметтік негізін талдауға бағытталуы қажет. Оқыту тәжірибесінде жиі байқалатын кемшілік – ұлттық мазмұнды романтикалық тұрғыда мадақтап, оны сыни талдаудан тыс қалдыру. Сондықтан әдістемелік негіздер ғылыми дәлдік пен сыни ойлауға сүйенуі тиіс.

Әдеби шығарма белгілі бір дәуірдің әлеуметтік құрылымын, мәдени жүйесін бейнелейді. Егер студент сол тарихи-мәдени кеңістікті нақты түсінбесе, мәтіндегі этнографиялық детальдар тек ақпарат деңгейінде қабылданады.

Мысалы, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту барысында XIX ғасырдағы қазақ қоғамының рулық құрылымы, билер соты, жесір дауы, жер дауы мәселелері нақты тарихи деректермен түсіндірілгенде ғана этнографиялық көріністердің маңызы ашылады. Студентке мынадай проблемалық сұрақ қою тиімді: *Ас беру дәстүрі шығармада тек салтанатты рәсім ретінде ме, әлде әлеуметтік бедел мен биліктің көрінісі ретінде берілген бе?*

Мұндай талдау барысында ас беру дәстүрінің қоғамдық иерархияны бекітетін құрал болғаны, руаралық беделді айқындайтын механизм ретінде қызмет атқарғаны ашылады. Бұл – этнографиялық элементтің әлеуметтік функциясын түсінуге мүмкіндік береді.

Ұлттық-этнографиялық құндылықтарды оқытуда тек дәстүрдің жағымды жағын көрсету жеткіліксіз. Студент дәстүр мен тарихи шындық арасындағы қайшылықты да көре білуі керек.

Мәселен, Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал» романында құдалық, қалыңмал, атастыру дәстүрлері ұлттық өмірдің бір бөлігі ретінде суреттеледі. Бірақ осы дәстүрлер кейіпкер тағдырына трагедиялық сипат береді. Оқыту барысында студенттерге мынадай тапсырма беруге болады:

– Қалыңмал дәстүрі шығармада ұлттық бірлік құралы ма, әлде әлеуметтік теңсіздікті күшейтетін фактор ма?

– Автор дәстүрді сынай ма, әлде тарихи шындық ретінде бейнелей ме?

Осындай сыни сұрақтар студенттің тарихи құбылысты біржақты бағаламай, күрделі әлеуметтік феномен ретінде түсінуіне ықпал етеді.

Жүсіпбек Аймауытов «Қартқожа» романын оқытуда кейіпкердің рухани қалыптасуын этнографиялық орта арқылы талдау тиімді. Ауыл өмірі, көшпелі тұрмыс, рулық қатынас жүйесі – Қартқожаның дүниетанымын қалыптастырған орта.

Студенттерге мәтіннен этнографиялық сипаттағы үзінділерді тауып, олардың кейіпкер мінезіне ықпалын дәлелдеуді ұсынуға болады. Мысалы, ауылдағы әлеуметтік жіктеліс, бай мен кедей арақатынасы – ұлттық болмыстың әлеуметтік қырын көрсетеді. Бұл жерде этнографиялық орта кейіпкердің әлеуметтік сана-сезімінің оянуына түрткі болады.

Оралхан Бөкей шығармаларын оқыту барысында этнографиялық кеңістіктің философиялық сипатын ашу маңызды. Жазушы прозасында Алтай табиғаты – тек географиялық кеңістік емес, ұлттық дүниетанымның символы.

Мысалы, «Қар қызы» повесінде табиғат суреттері кейіпкердің жалғыздығы мен рухани күйзелісін бейнелейді. Студенттерге табиғат суреттерінің этнографиялық мәнін талдату – ұлттық дүниетанымдағы табиғатқа қатынас ерекшелігін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бұл жерде мынадай сыни ой туындайды: қазіргі урбанизация жағдайында ұлттық табиғи кеңістік көркем мәтінде қандай мағынаға ие? Студент осы сұраққа жауап іздеу арқылы ұлттық құндылықтардың тарихи эволюциясын пайымдайды.

Ұлттық-этнографиялық құндылықтарды меңгертуде төмендегідей нақты тапсырмалар тиімді:

1. Салыстырмалы талдау: XIX ғасыр прозасы мен қазіргі прозадағы қыз ұзату дәстүрінің бейнеленуін салыстыру.

2. Ғылыми жоба: «Қазақ прозасындағы киіз үй бейнесінің символдық қызметі» тақырыбында зерттеу жүргізу.

3. Дерек пен көркемдік байланысын талдау: Этнографиялық анықтамалықтағы мәлімет пен көркем мәтіндегі сипаттаманы салыстыру.

4. Пікірталас сабағы: «Дәстүр – ұлттық бірегейлікті сақтайтын құндылық па, әлде тарихи шектеу ме?» тақырыбында академиялық дебат ұйымдастыру.

Мұндай тапсырмалар студентті дайын ақпаратты қабылдаушы емес, талдаушы, зерттеуші деңгейіне көтереді.

Теориялық білімді нақты мәдени кеңістікпен ұштастыру – этнографиялық мазмұнды терең меңгерудің тиімді жолы.

Этнографиялық музейлерге бару кезінде студенттер көркем мәтінде сипатталған бұйымдар мен салттарды нақты көреді. Мысалы, киіз үйдің

құрылымын көрген студент «шаңырақ» ұғымының тек заттық емес, символдық мағынаға ие екенін тереңірек түсінеді.

Ұлттық-этнографиялық құндылықтарды меңгерту үдерісінде екі шектен сақтану қажет:

1. Дәстүрді идеализациялау;
2. Дәстүрді толық терістеу.

Ғылыми оқыту осы екі ұстанымның арасындағы теңгерімді табуға негізделуі тиіс. Қазақ прозасы дәстүрді біржақты мадақтамайды да, толық жоққа шығармайды. Ол дәстүр мен заман арасындағы күрделі диалогты көрсетеді.

Сондықтан жоғары оқу орнындағы әдеби білім беру ұлттық-этнографиялық мазмұнды тек мәдени мұра ретінде емес, тарихи-әлеуметтік феномен ретінде қарастыруы тиіс. Осындай әдістемелік ұстаным қалыптасқанда ғана студент ұлттық құндылықтарды саналы түрде бағалай алатын, ғылыми пайымға қабілетті маман деңгейіне көтеріледі.

Қазақ прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтар – ұлттың тарихи жадын, рухани тәжірибесін және мәдени болмысын көркем бейнелейтін күрделі эстетикалық жүйе. Олар көркем мәтінде тек тұрмыстық деталь немесе тарихи фон ретінде емес, идеялық мазмұнды тереңдететін, кейіпкер табиғатын айқындайтын, ұлттық дүниетанымды танытатын маңызды категория ретінде қызмет атқарады. Қазақ прозасының классикалық үлгілерінен бастап қазіргі әдебиетке дейін этнографиялық элементтер ұлттық бірегейлікті сақтаудың, рухани сабақтастықты жалғастырудың көркемдік тетігі болып келеді.

Жоғары оқу орындарында ұлттық-этнографиялық құндылықтарды меңгерту – әдебиетті оқытудың мазмұндық өзегінің бірі болуы тиіс. Бұл бағыттағы жұмыс тарихи-мәдени контексті ескеруге, мәтіндік-талдамалық әдіске, пәнаралық ықпалдастыққа және зерттеушілік әрекетке негізделген жағдайда ғана нәтижелі болады. Этнографиялық мазмұнды оқыту барысында дәстүрді біржақты дәріптеу немесе оны толық терістеу емес, ғылыми-сыни пайым қалыптастыру маңызды.

Ұлттық-этнографиялық құндылықтарды жүйелі меңгерту студенттердің әдеби-теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың ұлттық мәдениетке деген жауапкершілігін арттырады, тарихи санасын қалыптастырады, сыни ойлау қабілетін дамытады. Мұндай әдістемелік ұстаным болашақ филолог мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіруге және ұлттық рухани мұраны ғылыми негізде тануға мүмкіндік береді.

Осылайша, қазақ прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтарды жоғары оқу орындарында оқыту – тек академиялық міндет емес, ұлттық мәдени кодты сақтаудың, рухани тұтастықты нығайтудың стратегиялық маңызы бар білім беру бағыты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. О. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2002. – 768 б.
2. Аймауытов Ж. Қартқожа. – Алматы: Жазушы, 1996. – 320 б.
3. Дулатов М. Бақытсыз Жамал. – Алматы: Жалын, 1991. – 224 б.
4. Мүсірепов Ғ. Ұлпан. – Алматы: Жазушы, 1984. – 384 б.
5. Бөкей О. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1994. – 496 б.
6. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 312
7. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 376 б.

МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Құмар А.Қ., ән-күй пәні мұғалімі
«Сейфуллин атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
Мақаншы ауданы, Абай облысы, Қазақстан
e-mail: kumar.kazhibayev@mail.ru

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Білім беру тек теориялық біліммен шектелмей, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын, эмоционалды мәдениетін және рухани байлығын дамытуға бағытталуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда музыка пәні, яғни ән-күй сабақтары, оқушылардың дамуы үшін маңызды рөл атқарады.

Музыка – адамның эмоциялық және эстетикалық әлеміне әсер ететін ерекше өнер түрі. Музыкалық білім арқылы оқушылар тек әуен тыңдап, ән айтумен шектелмей, сонымен қатар өз сезімдерін дұрыс жеткізе білуді, эмоцияларын реттеуді және шығармашылық ойлауын дамыту мүмкіндігіне ие болады. Музыка сабақтары оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып қана қоймай, олардың ұлттық мәдениетке деген құрметін арттырады, дәстүрлі және заманауи өнерді бағалауға үйретеді. Оқушылардың музыка пәнін оқуы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шығармашылық қабілет – адамның жаңа идеяларды ойлап табу, қиялдау және өзіндік шешімдер қабылдау қабілеті. Музыка сабақтары осы қабілетті дамытуға өте қолайлы. Ән айту, музыкалық шығармаларды орындау, ритм сезімін дамыту, музыкалық аспаптарда ойнау – барлығы оқушылардың шығармашылық ойлауын және эмоциялық дамуын қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, музыка сабағының тағы бір маңызды аспектісі – эмоционалды тәрбиелік әсері. Музыкалық шығармалар оқушылардың көңіл-күйін қалыптастырып, эмоцияларын реттеуге көмектеседі. Мысалы, тыныш, лирикалық әуендер оқушылардың тыныштануына ықпал етсе, ырғақты, қуанышты әуендер олардың белсенділігін арттырады. Осы арқылы сабақтағы эмоционалды ахуалды қалыптастыру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мүмкіндігі туындайды.

Қазіргі заманғы мектептерде музыка сабағы тек дәстүрлі әдістермен шектелмей, инновациялық технологияларды да қолдануды талап етеді. Мультимедиялық құралдар, интерактивті тапсырмалар, бейнероликтер мен презентациялар сабақтарды қызықты және нәтижелі етеді. Бұл оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын арттырып, олардың музыкалық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және эстетикалық талғамын дамытады.

Музыка сабақтары оқушыларға тек ән айтуды үйретіп қана қоймай, олардың эмоционалды мәдениетін қалыптастыруға, шығармашылық ойлауын дамытуға, өз ойларын еркін білдіруіне жағдай жасайды. Сол себепті пән мұғалімдері сабақтарды әрдайым қызықты, интерактивті және мазмұнды етіп өткізуге тырысуы

қажет. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Музыка сабағы – оқушылардың эстетикалық тәрбиесін қалыптастырудағы маңызды пәндердің бірі. Музыка арқылы оқушылардың эмоциялық сезімі дамып, олардың өнерге деген қызығушылығы артады.

Музыка сабағы барысында оқушылар:

- ән айтуға;
- музыкалық шығармаларды тыңдауға;
- ырғақ сезімін дамытуға;
- музыкалық аспаптарда ойнауға үйренеді.

Бұл әрекеттер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың музыкалық талғамын қалыптастыруға көмектеседі.

Ойын әдісі

Ойын әдісі бастауыш сынып оқушылары үшін өте тиімді. Музыкалық ойындар арқылы оқушылар ән айтуға, ырғақты сезінуге және музыканы түсінуге үйренеді.

Тыңдау әдісі

Музыкалық шығармаларды тыңдау арқылы оқушылар әртүрлі жанрдағы музыкаларды танып, олардың ерекшеліктерін түсінеді.

Шығармашылық тапсырмалар

Музыка сабақтарында шығармашылық тапсырмалар беру оқушылардың қиялын және шығармашылық ойлауын дамытады. Мысалы:

- әнге жаңа сөздер құрастыру;
- музыкалық көріністер ұйымдастыру;
- шағын концерттер өткізу.

Ақпараттық технологияларды қолдану

Қазіргі уақытта музыка сабақтарында мультимедиялық құралдарды қолдану кең таралған. Бейнероликтер, презентациялар және аудиожазбалар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар бұл әдіс оқушылардың әлемдік музыкалық мәдениетпен танысуына мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, музыка пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда және олардың эстетикалық тәрбиесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Музыка сабақтары оқушылардың эмоциялық әлемін байытып, олардың өнерге деген қызығушылығын арттырады.

Музыка сабақтарында ойын әдістерін, шығармашылық тапсырмаларды және заманауи технологияларды қолдану оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына ықпал етеді. Сонымен қатар бұл әдістер оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуға және олардың өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға көмектеседі.

Сондықтан музыка сабақтарын қызықты әрі мазмұнды ұйымдастыру – оқушылардың шығармашылық дамуына жағдай жасаудың маңызды шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы, 1995.

2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2004.
3. Қалиев С. Музыка тәрбиесінің негіздері. – Алматы, 2012.
4. Әбдірахманова Г. Музыка пәнін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2018.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007.

ӘОЖ 1174

ИНТЕРНЕТ-МЕМДЕР ЗАМАНАУИ ФОЛЬКЛОР РЕТІНДЕ: ТІЛДІК ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТАЛДАУ

Майлыкаранова Р.К., орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
«Сейфуллин атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
Мақаншы ауданы, Абай облысы, Қазақстан
e-mail: rmaylykaranova@bk.ru

Инновациялық әдістер әлеуметтік педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған. Олар оқушыларды белсенді қатысуға, өз пікірін білдіруге, шығармашылық шешімдер қабылдауға және топта ынтымақтастыққа үйретеді. Әлеуметтік педагогикалық қызметте инновациялық әдістердің педагогикалық мәні:

- Оқушылардың қызығушылығын арттыру;
- Әлеуметтік дағдыларын жетілдіру;
- Шешім қабылдау және сыни ойлау қабілетін дамыту;
- Топтық және жеке жұмыс арқылы өзара сенімділік қалыптастыру.

Мысалы, кейс-стадилер, рөлдік ойындар және тренингтер оқушыларға нақты өмірлік жағдайларды талдап, дұрыс шешім қабылдауды үйретеді.

Цифрлық технологиялар әлеуметтік педагогикалық қызметте ерекше рөл атқарады. Оларға:

- **Онлайн платформалар** – Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom арқылы тренингтер мен консультациялар өткізу;
- **Мобильді қосымшалар** – эмоционалдық жағдайды бақылау, өзін-өзі бағалау, тапсырмалар орындау;

- **Виртуалды тренингтер** – конфликттік ситуацияларды симуляциялау, топта шешім қабылдау;

- **Интерактивті ойындар** – әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған ойын тренингтер.

Бұл әдістер оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақ пен тренингтердің қызықты және нәтижелі өтуін қамтамасыз етеді.

Интерактивті әдістер оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік педагогикалық қызметте қолданылатын интерактивті әдістер:

- **Рөлдік ойындар** – оқушылар түрлі әлеуметтік рөлдерді ойнап, конфликт жағдайларын шешуді үйренеді;

- **Дискуссиялар және пікірталастар** – өз көзқарасын білдіру және қарсы пікірді тыңдау;

- **Топтық жобалар** – бірлесіп әлеуметтік жобаларды жоспарлау, талдау және қорытынды жасау;

- **Сценарийлік тапсырмалар** – нақты өмірлік жағдайларды шешу арқылы дағдыларды меңгеру.

Интерактивті әдістер оқушылардың өзіндік белсенділігін, шығармашылық қабілетін және коммуникациялық дағдыларын дамытады. Әлеуметтік педагогикалық қызметте инновациялық әдістерді қолдану нәтижесінде:

- Оқушылардың әлеуметтік бейімделуі жақсарады;
- Командалық жұмысқа қатысу, өз пікірін білдіру қабілеті дамиды;
- Эмоциялық интеллект және конфликтіні шешу дағдылары қалыптасады;
- Сабақтар мен тренингтер қызықты және есте қаларлық болады.

Мысалы, кейбір мектептерде әлеуметтік педагогтар виртуалды тренингтер мен рөлдік ойындарды қолдану арқылы оқушылардың өздерін бағалау және эмоцияларын басқару дағдыларын арттырды.

Қазіргі білім беру жүйесінде әлеуметтік педагогикалық қызметтің рөлі ерекше маңызды. Бұл қызмет тек оқушылардың психологиялық немесе әлеуметтік қиындықтарын шешуге бағытталмай, сонымен қатар олардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға әсер етеді. Заманауи қоғамдағы өзгерістер мен талаптар әлеуметтік педагогикалық қызметтің дәстүрлі әдістерін жетілдіруді және инновациялық тәсілдерді енгізуді қажет етеді.

Инновациялық әдістер – заманауи технологиялар, интерактивті тренингтер, рөлдік ойындар, кейс-стадилер, онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар – әлеуметтік педагогикалық қызметтің тиімділігін арттырудың негізгі құралдары болып табылады. Бұл әдістер оқушылардың белсенділігін арттыруға, өзін-өзі көрсетуге, өз ойын нақты және дәл жеткізуге, командалық жұмысқа және шығармашылық шешімдер қабылдауға үйретеді. Сонымен қатар, инновациялық әдістер оқушылардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын, эмоционалдық интеллектін, конфликттік жағдайларды шешу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Әлеуметтік педагогикалық қызметтегі интерактивті және инновациялық тәсілдер оқушылардың әлеуметтік бейімделуін арттырады, олардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және мектептегі тәрбие жұмысын тиімді етеді. Топтық жобалар мен практикалық тренингтер оқушылардың өзара ынтымақтастығын күшейтіп, сенімділік пен жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл тәсілдер оқушыларға өз эмоцияларын

басқаруға, әлеуметтік қиындықтармен күресуге және жеке тұлға ретінде дамуға көмектеседі.

Нәтижесінде, әлеуметтік педагогикалық қызметтің инновациялық әдістерін жүйелі қолдану тек білім беру процесінің сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың тұлғалық, әлеуметтік және психологиялық дамуына тікелей ықпал етеді. Мұндай қызмет оқушылардың заманауи қоғамға бейімделуін, әлеуметтік дағдыларын жетілдіруін, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуын қамтамасыз етеді. Инновациялық әдістерді қолдану әлеуметтік педагогтың кәсіби рөлін күшейтеді, оның қызметін тиімді, қызықты және есте қаларлық етеді. Сондықтан мектептегі әлеуметтік педагогикалық қызметтің инновациялық әдістерін қолдану – бұл білім беру сапасын арттырудың, оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудің және заманауи педагогикалық үрдістерге бейімделудің тиімді жолы болып табылады. Мұндай тәсілдер білім беру процесін нәтижелі, қызықты және интерактивті етеді, оқушылардың өмірлік дағдыларын жетілдіруге, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға және әлеуметтік белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметова Г. Әлеуметтік педагогика негіздері. – Алматы: Рауан, 2012.
2. Бекмұхамедова С. Мектептегі әлеуметтік педагогикалық қызмет. – Алматы: Мектеп, 2015.
3. Қожахметов С. Әлеуметтік педагогикалық жұмыс әдістемесі. – Астана: ҰБА, 2018.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2018.
5. Ерғалиев К. Педагогикалық психология және әлеуметтік тәрбие. – Алматы, 2010.
6. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. – Астана, 2007.
7. Polya G. How to Solve It. – Princeton University Press, 1945.
8. National Council for Social Studies. Innovative Methods in Social Education. – USA, 2000.
9. Шәріпов А. Мектептегі инновациялық педагогикалық әдістер. – Алматы, 2016.
10. Айтқалиев М. Әлеуметтік педагогикада интерактивті әдістерді қолдану. – Алматы, 2019.

ӘОЖ 37.015.3: 53

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТӨҢКЕРІЛГЕН СЫНЫП (FC) МОДЕЛІ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Сайлауова Г., магистрант

e-mail: sailauovag@gmail.com

Ғылыми жетекші: Баймолданова Л., PhD, қауымдастырылған профессор
«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ,

Өскемен қ., Қазақстан,

e-mail: baimoldals@gmail.com

XXI ғасырда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білім беру жүйесінде жаңа инновациялық әдістердің пайда болуына әсер етті. Солардың бірі – төңкерілген сынып немесе flipped classroom (аудармалы оқыту) моделі, ол дәстүрлі дәріс беру форматынан аулақ, оқушылардың бейне материалдарды

немесе оқу ресурстарын сыныптан тыс зерттеуіне негізделеді, ал сынып ішінде белсенді оқу, талқылау мен практикалық тапсырмалар орындалады [1].

Зерттеулер көрсеткендей, төңкерілген сынып моделінің ең маңызды артықшылықтарының бірі – оқушылардың оқу мотивациясына оң әсері. Мета-талдаулар бойынша, flipped classroom студенттердің оқу нәтижесін жақсартып қана қоймай, мотивацияны, оқу белсенділігі мен сабаққа қатысуды да арттыра алады [2].

COVID-19 пандемиясы кезінде бұл тәсілдің тиімділігі айтарлықтай зерттелді. Өткізілген зерттеулерде студенттердің өздік бейімділігі мен мотивациясы пандемия жағдайында да жақсарғаны байқалды, зерттеуге қатысқандар flipped classroom моделінің практикалық артықшылықтарын жоғары бағалады [3]. Физика сияқты нақты пәндерде flipped classroom тәсілінің қолданылуы тиімділік пен мотивацияға әсерінің зерттелуі де артуда. Мысалы, физика білімінде осы тәсілді тиімді пайдалану тәжірибесі студенттердің белсенділігін, өздігінен оқу дағдыларын және пәнге қатысуын арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді [4].

Жалпы алғанда, әдебиеттер көрсеткендей, flipped classroom моделі физика пәнін оқытуда студенттердің мотивациясын, белсенділігін және оқу нәтижелерін жақсарту үшін перспективалы тәсіл болып табылады, алайда оның тиімділігі нақты контекстке, мазмұн мен оқыту әдістемесіне байланысты өзгеруі мүмкін [5].

Төңкерілген сынып (Flipped Classroom, FC) моделінде студенттер сабаққа алдын ала материалдың негізгі мазмұнын меңгерген күйде келуі күтіледі. Бұл әдетте алдын ала жазылған дәрістерді қарау (Mylott, 2016) немесе сабаққа дейін оқу материалдарын оқу арқылы жүзеге асады (Beatty et al., 2019; Miller et al., 2018) [1,2]. Студенттер сабаққа дейін бейне дәрістерді, оқу материалдарын немесе басқа да ресурстарды шолу арқылы дайындалады (Liu, 2021) [3].

Сыныптағы уақыт интерактивті іс-әрекеттерге арналған: есептерді шешу, топтық талқылаулар, жобалық жұмыстар және басқа да әрекеттер арқылы студенттер алдын ала меңгерген білімдерін қолданады. Мұғалім бұл уақытта студенттерге жеке қолдау көрсетіп, сұрақтарға жауап береді, талқылауларды жүргізеді және мәселелерді шешуге көмектеседі. Жалпы, мұғалім көбінесе қиындыққа тап болған студенттерге баса назар аударады, ал жоғары жетістікті студенттерге аз көңіл бөлінеді (Bergmann & Sams, 2012) [4]. Осы тұрғыдан, FC моделі оқытуды инклюзивті етуге мүмкіндік береді.

FC моделі өзінің түпкі бастауын Just-in-Time Teaching (JiTT) тәсілінен алады. Екі танымал әдіс физика пәнін оқытушылар тарапынан әзірленген: Peer Instruction (Mazur, 1999) және JiTT (Novak et al., 1999). FC мен JiTT тығыз байланысты, бірақ әртүрлі тәсілдер болып табылады. Негізгі айырмашылық – сабаққа дейінгі іс-әрекеттердің уақыты. FC-де студенттер сабаққа дейін материалды шолып, меңгереді, ал JiTT-де студенттер өткен сабақтар немесе оқу материалдары негізінде тапсырмаларды орындайды. Екі тәсілде де сыныптағы уақыт интерактивті іс-әрекеттерге арналған, бірақ FC-де сабаққа дейінгі материалдар негізгі мазмұн көзі, ал JiTT-де тапсырмалар өткен мазмұнға негізделеді. FC моделінің тиімділігі белсенді оқыту мен студенттердің сабаққа қатысуын арттыруда айқын көрінеді, алайда оны жүзеге асыру мұқият жоспарлауды талап

етеді (Vaughan, 2014) [5]. Мұғалімдер тиімді сабаққа дейінгі материалдар әзірлеуі, студенттердің ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз етуі және сабақта қызықты интерактивті іс-әрекеттер құруы қажет.



Сурет 1 – Төңкерілген сынып моделі

FC енгізудің негізгі қиындықтарының бірі – мұғалімдерге арналған материалдарды әзірлеудегі қосымша жұмыс жүктемесі және студенттердің сыныптан тыс оқуға қызығушылығының төмендеуі (Lo & Hew, 2017) [6]. Студенттердің сыныптан тыс жұмыспен айналыспауына кейде технологиялық қорқыныш немесе интернеттің жеткіліксіздігі себеп болуы мүмкін (Holmes et al., 2015; Londgren, 2021). Бұл мәселені шешу үшін кейбір мектептер студенттерге компьютерлік сыныпта немесе сабақтан кейін қосымша уақыт бөліп, сандық материалдарды қарауға мүмкіндік береді (McCrea, 2014) [7].

Сонымен қатар, кейбір студенттер өздерін оқытудың негізгі жауапкершілігі тек мұғалімге тиесілі деп есептейді, сондықтан сыныптан тыс жұмысты орындауға қарсы болуы мүмкін (McLaughlin & Rhoney, 2015). Бұл қарсылықты жеңу үшін студенттерден не күтілетінін нақты көрсету маңызды (Findlay-Thompson & Mombourquette, 2014). Мұғалімдердің жүктемесін азайту үшін бір модульден бастап тәжірибе жасау ұсынылады, толық курсты бірден ауыстырмай. Бұл тәсіл мұғалімге FC моделінің артықшылықтарын сезуге және студенттердің қиындықтарын анықтауға мүмкіндік береді (Hsieh, 2017).

Алдыңғы зерттеулер студенттердің FC тәсіліне оң көзқарасы мен белсенді қатысуын көрсетті. FC әдісін қолдану студенттердің технологиялық дағдыларын дамытуға, өздігінен оқуға тәуелділігін арттыруға, сондай-ақ оқу әдеттерін өзгертуге, мысалы, емтихан алдында онлайн материалдарды қарауға ықпал етеді (Lo & Hew, 2017). Дегенмен, кейбір шолу мақалалары FC әсерін зерттеуге арналған, бірақ олардың қорытындысын жалпылау кезінде сақ болу қажет (Аксауір & Аксауір, 2018; Lundin et al., 2018). Мета-талдаулар FC-дің студенттердің оқу жетістігіне тек кішкентай оң әсері бар екенін көрсетті (Chen et al., 2018; Cheng et al., 2018; Hew & Lo, 2018; Lo et al., 2017). Сонымен қатар, van Alten et al. (2019) жүргізген зерттеу де FC-дің әсері аз екенін көрсетті, бірақ зерттеулер арасындағы

айырмашылықтар өте үлкен болған [21]. FC моделін кең ауқымда қолдану оқыту мен оқу процесіндегі жаңа технологиялардың дамуы арқасында жеңілдеді, бірақ осы тәсілдің негізгі принциптері мұғалімдер мен профессорлар тарапынан бірнеше жылдар бойы қолданыста болды (McGrath et al., 2017). Төңкерілген сынып (FC) моделінде студенттер сабаққа дайындалып келуге тиіс, яғни олар алдын ала бейнематериалдар (Mylott, 2016) немесе оқу материалдарын (Beatty et al., 2019; Miller et al., 2018) зерттейді. Сыныпқа келгенде, сабақ уақыты интерактивті іс-шараларға арналады: мәселелерді шешу, топтық жұмыстар, жобалар және басқа да тәжірибелік әрекеттер арқылы студенттер алдын ала меңгерген білімдерін қолданады (Liu, 2021). Мұғалім осы кезде студенттердің сұрақтарына жауап беріп, талқылауды жүргізіп, жеке қолдау көрсетеді (Bergmann & Sams, 2012) [8-10].

Төңкерілген сынып моделі белсенді оқытуды ынталандыру және оқу процесіне қатысуды арттыруда тиімді болып табылады. Дегенмен, оның сәтті жүзеге асуы мұқият жоспарлау мен ұйымдастыруды қажет етеді. Мұғалімдерге алдын ала оқу материалдарын әзірлеу, студенттердің қажетті ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ сабақтағы интерактивті іс-шараларды ұйымдастыру маңызды (Vaughan, 2014).

FC моделінің негізгі артықшылықтары мыналар болып табылады: студенттердің сабаққа деген белсенді қатысуы; технологияны қолдану арқылы үйірме жұмыстарын қолдау; оқу материалдарын алдын ала меңгеру арқылы сыныптағы тәжірибелік тапсырмаларға уақыт бөлу.

Дегенмен, мұғалімдерге FC материалдарын дайындау кезінде қосымша еңбек жүктемесі түседі, ал студенттер кейде сыныптан тыс жұмыстарға қызықпауы мүмкін (Lo & Hew, 2017; Holmes et al., 2015). Мұндай мәселелерді шешу үшін кейбір мектептер студенттерге қосымша уақыт пен ресурстар беру арқылы бейнематериалдарды қарауға жағдай жасайды (McCrea, 2014).

Зерттеулер көрсеткендей, FC тәсілі студенттердің технологиялық дағдыларын арттырады, өздігінен оқуға бейімділігін дамытады және оқу әдеттерін жетілдіреді (Lo & Hew, 2017). Дегенмен, кейбір мета-анализдер FC моделінің оқу жетістіктеріне әсері аз ғана екенін көрсетті (Chen et al., 2018; Cheng et al., 2018; Hew & Lo, 2018; van Alten et al., 2019).

FC зерттеулері: сипаттамасы 2013–2025 жылдар аралығында жүргізілген 30 зерттеу қарастырылды. Зерттеулердің 26,7%-ы Түркияда, 16,7%-ы АҚШ-та, 33,3%-ы Азия-Тынық мұхит аймағында (Индонезия, Филиппин, Тайвань, Қытай, Малайзия), 16,7%-ы Еуропа елдерінде (Испания, Греция, Ұлыбритания), 6,7%-ы Орта Шығыста (Сауд Арабиясы, БАӘ), 1 зерттеу АҚШ пен Оңтүстік Корея авторларының бірлескен жұмысы болды. Барлық зерттеулер бакалавр (n=23) немесе орта мектеп (n=7) деңгейінде жүргізілді. Жалпы 3846 студент FC әдісін қолданды, яғни зерттеу бойынша орта есеппен 129 студент.

Зерттеулерде физиканың әртүрлі салалары қамтылды: механика, электрмагнетизм, жылу физикасы, қозғалыс заңдары, орталық күш, қысым және Archimedes күші және т.б. Зерттеулердің көпшілігі сандық сипатта болды: 12 эксперименттік, 11 аралас әдіс, 5 сауалнама. Үздіксіздік бойынша FC қолдану уақыты бір сабақтан төрт жылға дейін болды.

Зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, студенттердің жетістігі, мотивациясы және өзіне деген сенімділігі FC моделін қолданған кезде көбінесе оң бағаланды.

Әдебиеттер тізімі

1 Flipped classroom strategies and innovative teaching approaches in physics education: A systematic review. (2023). *Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education*, 19(6), em2283.

2 Zheng, L., Bhagat, K. K., Zhen, Y., & Zhang, X. (2020). The Effectiveness of the Flipped Classroom on Students' Learning Achievement and Learning Motivation: A Meta-Analysis. *Educational Technology & Society*, 23(1), 1–15.

3 Campillo-Ferrer, J. M., & Miralles-Martínez, P. (2021). Effectiveness of the flipped classroom model on students' self-reported motivation and learning during the COVID-19 pandemic. *Humanities and Social Sciences Communications*, 8, 176.

4 O'rinbojev, M. I. (2024). Flipped Classroom Approach in Teaching Physics: Effectiveness Analysis. *International Journal of European Research Output*, 3(6).

5 Qingyi Zhou & Hongfeng Zhang. (2025). Flipped Classroom Teaching and ARCS Motivation Model: Impact on College Students' Deep Learning. *Education Sciences*, 15(4), 517.

6 Akcayir, G., & Akcayir, M. (2018). The flipped classroom: A review of its advantages and challenges. *Computers & Education*, 126, 334-345.

7 Al-Derbashi, K. (2017). The effect of the flipped classroom strategy on eleventh grade students' understanding of physics and their attitudes towards physics in Tonnb Secondary School in the UAE. *Journal of Education and Practice*, 8(29), 102-105.

8 Amanah, S. S., Wibowo, F. C., & Astra, I. M. (2021). Trends of flipped classroom studies for physics learning: A systematic review. *Journal of Physics: Conference Series*, 2019(1), 012044. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/2019/1/012044>

9 Asiksoy, G. (2018). The effects of the gamified flipped classroom environment (GFCE) on students' motivation, learning achievements and perception in a physics course. *Quality & Quantity*, 52, 129-145. <https://doi.org/10.1007/s11135-017-0597-1>

10 J. Lazendic-Galloway, M. Fitzgerald, and D. H. Mckinnon, 2016. [Online]. Available.

ӘОЖ 37.047

ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА, ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРИЯ САЛАЛАРЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ

Сайранов М.К., магистрант

e-mail: merekesajranov@gmail.com

Ғылыми жетекші: Баймолданова Л.С., PhD, қауымдастырылған профессор
«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ,

Өскемен қ., Қазақстан,

e-mail: baimoldals@gmail.com

Қазіргі кезеңде ғылым мен технологияның қарқынды дамуы инженерлік-техникалық кадрларға, соның ішінде ядролық физика, энергетика және инженерия салалары бойынша жоғары білікті мамандарға деген сұранысты арттырып отыр [1,2]. Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту, энергетикалық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету және төменкөміртекті экономикаға көшу стратегиялық басым бағыттардың бірі болып табылады.

Алайда тәжірибе көрсеткендей, мектеп оқушылары бұл салалардағы мамандықтардың мазмұны мен болашағы туралы жеткілікті ақпаратқа ие емес. Кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйесіз жүргізіледі, бұл оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына кері әсерін тигізеді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – ядролық физика, энергетика және инженерия салаларына бейімделген кәсіби бағдар берудің педагогикалық моделін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік тұрғыда дәлелдеу.

Кәсіби бағдар беру мәселесі көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Е.А. Климов кәсіби өзін-өзі анықтауды тұлғаның психологиялық дамуымен байланыстырады. Н.С. Пряжников кәсіби бағдар беруді тұлғаның өмірлік стратегиясын қалыптастыру құралы ретінде қарастырады. Э.Ф. Зеер кәсіби дамудың кезеңдік моделін ұсынады [3,4].

Кәсіби бағдар беру мәселесі психология мен педагогика ғылымында кеңінен зерттелген. Осы бағыттағы іргелі теориялардың бірі – Евгений Александрович Климов ұсынған кәсіби өзін-өзі анықтау теориясы. Ғалым кәсіби таңдауды тұлғаның психологиялық ерекшеліктерімен және еңбек объектісімен байланыстыра отырып, мамандықтарды бес негізгі типке жіктейді: «адам–адам», «адам–техника», «адам–табиғат», «адам–белгілік жүйе» және «адам–көркем бейне». Ядролық физика, энергетика және инженерия салалары негізінен «адам–техника» типіне жатады және бұл бағыт оқушылардан жоғары деңгейдегі техникалық ойлау мен талдау қабілетін талап етеді.

Климов теориясында кәсіби өзін-өзі анықтау тұлғаның даму кезеңдерімен тығыз байланысты қарастырылады. Әсіресе мектеп кезеңі оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сондықтан осы кезеңде мақсатты түрде кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру маңызды.

Кәсіби бағдар беру мәселесін терең зерттеген ғалымдардың бірі – Николай Сергеевич Пряжников. Ол кәсіби өзін-өзі анықтауды тұлғаның өмірлік мағынасы мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру үдерісі ретінде қарастырады. Пряжниковтың пікірінше, кәсіби таңдау тек ақпарат алу нәтижесі емес, ол – тұлғаның ішкі мотивациясы, өмірлік мақсаттары және әлеуметтік орта әсерінен қалыптасатын күрделі процесс.

Ғалым кәсіби бағдар беруде тұлғаның белсенді позициясын, рефлексиясын және саналы таңдау жасау қабілетін дамытуды маңызды деп есептейді. Бұл тұрғыда кәсіби бағдар беру жұмыстары тек ақпараттық сипатта емес, оқушылардың өзін-өзі тануына, қабілеттерін бағалауына және болашақ кәсіби жолын саналы түрде анықтауына бағытталуы тиіс.

Осы зерттеуде ұсынылған педагогикалық модель Климовтың кәсіби типологиясына және Пряжниковтың тұлғалық-бағдарлы тұжырымдамасына сүйене отырып құрылды. Атап айтқанда, модель оқушылардың когнитивтік, мотивациялық және іс-әрекеттік компоненттерін дамыту арқылы олардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қамтамасыз етеді.

Халықаралық зерттеулерде (OECD, 2030) STEM-білім беру оқушылардың инженерлік және ғылыми ойлауын дамытудағы негізгі құрал ретінде қарастырылады [5-7].

Дегенмен, ядролық физика және инженерия салаларына бағытталған кәсіби бағдар беру бойынша нақты педагогикалық модельдер жеткіліксіз зерттелген.

Зерттеу Өскемен қаласындағы жалпы білім беретін мектептердің 8–10 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеуге жалпы саны 60 оқушы қатысты.

Зерттеу әдістері: сауалнама (оқушылардың кәсіби қызығушылығын анықтау), педагогикалық бақылау, педагогикалық эксперимент.

Эксперимент екі топта жүргізілді: бақылау тобы (дәстүрлі оқыту) және эксперименттік топ (ұсынылған модель бойынша жұмыс).

Эксперименттік топта келесі әдістер қолданылды:

- STEM негізіндегі сабақтар
- жобалық оқыту
- виртуалды зертханалар
- инженерлік тапсырмалар
- кәсіби сынақтар

Ұсынылған педагогикалық модель ядролық физика, энергетика және инженерия салаларына бағытталған оқушыларға кәсіби бағдар беру үдерісін жүйелі түрде ұйымдастыруға арналған. Модель құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысқан төрт негізгі блоктан тұрады: кіріс, кәсіби бағдар беру үдерісі, модель компоненттері және нәтиже.



Сурет 1 – Кәсіби бағдар берудің педагогикалық моделі

Модельдің бастапқы кезеңі – кіріс блогы, онда 8–10 сынып оқушыларының жеке ерекшеліктері, атап айтқанда қызығушылықтары мен қабілеттері ескеріледі.

Бұл кезең кәсіби бағдар берудің дараланған сипатын қамтамасыз етеді және оқушылардың бастапқы дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Келесі кезең – кәсіби бағдар беру үдерісі. Бұл блокта оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері қолданылады, оның ішінде STEM-білім беру, жобалық оқыту, виртуалды зертханалар, инженерлік тапсырмалар және жоғары оқу орындары мен өндіріс орындарымен өзара байланыс қарастырылған. Аталған әдістер оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастырып, олардың зерттеушілік және инженерлік ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Модельдің негізгі өзегі – оның құрылымдық компоненттері болып табылады. Олар төрт бағытта жүзеге асады: когнитивтік, мотивациялық, іс-әрекеттік және рефлексивтік. Когнитивтік компонент оқушылардың кәсіби сала туралы білімін қалыптастыруды қамтиды. Мотивациялық компонент олардың қызығушылығын арттыруға және кәсіби мақсаттарын айқындауға бағытталған. Іс-әрекеттік компонент практикалық дағдыларды, эксперимент жүргізу және жобалық жұмыс істеу қабілеттерін дамытады. Рефлексивтік компонент оқушылардың өз жетістіктерін бағалауына және кәсіби таңдауын саналы түрде негіздеуіне мүмкіндік береді.

Модельдің соңғы блогы – нәтиже. Бұл кезеңде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы қалыптасады, инженерлік ойлау қабілеті дамиды және ғылыми-техникалық салаларға деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар, оқушылар болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға дайын болады.

Модельдің ерекшеліктері:

- STEM және цифрлық технологиялармен интеграция
- ядролық және инженерлік бағытқа бейімделу
- теория мен практиканың үйлесімі
- ЖОО және өндіріс байланысы

Педагогикалық эксперимент нәтижелері төмендегідей өзгерістерді көрсетті: инженерлік және техникалық мамандықтарға қызығушылық деңгейі 34%-дан 71%-ға дейін артты; физика пәніне қызығушылық айтарлықтай өсті; оқушылардың кәсіби таңдауға деген сенімділігі қалыптасты.

Эксперименттік топта оқушылар: жобалар орындады; тәжірибелік жұмыстар жүргізді; инженерлік ойлау дағдыларын дамытты.

Бұл нәтижелер ұсынылған модельдің тиімділігін дәлелдейді.

Алынған нәтижелер Климов пен Пряжников теорияларымен сәйкес келеді, яғни кәсіби бағдар беру оқушылардың мотивациялық және іс-әрекеттік компоненттері арқылы тиімді жүзеге асады.

STEM тәсілдерін қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың практикалық дағдыларын қалыптастырады.

Ұсынылған модельдің ерекшелігі – оның нақты инженерлік және ядролық бағыттарға бейімделуі және практикалық бағыттылығы.

Осылайша, ұсынылған модель кәсіби бағдар беру үдерісін кешенді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді және мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, еңбек нарығына қажетті инженерлік кадрларды даярлауға негіз болады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ядролық физика, энергетика және инженерия салаларына кәсіби бағдар беру мектеп деңгейінде жүйелі түрде жүзеге асырылуы қажет.

Ұсынылған педагогикалық модель:

- оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын жүйелейді;
- мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы байланысты күшейтеді;
- еңбек нарығына қажетті инженерлік кадрларды даярлауға ықпал етеді.

Кәсіби бағдар беру – тұлғаның болашақ өмірлік жолын айқындайтын маңызды педагогикалық процесс.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі. Қазақстанда атом энергетикасын дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2022.
2. Қазақстан Республикасының Президенті. Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы. – Астана, 2023.
3. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – М.: Академия, 2004. – 304 с.
4. Пряжников Н.С. Профессиональное самоопределение: теория и практика. – М.: Академия, 2008. – 320 с.
5. Зеер Э.Ф. Психология профессий. – Екатеринбург: Деловая книга, 2003. – 336 с.
6. Bybee R.W. STEM Education: What Is STEM Education? // Science. – 2010. – Vol. 329. – P. 996.
7. OECD. Education 2030: The Future of Education and Skills. – Paris: OECD Publishing, 2018.
8. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020.
9. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. – Астана, 2014.
10. World Nuclear Association. Careers in Nuclear Energy. – London, 2021.

УДК 37.013

РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ ПОДРОСТКОВ В РАМКАХ ГУМАННОЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ТЕХНОЛОГИИ (НА ПРИМЕРЕ УРОКОВ РУССКОГО ЯЗЫКА)

Сайфулина М.Е.

КГУ «Средняя школа №42» ОО по г. Усть-Каменогорску УО ВКО РК,
ВКО, г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: saifulinamadina@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития коммуникативных навыков подростков в условиях современной школы. Особое внимание уделяется возможностям гуманной педагогической технологии в формировании коммуникативной компетентности обучающихся. Анализируется педагогический потенциал уроков русского языка как пространства для развития диалогического взаимодействия, речевой активности и сотрудничества учащихся. Определены

методы и формы работы, способствующие развитию коммуникативных умений подростков.

Цель исследования: изучить возможности развития коммуникативных навыков подростков на уроках русского языка в рамках гуманной педагогической технологии.

Ключевые слова: коммуникативные навыки, гуманная педагогика, подростки, урок русского языка, коммуникативная компетентность.

Введение

Современная система образования ориентирована не только на передачу знаний, но и на формирование личности учащегося, способной к эффективному взаимодействию в обществе. В условиях быстро меняющегося информационного пространства особое значение приобретает развитие коммуникативных навыков обучающихся. Умение выражать собственные мысли, аргументировать свою позицию, участвовать в диалоге и сотрудничестве становится важной составляющей успешной социальной адаптации личности.

Подростковый возраст является одним из наиболее значимых периодов развития коммуникативной сферы. Особенно актуальной данная проблема становится в подростковом возрасте, когда активно формируются навыки межличностного общения и взаимодействия со сверстниками.

Однако в образовательной практике нередко наблюдается недостаточное внимание к формированию коммуникативных умений учащихся.

В связи с этим возрастает значимость использования педагогических технологий, ориентированных на развитие личности обучающегося. Одной из таких технологий является гуманная педагогика, основанная на уважении к личности ребёнка, поддержке его инициативы и создании благоприятной образовательной среды.

Теоретические основы развития коммуникативных навыков

Коммуникативные навыки представляют собой совокупность умений, обеспечивающих эффективное взаимодействие между людьми. Они включают способность понимать собеседника, выражать собственные мысли, участвовать в диалоге, строить аргументацию и учитывать позицию других участников общения.

Проблема формирования коммуникативной компетентности рассматривается в работах многих отечественных и зарубежных исследователей. По мнению Л.С. Выготского, развитие личности происходит в процессе социального взаимодействия, где общение выступает важнейшим механизмом формирования высших психических функций.

Современные педагогические исследования подчеркивают необходимость создания условий для активного речевого взаимодействия учащихся в образовательном процессе. В этом контексте гуманная педагогика рассматривается как эффективная педагогическая технология, направленная на развитие личности ребенка и формирование его коммуникативной культуры.

Потенциал уроков русского языка

Особое значение в развитии коммуникативных навыков подростков имеют уроки русского языка. Язык является основным средством общения и мышления,

поэтому его изучение тесно связано с формированием коммуникативной компетентности учащихся.

На уроках русского языка создаются благоприятные условия для развития устной и письменной речи, формирования навыков аргументации, обсуждения и совместного решения учебных задач.

В рамках развития коммуникативных навыков подростков на уроках русского языка мною были использованы различные формы интерактивного взаимодействия. Одним из эффективных методов стала организация круглого стола, в ходе которого учащиеся обсуждали прочитанные произведения, высказывали собственное мнение, аргументировали свою позицию и учились слушать точку зрения одноклассников. Такая форма работы способствует формированию культуры диалога и развитию навыков публичного высказывания.

Также в процессе обучения применялись ролевые задания, направленные на моделирование коммуникативных ситуаций. Например, учащимся предлагалось разыграть сценку в формате интервью, где один ученик выступал в роли журналиста, а другой – в роли героя произведения или автора. Подобные задания стимулируют речевую активность обучающихся и способствуют развитию навыков импровизации и аргументации.

В качестве визуального способа осмысления учебного материала использовался метод инфографики, позволяющий учащимся структурировать информацию и представлять её в наглядной форме. Данный метод способствует развитию аналитического мышления и умения кратко формулировать основные идеи текста.

Кроме того, в процессе обучения была адаптирована коммуникативная игра «Крокодил», в которой учащиеся объясняли ключевые слова и понятия, связанные с изучаемой лексической темой урока. Такая форма работы развивает словарный запас, стимулирует речевую активность и формирует навыки коллективного взаимодействия.

Использование различных форм взаимодействия позволяет активизировать речевую деятельность учащихся.

Данные методы способствуют развитию речевой активности учащихся, формированию навыков сотрудничества и взаимопонимания.

Важным условием развития коммуникативных навыков подростков является создание благоприятной психологической атмосферы на уроке. В процессе наблюдения было отмечено, что многие учащиеся испытывают затруднения при устных высказываниях, так как боятся допустить ошибку и получить негативную оценку со стороны учителя или одноклассников.

В связи с этим на уроках русского языка особое внимание уделяется формированию у учащихся уверенности в выражении собственных мыслей. Учитель подчеркивает, что ошибка является естественной частью процесса обучения и рассматривается как опыт, способствующий развитию личности. Учащимся предлагается свободно высказывать свои мысли, даже если они сформулированы не полностью или требуют дальнейшего уточнения.

После высказывания учащихся проводится совместное обсуждение и корректировка ответов, что позволяет не только совершенствовать речевые

навыки, но и формирует у подростков уверенность в собственных коммуникативных возможностях. Такой подход соответствует принципам гуманной педагогики, основанной на уважении к личности ученика и поддержке его познавательной активности.

Методы гуманной педагогики

Использование гуманной педагогической технологии предполагает создание образовательной среды, основанной на доверии, уважении и сотрудничестве. В рамках уроков русского языка могут применяться различные методы, способствующие развитию коммуникативных навыков подростков.

Одним из таких методов является диалоговое обучение. В процессе диалога учащиеся учатся выражать собственные мысли, задавать вопросы и аргументировать свою позицию.

Эффективным методом также является групповая работа. Совместное выполнение учебных заданий формирует навыки взаимодействия, распределения ролей и коллективного решения задач.

Творческие задания, такие как написание сочинений, подготовка устных выступлений, создание текстов и презентаций, стимулируют развитие речевой активности учащихся. Важным элементом образовательного процесса является рефлексия, позволяющая учащимся осознавать результаты собственной деятельности и совершенствовать навыки общения.

Заключение

Таким образом, развитие коммуникативных навыков подростков является важной задачей современной школы. Использование гуманной педагогической технологии на уроках русского языка способствует формированию у учащихся умений эффективно взаимодействовать с окружающими, выражать собственные мысли и участвовать в конструктивном диалоге.

Гуманная педагогика позволяет создать благоприятную образовательную среду, в которой учащиеся чувствуют себя активными участниками учебного процесса. Это способствует развитию их коммуникативной культуры, повышению учебной мотивации и формированию социально значимых личностных качеств.

Перспективы дальнейших исследований связаны с разработкой и апробацией методических моделей развития коммуникативных навыков подростков в рамках гуманной педагогической технологии на уроках русского языка.

Список литературы

1. Амонашвили Ш.А. Гуманная педагогика. – М.: Педагогика, 2010.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1991.
3. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 2004.
4. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения. – М.: Просвещение, 2003.

**ГЕЙМИФИКАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ
БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Танат Ұ.Б.

Ғылыми жетекші: Базарова М.Ж., компьютерлік үлгілеу және
акпараттық технология кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
философия докторы (PhD),
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: uldikiztanat@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада геймификация элементтерін қолдану арқылы болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселелері қарастырылады. Білім беру процесінде ойын элементтерін қолдану студенттердің оқу мотивациясын арттыруға, шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретіні көрсетіледі. Сонымен қатар геймификацияның негізгі элементтері, оларды оқу процесінде қолдану жолдары және болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдірудегі рөлі талданады. Мақалада геймификация технологияларын қолданудың тиімділігі және оның білім беру сапасын арттырудағы маңызы сипатталған.

Кілт сөздер: геймификация, информатика мұғалімі, кәсіби құзыреттілік, цифрлық білім беру, инновациялық технологиялар, оқыту әдістері.

Аннотация. В статье рассматриваются способы повышения профессиональной компетентности будущих учителей информатики с использованием элементов геймификации. Показано, что внедрение игровых элементов в образовательный процесс способствует повышению учебной мотивации студентов, развитию их творческого и логического мышления. Также анализируются основные элементы геймификации, возможности их применения в образовательном процессе и их роль в профессиональной подготовке будущих учителей информатики. В работе раскрывается эффективность использования технологий геймификации и их значение для повышения качества образования.

Ключевые слова: геймификация, учитель информатики, профессиональная компетентность, цифровое образование, инновационные технологии, методы обучения.

Abstract. This article examines ways to improve the professional competence of future computer science teachers through the use of gamification elements. The study highlights that the integration of game elements into the educational process increases students' learning motivation and promotes the development of creative and logical thinking skills. The main components of gamification, their application in the educational process, and their role in the professional training of future computer science teachers are analyzed. The article also discusses the effectiveness of gamification technologies and their importance in improving the quality of education.

Keywords: gamification, computer science teacher, professional competence, digital education, innovative technologies, teaching methods.

Кіріспе

Қазіргі цифрлық қоғамда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар айтарлықтай өзгеруде. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына жаңа талаптар қояды. Әсіресе информатика пәні мұғалімдері тек теориялық біліммен ғана шектелмей, инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдана білуі тиіс. Осындай заманауи әдістердің бірі – геймификация.

Геймификация – ойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы білім алушылардың мотивациясын арттыруға бағытталған педагогикалық технология. Бұл тәсіл білім алушылардың белсенділігін арттырып, оқу процесін қызықты әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.[1] Болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда геймификация ерекше маңызға ие, себебі ол білім алушылардың шығармашылық ойлауын, логикалық қабілетін және цифрлық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Геймификация ұғымы және оның білім берудегі маңызы. Геймификация – ойын механикаларын, ережелерін және мотивациялық элементтерін ойын емес ортада қолдану үдерісі. Білім беру саласында геймификация студенттердің қызығушылығын арттыру, белсенді қатысуын қамтамасыз ету және оқу нәтижелерін жақсарту мақсатында қолданылады.[2]

Болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі

Кәсіби құзыреттілік – мұғалімнің педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылардың жиынтығы.[3] Болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі бірнеше компоненттен тұрады:

- Педагогикалық құзыреттілік – оқыту әдістерін тиімді қолдану қабілеті.
- Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік – цифрлық құралдарды пайдалану дағдылары.
- Коммуникативтік құзыреттілік – білім алушылармен тиімді қарым-қатынас жасау.
- Зерттеушілік құзыреттілік – ғылыми ізденіс жүргізу және жаңа әдістерді қолдану қабілеті.
- Геймификация осы құзыреттіліктерді дамытуда маңызды құрал бола алады.

1. Ойын негізіндегі тапсырмалар қолдану

Информатика сабақтарында бағдарламалау, алгоритмдеу және логикалық тапсырмаларды ойын формасында ұйымдастыру студенттердің қызығушылығын арттырады. Мысалы, код жазу тапсырмаларын квест түрінде ұйымдастыру.

2. Онлайн платформаларды пайдалану

Қазіргі таңда білім беруде геймификация элементтерін қамтитын көптеген платформалар бар. Мысалы:

- ✧ Kahoot
- ✧ Quizizz
- ✧ Classcraft

✧ CodeCombat

Бұл платформалар студенттердің білімін тексеріп қана қоймай, олардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

3. Рейтинг және жетістік жүйесін енгізу. Студенттердің жетістіктерін бағалау үшін балл, бейдж, деңгей секілді элементтер қолданылуы мүмкін. Бұл студенттердің өзара бәсекелестігін арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді.

4. Квест және жобалық тапсырмалар ұйымдастыру. Информатика пәнінде студенттерге түрлі деңгейдегі тапсырмалардан тұратын квесттер ұйымдастыру тиімді. Мұндай тапсырмалар логикалық ойлауды дамытып, практикалық дағдыларды қалыптастырады.

5. Командалық ойындарды қолдану. Топтық ойындар студенттердің коммуникациялық және ынтымақтастық дағдыларын дамытады. Мысалы, хакатон немесе командалық бағдарламалау жарыстары.

Геймификацияны қолданудың артықшылықтары. Геймификация элементтерін қолдану келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- студенттердің оқу мотивациясының артуы;
- білім алушылардың белсенді қатысуы;
- шығармашылық ойлаудың дамуы;”””
- цифрлық дағдылардың қалыптасуы;
- оқу нәтижелерінің жақсаруы.

Сонымен қатар, геймификация студенттердің өз бетімен білім алу қабілетін арттырады және оқу процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға мүмкіндік береді.[4]

Қорыта айтқанда, геймификация элементтерін білім беру процесінде қолдану болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Ойын технологиялары студенттердің оқу мотивациясын арттырып, олардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Болашақ информатика мұғалімдері геймификация технологияларын меңгеру арқылы оқу процесін тиімді ұйымдастырып, білім алушылардың қызығушылығын арттыра алады. Сондықтан жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлау барысында геймификация элементтерін жүйелі түрде енгізу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

[1] Seaborn, Katie and Deborah I. Fels. “Gamification in theory and action: A survey.” *Int. J. Hum. Comput. Stud.* 74 (2015): 14-31.

[2] Deterding, S., Khaled, R., Nacke L.E. and Dixon, D. (2011) Gamification: Toward a Definition. *CHI 2011 Gamification Workshop Proceedings, Vancouver, 2011, 12-15.*

[3] Hamari, J., Koivisto, J. and Sarsa, H. (2014) Does Gamification work?—A Literature Review of Empirical Studies on Gamification. 2014 47th Hawaii International Conference on System Sciences, Hawaii, HI, 6-9 January 2014, 3025-3034. <https://doi.org/10.1109/HICSS.2014.377>

[4] Werbach, K. (2014). (Re)Defining Gamification: A Process Approach. In *International Conference on Persuasive Technology* (pp. 266-272). Cham: Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-319-07127-5_23 [5] Luis de-Marcos, Eva Garcia-Lopez, Antonio Garcia-Cabot, On the effectiveness of game-like and social approaches in learning: Comparing educational gaming, gamification & social networking, *Computers & Education*, 2016, Pages 99-113, ISSN 0360-1315, <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2015.12.008>.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Тумарбекова Л.Т., ағылшын тілі пәні мұғалімі
«Сейфуллин атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
Мақаншы ауданы, Абай облысы, Қазақстан
e-mail: Laurat77a@mail.ru

Қазіргі білім беру жүйесінде шет тілдерін оқыту ерекше маңызға ие. Ағылшын тілі – халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолданылады. Сондықтан мектеп оқушыларының ағылшын тілін меңгеруі олардың болашақтағы білім алуына, кәсіби дамуына және мәдени байланыстар орнатуына үлкен мүмкіндік береді.

Ағылшын тілін оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Коммуникативтік құзыреттілік – оқушының шет тілінде еркін сөйлесу, өз ойын жеткізу, басқа адамдарды түсіну қабілеті. Бұл қабілеттер тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым сияқты тілдік дағдылар арқылы қалыптасады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде ағылшын тілін оқыту барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру және олардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Мұғалім сабақ барысында инновациялық әдістерді, ойын технологияларын және ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі шет тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік әдіс ерекше орын алады. Бұл әдістің басты мақсаты – оқушылардың шет тілінде еркін қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту. Яғни, оқушылар тек грамматикалық ережелерді меңгеріп қана қоймай, сол білімді күнделікті өмірде қолдана білуі тиіс. Сондықтан коммуникативтік әдіс тіл үйренушінің сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі болып саналады.

Коммуникативтік әдіс алғаш рет ХХ ғасырдың екінші жартысында шет тілін оқытудағы дәстүрлі әдістердің кемшіліктерін жою мақсатында пайда болды. Дәстүрлі әдістер көбінесе грамматикалық ережелерді жаттауға және мәтінді аударуға негізделген болатын. Ал коммуникативтік әдіс оқушылардың тілдік қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталады. Бұл әдіс бойынша тіл – ең алдымен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылады. Коммуникативтік әдісті қолдану барысында сабақтың негізгі мақсаты – оқушылардың сөйлесу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын дамыту. Мұғалім сабақта оқушыларды белсенді әрекетке тартып, оларды шет тілінде өз ойын еркін жеткізуге үйретеді. Мысалы, диалогтар құру, пікірталас жүргізу, сұрақ-жауап әдісі, рөлдік ойындар және топтық тапсырмалар оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Ағылшын тілі сабақтарында коммуникативтік әдісті қолдану оқушылардың тілдік қорын кеңейтіп қана қоймай, олардың сөйлеу мәдениетін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқушылар өз

ойларын ағылшын тілінде жеткізуге үйреніп, түрлі өмірлік жағдайларда тілдік қарым-қатынас жасауға дағдыланады. Сонымен қатар бұл әдіс оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін күшейтеді. Коммуникативтік әдістің тағы бір маңызды ерекшелігі – оқыту процесінде оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Мұғалім тек ақпарат беруші емес, сонымен қатар ұйымдастырушы және бағыт беруші рөлін атқарады. Оқушылар өзара қарым-қатынас жасау арқылы жаңа білімді меңгереді. Бұл әдіс оқушылардың өзіндік ойлау қабілетін дамытуға және олардың тілдік тәжірибесін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар коммуникативтік әдіс оқушылардың әлеуметтік және мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға да ықпал етеді. Ағылшын тілін үйрену барысында оқушылар басқа елдердің мәдениетімен, дәстүрлерімен және өмір салтымен танысады. Бұл олардың дүниетанымын кеңейтіп, халықаралық деңгейде қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде коммуникативтік әдісті ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен бірге қолдану тиімді нәтиже береді. Мысалы, бейнероликтерді көру, аудиоматериалдарды тыңдау, онлайн диалогтар жүргізу сияқты тапсырмалар оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, шет тілін үйренуді жеңіл әрі қызықты етеді.

Қорыта айтқанда, қазіргі білім беру жүйесінде ағылшын тілін оқыту ерекше маңызға ие. Ағылшын тілі – халықаралық қатынас тілі ретінде әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолданылып келеді. Сондықтан мектеп оқушыларының бұл тілді меңгеруі олардың болашақтағы білім алуына, кәсіби дамуына және әлемдік ақпарат кеңістігіне еркін енуіне үлкен мүмкіндік береді. Осыған байланысты ағылшын тілін оқыту барысында оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыру мен дамыту маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады.

Оқу мотивациясы – оқушының білім алуға деген ішкі қызығушылығы мен ынтасын білдіретін негізгі факторлардың бірі. Мотивациясы жоғары оқушылар оқу процесіне белсенді қатысып, жаңа білімді тез қабылдайды және оны практикада қолдануға ұмтылады. Ал мотивация деңгейі төмен болған жағдайда оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы азайып, оқу нәтижелері де төмендеуі мүмкін. Сондықтан мұғалім сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттыратын тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдануы қажет.

Зерттеу барысында ағылшын тілі сабақтарында оқу мотивациясын арттыру үшін коммуникативтік әдіс, ойын технологиялары, топтық және жұптық жұмыстар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және жобалық әдістерді қолданудың тиімді екендігі анықталды. Бұл әдістер оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына, өз ойын еркін жеткізуіне және шет тілінде қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік әдіс оқушылардың тілдік қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл әдіс арқылы оқушылар шет тілін тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да қолдануға үйренеді. Сонымен қатар

диалогтар, пікірталастар, рөлдік ойындар сияқты тапсырмалар оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға және олардың тілдік қорын кеңейтуге ықпал етеді.

Ойын технологиялары да оқу мотивациясын арттыруда маңызды рөл атқарады. Ойын барысында оқушылар өздерін еркін сезініп, сабаққа белсенді қатысады. Сонымен қатар ойын элементтері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

3. Приказ Министра энергетики Республики Казахстан от 20 марта 2015 года № 235 «Об утверждении Правил пользования электрической энергией» (с изменениями и дополнениями) // ИС «Параграф». – URL: <https://online.zakon.kz>.
4. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) от 1 июля 1999 года № 409-I // ИС «Параграф». – URL: <https://online.zakon.kz>.
5. Обзор проблем энергоснабжения в регионах // Информационное агентство «Khabar.kz». – 2025. – URL: <https://khabar.kz>.
6. Перебой с электричеством в Казахстане: хроника и причины // Информационное агентство «Informburo.kz». – 2025. – URL: <https://informburo.kz>.
7. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию» от 8 сентября 2025 года // Официальный сайт Президента Республики Казахстан.

ӘОЖ: 347.91/.95

МЕДИАЦИЯ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ, БАЛАМА ТӘСІЛІ

Қалиев Б., «Құқықтану» ББ 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: Садуақасова Л.К., Заңтану магистрі, сениор-лектор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: L_saduakasova@mail.ru

Қазіргі қоғамда әлеуметтік байланыстардың күрделенуі, адамдар арасындағы қарым-қатынастың алуан түрлі формада дамуы қақтығыстардың да жиілеуіне әкелуде. Осындай жағдайда дауларды шешудің тиімді, шығынсыз және адамгершілікке сай тәсілдерін қолдану – заман талабы.

Жалпы «медиация» сөзі - латын тілінен аударғанда делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға деген мағынаны білдіреді. Медиация тараптардың ерікті келісім бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиаторлардың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиацияны, қарапайым тілмен айтқанда, бітімгершілік деп түсінуге болады. Яғни, қандай да бір мәселе бойынша тараптар арасында келіспеушілік туған жеке азаматтар немесе заңды тұлғалар оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады. Екі арадағы келісім медиаторлар арқылы жүзеге асырылады. Аудан, қала, ауыл әкімдері республика аумағында кәсіби емес негізде медиацияны жүзеге асыратын кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді. Медиацияның мақсаты: дауды бітімгершілікпен шешудің екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу.

Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Ұлтымыздың тарихында билер институты болған. Азаматтар арасында туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе беделі бар жергілікті ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі шешетін мәселесі келген шығынды қалпына келтіріліп дауласушыларды бітімге жеткізу болып табылған. [1] Сол себепті бүгінгі қоғамымыздағы қатардағы

жұртқа қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ бұл ата-бабамыздың салтында, дәстүрінде болған институт.

Елімізде даулы мәселені оңтайлы шешудің баламалы тәжірибесі ретінде 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңы қабылданғандығы баршамызға мәлім. Осы Заң Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. [2]

Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуы тиіс. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Біздің ата-бабаларымыз бұрын бұл тәсілді тиімді қолданып, түрлі дауды билер соты арқылы бітімгершілікпен шешіп келгендіктен, бұл Заң қазаққа жат емес. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысындағы медиация қылмыстық процессуалдық заңында белгіленген сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс. [3]

Медиация қағидаларының мәніне келетін болсақ: Еркінділік қағидасы – бұл тараптар медиацияға ерікті түрде қатысады – медиация туралы шешім қабылдау кезінде, оның өту барысында, шешім қабылдауда және шешімдерді орындау кезінде. өз тағдырн өзі шешу – медиацияның негізгі принципі. Ол медиация үрдісінің тараптардың ерікті, өзара бірлескен шешімге қол жеткізу мүмкіндігіне негізделгенін талап етеді.

Құпиялылық қағидасы - медиация кезінде болатын барлық әрекеттер құпия болады. Медиацияға қатысушылардың өздеріне медиация барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиация тарапының жазбаша рұқсатынсыз жария етуге құқылы емес.

Медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы - Медиацияны жүргізу кезінде медиатор тараптардан, мемлекеттік органдардан, өзге де заңды, лауазымды және жеке тұлғалардан тәуелсіз болады. Медиатор заңда жол берушілік айқындалатын медиация құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады.

Медиатор бейтарап болуға, медиацияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және медиация рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Медиатордың бейтараптылығына кедергі келтіретін жағдайлар болған кезде ол медиацияны жүргізуден бас тартуға тиіс.

Медиация тараптарының тең құқылығы - медиация тараптары медиаторды, медиация рәсімін, ондағы өз ұстанымын, оны талап ету тәсілдері мен құралдарын таңдау кезінде, ақпарат алу кезінде, дау-шарды реттеу туралы келісім шарттарының қолайлылығын бағалауда тең құқықтарды пайдаланады және өздеріне тең міндеттер жүктейді.

Медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік - медиацияны жүргізу кезінде медиатордың қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда ешкімнің араласуына жол берілмейді.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып медиацияның қоғамдық қатынастарды реттеудегі тиімділіктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- Уақыт пен ақшаны үнемдеу. Медиация рәсімінің маңызды артықшылығына ақша мен уақыттың, соның ішінде істі қарауға тартылған және өзінің тікелей міндеттерін амалсыз орындамаған компания қызметкерлерінің жұмыс уақытының үнемділігін жатқызуға болады. Сот шешімінің екі ай ішінде шығатыны, ал қарсы талап арыз берген кезде одан да ұзаққа созылатыны даусыз. Соттың бірінші сатысының шешімімен келіспейтін кез келген тараптың облыстық сотқа апелляциялық, кассациялық арыз беретіні, кейде тіпті қадағалау арызымен Жоғары сотқа дейін жететіні белгілі.

- Медиация жолымен таластарды шешу ұзаққа созылмайды және оған қатысушылардың ресурстарын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді.

- Биресмилік. Сот ісі – бұл көпшілікке және баспасөзге жария етілетін үрдіс, яғни сіздің таласыңыз, іскерлік қатынасыңыз немесе жеке өміріңіз жөнінде барлығы хабардар болады. Ал құпиялылық – сізге таласты биресми және абыроймен шешуге көмектесетін медиация принципінің бірі.

- Екі жақты тараптар үшін ұтымды шешім. Медиация үрдісінде жеңімпаздар мен жеңілушілер болмайды. Медиацияның мақсаты – екі жақты тараптарды қанағаттандыратын шешім табу. Тек осындай жағдайда ғана медиация нәтижелі бола алады. Тараптар өз мүдделерін неғұрлым ашық білдірсе, бұл соғұрлым өткен жағдайда да, сондай-ақ болашақта да оларды қанағаттандыратындай шығармашылық шешім қабылдауына зор мүмкіндік береді. Шешім қабылдаудағы мұндай жағдайдың сотта қолданылуы екіталай.

- Шешімдерді орындаудың зор ықтималдығы. Жеке мүдделерін негізге ала отырып, өз беттерімен келісімге келген және бірге шешім шығарған медиация тараптарының олар үшін үшінші тұлға (сотта) қабылдаған шешімді емес, өздері қол жеткізген келісімді орындайтындары дәлелденген.

- Іскерлік қатынастарды сақтап қалу. Медиация нәтижесінде жасалған шарт тараптар анықталған өзара міндеттерді өздеріне өз беттерімен алуға дайын болатындай тараптардың қызығушылығы мен қажеттілігінің теңгерімі болып табылады. Мұндай шарт тараптардың біреуінің жеңілісімен аяқталатын сот немесе төрелік рәсімдермен салыстырғанда, тараптар арасындағы маңызды іскерлік қатынастарды сақтауға және болашақта олардың арасындағы сенімнің нығаюына көмектеседі. Медиацияны көп жағдайда «айығу» үрдісімен салыстырады, өйткені ол тараптардың өздерін не мазалайтынын ашық және тікелей айтуына, олардың алдағы өзара әрекеттерін келісуге мүмкіндік береді.

- Үрдістің нақтылығы. Дәстүрлі сот ісіне тараптары бір-біріне қатты жауласқан, қызуқанды бәсекелестер рәсімі жатады. Бұл жерде тараптардың шынайы мүддесі қатерге алынбайтын фактіге баса назар аударылады. Тараптар бір-бірімен делдалдар, яғни заңгерлер мен судьялар арқылы сөйлеседі. Бұдан медиацияның артықшылығы сол, медиация тараптардың бір-бірімен тікелей байланыс жасауына және мәселе шешімін ынтымақтастық арқылы табуға жәрдемдеседі. Медиация тараптар арасындағы даулардан туындайтын эмоциялық жағдайлардың төмендеуіне мүмкіндік береді. Бұл қатысушылардың «ашылуына» және таластарды шешудің үздік жолдарын табуға көмектеседі. Бұдан басқа медиацияның көмегімен өзара байланысты мәселелерді бір уақытта және бірнеше тараптардың қатысуымен тар деңгейде ғана емес, кең ауқымда талдап шешуге болады.

Жалпы осы ерекшеліктерді ескере отырып, адамдар неке бұзу, алимент өндіру, мүлікті бөлу жөнінде және жеке тұлғалардың араларында қарыз ақша өндіру, мүліктік даулар және т.б. талап арыздармен сотқа тікелей жүгінбей, сотқа дейінгі алдын ала шешу үшін өздеріне тиімді медиация жолымен шешу жағдайы қазіргі кезде қарқынды дамуда.

Медиация ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін ұзақ даму жолынан өтті. Бүгінде ол дауларды шешудің маңызды құралына айналды, тараптарға сотқа жүгінбей-ақ өзара тиімді шешімдер табуға мүмкіндік береді. Қазақстанда медиация дамуын жалғастыруда, және оның танымалдығы жыл сайын артып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Шунаева С.М. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы, оқу құралы, Алматы, 2014ж. 216.
- 2.«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 2011 жылғы 28 қаңтар.
3. Қанатұлы Ә. «Медиация мақсаты – бітімгершілік» \\ «Жебе» газеті, 25 шілде 2019 жыл.
4. Носырева Е.И. Развитие медиации в России: теория, практика, образование. М. 2012.

ӘОЖ 347.965

ЗАҢ КӨМЕГІ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЗАҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ЗАҢ КӨМЕГІН АЖЫРАТУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Махмұтов Б.Т., «Құқықтану» ББ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Рамазанова А.С., заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан., e-mail: bekrat1230@mail.ru

Заңгерлік көмек және заңгерлік қызметтер ұғымдарының құқықтық сипатын қарастырған кезде, алдымен заңгерлік көмек ұғымын талдау қажет, себебі бұл екі ұғымды ажыратуда белгілі бір күрделілік туындайды.

Заңгерлік көмек - мемлекеттегі көмектің ең маңызды түрлерінің бірі, ол бірқатар нормативтік құқықтық актілерде заңнамалық түрде бекітілген. Заңгерлік

көмек ұғымы мәні бойынша заңгерлік қызмет ұғымына өте жақын. Көптеген авторлардың пікірінше, бұл ұғымдар бірдей. Мысалы, К.С. Бирюкова заңгерлік көмек пен заңгерлік қызметті мүлдем ажыратпайды, оларды «қызмет алушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті нақты ақпаратты қызмет алушыға немесе үшінші тарапқа жасау және беру қызметі ретінде» анықтайды [1].

«Заңгерлік көмек, заңгерлік қызметтер сияқты, әртүрлі құқықтық мәселелерді шешу үшін пайдаланатын жеке тұлғалардың құқықтық біліміне негізделген. Екі институтты да жүзеге асыру үшін ұқсас құқықтық құралдар мен әдістер қолданылады» [2].

М.С. Баранниковтың айтуынша, дәстүрлі құқықтық ортада, белгілі бір құқықтық іс-шаралар жүзеге асырылатын жерде - клиенттерді әртүрлі мәселелер бойынша хабардар етуге, сұралған құжаттарды дайындауға және т.б. істерде - заңгерлік көмек пен заңгерлік қызмет ұғымдары бір-бірін алмастырады [3].

Дегенмен, бұлар әртүрлі ұғымдар деген пікірмен де келісу керек. Осыған байланысты, заңгерлік қызметтер мен заңгерлік көмекті ажырату критерийлерін қарастырайық.

Біріншіден, бұл ұғымдар өздерінің құқықтық сипаты бойынша ерекшеленеді. Осылайша, «заңгерлік қызметтер азаматтық-құқықтық қатынастардың объектісі болып табылады, ал заңгерлік қызметтерді көрсетуге қатысты қатынастарды реттейтін ережелер азаматтық заңнаманың ережелерін құрайды. Заңгерлік көмек көрсету, оның ішінде тегін, өтеусіз негізде, конституциялық және әлеуметтік-құқықтық қатынастар саласына жатады» [2]. Әрбір жеке тұлғаға қолданылатын кеңірек ұғым ретінде бұл жария-құқықтық институт мемлекет өзінің әрбір азаматына және әрбір жеке тұлғаға беруге міндеттенетін құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың жалпы кепілдігін құрайды. Біздің ойымызша, заңгерлік көмек институтының болуы кейіннен тиісті келісімшарттар шеңберінде ақылы негізде заңгерлік қызметтер көрсетудің азаматтық-құқықтық институтының қалыптасуына ықпал етті.

Екіншіден, субъектілердің құрамында айырмашылықтар бар. «Заңгерлік көмек келесілердің болуын болжайды: алу субъектісі – заңгерлік көмекке мұқтаж адам; көмек көрсету субъектісі – заңтану саласында арнайы білімі бар адамдар; және ұйымдастырушылық - құрылымдық тұрғыдан алғанда, осы қызмет түрін кәсіби негізде жүзеге асыратын ұйымдар мен жеке тұлғалар жүйесінің болуы» [4].

Қазіргі уақытта заңгерлік қызметтерді көрсететін субъектілерге ешқандай шектеулер жоқ. Тиісті келісім жасағысы келетін кез келген адам кез келген адвокатқа немесе заң фирмасына хабарласа алады. Сонымен қатар, қызмет көрсетушілердің өздеріне ешқандай талаптар қойылмайды. Сондықтан, ақылы заңгерлік қызметтерді көрсетуге арналған азаматтық-құқықтық келісімшарт шеңберінде субъектілердің құрамына ешқандай шектеулер жоқ.

Үшіншіден, қызметтің сипаты мен мақсаты. Заңгерлік көмек Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген білікті заңгерлік көмек алу құқығын жүзеге асыруға бағытталған [5]. Мұндай қызмет белгілі бір жағдайларда заңмен белгілі бір адамдар тобына жария түрде жүктелетін міндет болып табылады.

Заңгерлік көмек - тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды

мүдделерін жүзеге асырудағы мақсатты, үкіметтік емес кәсіби көмек. Заңгерлік көмек көрсетудің негізгі мақсаты - алушының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын толық жүзеге асыру үшін нақты құқықтық жағдайды шешу.

Қоғамның дамуының постиндустриалды кезеңінде қызмет көрсету саласы ең сұранысқа ие және серпінді дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Жаңа әлеуметтік қатынастардың пайда болуына және қолданыстағыларының күрделенуіне байланысты бұрын белгісіз қызмет түрлері пайда болып, қолданыстағылары жетілдірілуде. Қызмет көрсету саласы мемлекет экономикасында жетекші орын алады, бұл дамыған елдердің экономикасына тән.

Ұсынылатын қызметтердің алуан түрлілігі өте үлкен және олардың барлығын тізіп шығу қиын. Сонымен қатар, экономикалық қызмет барысында жаңа қызмет түрлері жиі пайда болады, демек, бұл тізім адам мен бизнестің қажеттіліктерінің артуына байланысты үнемі кеңейіп отырады. Қызметтер әртүрлі, бірақ жалпы алғанда, олардың мәні бірдей - олар бір адамның екіншісінің пайдасы үшін жасайтын қызметі. Осылайша, тиісті білімі, біліктілігі, қабілеттері немесе дағдылары жоқ, бірақ белгілі бір қызмет саласына қажеттілігі бар адам сол саладағы маманға жүгінеді, осылайша қызмет көрсетуді жеңілдететін әртүрлі азаматтық-құқықтық келісімшарттар жасайды [6].

Ең көне және ең танымал қызмет түрлерінің бірі - қоғамда сұраныс үнемі өсіп келе жатқан заңгерлік қызметтер.

«Бүгінгі шындықта заңгерлік қызметтерді көрсету кең таралған құбылыс. Нарық қатысушылары заңды тұлғаларды құрған және басқарған кезде, мәмілелер жасағанда, сотта өз мүдделерін қорғаған кезде және басқа да көптеген мәселелерде білікті заңгерлік қызметтерді қажет етеді. Азаматтарға өз құқықтары мен міндеттерін заңды және толық жүзеге асыру үшін де, құқықтарын қорғау үшін де заңгерлік қызметтер қажет» [7].

Қолданыстағы азаматтық заңнама қызметтерді көрсетуді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 115-бабында бекітілгендей азаматтық құқықтардың объектісі ретінде жіктейді [8]. ҚР Азаматтық кодексінің 683-бабының ережелеріне сәйкес: Өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

«Заңдық қызметтер қызмет көрсету институтының бөлігі болғандықтан, олар азаматтық құқықтардың объектілері ретінде барлық қызмет түрлеріне ортақ сипаттамалар мен белгілермен сипатталады. Осы тұжырымға сүйене отырып, біз заңдық қызметтердің сипаттамаларын сипаттаған кезде екі топқа бөлу орынды деп санаймыз. Біріншіден, бұл азаматтық құқықтардың тәуелсіз объектілері ретінде барлық қызметтерге тән жалпы сипаттамалар, екіншіден, бұл заңдық қызметтерді басқа қызмет түрлерінен ерекшелейтін нақты сипаттамалар» [7].

«Тегін заң көмегінің сипаттамаларының бірі - коммерциялық бағыттың болмауы немесе осы компоненттің айқындаушы маңыздылығының болмауы».

Қарама-қарсы коммерциялық бағыт азаматтық-құқықтық қатынастарда мәмілелер жасасу кезінде айқын көрінеді. Осылайша, заң қызметтерін көрсету сөзсіз даулы құқықтық мәселені шешуге бағытталған; дегенмен, біздің ойымызша, мұнда тағы бір негізгі мақсат та бар: қарама қарсы қызмет алу. Азаматтық-құқықтық шарт бойынша заң қызметтерін көрсететін субъектілер, жалпы ереже бойынша, азаматтармен мұндай келісім жасасуға немесе өздерінің конституциялық құқықтарын қорғауға міндетті емес.

Келісімшарт еркіндігі қағидатын басшылыққа ала отырып, контрагенттердің өздері кіммен және қандай шарттармен келісімшарттық қатынастарға түсуді таңдайды. Тапсырыс берушінің мақсаты - көтерген мәселені шешу болса, орындаушының мақсаты - қызмет көрсету және жұмысы үшін сыйақы алу.

Қолданыстағы құқықтық белгісіздікке және осы ұғымдар арасындағы айырмашылыққа сүйене отырып, заңгерлік қызметтер ұғымын тар және кең мағынада қарастыруға болады. Тар мағынада заңгерлік қызметті азаматтық құқықтардың объектісі бола алатын құқықтық және экономикалық құбылыс ретінде қарастыруға болады.

Кең мағынада заңгерлік қызметтерді заңгерлік қызмет, кәсіби заңгерлік білімі бар тұлғаның басқа тұлғаның пайдасы үшін орындайтын нақты мәмілелер жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Мұндай заңгерлік қызмет конституциямен кепілдендірілген заңгерлік көмек режимі аясында да, еркін сауда мен бизнес шеңберінде де көрсетілуі мүмкін»

Осылайша, заңгерлік көмек заңгерлік қызметтердің бөлігі болып табылады, ол кең мағынада «әрбір жеке тұлға мен азаматтың заңгерлік көмекке конституциялық құқығын жүзеге асыруға бағытталған және заңда тікелей көзделген жағдайларда тиісті тұлғаларға (заңгерлерге) жария түрде жүктелетін міндеттеме ретіндегі заңның жария аспектісінің көрінісін білдіреді».

Әдебиеттер тізімі

1. Бирюкова К.С. Институт адвокатуры в рамках концепции регулирования рынка профессиональной юридической помощи // Проблемы науки. - 2018. - № 2. - С. 56-60.
2. История и современные тенденции развития гражданского общества и государства: правозащитный аспект / под ред. С.О. Гаврилова, А.В. Гавриловой. М.: Проспект, 2019. - 432 с.
3. Баранников М.С. Система и формы оказания юридической помощи // Закон и право. - 2021. - №6. - С. 85-89.
4. Виноградова Е.В. К вопросу о праве на квалифицированную юридическую помощь // Образование и право. - 2017. - № 7. - С. 25-30.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2
6. Шоваева М. В. Оказание юридической помощи как вид договора возмездного оказания услуг // Теория и практика современной науки. - 2019. - № 4 (46). - С. 276–280.
7. Степанова Д.Н. К вопросу о правовом регулировании гонорара успеха // Наука. Общество. Государство. - 2020. - №3 (31). - С. 180-186.

ЗАЩИТА ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ И ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВЫЕ СРЕДСТВА ИХ ЗАЩИТЫ

Сағат Е.Ә., магистрант 2 курса ОП «Юриспруденция»

Научный руководитель: Рамазанова А.С., кандидат юридических наук,
ассоциированный профессор

Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: Eldos 1103@mail.ru

В любом государстве каждый имеет право на признание его правосубъектности и вправе защищать свои права и свободы всеми не противоречащими закону способами, включая необходимую оборону. Каждый имеет право на судебную защиту своих прав и свобод.

В условиях объективно существующей необходимости удовлетворения гражданами собственных нужд, значимых для их жизни и здоровья либо обеспечивающих достойный уровень существования, качество производимых товаров и оказываемых услуг имеет первостепенное значение для максимального удовлетворения их потребностей.

Между тем в условиях современного рынка товаров и услуг существует насущная необходимость законодательного обеспечения безопасности потребительского рынка, продиктованная низким качеством многих товаров и в целом - их опасностью для людей; фальсификацией не только товаров, но и товаросопроводительных документов, сертификатов качества, безопасности, страны происхождения, товарных знаков и др., что, в свою очередь, нарушает общепризнанный принцип соответствия товаров и услуг комплексу и уровню требований, установленных и закрепленных в соответствующих и надлежаще оформленных документах [1].

Понятие «потребитель» в самом общем виде начало формироваться в древности вместе с зарождением первых задатков потребительского регулирования в первых источниках права и продолжало развиваться веками вместе с государственностью.

Формирование потребительского движения в 1990-х годах сыграло огромную роль в создании новых отношений между продавцами и потребителями. С победой в первом деле началась эволюция осведомленности потребителей, и граждане начали понимать, что они являются потребителями с правами, которые необходимо защищать. В настоящее время организации потребителей также играют важную роль в развитии защиты прав потребителей [2].

Рост потребительского спроса имеет большое значение для экономики, является важным фактором роста ВВП развитых стран и является локомотивом их совершенствования. В связи с этим вопрос защиты нарушенных прав потребителей всегда был связан со страной и обществом. Однако научные исследования в этой области не охватывают всех проблем, с которыми могут столкнуться потребители. Отсутствие интереса у нынешнего поколения юристов к разработке вопросов в области прав потребителей связано с их прагматизмом: работа по разрешению

потребительских споров не предвещает достойного дохода или престижа юридической профессии. Поэтому некоторые правовые и нормативные вопросы в области защиты прав потребителей до сих пор не получили должного внимания. Их решение необходимо, особенно в нынешних негативных экономических и эпидемиологических условиях, с которыми в последние годы столкнулась мировая система правового надзора за отношениями с потребителями.

В начале 2020 года пандемия Covid-19, нового типа коронавирусной инфекции, внесла фундаментальные коррективы в законодательство и надзор практически во всех основных сферах жизни общества. В начале 2022 года - масштабные ограничительные меры со стороны западных стран в отношении Российской Федерации, повлекшие за собой снижение курса национальной валюты, спекулятивный спрос и последующее снижение потребительской активности не только в Российской Федерации, но также и в постсоветских странах, в том числе и в Казахстане, а также решение иностранных компаний прекратить свою деятельность и уйти из России.

Во время пандемии вопросы экономических санкций, стагнации деловой активности, защиты прав потребителей и законодательства для закрепления дополнительных гарантий стали более актуальными. Очень важно выявить уязвимые места рассматриваемых областей, поскольку четкие положения законодательства о защите прав потребителей и предсказуемость его применения являются не только ключом к надлежащей защите прав потребителей, но и ключом к успешному развитию всех областей, связанных с продажей товаров, реализация проектов и предоставление услуг.

Для защиты прав и законных интересов потребителей государство предусматривает дополнительные гарантии в законах и отдельных законодательных актах, устанавливает меры ответственности за нарушение прав потребителей. Поэтому государство подчеркивает важность защиты прав потребителей в любой сфере.

Средства защиты прав потребителей являются одним из элементов общей системы, защищающей особые права человека и гражданские права и свободы. Благодаря этой системе удовлетворяются интересы юридических лиц и обеспечиваются социальные выгоды, повышающие ценность их собственной продукции [3].

В последние годы количество видов деятельности, в которых потребители активно участвуют, увеличилось. Эта тенденция, в свою очередь, требует законодательства для регулирования возникающих отношений с участием потребителей.

Результатом стало увеличение количества нормативных правовых актов, регулирующих определенные аспекты прав потребителей и их защиты, а также большое количество научных исследований, специализирующихся на анализе вопросов, связанных с защитой прав потребителей.

Под формой защиты прав потребителей следует понимать предусмотренную законом процессуальную защиту, которую можно разделить на судебную защиту и внесудебную защиту по институтам, осуществляющим защиту.

Особенностью методов защиты прав потребителей является то, что они могут

применяться индивидуально или коллективно в зависимости от конкретных обстоятельств. Например, в исковом заявлении потребитель имеет право потребовать прекращения правоотношений и возмещения убытков, штрафных санкций и морального ущерба. Право покупателя выбрать способ защиты прав принадлежит самому покупателю.

Потребители могут самостоятельно выбирать методы и формы защиты своих прав, а также отстаивать свои права в суде и во внесудебном порядке. До сих пор для защиты прав потребителей использовались пять методов гражданского-правовой защиты: самооборона; прекращение или изменение правоотношений; возмещение ущерба; восстановление штрафных санкций; и компенсация морального вреда.

Спорные вопросы о ненадлежащем качестве приобретенных вещей и правила их возврата устанавливает Закон о защите прав потребителей РК от 4 мая 2010 года [4].

Самыми распространенными случаями повседневного нарушения прав потребителей в Республике Казахстан являются несоответствие цены товара на витрине цене на кассе. Статьей 24 Закона РК «О защите прав потребителей» гарантировано, что покупатель имеет полное право приобрести товар по указанной на витрине цене. Если продавец отказывается продавать товар по цене, указанной на витрине, поможет обращение в полицию: в таком случае магазину грозит штраф 200 МРП по статье 190 КоАП «Нарушение законодательства РК о защите прав потребителей» [5].

Кроме того, если потребитель оплачивает товар банковской картой и цена на кассе не соответствует цене на витрине, то он может обратиться в банк, который выпустил его карту, чтобы запросить возврат денег или оспорить транзакцию.

Досмотр охранниками личных вещей (сумок) на входе в магазин, в заведения общепита или на мероприятия. Охранник может осуществлять досмотр, если у него есть обоснованные подозрения наличия у посетителя краденого товара или запрещенных к ввозу/вывозу предметов. При этом досмотр должен проводиться без нарушения прав и достоинства посетителя, а также в соответствии с установленными законом правилами.

Таким образом, если посетитель не дал повода для подозрения в наличии у него запрещенных предметов или краденого товара, то охранник не имеет права проводить досмотр его сумки или других личных вещей. В случае неправомерного досмотра посетитель имеет право обратиться в компетентные органы или к администрации магазина за защитой своих прав.

Отказ продавцом в возможности возврата товара, приобретенного по скидке. В соответствии с законодательством Республики Казахстан, потребитель вправе вернуть товар надлежащего качества в течение 14 дней с момента покупки без объяснения причин. При этом, скидка не является основанием для отказа в возможности возврата товара. Однако, если на товар действовала специальная акция с условиями, предусматривающими особый порядок возврата, то продавец должен ознакомить покупателя с такими условиями перед покупкой [6].

Неправомерное поведение продавца. Согласно действующему в стране законодательству продавец не может настаивать на дополнительных услугах,

которые вы не заказывали, тем более включать их в чек по факту выполнения, то же самое касается навязывания сопутствующих дополнительных товаров.

Также продавец не может требовать от потребителя предоставления личных данных, которые не относятся к покупке товара, как и нарушать конфиденциальность персональных данных покупателей, раскрывая их третьим лицам без согласия покупателя.

Кроме того, продавец обязан предоставить полную информацию о товаре или услуге по требованию покупателя: исчерпывающие сведения о характеристике товара или услуги, сведения о производителе товара или оказывающем услугу лице, сведения о сроке годности или сроке службы товара, информацию о гарантии и сервисном обслуживании товара, включая сроки действия обслуживания и порядке обращения по гарантии, информацию о праве потребителя на возврат товара или отказ от услуги, а также о порядке и сроках осуществления таких действий и прочее.

Продажа товаров ненадлежащего качества. В соответствии с законодательством Казахстана продавец несет ответственность за качество товара, который он продает. Если товар оказывается ненадлежащего качества, потребитель вправе обратиться к продавцу с требованием обмена или возврата товара, а также требовать возмещения убытков, причиненных ему из-за покупки некачественного товара.

Под ненадлежащим качеством товара понимается товар, который не соответствует условиям договора купли-продажи, не обладает свойствами, необходимыми для его использования в соответствии с назначением или не соответствует общепринятым требованиям и стандартам.

Самым удобным на сегодняшний день сервисом по защите прав потребителей в Республике Казахстан можно назвать e-tutyushy.kz, он находится сейчас на этапе пилотного тестирования, и пользователю доступны не все торговые организации существующие в стране. Но, согласно информации размещенной на сайте правительства, каждому субъекту торговли будет присвоен уникальный идентификатор, который в виде QR-code будет размещаться на видном месте в торговых точках. Если покупатель посчитает, что его права нарушены, он, просканировав QR-code, войдет в систему, и у него появится возможность направить жалобу в адрес продавца, общественного объединения потребителей, государственного органа [6].

Таким образом, в современных условиях развития общества, особенно в век цифровизации, потребители сталкиваются со многими проблемами в процессе предоставления услуг, продажи товаров и совершения работ. Законодатели отреагировали на современные вызовы, приняв меры не только по защите бизнеса, но и по защите наиболее уязвимых слоев населения от внешних негативных факторов. Основными целями страны в сложившейся ситуации являются достижение наилучшего баланса между интересами субъектов потребительских правоотношений, устранение дифференциации правового надзора и дальнейшее реформирование закона о защите прав потребителей как всеобъемлющего правового акта в области защиты прав потребителей.

Список литературы:

- 1 Ешанкулов А.Е. Некоторые проблемы защиты прав потребителей в РК // Вестник института законодательства РК. – № 1 (25). - 2012. – с. 85-87
- 2 Волкова М.А. Защита прав потребителей // Научные исследования в частном праве России: Сборник научных трудов юридического факультета Российского государственного социального университета / Под редакцией Р.Р. Ленковской. – Москва: Издательство «Саратовский источник», 2018. – С. 28-34.
- 3 Шведова А. Д. К вопросу о формах защиты прав потребителей в Российской Федерации // Форум молодых ученых. – 2021. – № 11(63). – С. 478-483.
- 4 Закон РК от 4 мая 2010 года № 274-IV «О защите прав потребителей» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 08.06.2024 г.) // <https://online.zakon.kz>
- 5 Кодекс РК об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235 –V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 15.09.2025 г.) // <https://online.zakon.kz>
- 6 Как казахстанскому потребителю защитить свои права // <https://mtrk.kz/ru/2023/04/10/kak-kazakhstanskomu-potrebitelyu-zashhi/>

ӘОЖ 005.95/96

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТӘЖІРИБЕНІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

Саинова Ж.С.

Ғылыми жетекші: Ордабаева М.А., PhD доктор,
қауымдастырылған профессор

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: zhansaya.sainova@yandex.ru

XXI ғасырда әлем цифрлық технологиялардың дамуы, нарықтардың жаһандануы және тұрақты даму талаптарының күшеюімен байланысты ауқымды өзгерістер кезеңін бастан кешіруде. Мұндай жағдайда адами капиталды тиімді басқару – ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз етудің маңызды факторы ретінде қарастырылады. Қызметкерлермен жұмыс жүргізудің дәстүрлі әдістері заман талабына сай келмей отыр: бүгінгі таңда жұмысшылар тек еңбек жағдайының лайықты болуын ғана емес, сонымен қатар компания тарапынан тұрақты даму қағидаттарын ұстануын, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті де күтуде.

Осы өзгерістерге жауап ретінде көптеген ұйымдар персоналды басқаруда тұрақты тәжірибелерді енгізуде – мысалы, экологиялық жобаларға қатысу, корпоративтік волонтерлік, көміртек ізін азайтуға бағытталған шаралар. Алайда мұндай бастамалардың нақты нәтижелер беруі үшін оларды жүйелі түрде бағалап, мониторинг жүргізу қажет. Дәл осы тұста цифрлық құралдар шешуші рөл атқарады.

Заманауи HR-технологиялар – аналитикалық платформалар, жасанды интеллектке негізделген жүйелер, қызметкерлердің кері байланысы мен қатысу деңгейін өлшейтін құралдар, интерактивті бақылау панельдері – ұйымдарға

тұрақты HR-тәжірибелердің тиімділігін үздіксіз бақылауға, деректер негізінде шешім қабылдауға және стратегиялық бағыттарды нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар ұйымышлік процестердің ашықтығын арттырып, басқарушылық процестерді оңтайландыруға көмектеседі.

Сондықтан персоналды басқарудағы тұрақты тәжірибелерді цифрлық құралдар арқылы бақылау және бағалау мәселесі ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да өзекті болып отыр. Осы мақалада біз тұрақты HR-басқаруда қолданылатын цифрлық шешімдердің түрлерін талдап, олардың негізгі функциялары мен артықшылықтарын сипаттаймыз, сондай-ақ бұл құралдардың тұрақты тәжірибелерді мониторингілеудегі маңызын ашып көрсетеміз.

Цифрландыру үдерісі және тұрақты даму (sustainable development) мәселелеріне артқан назар жағдайында кадрларды стратегиялық басқарудың маңызды бағыты – тұрақты HR-практикаларды (sustainable HR practices) енгізу және оларды мониторингтеу болып табылады. Бұл практикалар адам капиталын басқарудың ұзақ мерзімді тиімділігін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік факторларды ескере отырып қамтамасыз етуге бағытталған. Оларға экологиялық бағытталған оқыту, қызметкерлердің әл-ауқатын қолдау, этикалық жұмысқа қабылдау, тең мүмкіндіктер, әртүрлілік пен инклюзивтілік, сондай-ақ компания қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту шаралары жатады.

Тұрақты HR-практикаларды мониторингтеу – бұл аталған бастамалардың жүзеге асырылуымен байланысты көрсеткіштерді жүйелі түрде қадағалау, өлшеу және талдау процесі, олардың тиімділігін бағалау және қажет болған жағдайда түзету енгізу мақсатында жүргізіледі. Мұндай мониторинг цифрлық құралдарды қолданусыз мүмкін емес, өйткені олар деректерді жинауға, оларды нақты уақытта өңдеуге, нәтижелерді визуализациялауға және негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Адам ресурстарын тұрақты басқару (Sustainable HRM) – ұзақ мерзімді құндылыққа, қызметкерлерді дамытуға және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікке баса назар аудара отырып, тұрақты даму принциптерін кадрлық саясат пен тәжірибеге біріктіруге бағытталған тұжырымдама.

HRM саласындағы цифрлық құралдар – бұл персоналды басқару функцияларын автоматтандыру мен оңтайландыруға арналған технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз ету. Оларға қызметкерлерді іріктеу, оқыту, дамыту, бағалау және тарту процестері жатады. Тұрақты HR тәжірибелерін бақылауға арналған негізгі цифрлық құралдар, олардың функциялары және пайдалану мысалдары Кесте 1-де көрсетілген.

Кесте 1. Тұрақты HR-практикаларды мониторингтеуге арналған цифрлық құралдар: функциялары мен қолдану мысалдары

Құрал санаты	Сипаттамасы және функциялары	Платформалардың мысалдары	Бақыланатын тұрақты тәжірибелер
HR аналитикасы (People Analytics)	Шешім қабылдау үшін HR деректерін жинау, талдау және визуализациялау	SAP SuccessFactors, Workday, Oracle HCM Cloud	Кадрлардың ауысуы, экологиялық және КӘЖ бағдарламаларына қатысу, гендерлік және

			жасқа байланысты өртүрлілік
Бақылау тақталары мен бақылау тақталары	Тұрақты даму және HR бастамалары бойынша KPI визуализациясы	Microsoft Power BI, Tableau	Гендерлік тепе-теңдік, инклюзивті бастамаларды қамту, әл-ауқат пен оқу көрсеткіштері
Оқытуды басқару жүйелері (LMS)	Тұрақтылық, этика, экология курстарын ұйымдастыру және қадағалау	Moodle, TalentLMS, Coursera for Business	ESG-тақырып, цифрлық сауаттылық, экологиялық жауапкершілік бойынша оқудан өткен қызметкерлердің пайызы
Кері байланыс құралдары	Қызметкерлердің пікірлерін жинау, мәдениетті бақылау және бастамаларды қабылдау	Culture Amp, Glint, Peakon	Тұрақты бастамаларға қанағаттану, әділеттілікті қабылдау, басшылыққа деген сенім
ESG және тұрақты есеп беру платформалары	HR деректерін ESG корпоративтік есептілігіне біріктіру	EcoVadis, Refinitiv, Sustainalytics	HR саясатының ESG халықаралық стандарттарына сәйкестігі, "S" тұрақтылық компоненті бойынша есеп беру
Әл-ауқатты басқару платформалары	Қызметкерлердің физикалық және психикалық денсаулығын бақылау	Limeade, Virgin Pulse, WellSteps	Wellness бағдарламаларына қатысу, стресс факторларын азайту, жұмыс пен өмірдің тепе-теңдігі
Сандық сауалнамалар және кері байланыс жүйелері	Инклюзия, теңдік, тұрақты даму жөніндегі бастамаларды қабылдауды бағалау	Google Forms, SurveyMonkey, Typeform	Ұжым ішіндегі климатты бағалау, бастамаларға қосылу, тұрақты еңбек жағдайларына қанағаттану

Тұрақты HR-тәжірибелер мониторингіне цифрлық шешімдерді енгізу әлеуетін бағалау үшін SWOT-талдау жүргізілді. Ол күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ HR-ге цифрлық трансформацияның тиімділігіне әсер ететін сыртқы мүмкіндіктер мен қауіптерді бағалауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген SWOT-талдау негізінде тұрақты HR-практикаларды мониторингтеуге арналған цифрлық құралдарды енгізу персоналды стратегиялық басқаруды нығайтудың айтарлықтай әлеуетіне ие екенін байқауға болады. Негізгі күшті жақтарға HR-үдерістердің ашықтығының артуы, деректерге негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігі, сондай-ақ күнделікті міндеттерді автоматтандыру жатады. Бұл HR-мамандарына адам капиталын дамытуға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық платформаларды қолдану қызметкерлердің қатысу деңгейін арттырып, корпоративтік мәдениеттегі тұрақтылықты нығайтады.

Алайда бұл үдеріс кейбір әлсіз жақтар мен қауіптермен қатар жүруі мүмкін. Атап айтқанда, қызметкерлердің цифрлық құзыреттерінің жеткіліксіздігі, енгізуге

кететін шығындардың жоғары болуы және дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі. Осы қауіптерді азайтып, мүмкіндіктерді толық пайдалану үшін ұйымдарға HR-мамандарын оқытуға инвестиция салу, бейімделетін әрі қауіпсіз цифрлық шешімдерді таңдау, сондай-ақ компания ішінде тұрақты даму мәдениетін дамыту ұсынылады.

Кесте 2. Персоналды тұрақты басқаруға цифрлық құралдарды енгізуді SWOT- талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> • HR-тәжірибелердің ашықтығы мен есептілігін арттыру • ESG бастамаларын жедел бақылау мүмкіндігі • Қызметкерлердің қатысуын арттыру үшін деректерге негізделген кері байланыс • Есеп беруді автоматтандыру және ресурстарды үнемдеу • ESG ашықтығы арқылы компания беделін жақсарту 	<ul style="list-style-type: none"> • Бағдарламалық құралдар мен кадрларды оқытуға жоғары бастапқы шығындар • HR-мамандар арасында цифрлық сауаттылықтың жеткіліксіздігі • Киберқауіпсіздік және жеке деректердің таралу тәуекелдері • Қызметкерлер тарапынан өзгерістерге қарсылық • Ескі жүйелермен сәйкессіздік немесе заңнамалық шектеулер
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<ul style="list-style-type: none"> • Халықаралық ESG стандарттарымен интеграция (GRI, SASB, ISO 30414 және т.б.) • Ұйымның тұрақты дамуы үшін мәліметтерді тиімді пайдалану • HR бағдарламаларын дараландыру және қызметкерлердің әл-ауқатын арттыру • Еңбек нарығында жұмыс берушінің тартымдылығын арттыру • HR бөлімінің стратегиялық рөлін күшейту 	<ul style="list-style-type: none"> • Технологиялардың тез ескіруі және жиі жаңартулардың қажеттілігі • Цифрландыру мен деректерді қорғау саласындағы нормативтік талаптардың күшеюі • Ақпараттың жоғалуы немесе техникалық ақаулар • Сыртқы IT-провайдерлер мен технологияларға тәуелділік • Жоғарғы басшылықтың HR цифрлық трансформациясына жеткіліксіз араласуы

Цифрлық экономиканың дамуы және тұрақты дамуға бағытталған жаһандық трендтер жағдайында адами капиталды басқару саласында жаңа талаптар мен міндеттер қалыптасуда. Бұл өзгерістер HR-менеджмент жүйесінде тұрақты HR-практикаларды енгізу мен оларды тиімді мониторингілеуді өзекті етеді. Зерттеу барысында тұрақты HR-практикалар ұғымының мәні ашылып, олардың заманауи талаптарға сай адам капиталын дамытудың негізгі компоненті екендігі дәлелденді.

Цифрлық құралдардың көмегімен HR-практикаларды жүйелі түрде бақылау, бағалау және жетілдіру мүмкіндігі артатыны анықталды. SWOT-талдау нәтижесінде бұл құралдарды енгізудің бірқатар артықшылықтары анықтала, сонымен қатар тәуекелдері мен шектеулері де ескерілді.

Бұл талдау көрсеткендей, ұйымдар өздерінің күшті тұстарын пайдалана отырып, мүмкіндіктерді барынша тиімді іске асыра алады, ал әлсіз және қауіпті жақтарды арнайы стратегиялар арқылы азайтуы тиіс. Тұтастай алғанда, цифрлық мониторинг құралдары тұрақты HR-практикаларды тиімді басқарудың қуатты

құралы болып табылады және олардың сәтті интеграциясы ұйымның стратегиялық дамуында маңызды рөл атқарады.

Жалпы алғанда, тұрақты HR-практикаларды цифрлық тәсілдермен қадағалау – бұл жай ғана технологиялық жаңалық емес, бұл адам капиталын дамытудың жана парадигмасы. Қазақстандық ұйымдар үшін бұл бағыттың дамуы халықаралық стандарттарға сай болуға, қызметкерлермен қарым-қатынасты жақсартуға және ESG-көрсеткіштерді нығайтуға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулерде осы құралдардың отандық ұйымдардағы қолданылу тәжірибесін талдау және бағалау өзекті болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ahmad, F., Hossain, M.B., Mustafa, K., Ejaz, F., Khawaja, K.F., & Dunay, A. Green HRM Practices and Knowledge Sharing Improve Environmental Performance by Raising Employee Commitment to the Environment // Sustainability, 2023. 15(6), 5040.
2. Ionescu, L. Digitalization of Work and Human Resources Processes as a Way to Create a Sustainable and Ethical Organization. Energies // Energies, 2023. 15(1), 172.
3. Sadeghi, S. Employee Well-being in the Age of AI: Perceptions, Concerns, Behaviors, and Outcomes. 2024. URL: <https://arxiv.org/abs/2412.04796>
4. Аймагамбетов Е.Б., Гимранова Р.Р., Спанова Б.К., Омарова А.Т. Инновациялық даму жағдайындағы «адами капитал» ұғымы және оның іргелес экономикалық категориялар жүйесіндегі орны // «Тұран» университетінің хабаршысы, 2023. №3:230-237.
5. Зуева З.В., Катровский Ю.А. Использование цифровых технологий в управлении персоналом Бизнес-образование в экономике знаний, 2021. №2, 64-67.

ӘОЖ 338.48

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ

Талғатова Д., Адилбекова А., Куанышбекова А., Елубек М.

Ғылыми жетекші: Байгужинова А.Ж., сениор-лектор

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ, Қазақстан, e-mail: talgatovadina233@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы туризм саласына инвестиция тартудың маңызы қарастырылады. Туризмнің ел экономикасына тигізетін әсері, туристік инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі және шетелдік инвестицияларды тарту жолдары талданады. Сонымен қатар Қазақстандағы негізгі туристік аймақтар мен олардың даму әлеуеті сипатталады. Туризмге инвестиция салу арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және елдің халықаралық туристік нарықтағы беделін арттыру мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: туризм, инвестициялар, экономикалық даму, инвестициялық саясат.

Туризм - Қазақстан экономикасының болашағы зор салаларының бірі. Соңғы жылдары мемлекет бұл саланы дамытуға ерекше көңіл бөлуде, өйткені туризм

экономикалық өсімге ықпал етеді, жаңа жұмыс орындарын ашады және аймақтардың дамуына мүмкіндік береді. Қазақстан өзінің бай табиғи ресурстары, тарихи-мәдени мұрасы және қолайлы географиялық орналасуы арқылы туристерді тартуға үлкен мүмкіндікке ие.

Қазақстан табиғи көрікті жерлерге өте бай. Ел аумағында әсем таулар, кең далалар, таза көлдер мен ұлттық парктер бар. Мысалы, туристер арасында танымал орындардың бірі - Шарын шатқалы. Бұл шатқал ерекше табиғи пішіндерімен және әдемі ландшафттарымен танымал. Сонымен қатар Көлсай көлдері табиғаттың керемет көріністерімен көптеген саяхатшыларды қызықтырады. Қазақстандағы ең танымал демалыс аймақтарының бірі -Бурабай. Бұл аймақ орманымен, көлдерімен және таза ауасымен ерекшеленеді. Сондай-ақ Каспий теңізі жағалауында жағажай туризмін дамытуға мүмкіндік бар.

Мемлекет экономикасын дамытудың жеті басым саласының бірі туризм болып табылады, ол халықаралық стандарттарға сәйкес бәсекеге қабілетті және сапалы қызмет көрсеткен жағдайда тиімділігі жоғары сала болып табылады.

Бүгінгі таңда республикадағы туризмнің өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары отандық ғалымдардың туризмді дамытудағы инновациялық тәсілдің негізі ретінде қарастырылуы тиіс. Қазіргі даму жағдайында туризм жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салалардың біріне айналуда. ЮНВТО мәліметтері бойынша туризм тауарлар мен қызметтердің әлемдік экспортында төртінші, ал кірістілік бойынша әлемде мұнай өндіру өнеркәсібі мен автомобиль құрастырудан кейін үшінші орын алады.

Алайда туризм саласының толық дамуы үшін инвестициялар өте қажет. Инвестициялар жаңа қонақүйлер, демалыс орындары, туристік кешендер, жолдар мен әуежайлар салуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар туристерге көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға және заманауи технологияларды енгізуге көмектеседі. Туристік инфрақұрылымның дамуы шетелдік және отандық туристердің санын көбейтуге ықпал етеді.

2025 жылдың соңына қарай олар 1,25 триллион теңгеден асып, 33%-ға өсті. Капиталдың негізгі ағыны қонақүй инфрақұрылымын, курорттық аймақтарды (Маңғыстау, Алматы кластері) және жолаушылар көлігін дамытуға бағытталған, 328 жоба іске асырылуда, шамамен 10 000 жұмыс орны ашылды.


Негізгі тенденциялар мен көрсеткіштер:

Рекордтық инвестиция: 2025 жылы туризм саласына негізгі капиталға салынған инвестиция 1,25 трлн теңгені құрады. Өсу көшбасшылары: Ең жоғары өсім Ақтөбеде (526%), Алматыда (79%) және Астанада (61%) тіркелді [1]. Негізгі жобалар: Маңғыстауда «Жылы жағажайды» дамыту (аквапарктер, қонақ үйлер), тау шаңғысы курорттары мен қонақ үй кешендерін салу.

Қазақстан үкіметі туризм саласына инвестиция тарту үшін түрлі бағдарламаларды жүзеге асыруда. Инвесторларға қолайлы жағдай жасау мақсатында салықтық жеңілдіктер беріліп, әкімшілік рәсімдер жеңілдетілуде. Туристік аймақтарды дамыту және жаңа жобаларды жүзеге асыру арқылы елдің туристік әлеуетін арттыру көзделіп отыр.

Қазақстандағы туризмнің дамуына үлес қосып жатқан маңызды қалалардың қатарына Алматы, Астана және Түркістан жатады. Алматы - табиғаты әсем

таулармен қоршалған ірі туристік орталық. Астана - іскерлік және мәдени туризмнің орталығы. Ал Түркістан тарихи және рухани туризмнің маңызды бағыты болып табылады.



Сурет - 1. 2025 жылғы инвестиция құрылым

Туризмге инвестиция салу ел экономикасына да үлкен пайда әкеледі. Бұл салада қонақүй бизнесі, көлік, қоғамдық тамақтану және ойын-сауық қызметтері дамиды. Сонымен қатар шағын және орта бизнестің дамуына да мүмкіндік туады. Жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындары ашылып, халықтың табысы артады.



Сурет – 2. Туризмді дамытуға бағытталған инвестициялар.

Соңғы жылдары Қазақстанда экологиялық туризм мен этнотуризм де белсенді дамып келеді. Туристер қазақ халқының мәдениетімен, дәстүрлерімен, ұлттық тағамдарымен және тарихи ескерткіштерімен танысуға қызығушылық танытады. Мұндай туризм түрлерін дамыту үшін этноауылдар салу, туристік маршруттар ұйымдастыру және табиғи аймақтарды қорғау маңызды.

Қорытындылай келе, туризмге инвестициялар Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды фактор болып табылады. Егер бұл салаға жеткілікті қаржы бөлініп, инфрақұрылым дамытылса, Қазақстан әлемдік туристік нарықта өз орнын нығайта алады. Туризмді дамыту елдің халықаралық беделін арттырып, шетелдік туристердің санын көбейтуге мүмкіндік береді.

Қоршаған орта сабағы.

Виртуалды эксперименттер мен бейне материалдар табиғат құбылыстары мен экологиялық мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға теориялық білімді практикамен байланыстыруға көмектеседі.

Музыка және сурет сабағы.

Интерактивті бағдарламалар арқылы балалар музыкалық ноталарды, ритмдерді және түрлі сурет техникасын үйренеді. Бұл шығармашылық қабілеттерін арттырады.

4. Интерактивті тапсырмаларды тиімді қолдану жолдары.

Сабақ мақсатымен байланыстыру – тапсырмалар сабақтың негізгі мақсатына сәйкес болуы тиіс.

Оқушылардың жас ерекшелігін ескеру – тапсырманың күрделілігі жасына сай болуы керек.

Кері байланыс ұйымдастыру – әр тапсырмадан кейін нақты және түсінікті кері байланыс берілуі қажет.

Технологияны тиімді пайдалану – интерактивті тақталар, планшеттер, компьютерлік бағдарламалар сабақ тиімділігін арттырады.

Қол жетімділік – әр оқушыға тапсырманы орындау мүмкіндігі берілуі тиіс, сонда білім беру әдісі әділ әрі тиімді болады.

Интерактивті тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда маңызды құрал болып табылады. Олар оқушылардың қызығушылығын оятып, білімді тәжірибеде қолдануға, коммуникативтік және шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Мұғалім интерактивті әдістерді тиімді пайдалана отырып, әр оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру процесін сапалы әрі қызықты ете алады. Білім беру жүйесінде интерактивті әдістерді кеңінен қолдану тек заманауи технологияны пайдалану емес, сонымен қатар оқушылардың ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін және өздігінен білім алуын дамыту жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Интерактивті тапсырмалар – бұл тек сабақтың қызықты болуы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың білім деңгейін арттырудағы тиімді және ғылыми дәлелденген әдіс.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1) Байназарова Т. Б., Жасұзақ Ү. Б., Жезбаева А. Ж., Қожамбердиева З. Н. «Бастауыш сыныпта интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану». Bilimger.kz, 12 желтоқсан 2024.
- 2) Саукинбаева С. Ж. «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер (бастауыш сынып)».
- 3) Г.С. Каримова, П.З. Ишанов т.б. «Интерактивті тапсырмалар жинағы» сериясы. «Педагогика» № 2(106)/2022.
- 4) «Қазақ әдебиеті сабақтарында интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру». Серікбай К. Р. Edunews.kz.
- 5) «Бастауыш мектептің қазақ тілі сабағында интерактивті оқыту технологиясын қолданудың тиімділігін айқындау». UST.kz.
- 6) «Бастауыш сыныпта интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану». Bilimger.kz.
- 7) «Дидактикалық материалдар (Қазақ тілінен орыс тілінде оқытылатын бастауыш сыныптарға арналған)». Bilimdiler.kz.

6-СЕКЦИЯ
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ
ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ, ИННОВАЦИИ В ОБЛАСТИ
ОБРАЗОВАНИИ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ

UDC37

PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF USING AUTHENTIC MATERIALS
TO DEVELOP SPEAKING SKILLS IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Khairulina A.A.

2nd-year master's student of the educational program
«7M01703 – Foreign language: two foreign languages»
Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

Abstract. The development of speaking skills remains one of the most challenging aspects of foreign language learning. Alongside linguistic difficulties, learners frequently encounter psychological barriers such as anxiety, low motivation, and lack of confidence, which significantly limit their communicative performance. This article examines the psychological aspects of using authentic materials in foreign language teaching and their influence on the development of speaking skills. Particular attention is given to their role in reducing anxiety, enhancing motivation, and strengthening learners' confidence. The study also includes classroom-based observation as supporting empirical evidence. The findings demonstrate that the systematic use of authentic materials creates a more engaging and psychologically supportive learning environment, positively influencing both emotional and communicative development.

Keywords: speaking skills, authentic materials, motivation, anxiety, confidence, foreign language teaching.

Introduction

In contemporary foreign language education, communicative competence is widely recognized as a key objective. Language learning involves not only grammatical and lexical knowledge but also the ability to use language effectively in real-life communication (Richards, 2015). Among the four core language skills, speaking is often considered the most complex due to its spontaneous, interactive, and time-sensitive nature.

However, speaking development is influenced not only by linguistic competence but also by psychological factors. Research indicates that anxiety, low motivation, and lack of confidence significantly reduce learners' willingness to communicate (MacIntyre, 2017). Even students with sufficient language knowledge may avoid speaking due to fear of making mistakes or being negatively evaluated by peers or teachers.

This issue becomes particularly evident in classroom environments, where students are required to produce language in front of others. In such situations, emotional pressure often exceeds communicative readiness, which results in reduced participation and slower development of fluency.

In response to these challenges, authentic materials have been increasingly integrated into language teaching. These materials expose learners to real-life language use and natural communication patterns, making learning more meaningful and contextually relevant (Gilmore, 2017). However, beyond their linguistic value, their psychological influence on learners remains an important area of investigation.

The aim of this article is to analyze the psychological aspects of using authentic materials and their role in developing speaking skills, supported by both theoretical discussion and classroom observation.

Psychological barriers in developing speaking skills

One of the most significant barriers in speaking development is anxiety. Language anxiety refers to feelings of tension, nervousness, and fear experienced during foreign language communication (MacIntyre, 2017). It is particularly evident in speaking tasks, where learners must produce language spontaneously and in real time.

Anxiety is often caused by fear of making mistakes and receiving negative evaluation. Learners who focus excessively on grammatical accuracy tend to avoid speaking, which reduces opportunities for practice and slows down fluency development (Harmer, 2015). Over time, this avoidance behavior may lead to passive participation and limited communicative progress.

Another important factor is self-confidence. Mercer and Dörnyei (2020) emphasize that learners' beliefs about their own abilities directly influence their willingness to engage in communication. Low confidence results in hesitation, reduced risk-taking, and minimal participation in speaking activities.

Motivation also plays a central role in speaking development. When learners do not perceive learning as meaningful or relevant, their engagement decreases significantly. Tomlinson (2016) notes that meaningful input and engaging tasks are essential for sustaining learners' motivation and active participation.

In addition, classroom environment strongly influences psychological readiness. Teacher-centered instruction may increase pressure and limit interaction, whereas student-centered approaches encourage collaboration and reduce anxiety. Therefore, psychological factors must be considered as central components of speaking instruction rather than secondary issues.

The impact of authentic materials on psychological development

Authentic materials provide an effective means of addressing psychological barriers in speaking development. Their main advantage lies in creating realistic and meaningful learning contexts that reflect actual language use (Gilmore, 2017).

One of the key psychological effects is the reduction of speaking anxiety. When learners are exposed to natural speech, they realize that real communication is not grammatically perfect. Spoken language often includes pauses, repetitions, and informal expressions, which reduces pressure and encourages more natural participation.

Authentic materials also increase motivation. Real-world content such as videos, interviews, and digital media is generally more engaging than textbook-based exercises. Mishan and Timmis (2015) highlight that authentic input enhances learners' emotional involvement, which leads to higher engagement and willingness to communicate.

Furthermore, authentic materials contribute to the development of confidence. Successful comprehension and discussion of real-life content create a sense of achievement. This positive emotional experience strengthens learners' belief in their communicative abilities (Mercer & Dörnyei, 2020).

In addition, repeated exposure to authentic input supports fluency development by helping learners internalize natural language patterns and expressions (Nation, 2015). As a result, speech becomes more automatic and less cognitively demanding.

Overall, authentic materials influence not only linguistic development but also learners' psychological readiness for communication.

Classroom observation: empirical support

To support the theoretical framework, a small-scale classroom observation was conducted with A2-level learners in order to examine the psychological impact of authentic materials on speaking performance.

Two types of speaking tasks were implemented:

1. a textbook-based discussion task
2. an authentic video-based discussion task

Both activities were conducted in pairs to reduce anxiety and encourage interaction. The observation revealed several clear differences between the two conditions.

In terms of participation, students were significantly more active during the authentic task. Nearly all learners contributed to the discussion, whereas participation in the textbook-based task was more limited.

Regarding emotional response, learners appeared more relaxed when working with authentic materials. Fewer signs of hesitation and anxiety were observed, and students demonstrated greater willingness to express their ideas.

Motivation levels were also higher during the authentic task. Learners showed greater interest in the content and often extended their responses beyond the task requirements, which indicates deeper engagement.

Confidence development was another important outcome. Students were more willing to take communicative risks and express personal opinions when discussing real-life materials.

These observations suggest that authentic materials create a more psychologically safe and engaging environment for speaking practice. Even short exposure to real-life content can positively influence learners' willingness to communicate.

Discussion and pedagogical implications

The findings confirm that psychological factors play a decisive role in speaking skill development. Anxiety, lack of confidence, and low motivation can significantly limit learners' communicative performance even when linguistic competence is sufficient.

Authentic materials help address these challenges by creating meaningful, engaging, and realistic learning environments. However, their effectiveness depends on appropriate pedagogical implementation.

Teachers play a crucial role in this process. They should carefully select materials according to learners' proficiency level, design supportive tasks, and create a classroom atmosphere that reduces psychological pressure. Pair and group work, scaffolding techniques, and gradual task progression are particularly effective in supporting learners' confidence and reducing anxiety.

Conclusion

This article has examined the psychological aspects of using authentic materials in foreign language teaching. The analysis shows that speaking development is strongly influenced by emotional factors such as anxiety, motivation, and confidence.

Authentic materials contribute significantly to overcoming these barriers by creating engaging and realistic learning environments. They reduce anxiety, enhance motivation, and strengthen confidence, which are essential for successful communication.

The inclusion of classroom observation provides additional support for the theoretical discussion, demonstrating that even limited exposure to authentic materials can positively influence learners' speaking behavior.

In conclusion, authentic materials represent not only a linguistic resource but also a powerful psychological tool that enhances learners' readiness for communication, making them an essential component of modern foreign language teaching.

References

1. Dörnyei, Z. (2020). *Innovations and challenges in language learning motivation*. Routledge.
2. Gilmore, A. (2017). Authentic materials and authenticity in foreign language learning. *Language Teaching*, 50(1), 1–31.
3. Harmer, J. (2015). *How to teach English* (2nd ed.). Pearson.
4. Larsen-Freeman, D., & Anderson, M. (2018). *Techniques and principles in language teaching* (3rd ed.). Oxford University Press.
5. MacIntyre, P. D. (2017). Language anxiety research and trends. In *New Insights into Language Anxiety*. Multilingual Matters.
6. Mercer, S., & Dörnyei, Z. (2020). *Engaging language learners in contemporary classrooms*. Cambridge University Press.
7. Mishan, F., & Timmis, I. (2015). *Materials development for TESOL*. Edinburgh University Press.
8. Nation, I. S. P. (2015). *Learning vocabulary in another language* (2nd ed.). Cambridge University Press.
9. Richards, J. C. (2015). *Key issues in language teaching*. Cambridge University Press.
10. Tomlinson, B. (2016). *The importance of materials development for language learning*. Cambridge University Press.

УДК 37.013.43

РАЗВИТИЕ ПОЛИЛИНГВАЛЬНОЙ ЛИЧНОСТИ ЧЕРЕЗ ЯЗЫКОВЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ

Азирбаева Ж.К., Сыдыкова К.Д.

Учителя казахского языка и литературы КГУ «Средняя школа-лицей №34»,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: Azirbaeva73@mail.ru

Деятельность человека в своем многообразном проявлении является условием его развития. Учебная деятельность, как и любая деятельность, завершается достижением определенных результатов. Современные требования к образованию таковы, что результатом учебной деятельности становятся не только предметные знания, умения и навыки, но и ключевые компетенции. Приобретение

учащимися компетенций является показателем продуктивности учебной деятельности.

В реальной практике организация продуктивной деятельности учащихся сталкивается с рядом трудностей, что обусловлено перегруженностью содержания каждого учебного предмета, выходящего за пределы познавательных возможностей учащихся в каждом классе. Один из путей выхода из сложившейся ситуации связан с возрождением интегрированных уроков, и предполагает новое понимание принципа интеграции в образовании [1].

Понятие интеграции в педагогику пришло в 80-ые годы, и оно стало обозначать высшую формулу межпредметных связей. Интеграция дает возможность показать учащимся «мир в целом», преодолев разобщенность научного знания по дисциплинам, и исключает дублирование, а значит, освобождает учебное время для изучения другого явления [2].

Проблема взаимосвязи дисциплин лингвистического цикла всегда стояла очень остро. Перед нами встала задача выработки согласованных взглядов на объем и содержание разделов лингвистических дисциплин и учет связи их с другими школьными дисциплинами. Каждый педагог должен рационально использовать внутриспредметные и межпредметные связи в учебном процессе.

Лингвистические дисциплины являются не только теоретическими, но и практическими, направленными на выработку навыков правильной речи. Русский, казахский, английский языки изучаются не только как объект исследования, научного анализа и описания в диахроническом и синхронном аспекте, но и как предметы практического усвоения.

Школа должна готовить функционально грамотную полилингвальную и поликультурную личность и создавать условия для социального, интеллектуального, личностного развития индивидуальности носителя языка[3].

Полилингвальная языковая личность – это компетентный носитель родного и неродного языков. Это носитель, способный в силу лингвистического мышления и языкового знания, развитого чувства языка, языкового вкуса, готовности к использованию языка во всем многообразии его функций:

- оперативно и эффективно ориентироваться в многоязычном информационном пространстве,
- продуктивно в отношении себя и партнеров по речевой коммуникации участвовать в разножанровых диалоге и полилоге,
- гибко и системно использовать потенциал лингвистического образования для саморазвития и самореализации в речевом пространстве, продуктом которого выступает текст высокой культурологической и этнокультурной маркированности.

В соответствии с вышеизложенным, функционально грамотный носитель 2-х и более языков должен системно и устойчиво проявлять 4 компетенции:



Рисунок 1. - Компетенции полилингвальной личности

Содержание указанных компетенций свидетельствует об ориентации научно-методической системы формирования функциональной грамотности на восприятие языковой личности и перспективе в отношении нее полилингвального образования, востребованность которого очевидна в современном поликультурном и многоязычном информационно-коммуникативном пространстве Республики Казахстан [4].

Интегрирование учебного материала проводится с опорой на возможности внутрипредметных и межпредметных связей.

Для решения проблем воспитания функционально грамотной личност кафедрами казахского языка, русского языка, английского языка и литературы была создана модель полилингвального образования через реализацию принципов интеграции.

Вопрос формирования полиязычия через урочный и внеурочный потенциал, прежде всего, должен решаться путем создания речевой среды на школьных занятиях и во внеклассной работе, путем создания проблемных ситуаций, речевых обстановок, необходимых для размышлений над языковыми явлениями разных языков. Мобилизация в системе знаний, умений и навыков, получаемых на уроках разных языковых дисциплин, будет вести к необходимости расширения и воспроизводства их и вне учебной деятельности, то есть в повседневной жизни. Модернизация школьного образования, воспитание в полиэтническом информационно-коммуникативном пространстве Республики Казахстан имеет следствием формирование функциональной грамотности языковой личности. Нужна система языкового образования, где обучение родному языку, языку межнационального общения и иностранным языкам должно быть единым связным целым, на что и указано в Концепции образования Республики Казахстан [5]



Рисунок 2. - Структура полилингвального образования

Таким образом, в основу работы учителей-словесников должна быть положена идея интеграции – весь мир человеческой культуры, который охватывает все его виды: умственную и интеллектуальную культуру, нравственную, эстетическую, физическую, экологическую и экономическую культуру, семейную и политическую, правовую культуру.

Модель билингвального образования предполагает интегрирование:

1. содержания образования
2. внеклассной работы
3. тематики научных проектов школьников

Реализуя работу в соответствии с представленной выше структурой, преподаватели ориентируются на достижение высоких результатов в развитии субъектности личности, что позволит беспрепятственно реализовать выпускникам свои способности в современном обществе.




Рисунок 3. - Прогнозируемые результаты развития функционально грамотной личности учащихся

Достижение учащимися ожидаемых результатов не только подтверждает значимость совместной деятельности учителя и учащихся, но и позволяет расценить ее как продуктивную.

Продуктом совместной деятельности учителя и учащихся является:

- обобщенное знание о рассматриваемом объекте как элементе целостной картины мира
- предметные умения и навыки, готовность к самостоятельному решению учебной проблемы.

Таким образом, функциональная грамотность – дидактическое условие развития познавательно – коммуникативной деятельности одаренных учащихся.

Специалисты доказывают, что духовно-нравственное формирование личности происходит путем присвоения ею общественно-исторического опыта человека в процессе предметно-практической деятельности и усвоения норм социально-этических отношений и общечеловеческих гуманистических отношений в целом. На наш взгляд, задачи школьного билингвального образования можно сформулировать следующим образом:

- предоставление всяческих возможностей для развития и реализации личностью ребенка собственных способностей, потребностей, жизненных целей;
- признание ценности человеческой жизни и детства как ее особого самоценного периода;
- признание, принятие и понимание разнообразных национально-культурных установок общества как равноправных и равноценных, в умении понимать их, учитывать в общении и деятельности – поликультурное образование;
- создание условий для поликультурного образования, направленных на развитие у детей способности одинаково успешно жить как в окружении доминирующей культуры, так и своей собственной.

Успешная реализация задач возможна на интерактивных уроках по языковым дисциплинам.

Список литературы:

1. Галеев В.Н., Нигматов З.Г. Полилингвальное обучение и глобальная информатизация. ТГГПУ г. Казань
2. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – Москва, Просвещение, 1991, стр. 32-33
3. ГОСО Республики Казахстан. Учебные планы. 2013г.
4. Закон «О языках в Республике Казахстан».
5. Саутова Т. А. Полилингвальное и поликультурное образование в полиэтническом информационно-коммуникативном пространстве [Электронный ресурс] / Т. А. Саутова. – Режим доступа: <http://azbyka.kz/polilingvalnoe-i-polikulturnoeobrazovanie-v-polietnicheskom-iformacionno-kommunikativnom>.

**ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІ:
ЖАС МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ПСИХОПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТРАНСФОРМАЦИЯ**

Ахмадиев М.Т.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: akhmediyev2003@mail.ru

Аннотация. Мақалада физикалық білім берудегі модельдеу әдісінің жас мұғалімдердің кәсіби дамуына тигізетін әсері ғылыми тұрғыдан талданған. Зерттеу барысында физикалық құбылыстарды ментальды және виртуалды модельдеудің мұғалімнің когнитивтік дайындығын арттырудағы рөлі айқындалды. Сонымен қатар, PhET және Vascak Physics виртуалды платформаларының дидактикалық мүмкіндіктері салыстырылып, олардың жас мамандар арасында жиі кездесетін «зертханалық мазасыздық» феноменін төмендетудегі тиімділігі негізделген. Зерттеу нәтижелері виртуалды модельдеудің «қауіпсіз қателік» аймағын құру арқылы мұғалімнің өзіндік тиімділігін және кәсіби резильенттілігін арттыратынын дәлелдейді.

Түйін сөздер: модельдеу әдісі, жас мұғалім, кәсіби құзыреттілік, PhET, Vascak Physics, зертханалық мазасыздық, өзіндік тиімділік, психопедагогикалық трансформация.

Қазіргі физикалық білім берудің басты мақсаты — оқушыларға дайын фактілерді беру емес, оларды ғылыми зерттеу үдерісіне белсенді тарту. Бұл үдерісте модельдеу әдісі жетекші орынға ие. Ғылыми модельдер — фактілік ақпаратты жалпы заңдар немесе принциптер арқылы біртұтас жүйеге ұйымдастыратын құрылымдалған білім бірліктері болып табылады.

Жас мұғалімдер үшін модельдеу әдісін меңгеру тек әдістемелік дағды емес, сонымен қатар олардың кәсіби сәйкестігін қалыптастырудың негізі. Физикалық теорияның математикалық (формализм) және лингвистикалық (мазмұн) синтезі екенін ескерсек, модельдер теория мен шынайылық арасындағы көпір қызметін атқарады.

Модельдеу теориясына негізделген оқытудың мәні

Модельдеуге негізделген оқыту физиктердің ментальды конструкциялар арқылы ойлау стратегиясына сүйенеді. Дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, бұл әдіс физиканы формулалар жиынтығы ретінде емес, өзара байланысты модельдер жүйесі ретінде қарастырады.

Бұл тәсілде модельдеу үдерісі оқушыларға үнемі айқын түрде көрсетіліп отырады. Мұндай циклдік даму студенттердің сапалық модельдерден сандық модельдерге саналы түрде көшуіне мүмкіндік береді.

Модельдеудің жас мұғалімнің когнитивтік және әдістемелік дайындығына әсері.

Кесте 1. Дәстүрлі және модельдеуге негізделген оқытудың айырмашылығы

Салыстыру негізі	Дәстүрлі оқыту	Модельдеуге негізделген оқыту
Білім табиғаты	Формулалар мен фактілер жиынтығы	Құрылымдалған модельдер жүйесі
Оқушы рөлі	Ақпаратты қабылдаушы пассивті	Модельдерді белсенді құрушы және тексеруші
Есептерді шығару	Математикалық манипуляция	Модельді қолдану және репрезентацияларды үйлестіру
Зертханалық жұмыс	Нұсқаулық бойынша заңды растау	Жаңа модельдерді құруға арналған зерттеу

Жас мұғалімдердің когнитивтік дайындығы физикалық құбылыстарды ментальды түрде бейнелей алу қабілетімен өлшенеді. Модельдеуге негізделген ойлау стратегиясы маманды жаңа бастаушы деңгейінен сарапшы деңгейіне көшіреді.

Модельдеу әдісін қолдану мұғалімнің бойында келесі құзыреттерді дамытады:

- Құрылымдық білім: Физикалық заңдарды жаттаған ақпарат емес, нақты жағдайды талдауға арналған икемді құрал ретінде қабылдау.

- Өзіндік тиімділік : Мұғалімнің өз оқыту дағдыларына деген сенімінің артуы.

- Дискурс және коммуникация: Оқушылардың пікірталастарын ғылыми модельдер негізінде бағыттау алу.

Зерттеулер көрсеткендей, модельдеу әдісін жоғары деңгейде қолданатын жас мұғалімдердің оқушылары концептуалды түсінік бойынша жиынтық бағалауларда 27%-ға дейін жоғары нәтиже көрсетеді.

Виртуалды модельдер: PhET және Vascak Physics платформаларының дидактикалық рөлі

Виртуалды зертханалар теориялық білімді практикамен ұштастырудың инновациялық құралы болып табылады. PhET Interactive Simulations және Vascak Physics платформалары бұл саладағы ең тиімді ресурстар болып табылады.

- PhET (University of Colorado): «Ашық зерттеу» принципіне негізделген. Ол атомдар, электрондар мен векторлар сияқты «көрінбейтін» нысандарды визуалдау арқылы абстрактілі ұғымдарды нақтылауға мүмкіндік береді.

- Vascak Physics: Физиканың 15 бөлімі бойынша 200-ден астам параметрлік модельдерді ұсынады. Ол когнитивті жүктеме теориясына сәйкес ақпаратты басқарылатын анимациялар түрінде ұсынуымен тиімді.

Мысалы, электродинамиканы оқытуда PhET арқылы Ом заңын зерттеуде электрондардың қозғалысын тікелей бақылауға болады, бұл теориялық заңдылықтың физикалық мазмұнын тереңірек түсінуге көмектеседі.

«Зертханалық мазасыздықты» төмендету және «Қауіпсіз қателік» аймағы

Жас мұғалімдер үшін зертханалық орта жиі психологиялық стресс көзіне айналады. «Laboratory Anxiety» (зертханалық мазасыздық) — экспериментті сәтсіз өткізіп алу немесе оқушылар алдында беделін жоғалту қорқынышы.

Виртуалды модельдеу мұғалімге «қауіпсіз қателік» аймағын ұсынады:

1. Алдын ала модельдеу: Нақты зертханаға кірмес бұрын виртуалды ортада «ментальды репетиция» жасау когнитивті жүктемені азайтады.

2. Стрессті азайту: Виртуалды симуляцияда қателік жасау жазалау емес, оқу мүмкіндігі ретінде қабылданады. Ештеңе сынбайтын және жарылмайтын ортада мұғалім эксперимент параметрлерін еркін өзгерте алады.

3. Кәсіби резильенттілік: Альберт Бандураның теориясына сәйкес, виртуалды ортадағы табысты тәжірибе мұғалімнің өзіне деген сенімін нығайтып, оны нақты зертханадағы қиындықтарға төзімді етеді.

Бұл «шынайылық соққысын» бәсеңдетіп, жас маманның кәсіби бірегейлігін сақтап қалуға көмектеседі.

Виртуалды модельдеу платформаларын қолданудың практикалық алгоритмдері

Виртуалды симуляцияларды жай ғана көрсету жеткіліксіз; оларды оқушының зерттеушілік дағдысын дамытатындай жүйелі алгоритм бойынша енгізу қажет. Төменде екі платформа үшін нақты кейстер негізінде жасалған алгоритмдер берілген.

PhET Interactive Simulations: «Маятниктің тербелісі және энергияның сақталуы» кейсі

PhET платформасы конструктивистік оқытуға негізделгендіктен, мұндағы алгоритм «Зерттеу арқылы оқыту» принципіне сүйенеді:

1. Мәселе қою : Мұғалім симуляцияны ашып, маятниктің тербелісін көрсетеді. Сұрақ қойылады: «Маятниктің ұзындығы мен жүк массасы оның тербеліс периодына қалай әсер етеді?»

2. Гипотеза құру: Оқушылар симуляциядағы параметрлерді өзгертпес бұрын өз болжамдарын жасайды.

3. Деректерді визуализациялау : Платформадағы «Energy Graph» терезесін ашу арқылы кинетикалық және потенциалдық энергияның бір-біріне айналуын нақты уақыт режимінде бақылау.

4. Қорытынды және модельді бекіту: Оқушылар жинаған деректері негізінде формуланың дұрыстығына көз жеткізеді.

Vasck Physics: «Тұрақты ток тізбегіндегі Ом және Кирхгоф заңдары» кейсі

Vasck Physics анимациялары параметрлік модельдеуге негізделгендіктен, мұндағы алгоритм «Көрнекі-логикалық талдау» әдісіне бағытталған:

1. Компоненттерді сәйкестендіру: Экрандағы виртуалды схема компоненттерін (резистор, амперметр, вольтметр, ток көзі) нақты физикалық құралдармен салыстыру.

2. Параметрлерді теңшеу: Слайдерлер көмегімен кернеу мен кедергі мәндерін өзгерту.

3. Динамикалық бақылау: Кернеу артқан сайын схемадағы ток күшінің көрсеткіші қалай өзгередінін және электрондардың қозғалыс жылдамдығының визуализациясын қатар қадағалау.

4. Математикалық модельдеу: Оқушылар виртуалды вольтметр мен амперметрден алған мәндерді дәптерге жазып, қатынасты есептейді.

5. Қателіктерді талдау: Виртуалды модельдегі идеалды жағдай мен нақты зертханадағы (өткізгіштердің кедергісі, аспаптардың қателігі) айырмашылықтарды талқылау.

Модельдеу әдісін енгізудегі жас мұғалімнің іс-әрекет стратегиясы

Жас мұғалім үшін мақалада көрсетілгендей, «зертханалық мазасыздықты» жеңу үшін виртуалды модельдеуді кезең-кезеңімен енгізу стратегиясы ұсынылады:

- 1-кезең: Демонстрациялық модельдеу. Мұғалім симуляцияны интерактивті тақтада өзі басқарып, оқушылармен бірге талқылайды. Бұл мұғалімге аудиторияны бақылауда ұстауға көмектеседі.

- 2-кезең: Аралас модельдеу (Blended approach). Зертханалық жұмыстың алғашқы 15 минутында оқушылар PhET-те «виртуалды дайындықтан» өтеді, содан кейін ғана нақты құралдармен жұмыс істейді. Бұл құралдардың сыну қаупін 40%-ға азайтады.

- 3-кезең: Дербес зерттеу. Оқушыларға үй тапсырмасы ретінде симуляцияда нақты бір параметрді тауып, оның моделін құру беріледі.

Салыстырмалы тиімділік көрсеткіштері

Зерттеулер көрсеткендей, модельдеу әдісін виртуалды платформалармен ұштастырып қолданатын жас мұғалімдердің кәсіби дамуында мынадай он өзгерістер байқалады:

Көрсеткіш	Дәстүрлі әдіс	Модельдеу әдісі (PhET/Vascak)
Оқушылардың тақырыпты меңгеру деңгейі	62%	85%
Мұғалімнің сабаққа дайындық уақыты	120 мин	45 мин
Зертханалық жұмыстағы техникалық қателіктер	Жоғары	Төмен
Оқушылардың пәнге қызығушылығы (STEM)	Орташа	Өте жоғары

Физиканы оқытудағы модельдеу әдісіне жасалған ғылыми талдау бұл тәсілдің тек оқушы үшін емес, жас мұғалімнің кәсіби тұрақтылығы үшін де маңызды екенін көрсетті. PhET және Vascak Physics сияқты платформаларды қолданудың нақты алгоритмдері физикалық заңдылықтарды визуализациялауға, «қауіпсіз қателік» аймағын құруға және мұғалімнің өзіндік тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, модельдеу әдісі жас физика мұғалімдерінің когнитивтік-әдістемелік дайындығын жаңа сапалық деңгейге көтеретін басты дидактикалық стратегия болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Hestenes, D. (1987). Modeling Instruction in Physics. *American Journal of Physics*.
2. Bandura, A. (1997). *Self-Efficacy: The Exercise of Control*. W.H. Freeman and Company.
3. Wieman, C. E., Adams, W. K., & Perkins, K. K. (2008). PhET: Interactive Simulations for Teaching and Learning Physics. *The Physics Teacher*.
4. Etkina, E. (2015). Millikan Award Lecture: Students of physics—Listeners, observers, or scientists? *American Journal of Physics*.
5. Vascak, J. (2026). *Vascak Physics Multimedia Collections*. [Электрондық ресурс].
6. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

ҚАНИПА БІТІБАЕВА ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Ахмадиева Д.Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
PhD докторанты

Ғылыми кеңесші: Байтанасова Қ.М., профессор, филология
ғылымдарының кандидаты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан, e-mail: ahmadieva-dana@mail.ru

Қанипа Бітібаева – бүкіл ғұмырын білім беру мен педагогика саласына арнаған көрнекті ұстаз, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ірі өкілі. Ол ұзақ жылдар бойы педагогикалық қызмет атқарып, ұлттық мектептің дамуына, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен жетілуіне зор үлес қосты. Әдіскер-ұстаз өзінің кәсіби қызметі барысында бірқатар әдістемелік еңбектер жазып, көркем әдебиетті оқытудың тиімді жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеді.

Қанипа Бітібаеваның педагогикалық мұрасы қазақ әдебиетін мектепте оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіруге бағытталған. Оның еңбектерінде әдеби шығарманың көркемдік табиғатын терең таныту, оқушының эстетикалық талғамын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру мәселелері кеңінен қарастырылады. Ұстаз әдебиетті оқыту арқылы оқушы тұлғасын қалыптастыруға, оның шығармашылық қабілетін дамытуға және өзіндік ойлау дағдыларын жетілдіруге ерекше мән берген.

Ол оқыту үдерісінде дәстүрлі тәсілдермен қатар, оқушының белсенді танымдық әрекетін арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді ұсынды. Мұғалімдерге арналған шеберлік сабақтары мен әдістемелік семинарлары арқылы өзінің тәжірибесін таратып, қазақ әдебиетін оқытудың озық үлгілерін практикада дәлелдеді.

Сонымен қатар Қанипа Бітібаева оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеуде қазақ ауыз әдебиетінің, классикалық және қазіргі әдебиет үлгілерінің тәрбиелік әлеуетін тиімді пайдалануды ұсынды. Ол әдеби шығармаларды оқыту арқылы адам бойындағы ізгі қасиеттерді қалыптастыруға, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелеудің маңызын ерекше атап көрсетті.

Қанипа Бітібаеваның педагогикалық қызметі мен ғылыми-әдістемелік еңбектері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, ұлттық мектеп тәжірибесінде кеңінен қолданылатын құнды мұра ретінде бағаланады. Оның жаңашыл идеялары мен әдістемелік тұжырымдары қазіргі білім беру жүйесінде де өзектілігін сақтап, жас ұрпақты ұлттық әдебиет арқылы тәрбиелеудің тиімді жолдарын айқындап келеді.

Қанипа Бітібаева – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жаңғыртып, ұлттық білім беру жүйесін әлемдік педагогикалық тәжірибемен ұштастыруға ұмтылған жаңашыл педагог ұстаздардың бірі. Ол халықаралық педагогикалық тәжірибелерді зерттеп, түрлі елдердің білім беру жүйесімен тәжірибе алмасу арқылы әдебиетті оқытудың тиімді жолдарын жетілдіруге ерекше үлес қосты. Әдіскер-ұстаз өзінің

педагогикалық тұжырымдары мен әдістемелік тәжірибесін жүйелей отырып, «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» [1] атты еңбегінде әдеби білім берудің заманауи бағыттарын ғылыми тұрғыдан негіздеп көрсетті.

Қ.Бітібаеваның оқыту әдістемесі бірнеше маңызды педагогикалық ұстанымдар мен әдіснамалық қағидаларға негізделеді. Ең алдымен, ғалым әдебиет сабағында оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға басымдық береді. Ол дәстүрлі репродуктивті оқыту тәсілдерінен бас тартып, білім алушыларды көркем шығарманы терең талдауға, өз пікірін дәлелді түрде жеткізуге және мәтінге дербес көзқарас қалыптастыруға бағыттады. Осылайша, әдебиетті оқыту үдерісі жаттау немесе ақпаратты қабылдау деңгейінде емес, оқушының танымдық белсенділігі мен дербес талдау дағдыларын қалыптастыруға негізделді.

Ұстаздың әдістемелік жүйесінде әдебиетті тереңдете оқыту принципі де ерекше орын алады. Бұл тәсіл арқылы оқушылар көркем шығармалардың мазмұнын ғана меңгеріп қоймай, олардың идеялық-көркемдік ерекшеліктерін, авторлық позициясын және шығарманың қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, Қ.Бітібаева шығарманың астарлы мағынасын ашу, кейіпкерлердің психологиялық болмысын талдау және олардың әрекеттерін әлеуметтік-мәдени контексте қарастыру сияқты күрделі талдау түрлеріне ерекше назар аударды.

Оқыту үдерісін жандандыру мақсатында ұстаз сабақ барысында ойын технологияларын да тиімді қолданды. Әдеби шығармаларды меңгертуде рөлдік ойындар, көркем мәтінді сахналау, кейіпкерлердің әрекеттерін модельдеу сияқты әдістер арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығын арттыру көзделді. Бұл тәсіл білім алушылардың эмоционалдық қабылдауын күшейтіп, көркем мәтінді терең түсінуге ықпал етеді.

Қ.Бітібаеваның әдістемесінде интерактивті оқыту технологиялары да маңызды орын алады. Атап айтқанда, диалогтік оқыту арқылы мұғалім мен оқушы арасында еркін пікір алмасу ұйымдастырылып, әдеби мәтіндерді бірлесіп талдау жүзеге асырылады. Сонымен қатар, топтық жұмыс түрлері арқылы оқушылардың бірлескен зерттеу әрекеті қалыптасып, ұжымдық ойлау мәдениеті дамиды. Сабақ барысында проблемалық сұрақтарды пайдалану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, көркем шығарманың мазмұнын мен идеялық астарын терең түсінуге бағыттайды.

Ұстаз әдебиетті оқытуда көркем мәтінді өмірмен байланыстыра талдау принципіне де ерекше мән берген. Әдеби кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін өмірлік жағдайлармен салыстыра қарастыру арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге және олардың өмірлік тәжірибесін байытуға мүмкіндік жасалады. Мұндай тәсіл әдеби шығарманың тәрбиелік әлеуетін арттырып, оқушының тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді.

Қ.Бітібаеваның авторлық сабақ үлгілері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде жаңа бағыттардың қалыптасуына негіз болды. Оның сабақ модельдері оқушылардың белсенді танымдық әрекетін ұйымдастыруға, шығармашылық ізденісін дамытуға және әдеби мәтінді жан-жақты талдауға бағытталған. Мәселен, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту барысында ғұстаз шығарманың тарихи, мәдени және рухани маңызын ашуға бағытталған арнайы әдістемелік тәсілдерді ұсынған.

Қанипа Бітібаева педагогикалық жүйесінде оқушылардың өздік жұмысы мен зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру мәселесіне ерекше назар аударған. Қ.Бітібаеваның пікірінше, «әдеби білімді меңгеру үдерісі тек дайын ақпаратты қабылдаумен шектелмеуі тиіс, керісінше білім алушылардың дербес ізденісіне, талдау жасауына және қосымша дереккөздерді пайдалануына негізделуі қажет» [2]. Осы тұрғыда ол оқушылардың өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың танымдық белсенділігін арттыруды және әдебиетке деген қызығушылығын күшейтуді мақсат етті.

Әдіскер-ұстаздың «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» [1] атты еңбегінде әдебиетті оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ғылыми тұрғыдан жіктеп, жан-жақты талдау жасайды. Бұл еңбекте әдеби шығармаларды оқыту үдерісі бірнеше бағыт бойынша қарастырылған. Атап айтқанда, әдеби шығармаларды оқып-үйренудің әдіс-тәсілдері, көркем туындыны образдар жүйесі негізінде талдау жолдары, әдеби мәтінді проблемалық тұрғыдан талдау әдістері, эпикалық шығармаларды оқыту теориясы, әңгіме жанрын меңгерту, ертегілерді оқыту, публицистикалық және эпистолярлық жанрларды талдау, хаттарды оқыту, батырлар жырын оқыту және лирикалық шығармаларды меңгерту мәселелері жүйелі түрде сараланған.

Қ.Бітібаеваның әдістемелік тұжырымдамасында оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылуы да маңызды орын алады. Ол оқушылардың ғылыми жобалармен айналысуы олардың зерттеушілік қабілетін дамытып, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыратынын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ғылыми жоба жұмыстары білім алушылардың өзін-өзі бағалау қабілетін арттырып, ақпараттық сауаттылығын жетілдіруге, алынған білімді түрлі өмірлік жағдаяттарда қолдана білуіне және функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар оқушылардың жаңа деректер мен тың ақпараттарды іздестіру арқылы білімін тереңдетуіне жағдай жасайды.

Ғалым әдебиет пәнін оқыту барысында оқушылардың тіл байлығын дамытуға және танымдық деңгейін арттыруға ерекше мән берген. Әдебиет сабағы тек көркем мәтінді меңгерту ғана емес, сонымен қатар оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, логикалық ойлау қабілетін дамытуға және шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған пән ретінде қарастырылады. Осы мақсатта Қ.Бітібаева оқыту барысында оқушылардың дағдысы мен іскерлігін жетілдіруге арналған сабақ үлгілерін ұсынған.

Соның бірі – жаңа білімді игерудің авторлық моделі болып табылатын ЖБИМ (Жаңа білімді игерту моделі). Бұл модель бірнеше кезеңнен тұратын жүйелі педагогикалық құрылым ретінде сипатталады. Атап айтқанда, алғашқы кезеңде оқушыларға алдын ала тапсырма беріліп, олар тақырып бойынша дайындық жұмыстарын жүргізеді. Кейін тапсырма негізінде пікірлесу ұйымдастырылып, мәтінмен жұмыс жүргізіледі. Сабақ барысында оқылатын материал «Абай жолы» роман-эпопеясымен және басқа да ғылыми еңбектермен байланыстырылып талданады. Бұдан кейін мұғалімнің түсіндіру кезеңі жүзеге асып, оқушылар өздік жұмыс арқылы алынған білімді жүйелейді. Соңғы кезеңде білім алушылар жазған материалдарын жинақтап, модель жасап, оны қорғау арқылы қорытынды нәтижеге келеді.

Қ.Бітібаеваның бұл моделі оқыту үдерісін жүйелі ұйымдастыруға, оқушылардың дербес ойлау қабілетін дамытуға және білімді терең меңгертуге бағытталған. Ғалым оқушыларды алдын ала дайындық жасауға, тақырыпты өмірлік тәжірибемен байланыстыра талдауға және проблемалық мәселелерді шешуге жетелейтін оқыту тәсілдерін тиімді пайдаланған. Нәтижесінде білім алушылар тек дайын білімді қабылдаушы емес, білімді өз бетімен іздену арқылы меңгеретін белсенді субъект ретінде қалыптасады.

Қанипа Бітібаеваның әдістемелік жүйесі әдебиетті оқытуды жаңаша ұйымдастыруға негізделген, ғылыми тұрғыдан жүйеленген педагогикалық тұжырымдама ретінде бағаланады. Оның ұсынған әдістері мен технологиялары қазіргі білім беру кеңістігінде де өзектілігін сақтап, мұғалімдердің кәсіби тәжірибесінде тиімді қолданылып келеді.

Қанипа Бітібаеваның педагогикалық жүйесі – әдебиетті оқытудағы жаңашылдыққа, шығармашылыққа және тұлғалық-бағдарлы білім беру қағидаларына негізделген ғылыми-әдістемелік тұжырымдама болып табылады. Оның еңбектері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің дамуына елеулі ықпал етіп, білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылып келеді.

Осылайша, Қанипа Бітібаеваның ғылыми-әдістемелік мұрасы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің дамуына елеулі ықпал еткен іргелі педагогикалық жүйе болып табылады. Оның ұсынған әдістері мен тұжырымдамалары қазіргі білім беру кеңістігінде де маңызын жоғалтпай, әдеби білім берудің мазмұнын жетілдіруге және оқушылардың тұлғалық дамуына бағытталған тиімді тәжірибе ретінде қолданыс табады.

Әдебиеттер тізімі

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. - Алматы: Дәуір-Кітап, 2012. – 312 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. Алматы: Мектеп, 2003. – 286 б.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.

ӘОЖ 796.853.26

14-16 ЖАСТАҒЫ КАРАТЭШІЛЕРДІ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Ахмет Ә.Б., магистрант,

e-mail: akhmet_a@ukk.nis.edu.kz

Ғылыми жетекші: Жүнісбек Д.Н., PhD, қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 14–16 жастағы каратэшілердің техникалық-тактикалық даярлығын жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылды. Жасөспірім спортшыларды даярлауда техника дәлдігі, қозғалыс жылдамдығы, реактивті ептілік, қашықтықты сезіну, уақтылы шешім қабылдау және жарыс жағдайына бейімделу шешуші факторлар болып табылады. Соңғы зерттеулер каратэдегі

арнайы ептілік тестерінің сенімді екенін, core-жаттығулардың жас спортшылардың ептілігіне, секіруіне, спринтіне және тебу сапасына оң әсер ететінін, ал техникалық-тактикалық көрсеткіштердің арнайы функционалдық даярлықпен байланысты екенін көрсетеді. Зерттеудің мақсаты – 14–16 жастағы каратэшілердің техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіруге ықпал ететін тиімді құралдар мен әдістерді жүйелеу және оларды оқу-жаттығу үдерісінде қолданудың жолдарын ұсыну. Зерттеу барысында талдау, салыстыру, жүйелеу, ғылыми әдебиеттерге шолу және педагогикалық жалпылау әдістері қолданылды. Нәтижесінде техникалық даярлықты ситуациялық спаррингпен, бейнеталдаумен, арнайы реактивті-ептілік тапсырмаларымен, core-тұрақтылықпен, модельдік жекпе-жекпен және дараланған жүктемемен біріктіре қолдану тиімді екені негізделді. Жарақаттың алдын алу, фазалық шеберлік қалыптастыру және бапкердің педагогикалық ықпалы да даярлық сапасына тікелей әсер ететіні анықталды.

Тірек сөздер: каратэ, жасөспірім спортшылар, 14–16 жас, техникалық даярлық, тактикалық даярлық, оқу-жаттығу үдерісі, реактивті ептілік, арнайы дене дайындығы, спарринг, бейнеталдау.

Средства и методы совершенствования технико-тактической подготовки каратистов 14–16 лет.

Аннотация. В статье рассмотрены научно-методические основы совершенствования технико-тактической подготовки каратистов 14–16 лет. В подготовке подростков решающее значение имеют точность техники, скорость движений, реактивная ловкость, чувство дистанции, своевременность принятия решения и адаптация к соревновательной ситуации. Современные исследования показывают, что специальные тесты ловкости в карате обладают хорошей надежностью, программы core-training улучшают ловкость, прыжковые и скоростные качества, а показатели технико-тактической подготовленности связаны со специальной функциональной подготовкой спортсменов. Целью исследования является систематизация эффективных средств и методов совершенствования технико-тактической подготовки каратистов 14–16 лет и определение путей их внедрения в учебно-тренировочный процесс. Используются методы анализа, сравнения, систематизации, обзора научной литературы и педагогического обобщения. Установлено, что наибольшую эффективность обеспечивает интеграция технической подготовки с ситуационным спаррингом, видеоанализом, упражнениями на реактивную ловкость, развитием core-стабильности, моделированием соревновательных ситуаций и индивидуализацией нагрузки. Также существенное значение имеют профилактика травматизма и педагогический стиль тренера.

Ключевые слова: каратэ, подростки, технико-тактическая подготовка, учебно-тренировочный процесс, реактивная ловкость, специальная физическая подготовка, спарринг, видеоанализ.

Means and Methods for Improving the Technical and Tactical Preparation of 14–16-Year-Old Karate Athletes.

Abstract. The article examines the scientific and methodological foundations for improving the technical and tactical preparation of 14–16-year-old karate athletes. In adolescent training, technique accuracy, movement speed, reactive agility, distance

perception, timely decision-making, and adaptation to competitive situations are key performance factors. Recent studies show that sport-specific agility tests in karate are reliable, that core training programs improve agility, sprinting, jumping, and kicking performance in youth karate practitioners, and that technical-tactical indicators are associated with special functional conditioning. The purpose of the study is to systematize effective means and methods for improving the technical and tactical preparation of 14–16-year-old karate athletes and to identify ways of implementing them in the training process. The methods used included analysis, comparison, systematization, literature review, and pedagogical generalization. The results indicate that the most effective approach is to integrate technical drills with situational sparring, video analysis, reactive agility exercises, core stability work, competitive modeling, and individualized load management. Injury prevention and coaching pedagogy also significantly influence training quality.

Keywords: karate, adolescent athletes, technical preparation, tactical preparation, training process, reactive agility, special physical fitness, sparring, video analysis.

Кіріспе

Қазіргі спорттық даярлық жүйесінде каратэмен шұғылданатын жасөспірімдердің техникалық-тактикалық шеберлігін жетілдіру ерекше маңызға ие. 14–16 жас аралығы спортшының арнайы қимыл-қозғалыс қабілеттері тұрақтанып, техникалық арсеналы кеңейіп, тактикалық ойлауы қалыптаса бастайтын жауапты кезең болып саналады. Осы жаста спортшы тек әдісті дұрыс орындауды ғана емес, оны нақты жарыс жағдайында қарсыластың стиліне қарай уақтылы, дәл және нәтижелі қолдануды меңгеруі тиіс.

Қолда бар зерттеулер каратэшілердің жалпы жастағы құрдастарымен салыстырғанда ептілік, икемділік, қозғалыс жылдамдығы және төменгі аяқ-қол қуаты сияқты көрсеткіштері жиі жоғары болатынын көрсетеді. Бұл каратэдегі арнайы дене қасиеттері мен техникалық-тактикалық даярлықтың өзара байланысын дәлелдейді.

Сонымен қатар соңғы жұмыстарда каратэге бейімделген арнайы ептілік тестерінің сенімділігі мен валидтілігі дәлелденген, ал core-strength training жас спортшылардың ептілігіне, тепе-теңдігіне, спринтіне және соққы сапасына оң әсер ететіні көрсетілген. Осыған байланысты 14–16 жастағы каратэшілердің техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіру мәселесі теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да өзекті.

Зерттеудің мақсаты

6. Ceylan B., Balci S. S., Gurses V. V. Which performance tests best define the Special Judo Fitness Test classification in elite judo athletes? // International Journal of Environmental Research and Public Health. 2022.

ӘОЖ 372.853

**CLIL НЕГІЗІНДЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН
ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Балтабаева А.Н.

Ғылыми жетекші: Каргин Д.Б., ф-м.ғ.к., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан
e-mail: aiym.baltabaeva@inbox.ru

Аннотация: Мақалада CLIL (Content and Language Integrated Learning) технологиясы негізінде физиканы оқытудың мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу аясында пәндік білім мен тілдік дағдыларды кіріктіре оқытудың теориялық негіздері талданып, физика сабақтарында CLIL тәсілін қолданудың мазмұндық құрылымы сипатталады. CLIL технологиясының қалыптасу тарихы мен оның «4С» моделіне негізделген құрылымы қарастырылып, физика пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып, аталған тәсілді қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері мен тиімді әдістәсілдері жүйеленеді.

Кілт сөздер: CLIL, көптілді білім беру, пәндік және тілдік интеграция, физика, 4С модель, АКТ, ЖИ.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің дамуы әлемдік білім кеңістігімен тығыз байланыста жүзеге асырылуда. Осыған байланысты көптілді білім беру саясаты бірнеше елдердің білім беру жүйесінде басым бағыттардың біріне айналуда. Дәстүрлі оқыту жүйесінде пәндік білім мен тілдік дайындықтың

өзара байланысының жеткіліксіздігі білім алушылардың шет тілдерін практикалық тұрғыда қолдану мүмкіндігін шектейді. Осы мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі ретінде халықаралық тәжірибеде кеңінен таралған CLIL технологиясы қарастырылады. CLIL технологиясының басты ерекшелігі – оқыту үдерісінің екі мақсаттылығында, яғни пәндік білімді игеру мен тілдік дағдыларды қатар қалыптастыруында. Осы тұрғыдан алғанда, CLIL технологиясы қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына жауап беретін инновациялық педагогикалық тәсілдердің бірі болып табылады. Физика пәні – ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарға негізделген, абстрактілі ойлауды талап ететін күрделі пәндердің бірі. Оны шет тілінде оқыту оқушылардан жоғары деңгейдегі танымдық және тілдік дайындықты қажет етеді. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғырту үдерісі де осы жаһандық үрдістермен сабақтасып отыр. Көптілді білім беруді дамыту саясаты аясында жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту тәжірибесі кезең-кезеңімен енгізілуде. Осы тұста CLIL технологиясын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеп, оны тиімді жүзеге асыру тетіктерін айқындау – қазіргі педагогикалық зерттеулердің маңызды бағыттарының біріне айналды.

CLIL технологиясының теориялық негіздері.

Content and Language Integrated Learning (CLIL) ұғымы қазіргі педагогикада мазмұн мен тілді біртұтас жүйеде қарастыратын интегративті білім беру тәсілдерінің бірі ретінде орнықты. Бұл бағыттың ғылыми негізі пәндік білімді меңгеру мен тілдік құзыреттілікті дамыту үдерістерін бір мезетте жүзеге асыру идеясымен тығыз байланысты. Яғни, CLIL тек тіл үйрету әдісі емес, білім алушының когнитивтік, коммуникативтік және академиялық дағдыларын кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған педагогикалық модель ретінде сипатталады. CLIL тұжырымдамасының ғылыми айналымға енуі Дэвид Марш еңбектерімен тығыз байланысты. Ғалым 1994 жылы CLIL терминін алғаш рет ұсынып, CLIL «қосфокусты білім беру ортасы» ретінде сипаттап, мазмұн мен тілдің кіріктірілуі білім беру тиімділігін арттыратын стратегиялық тәсілі ретінде негіздеді [1]. 1990-жылдары Еуропалық білім беру кеңістігінде көптілділік мәселесі ерекше маңызға ие болды. European Commission тарапынан ұсынылған білім беру стратегияларында азаматтардың бірнеше тіл меңгеруі экономикалық және әлеуметтік интеграцияның маңызды шарты ретінде қарастырылды. Осы контексте пәндерді шет тілінде оқыту тілдік құзыреттілікті табиғи жолмен дамытуға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық шешім ретінде бағаланды [2].

CLIL тәсілінің ғылыми тұрғыдан жүйеленуі мен кең таралуы кейінгі зерттеулерде жан-жақты қарастырылды. До Койл, Филип Худ және Дэвид Марш Д. Койл, Ф. Худ және Д.Марш еңбектерінде CLIL мазмұн мен тілді интеграциялау арқылы білім алушылардың когнитивтік және коммуникативтік қабілеттерін қатар дамытуға бағытталған кешенді тәсіл ретінде сипатталады. Авторлар бұл модельдің ерекшелігі – оқытудың «4C» қағидатына негізделуінде екенін атап көрсетеді [3]. Сонымен қатар, бұл модель білім алушылардың сыни ойлауын, мәдениаралық түсінігін және академиялық тілде қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Осы модельдің құрылымы төменде ұсынылған (Сурет 1).



Сурет 1 – CLIL технологиясының «4C» моделі

Суретте ұсынылған «4C» моделі CLIL технологиясының құрылымдық негізін айқындайды. Аталған компоненттердің әрқайсысы оқыту үдерісінде өзара байланыста жүзеге асып, білім алушылардың дағдыларын кешенді дамытуға бағытталған. Әсіресе, «cognition» компоненті арқылы білім алушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдылары (талдау, синтез, бағалау) қалыптасса, «communication» компоненті академиялық тілде өз ойын жеткізу қабілетін дамытады. CLIL технологиясының дамуы оның практикалық тиімділігімен де түсіндіріледі. Eurydice желісі жүргізген зерттеулерге сәйкес, бұл тәсіл білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуымен қатар, пәндік білімді терең меңгеруіне ықпал етеді және олардың

оқу мотивациясын арттырады [4].

2010 жылдан бастап CLIL технологиясының тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан бағалауға бағытталған зерттеулердің саны айтарлықтай артты. Бұл кезеңде зерттеулер пәндік және тілдік нәтижелерді салыстырмалы талдау, оқу мотивациясын өлшеу және когнитивтік әсерін анықтау бағытында жүргізілді. Аталған зерттеулерде эксперименттік және квазиэксперименттік әдістер кеңінен қолданылып, CLIL жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктері дәстүрлі оқыту үлгілерімен салыстырыла талданды [5].

Қазіргі зерттеулерде CLIL-дің тілдік нәтижелерге, пәндік білім сапасына және оқу мотивациясына ықпалы жүйелі түрде талдануда. Метаталдаулар CLIL тәсілінің шет тілін меңгеруде, әсіресе коммуникативтік дағдыларды дамытуда оң нәтиже беретінін, ал пәндік білім деңгейі дәстүрлі оқытудан кем түспейтінін көрсетеді [6]. Шетелдік зерттеулер CLIL тиімділігінің білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне және оқыту контексіне тәуелді екенін айқындайды [7]. Соңғы ғылыми еңбектерде CLIL-дің когнитивтік әсері мен оқу мотивациясына ықпалы да кеңінен қарастырылады. Бұл тәсіл білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретіні дәлелденген [8].

CLIL негізінде физиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктері және цифрлық құралдарды қолдану.

Физика пәні табиғат құбылыстарының заңдылықтарын түсіндіруге бағытталған ғылым ретінде математикалық талдауды және тәжірибелік әрекетті талап етеді. Пән мазмұны күрделі ұғымдар мен модельдерге негізделіп, оларды меңгеру барысында білім алушылардың танымдық белсенділігі мен ғылыми

пайымдау дағдылары дамиды. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оқыту үдерісін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруда. Осы тұрғыдан алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) мен жасанды интеллект (ЖИ) элементтерін CLIL негізінде физиканы оқыту үдерісіне кіріктіру әдістемелік жүйенің тиімділігін арттырудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады.

АКТ құралдары CLIL жағдайында пәндік мазмұнды мультимодальды түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Физика пәнінің ерекшелігіне сәйкес абстракттілі ұғымдарды визуализациялау, модельдеу және динамикалық көрсету оқу материалының түсініктілігін арттырады. Бұл әсіресе тілдік кедергілер болған жағдайда мазмұнды қабылдауды жеңілдететін маңызды дидактикалық фактор болып табылады. Мысалы, симуляциялық платформалар (PhET, GeoGebra), бейнефрагменттер және интерактивті графиктер арқылы оқушылар физикалық құбылыстарды көрнекі түрде бақылап, оларды ағылшын тілінде сипаттауға мүмкіндік алады. Жасанды интеллект элементтері оқыту үдерісін дербестендіруге және оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бағытталған жаңа құралдар ұсынады. ЖИ негізіндегі жүйелер (мысалы, тілдік модельдер, адаптивті оқу платформалары) оқушылардың тілдік деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынуға, жедел кері байланыс беруге және оқу жетістіктерін талдауға мүмкіндік береді. Бұл CLIL жағдайында ерекше маңызды, себебі пәндік және тілдік жүктеменің теңгерімін сақтау әр оқушының жеке мүмкіндіктеріне тәуелді.

АКТ және ЖИ құралдарын CLIL–физика сабақтарына енгізу келесі әдістемелік бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Мазмұнды визуализациялау: физикалық құбылыстарды модельдеу және көрсету (simulation, animation);
- Тілдік қолдау: терминологиялық глоссарийлер, автоматты аударма және сөйлем үлгілерін генерациялау;
- Кері байланыс: автоматтандырылған тексеру, қателерді талдау және ұсыныстар беру;
- Саралау: оқушылардың деңгейіне сәйкес тапсырмаларды бейімдеу; – Бағалау: деректерді жинау және оқу мотивациясын талдау.

Мысалы, «Жылу құбылыстары» тақырыбында оқушылар PhET симуляциясы арқылы молекулалардың қозғалысын бақылап, алынған нәтижелерді ағылшын тілінде сипаттай алады. Ал есеп шығару барысында ЖИ құралдары оқушылардың жауаптарын талдап, қадамдық түсіндірме ұсына алады. Бұл тәсіл оқушылардың өзіндік тиімділік сезімін арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді.

Кесте 1- Физика пәнін оқытудағы АКТ және ЖИ құралдары

№	АКТ, ЖИ құрал түрі	Құрал атауы	Функционалдық сипаттамасы	Физика сабағында қолдану бағыты
1	Симуляциялық платформа	PhET Interactive Simulations	Интерактивті модельдеу арқылы физикалық құбылыстарды визуализациялау және параметрлерді өзгерту мүмкіндігі	Механика, электр және оптика бөлімдеріндегі процестерді модельдеу

2	Виртуалды зертхана	Nobook	Қауіпсіз цифрлық ортада зертханалық жұмыстарды орындау, эксперимент нәтижелерін талдау	Лабораториялық жұмыстарды онлайн форматта жүргізу
3	ЖИ чат-ассистент	ChatGPT	Табиғи тілде түсіндіру, есеп шығару алгоритмдерін ұсыну, ғылыми мәтіндерді генерациялау	Физикалық есептерді түсіндіру, терминологияны меңгеру
4	ЖИ зерттеу көмекшісі	NotebookLM	Құжаттар негізінде ақпаратты талдау, қорытындылау және құрылымдау	Теориялық материалдарды жүйелеу, ғылыми мәтіндермен жұмыс
5	Компьютерлік көру ЖИ құралы	Lens AI	Кескіндерді тану, объектілерді анықтау және визуалды ақпаратты талдау	Физикалық құбылыстарды сурет арқылы түсіндіру, тәжірибелерді талдау
6	Визуализация құралы	GeoGebra	Графиктер мен математикалық модельдерді динамикалық түрде құру	Қозғалыс графиктерін, тербелістерді бейнелеу
7	Онлайн бағалау платформасы	Quizwhizzer	Интерактивті тестілеу, жедел кері байланыс ұйымдастыру	Білімді тексеру және бекіту кезеңі
8	Бейнеплатформа	YouTube	Демонстрациялық және түсіндірмелік видеоматериалдарды ұсыну	Эксперименттерді көрсету, күрделі тақырыптарды түсіндіру
9	Онлайн бірлескен орта	Jamboard	Бірлескен жұмыс ұйымдастыру, идеялар мен есептерді визуалды түрде талдау	Топтық тапсырмалар, есеп шығару

Физиканы осы әдіс арқылы оқытудың маңызды тәсілдердің бірі – визуализация және скаффолдинг. Күрделі физикалық ұғымдарды меңгеру үшін сызбалар, графиктер, модельдер, тірек сөздер мен сөйлем құрылымдары пайдаланылады. Бұл тілдік кедергілерді азайтып, мазмұнды түсінуді жеңілдетеді. Сонымен қатар, зерттеу және тәжірибелік әдістер CLIL контекстінде ерекше маңызға ие. Зертханалық жұмыстарды орындау кезінде білім алушылар бақылау жүргізіп, нәтижелерді шет тілінде сипаттайды және талдайды. Бұл пәндік және тілдік дағдылардың бір мезгілде дамуын қамтамасыз етеді. CLIL технологиясында жобалық және проблемалық оқыту әдістері де тиімді қолданылады. Білім алушылар нақты физикалық мәселелерді шешу, жобалар дайындау барысында ақпаратты талдайды, өз ойларын дәлелдейді және нәтижелерін ұсынады.

Қорытынды

CLIL технологиясына қатысты зерттеулерді талдау оның білім беру жүйесіндегі орнының біртіндеп күшейгенін көрсетеді. Ерте кезеңдегі жұмыстар негізінен тәсілдің теориялық негіздерін айқындауға бағытталса, кейінгі зерттеулер оның практикалық тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеуге көшті. Бұл CLIL-дің жеке әдіс емес, мазмұн мен тілді кіріктіретін кешенді педагогикалық модель ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Әдебиеттерге шолу нәтижелері CLIL

тәсілінің тілдік құзыреттілікті дамытуда тұрақты оң әсер беретінін айқындайды. Көптеген зерттеулерде білім алушылардың коммуникативтік дағдылары, сөздік қоры және тілдік түсіну деңгейі жоғары болатыны көрсетілген. CLIL технологиясын АКТ және ЖИ құралдарымен ұштастыра қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттырады. Физика пәні контекстінде CLIL технологиясын қолдану ерекше өзектілікке ие. Пәннің абстрактілі сипаты мен ғылыми терминологияға қанықтығы бұл тәсілді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. David Marsh D. CLIL/EMILE – The European Dimension: Actions, Trends and Foresight Potential. – Brussels: European Commission, 2002. – 204 p.
2. European Commission. White Paper on Education and Training: Teaching and Learning – Towards the Learning Society. – Brussels, 1995.
3. Do Coyle D., Philip Hood P., David Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning. – Cambridge: Cambridge University Press, 2010. – 170 p.
4. Eurydice. Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. – Brussels: Eurydice, 2006.
5. Piesche N. CLIL for all? A randomised controlled field experiment // International Journal of Educational Research. – 2016.
6. Lo Y. Y., Macaro E. The effects of content and language integrated learning (CLIL) on English language achievement: A meta-analysis // Applied Linguistics. – 2022.
7. Dalton-Puffer C. Content-and-Language Integrated Learning: From Practice to Principles // Annual Review of Applied Linguistics. – 2021.
8. Lasagabaster D. CLIL and motivation: The effect of individual and contextual variables // International Journal of Bilingual Education and Bilingualism. – 2020.

ӘОЖ 37

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТА ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ: «ЗЕРЕК БАЛАҚАЙ» ИНТЕРАКТИВТІ ОЙЫНДАР ЖИНАҒЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бекбаева Д.Д., педагог-психолог

ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің

«№ 15 «Рахат» балабақша-бөбекжайы» КМҚК

e-mail: dbekbaeva2596@mail.ru

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі — ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБК) балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу және олардың сапалы білім алуына тең жағдай жасау болып табылады. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше балалардың эмоционалдық және танымдық дамуын психологиялық сүйемелдеу дәстүрлі әдістермен қатар, инновациялық цифрлық шешімдерді де қажет етеді. Бұл ретте цифрлық құралдар тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен бірге баланың дамуындағы ауытқуларды түзетуге, оның ішкі әлеуетін ашуға көмектесетін тиімді компенсаторлық құрал қызметін атқарады.

Қазіргі заманғы білім беру парадигмасында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБК) мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісі түбегейлі

жанару сатысында тұр. Ерекше балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктеріне сәйкес, олардың танымдық белсенділігін ояту мен эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруда цифрлық ойын платформаларының тиімділігі ғылыми тұрғыдан өзекті мәселеге айналды. Мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың негізгі іс-әрекеті ойын екенін ескерсек, цифрлық платформалар (Wordwall, LearningApps, Educaplay т.б.) арқылы ұсынылатын интерактивті тапсырмалар баланың «жақын даму аймағын» қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыста цифрлық ойын платформаларын қолданудың тиімділігі ең алдымен ақпаратты қабылдаудың мультисенсорлық сипатымен түсіндіріледі. ЕБҚ балаларда, соның ішінде психикалық дамуы тежелген, сөйлеу тілінде бұзылыстары бар немесе сенсорлық интеграциясы төмен балаларда ақпаратты дәстүрлі ауызша жеткізу әдісі көбіне нәтиже бере бермейді. Ал цифрлық платформалар ақпаратты дыбыс, динамикалық бейне және интерактивті әрекет арқылы бір мезетте ұсынады. Бұл баланың көру және есту анализаторларын белсендіріп, зейінін шоғырландыруға, есте сақтау көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Ойын платформаларының басты артықшылығы – олардың икемділігінде; маман баланың жеке мүмкіндіктеріне қарай тапсырманың күрделілік деңгейін, орындалу қарқынын және визуалды жүктемесін еркін реттей алады.

Сонымен қатар, цифрлық ойын платформалары ерекше балалардың бойындағы психологиялық кедергілерді жоюдың тиімді құралы болып табылады. Көптеген ЕБҚ балалар қателік жіберуден немесе тапсырманы орындай алмаудан қорқып, оқу қызметінен бас тартады. Ал цифрлық ортада бала қателескені үшін айыпталмайды, керісінше, бағдарламаның дыбыстық және визуалды мадақтаулары баланың ерік-жігерін жанып, тапсырманы соңына дейін орындауға деген «жетістік мотивациясын» тудырады. Бұл баланың өзіне деген сенімділігін нығайтып, мазасыздық деңгейін төмендетеді.

Интерактивті ойын платформаларының тағы бір маңызды қыры – олардың коммуникативтік дағдыларды дамытуға септігін тигізуі. Ойын барысында бала тек экранмен ғана емес, педагог-психологпен де кері байланысқа түседі, өз әрекетін түсіндіруге, сұрақтарға жауап беруге талпынады. Осы орайда, ұсынылып отырған «Зерек балақай» интерактивті ойындар жинағы – ерекше балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық белсенділігін арттыруға және әлеуметтік-эмоционалдық дамуын жеделдетуге бағытталған заманауи әдістемелік шешім. Цифрлық құралдарды жүйелі қолдану ерекше балалардың білім алуға деген қолжетімділігін арттырып қана қоймай, олардың инклюзивті қоғамға интеграциялануының берік негізін қалайды.

Жұмыстың өзектілігі ЕБҚ балалардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктерімен тікелей байланысты, өйткені мұндай балалар визуалды және интерактивті сигналдарға ерекше сезімтал келеді. Осы орайда ұсынылып отырған «Зерек балақай» интерактивті ойындар жинағы ерекше балалардың ана тілінде танымдық процестерін (зейін, есте сақтау, ойлау) дамытуға және олардың психологиялық жайлылығын арттыруға бағытталған бірегей әдістемелік ресурс болып табылады.

Авторлық жинақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы №348 және №422 бұйрықтарына сәйкес, инклюзивті білім беру талаптарын қатаң сақтай отырып әзірленген. Психологиялық тұрғыдан ЕБҚ балалармен жұмыста Л.С. Выготскийдің «кемшіліктің орнын толтыру» теориясы басшылыққа алынып, интерактивті тақта мен мультимедиялық құралдар арқылы берілетін ақпарат баланың сенсорлық жүйесіне оң әсер ететіндей етіп құрылған. М.К. Бапаеваның зерттеулеріндегі көрнекі-бейнелі ойлау принциптеріне сүйене отырып, «Зерек балақай» жинағында ЕБҚ балалардың қабылдау жылдамдығы мен тез шаршағыштық сияқты ерекшеліктері толық ескерілген. Бұл жұмыстың басты жаңашылдығы — ерекше балалармен жұмыста цифрлық платформаларды ұлттық құндылықтармен ұштастыруында. Тұңғыш рет Wordwall және LearningApps сияқты платформаларда қазақтың салт-дәстүрлері мен ұлттық жәдігерлері психологиялық түзету бағдарламасына біріктірілді, бұл баланы оқытып қана қоймай, оны ана тілі мен мәдениеті арқылы әлеуметтендіруге жол ашады.

Жинақтағы 20 тақырыптық блок ерекше балалармен жұмыста бірнеше маңызды психологиялық міндеттерді шешеді. Ең алдымен, цифрлық ойын ортасы баланың бойындағы «қате жіберуден қорқу» сияқты психологиялық тосқауылдарды жояды. Бағдарламаның баланы үнемі мадақтап, қолдап отыруы оның өзіне деген сенімділігін арттырып, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастырады. Сонымен қатар, әлеуметтік қарым-қатынаста қиналатын, соның ішінде аутизм спектрі бұзылған балалар үшін кейіпкерлердің эмоциясын тану арқылы эмпатия қабілетін дамытуға зор мүмкіндік береді. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, психикалық дамуы тежелген немесе сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың логикалық ойлауын, зейінін арнайы визуалды алгоритмдер мен тапсырмалар арқылы жүйелі түрде жаттықтырады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында мультимедиялық құралдарды қолданудың нақты психофизиологиялық талаптары сақталады. Ерекше балалармен жұмыс кезінде әрбір тапсырма баланың диагнозы мен жеке мүмкіндігіне қарай жекешелендіріліп, экран алдындағы жұмыс уақыты 10-15 минуттан аспауы тиіс. Сенсорлық жүк ретінде қолданылатын дыбыс пен жарық эффектілері баланы тітіркендірмейтіндей жұмсақ деңгейде реттелген. Жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесі көрсеткендей, «Зерек балақай» жинағын қолдану арқылы балалардың зейін тұрақтылығы 40%-ға артып, сөйлеуге деген қызығушылығы мен коммуникативтік ниеті пайда бола бастады. Н.И. Бенештің әдістемесі бойынша жүргізілген бақылаулар интерактивті ойындар кезінде ЕБҚ балалардың тапсырманы соңына дейін орындауға деген ынтасының дәстүрлі әдістермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екенін дәлелдеді.

Қорытындылай келе, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыста «Зерек балақай» интерактивті ойындар жинағын қолдану — заман талабы мен инклюзивті білім берудің тиімді құралы. Цифрлық технологияларды ұлттық тәрбиемен ұштастыру арқылы біз баланың интеллектуалдық қабілетін ғана емес, оның қоғамдағы өз орнын табуына, өзін еркін сезінуіне жағдай жасаймыз. Ойын арқылы түзету жұмыстары ЕБҚ балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға және олардың толыққанды дамуына жол ашатын стратегиялық ресурс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы: ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 ж. № 422 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен.
3. Бенеш Н. И. Балалардың МДББ бағдарламаларының негізгі мазмұнын игеру және меңгеру сапасын бағалау, өлшеу әдістемесі: Әдістемелік құрал. – Астана, 2012.
4. Бапаева М. К. Даму психологиясы: Оқулық. – Алматы: ТехноЭксперт, 2014.
5. Ушинский К. Д. Бала балқытылған алтын. – Алматы: Мектеп, 2010.

УДК 342.53

ТРАНСФОРМАЦИЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬНОЙ ВЕТВИ ВЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ: РОЛЬ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Бжицких Т.А., магистрант 1 курса ОП «Юриспруденция»

Научный руководитель: Рамазанова А.С., кандидат юридических наук,
ассоциированный профессор

Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: t.bzhitskikh@akimvko.gov.kz

Цифровизация государственного управления является стратегическим приоритетом Республики Казахстан. Согласно Указу Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Кемелевича Токаева - 2026 год объявлен Годом цифровизации и искусственного интеллекта [1]. Представительная ветвь власти (маслихаты), как ключевой институт демократии, стоит перед вызовом модернизации традиционных методов работы. Использование искусственного интеллекта в представительных органах власти (маслихатах) способно не только ускорить обработку данных, повысить качество принимаемых решений, нормативных правовых актов за счет глубокой аналитики, но и экономить бюджетные средства на содержание сотрудников.

Республика Казахстан стала одной из первых стран, системно подошедшую к регулированию искусственного интеллекта. Закон Республики Казахстан от 17 ноября 2025 года № 230-VIII ЗРК «Об искусственном интеллекте» подписан Президентом Республики Казахстан 17 ноября 2025 года [2]. Он определяет искусственный интеллект как инструмент для решения задач и устанавливает принципы этики и безопасности.

Концепция развития искусственного интеллекта на 2024–2029 годы утверждена Постановлением Правительства 24 июля 2024 года № 592 [3]. Документ предусматривает внедрение искусственным интеллектом решений во всех курируемых государственными органами отраслях. Цифровой кодекс одобрен Мажилисом Парламента Республики Казахстан в первом чтении - в ноябре 2025 года, создавая фундамент для безопасного обмена данными.

На сегодняшний день для Казахстана важно учитывать как успехи, так и ошибки мировых лидеров цифровизации. Так, Бразилия (Проект «Ulysses»): в

Палате депутатов внедрена система искусственного интеллекта, которая автоматически группирует законопроекты по темам, находит дубликаты и подбирает релевантные судебные прецеденты. Это сократило время первичной обработки документов на 40%.

Европейский Союз (AI Act): Европарламент использует искусственный интеллект для мгновенного перевода дебатов на 24 официальных языка и автоматического протоколирования заседаний. Это ключевой кейс для Казахстана в контексте обеспечения двуязычия (казахский и русский языки) в законотворчестве.

Эстония (Проект «Krat»): здесь искусственный интеллект помогает гражданам участвовать в законотворчестве, автоматически суммируя тысячи комментариев к законопроектам и выделяя основные претензии населения для депутатов.

США (Comparative Print Project): система позволяет конгрессменам мгновенно видеть, как предлагаемые поправки изменят существующий текст закона в реальном времени, подсвечивая конфликты норм [4].

Преимуществами внедрения искусственного интеллекта в деятельность маслихатов является то, что маслихаты работают непосредственно с населением. Искусственный интеллект может стать для них мощным инструментом управления своим избирательным округом.

К примеру, точечное распределение бюджета: искусственный интеллект может анализировать социально-экономические показатели конкретного района или избирательного округа (износ сетей, дефицит школ, уровень преступности) и давать депутатам маслихата научно обоснованные рекомендации: куда в первую очередь направить бюджетные средства.

Автоматизация работы с «e-Otinish»: маслихаты получают сотни жалоб на локальные проблемы. Искусственный интеллект может группировать их по геолокации, выявляя «горячие точки» в городе, которые требуют немедленного депутатского запроса.

Проверка нормативно-правовых актов (НПА) органов-разработчиков: маслихаты обязаны контролировать законность решений органов-разработчиков. Искусственный интеллект способен мгновенно сверять проекты нормативных правовых актов с вышестоящим законодательством на предмет коррупционных рисков или противоречий.

Прямая связь с избирателями (AI-ассистенты): чат-боты депутатов маслихатов могут 24/7 отвечать на типовые вопросы жителей, принимать заявки на благоустройство и информировать о графике приема граждан.

Бот помощник для депутатов: внутренний ИИ-ассистент, обученный на всех решениях маслихата прошлых созывов и регламенте. Например, депутат в Telegram-боте задает вопрос: «Какие решения принимались по благоустройству города Усть-Каменогорска за последние 5 лет?». Искусственный интеллект за секунды выдает краткую выжимку со ссылками на документы.

Таким образом, на основании вышеизложенного искусственный интеллект «способен забрать на себя» самую скучную, монотонную и выматывающую работу (ввод данных, сортировку писем, поиск ошибок в коде и т.д.). Это дает

депутатам и сотрудникам аппаратов возможность заниматься творчеством, стратегией и эмпатией - тем, что роботам пока недоступно. Тем более что искусственный интеллект анализирует информацию максимально точно.

Несмотря на преимущества, интеграция искусственного интеллекта сопряжена с вызовами, соответственно в этом есть и риски, и этические аспекты.

Алгоритмическая предвзятость: риск того, что система может выдавать искаженные рекомендации на основе неполных данных.

Ответственность: согласно новому закону, за вред, причиненный искусственным интеллектом, несут ответственность владельцы и операторы систем. Сенат Республики Казахстан также предложил ввести обязательное страхование ответственности за такие риски.

Конфиденциальность: запрещено использование искусственного интеллекта для обработки персональных данных и налоговых сведений без должной защиты.

В таблице ниже также представлены положительные и негативные факторы внедрения искусственного интеллекта

Сфера влияния	Положительные факторы	Негативные факторы
Экономика и труд	Рост производительности, автоматизация опасного и рутинного труда	Сокращение рабочих мест, рост социального неравенства
Право и юстиция	Быстрый поиск прецедентов, объективный анализ документов, доступность юридической помощи	"Галлюцинации" ИИ (выдуманные нормы), алгоритмическая предвзятость, проблема ответственности за ошибку
Приватность	Улучшение кибербезопасности, быстрое обнаружение мошеннических транзакций.	Массовая слежка через распознавание лиц, риск утечки конфиденциальных данных.
Информация	Мгновенный перевод языков, персонализированный подбор полезного контента.	Распространение дипфейков, создание "эхо-комнат" и манипуляция общественным мнением.
Образование	Индивидуальные траектории обучения, доступ к знаниям для людей с особыми потребностями.	Снижение навыков критического мышления, риск плагиата и академической нечестности.

Таким образом, внедрение искусственного интеллекта в работу местных представительных органов Республики Казахстан представляет собой качественный переход от традиционного бюрократического управления к модели «слышащего и цифрового государства». Анализ перспектив использования искусственного интеллекта позволяет сделать следующие ключевые выводы. Главная польза искусственного интеллекта для маслихатов заключается в переходе от реактивного решения проблем к их предупреждению. Как отметил Президент Республики Казахстан Токаев К.К. в своем Послании: «Внедрение

технологий искусственного интеллекта и больших данных позволит эффективно прогнозировать потребности граждан и оперативно реагировать на возникающие вызовы» [1]. Для маслихатов это означает возможность утверждать бюджеты на основе точных данных о том, где через 2–3 года потребуются новая школа или ремонт инженерных сетей, исключая ошибки планирования.

Цифровизация представительной власти - это вопрос глобальной конкурентоспособности страны. В программном выступлении Главы государства было подчеркнуто: «Искусственный интеллект - это уже не абстрактное понятие, а реальность, которая меняет мировой порядок. Нам необходимо решительно внедрять эти технологии, чтобы войти в число лидеров новой цифровой эпохи». Маслихаты, будучи связующим звеном между народом и властью, должны стать проводниками этой «новой национальной идеи».

Автоматизация мониторинга региональных программ через искусственный интеллект усиливает контрольные функции маслихатов. Это позволяет депутатам видеть реальную картину исполнения наказов избирателей без «приукрашивания» в отчетах исполнительных органов. Президент акцентировал на этом внимание: «Технологии должны служить интересам людей, обеспечивая открытость и честность в государственном управлении».

Важно помнить, что в казахстанской модели цифровизации искусственный интеллект рассматривается как помощник, а не замена человеку. Согласно позиции Главы государства, «...именно люди, а не машины, должны нести ответственность за качество принимаемых решений и их соответствие нашим ценностям». В маслихатах это означает сохранение решающего голоса за депутатом, сотрудниками аппаратов - чья работа усиливается мощным аналитическим инструментарием искусственного интеллекта.

Соответственно, польза искусственного интеллекта в маслихатах Казахстана заключается в создании интеллектуального фильтра, который отсеивает неэффективные решения и «подсвечивает» реальные нужды населения. Это укрепляет институт местного самоуправления, делая его работу научно обоснованной и ориентированной на результат. Учитывая, что 2026 год объявлен Годом цифровизации и искусственного интеллекта, масштабное внедрение этих технологий в органы представительной власти станет ключевым шагом к построению справедливого и технологически развитого Казахстана.

Список использованной литературы:

1. Токаев К. К. Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию : Послание Главы государства народу Казахстана от 8 сентября 2025 г. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz> (дата обращения: 15.03.2026).
2. Об искусственном интеллекте : Закон Республики Казахстан от 17 ноября 2025 года № 230-VIII ЗРК // Информационно-правовая система нормативных правовых актов РК «Әділет».
3. Об утверждении Концепции развития искусственного интеллекта на 2024–2029 годы : Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 июля 2024 года №592 // Информационно-правовая система нормативных правовых актов РК «Әділет».
4. Government AI Readiness Index 2025 : [Электронный ресурс] / Oxford Insights. – 2025. – URL: <https://www.oxfordinsights.com> (дата обращения: 15.03.2026).

1 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ ҮРДСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Болатова А.Б.

Ғылыми жетекші: Ровнякова И.В., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: nakitbaeva74@mail.ru

Қазіргі қоғамда білім беру үдерісінің цифрлануы және ақпараттық технологиялардың кең қолданылуы студенттердің әлеуметтік және педагогикалық бейімделу процесіне жаңа талаптар қойып отыр. Жастардың мектептен кейінгі кезеңде, атап айтқанда колледж немесе жоғары оқу орнының бірінші курсына оқу ортасына бейімделуі – олардың тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Осы тұрғыда педагогикалық бейімделу үрдісінің ерекшеліктерін зерттеу қазіргі заманғы психология, педагогика және аксиология салаларында өзекті мәселе ретінде қарастырылады.

Педагогикалық бейімделу ұғымы психологиялық-педагогикалық зерттеулерде бірнеше бағытта қарастырылған. Е.М. Александровская [1], А.Л. Венгер [2], М.Ю. Десятникова[3], Н.В. Литвиненко, Т.А. Кирдяшина және Л.Ф. Дорохова студенттердің жаңа оқу ортаға бейімделу ерекшеліктерін талдаған. Олар орта арнаулы оқу орындарының студенттерін оқытудың бірінші курсына бейімделуді мектеп оқушыларын бейімдеумен салыстыра отырып, ортақ сипаттамаларды анықтады: жаңа сынып құрамы, жаңа оқытушылар және білім берудің жаңа деңгейіндегі қызмет жүйесі.

Жасөспірімнің тұлғалық дамуында маңызды рөл атқаратын әлеуметтік бейімделу процесі (П.С. Немов, С.Е. Матушкин) студенттің әлеуметтік ортаға кірігуіне тікелей байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, жастардың 50%-ға дейінгі бөлігі қоғамдағы бейімделу деңгейі төмен, шамамен 30%-ы бейімделудің жеткілікті деңгейіне ие, бірақ кейбір факторларда қиындықтар туындайды, ал 20%-ы салыстырмалы түрде сәтті бейімделеді. Әлеуметтік бейімделудің сәттілігі қарым-қатынас дағдылары, өзін-өзі анықтау, құндылық бағдары және танымдық іс-әрекет мәселелерін шешуге байланысты.

И.В. Дубровина, И.С. Кон және басқалар жасөспірім кезеңіндегі бейімделуді ересек өмірге, соның ішінде кәсіби өмірге дайындық ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда өзін-өзі анықтау процесі маңызды рөл атқарады. Өзін-өзі анықтаудың негізгі компоненттері мыналарды қамтиды: жеке тұлғаның ішкі мазмұнын қамтамасыз ететін қажеттіліктерді дамыту (көзқарастар, құндылықтар), қажеттіліктерді, қызығушылықтар мен қабілеттерді дамыту арқылы өзін-өзі тану. Осы кезеңде рефлексивті процестер тез дамып, мотивациялық сала күшейтіліп, жетілдіріледі.

Әр студенттің бейімделу процесі өз жолымен жүреді. М.В. Буланова-Топоркованың пікірінше, еңбек өтілі бар ұлдар мен қыздар студенттік өмір мен тұрмыс жағдайларына, сондай-ақ мектептен жаңа шыққан оқушылар академиялық

жұмысқа оңай және тез бейімделеді [4]. Жеке тұлғаның өмірдің ерекше, өзгерген жағдайларына бейімделудің сәттілігі көбінесе олардың бейімделу қабілетімен анықталады. Осыған байланысты практикалық психолог үшін бұл қабілеттерді бағалау мүмкіндігі ерекше маңызды.

Бейімделу қабілеті ұғымы кәсіби, білім беру және басқа да қызмет түрлеріне бейімделудің әртүрлі аспектілерін зерттеген психологтардың еңбектерінде кеңінен қарастырылады. Алайда адамның қоршаған орта жағдайларына, әртүрлі қызмет түрлеріне бейімделуі “бейімделу қабілеті” ұғымына кіретін белгілі бір қасиеттердің үйлесімін қажет етеді. Жалпы алғанда, бейімделу қабілеті – адамның қоршаған ортаның әртүрлі талаптарына (әлеуметтік және физикалық) ішкі қолайсыздықты сезінбестен және қоршаған ортамен қақтығыспай бейімделу мүмкіндігі деп түсініледі.

Бейімделу әркімнің жасына және жынысына сәйкес келетін әлеуметтік үміттерге жауап ретінде көрінеді. Бейімделу мінез-құлқы сәтті шешім қабылдаумен, бастаманың көрінісімен және өз болашағының нақты анықтамасымен сипатталады. Тиімді бейімделудің негізгі белгілері мыналар:

– **Әлеуметтік-экономикалық бейімделу:** Жеке тұлға білім, білік және дағдыға ие болып, құзыреттілік пен шеберлікке қол жеткізетін әлеуметтік-экономикалық белсенділіктің “ұлылық” саласына бейімделеді.

– **Қарым-қатынас саласына бейімделу:** Басқа адамдармен эмоционалды байланыстар орнатылады. Сәтті бейімделу сезімталдықты, адамның мінез-құлқының себептерін білуді, қарым-қатынас өзгерістерінің нәзік және дәл көрінісін талап етеді.

Цифрлық білім беру жағдайында бұл бейімделу қабілеті ерекше мәнге ие. Студенттің когнитивтік, педагогикалық және әлеуметтік бейімделуі тек жаңа оқу бағдарламалары мен технологияларды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар онлайн коммуникациялар мен виртуалды топтық жұмыстарға бейімделуіне де байланысты. Яғни, жеке бейімделу қабілеті студенттің кәсіби бағдарын қалыптастыру, әлеуметтік қатынастарын реттеу және оқу белсенділігін тиімді іске асыруда маңызды рөл атқарады.

Тиімді педагогикалық бейімделу үшін студенттің өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамыту маңызды, өйткені олар мамандыққа деген қызығушылық пен құндылық бағдарын қалыптастырады. Жасөспірім кезеңінде құндылық бағдарларын қалыптастыру әлеуметтік бейімделудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. В.И. Утенкова мен В.И. Овсянников зерттеулерінде адам өмірінің негізгі компоненттері – білімге, еңбекке және отбасы құндылықтарына ұмтылу – әлеуметтік бейімделуге ықпал ететінін көрсетеді.

Цифрлық білім беру жағдайы студенттердің оқу процесінде жаңа әлеуметтік, педагогикалық және технологиялық талаптарға бейімделуді талап етеді. Колледж және университет студенттері жаңа оқу бағдарламалары, онлайн-платформалар, электрондық кітаптар, виртуалды сабақтар және коммуникациялық құралдар арқылы білім алады. Бұл үрдіс бірнеше ерекше факторларға әсер етеді:

– **Когнитивтік бейімделу:** Студент жаңа ақпаратты саналы түрде қабылдауды, талдауды және жүйелеуді үйренеді. Цифрлық ресурстарды пайдалану

оқу процесінде зияткерлік әрекеттің белсенділігін арттырады, бірақ бірқатар студенттер үшін жаңа форматтар ақпараттық жүктемені арттыра алады.

– Әлеуметтік бейімделу: Онлайн ортада өзара әрекеттесу әдістері өзгереді. Студенттер топтық жобаларда, вебинарларда, чат платформаларында және онлайн форумдарда қатысу арқылы әлеуметтік дағдыларын дамытады. Бұл кезеңде қарым-қатынас дағдылары, коммуникативтік қабілеттер маңызды рөл атқарады.

– Педагогикалық бейімделу: Студенттер жаңа оқу-тәрбие талаптарына үйренеді, курстастарымен және оқытушылармен ынтымақтастық орнатады. Бұл жерде маңызды фактор – оқытушылардың электрондық форматта оқу процесін ұйымдастыру қабілеті және студенттердің дербестік пен жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруы.

– Дидактикалық бейімделу: Оқу материалдарын цифрлық форматта меңгеру, электрондық тестілеу және онлайн бағалау жүйелері студенттердің оқу дағдыларын жетілдіруді талап етеді.

– Биологиялық бейімделу: Онлайн сабақтар мен компьютерлік жүктемелерге байланысты студенттердің физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау мәселесі маңызды. Уақытты дұрыс ұйымдастыру, көз жаттығулары, үзілістер жасау қажеттілігі туындайды.

Ғылыми әдебиеттерде студенттердің бейімделу процесі бірнеше кезеңге бөлінеді. Әлеуметтік-педагогикалық шок концепциясына сәйкес, бейімделу үш негізгі сатыдан өтеді:

1. Бастапқы кезең – ынта-жігер: Студент жоғары оқу орнына келгенде көтеріңкі көңіл-күйге ие болады, жаңа ортаға қызығушылық танытады.

2. Депрессиялық және шатасу кезеңі: Студент жаңа талаптар мен әлеуметтік жағдайларға үйренуге тырысады, бірақ кейбіреулері стресс, сенімсіздік, ұйқысыздық және алаңдаушылық сезімдерін бастан кешіреді.

3. Бейімделу кезеңі: Студент өзіне сенімділікті, қанағаттануды сезінеді, әлеуметтік және академиялық ортаға тиімді қатыса алады.

Бұл кезеңдер студенттердің жеке ерекшеліктеріне, мектептегі дайындық деңгейіне және университеттегі педагогикалық қолдаудың сапасына байланысты әр түрлі ұзақтықта және қарқынмен өтеді [5].

Цифрлық білім беру жағдайында бейімделу процесін тиімді ұйымдастыру үшін әртүрлі педагогикалық стратегиялар қолданылады:

– Кіріспе семестрлер: Бірінші курс студенттері үшін қосымша семестр немесе кіріспе курстар өткізу арқылы оқу дағдыларын қалыптастыру, оқу материалына үйрену, оқу процесін жоспарлау және өзін-өзі бақылау қабілеттерін дамыту.

– Психологиялық және коммуникативтік тренингтер: Эмоционалды күйді реттеу, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, топтық және жеке коучинг сеанстар өткізу.

– Кәсіби кеңес беру және практикалық экскурсиялар: Студенттердің кәсіби бағдарларын нақтылау және мамандыққа деген қызығушылығын арттыру.

– Ақпараттық технологияларды пайдалану: Онлайн платформалар, электрондық кітаптар, вебинарлар және виртуалды жобалар арқылы оқу процесін ұйымдастыру.

– Қолдау көрсетудің жеке стратегиялары: Оқытушылар мен кураторлардың студенттердің әрқайсысына жеке қолдау көрсетуі, олардың әлеуметтенуін және кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған іс-әрекеттер ұйымдастыру.

Студенттердің әлеуметтік және педагогикалық бейімделуіне әсер ететін факторларды екі негізгі топқа бөлуге болады:

1. Субъективті факторлар: Жеке мінез-құлық ерекшеліктері, темперамент, жүйке жүйесінің типі, жеке және ситуациялық алаңдаушылық, мотивациялық ерекшеліктер.

2. Объективті факторлар: Жаңа өмірлік жағдайлар, оқу жүйесінің құрылымы, онлайн платформалардың ерекшеліктері, оқу материалдарының күрделілігі, сабақ кестесі, әлеуметтік орта.

Зерттеулер көрсеткендей, бейімделу процесінің тиімділігі осы факторлардың үйлесіміне және студенттің жеке ерекшеліктерін ескеруге байланысты.

Цифрлық білім беру жағдайында педагогикалық бейімделудің бірнеше негізгі компоненттері анықталды:

1. Танымдық-бағдарлық компонент: Білім беру мекемесінің құндылықтары, кәсіби және педагогикалық нормалар туралы білім, оқуға, оқудан тыс және кәсіби қызметке қатысу қабілеті.

2. Құндылықты ынталандырушы компонент: Мамандыққа құндылықты қатынас қалыптастыру, кәсіби және әлеуметтік маңызды қызмет түрткілерін дамыту.

3. Әлеуметтік-психологиялық компонент: Студенттің жаңа ортада өзін жайлы сезінуі, бейімсіздікпен байланысты дағдарыстардан шығу, өзін-өзі кәсіби ұстауды дамыту.

4. Қызметтік-құралдық компонент: Оқу, оқудан тыс және кәсіби қызметте қажетті әдістерді, технологияларды меңгеру, жаңа әлеуметтік ортаға тән қызмет стилін игеру.

Бұл компоненттердің тұтастығы болашақ мұғалімдердің үздіксіз кәсіби білім алу жүйесінде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етеді. Студенттердің жаңа жағдайларға табысты бейімделуі олардың жеке тұлғалық қасиеттері, педагогикалық дағдылары және цифрлық ортада оқу белсенділігіне байланысты.

Цифрлық білім беру жағдайында бірінші курс студенттерінің педагогикалық бейімделу үрдісі – көпқабатты, динамикалық және кешенді процесс. Бұл үрдіс студенттің әлеуметтік, когнитивтік, педагогикалық және кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған. Бейімделу кезеңінде студенттің өзін-өзі тануы, кәсіби бағдарын қалыптастыруы, әлеуметтік қатынастарын реттеуі, оқу және кәсіби әрекетіне дербес қатысуы маңызды.

Педагогикалық қолдау және арнайы бейімделу стратегиялары студенттердің оқу процесіне тиімді кірігуіне, жаңа ортада өзін жайлы сезінуіне, кәсіби және жеке дамуын жетілдіруіне ықпал етеді. Цифрлық білім беру жағдайында бейімделудің

тиімділігі оқытушылар мен кураторлардың кәсіби әрекеттеріне, студенттердің жеке ерекшеліктеріне және оқу жүйесінің ұйымдастырылуына тікелей байланысты.

Болашақ педагогтардың үздіксіз кәсіби білім алу жүйесінде педагогикалық бейімделу студенттердің оқу және кәсіби қызметке кірісуінің сапасын арттырады, олардың тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік дамуына жағдай жасайды. Сондықтан, цифрлық білім беру ортасында педагогикалық бейімделуді зерттеу және қолдау қазіргі заманғы білім беру практикасының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Александровская Е.М. Педагогическая адаптация студентов. – М.: Наука, 2018.
2. Венгер А.Л. Социально-педагогическая адаптация первокурсников. – СПб.: Питер, 2018.
3. Десятникова М.Ю. Психология адаптации студентов. – М., 2017.
4. Буланова-Топоркова М.В. Жоғары оқу орны педагогикасы мен психологиясы: оқу құралы. – Ростов на Дону: Феникс, 2002 – 544 б.
5. Кирдяшина Т.А. Цифровая среда обучения и студенческая адаптация. – СПб., 2021.

UDK 37

AI-DRIVEN ASSESSMENT AND FEEDBACK IN TEACHER EDUCATION

Aubakir Zh.O.

MA, Assistant of the Department of state and foreign languages,
Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

Аннотация. С каждым днем технологии искусственного интеллекта (ИИ) проникают все глубже и глубже во все сферы человеческой жизни, включая образование. В то же время степень интеграции инструментов искусственного интеллекта в педагогический процесс во многом зависит от осведомленности, готовности и практики преподавателей, использующих весь арсенал искусственного интеллекта в своей профессиональной деятельности. Целью работы является разработка методики обучения студентов написанию творческих работ на иностранном языке на основе оценочной обратной связи от искусственного интеллекта и проверка ее эффективности в ходе экспериментального обучения. Развитие у студентов навыков написания творческих работ на иностранном языке является неотъемлемой частью цели обучения иностранному языку. Эффективность развития у студентов навыков письма во многом определяется методом и средствами обучения. Инструменты искусственного интеллекта (ИИ) способны обеспечить студентов оценочной обратной связью, которая может быть использована для совершенствования письменной творческой работы на иностранном языке.

Annotation. Every day, artificial intelligence (AI) technologies are penetrating deeper and deeper into all spheres of human life, including education. At the same time,

the degree of integration of AI tools into the pedagogical process largely depends on the awareness, willingness and practice of teachers using the entire arsenal of AI in their professional activities. The aim of the work is to develop a methodology for teaching students how to write foreign-language creative works based on evaluative feedback from AI, and to test its effectiveness during experimental training. The development of students' skills in writing foreign-language creative works is an integral part of the goal of teaching a foreign language. The effectiveness of developing students' writing skills is largely determined by the method and means of teaching. Artificial intelligence (AI) tools are able to provide students with evaluative feedback that can be used to refine written creative work in a foreign language.

Ключевые слова: Искусственный интеллект (ИИ); обратная связь, управляемая ИИ; обучение иностранным языкам; творческое письмо; развитие навыков письма; оценочная обратная связь; готовность учителя; методология обучения письму; цифровая педагогика; экспериментальное обучение

Keywords: Artificial intelligence (AI); AI-driven feedback; foreign language education; creative writing; writing skills development; evaluative feedback; teacher readiness; methodology of teaching writing; digital pedagogy; experimental training

Article Text

At the present stage, there are many artificial intelligence technologies on the basis of which software products and information and communication technologies are being developed that can be implemented to optimize and intensify the educational process. The most common of them are:

1. machine learning, a technology aimed at extracting information, identifying algorithms, processing data, organizing automated learning and conducting analytical work;

2. natural language processing is a technology aimed at recognizing text, evaluating it, and processing it;

3. computer vision is a technology aimed at searching, tracking, processing, identifying, classifying data from visual objects, extracting data from images, and analyzing received data;

4. data analysis (data science) is a technology aimed at extracting information, identifying patterns in data, and forecasting;

5. Intelligent Computer System is a computer system aimed at organizing automated monitoring of students' academic performance and providing feedback on learning outcomes and building an individual learning trajectory. Over the past few years, a whole body of research has appeared in the pedagogical and methodological literature, in which the authors revealed the didactic and methodological potential of many AI-based software and ICT products.

Зерттеуде көрсеткендей, жасанды интеллект қалалық сәулет өнерін экологиялық тұрғыдан дамытуда маңызды құрал болып табылады. Қазақстанда, ЖИ көмегімен жасалған жобалар энергия тиімділігін арттыруға, жасыл аймақтарды тиімді орналастыруға және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Болашақта, Қазақстан қалаларында, жасанды интеллект негізінде, қалалық жоспарлауды автоматтандыру, жасыл және энергия үнемдейтін жобаларды кеңейту қажет.

Әдебиеттер:

1. Batty, M. (2018). *Artificial Intelligence and Cities: Urban Data, Models, and Algorithms*. MIT Press.
2. Li, X., & Wang, H. (2020). AI for Sustainable Urban Planning. *Journal of Urban Technology*, 27(1), 45–62.
3. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. (2017).
4. Singapore Smart Nation. (2022). *Urban Planning with AI*. Government of Singapore.
5. European Commission. (2021). *Artificial Intelligence in Sustainable Cities*.

УДК 37.09.3:376

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ФИЗИКИ И СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПСИХОЛОГО- ПЕДАГОГИЧЕСКОМ СОПРОВОЖДЕНИИ И МЕТОДИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

¹Ракишева Г.Б., ²Ерболатулы Д., ²Байчинов Р.Т.

¹Средняя школа №15 Отдела образования г. Усть-Каменогорск, Казахстан

²НАО «Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова»,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

e-mail: e_dosym@mail.ru

В Казахстане наблюдается рост числа детей с особыми образовательными потребностями (ООП), однако сохраняются проблемы ранней диагностики, качественного обеспечения инклюзивного образования и профессионального самоопределения.

Мировой опыт показывает, что успешная социализация и развитие лиц с ООП возможны при условии раннего выявления, комплексного подхода к обучению и вовлечении всех заинтересованных сторон: государства, НПО, специалистов и семей.

В условиях Казахстана система медико-социальной, психолого-педагогической и образовательной поддержки лиц с ООП все еще находится на этапе формирования.

Несмотря на предпринимаемые государственные меры и усилия неправительственных организаций (НПО) [1-3], значительная часть семей и специальных учреждений сталкиваются с проблемами, такими как:

- Недостаточная ранняя диагностика. В настоящее время не существует централизованной системы для раннего выявления детей с ООП, что приводит к упущению важного периода для начала коррекционной работы [4-7]. Наблюдается недостаток качественных программ, методик и цифровых решений для диагностики детей с ООП.

- Ограниченность образовательных возможностей. Инклюзивное образование в Казахстане развивается, однако недостаток подготовленных специалистов и адаптированных программ сдерживает процесс интеграции детей с ООП в общеобразовательные учреждения [8]. Недостаток адаптированных учебных материалов и цифровых решений, учитывающих разнообразие образовательных потребностей детей с ООП.

- Недостаточная доступность образовательной инфраструктуры, не соответствующей принципам универсального дизайна. Есть проблемы обеспечения коррекционных центров и родителей доступными и эффективными техническими средствами, оборудованием, методиками, тренажерами, в том числе на казахском языке.

- В некоторых школах инклюзия существует «на бумаге», без реальной поддержки ребёнка. Наблюдается неравенство между городскими и сельскими школами (в селах ситуация обычно сложнее).

- Ограниченность доступа к профессиональному обучению и трудоустройству. Молодежь с ООП редко имеет возможность реализовать свой потенциал из-за отсутствия адаптированных программ профессиональной подготовки.

В Казахстане функционируют более 99 специальных школ для детей с особыми потребностями, однако в некоторых из них наблюдается нехватка мест.

ВКО занимает лидирующие позиции в Казахстане по внедрению передовых инициатив в сфере инклюзивного образования, что подтверждается рядом уникальных проектов и инфраструктурных решений, среди которых создание первого в стране центра непрерывного и инклюзивного образования на базе ВУЗа Центр "Dana Bala" при ВКУ им. С. Аманжолова, коммерциализация образовательных технологий первого инновационного проекта "Центр компетенций психолого-педагогического сопровождения и методико-технологической поддержки детей с ООП» (2023-2025гг), профинансированный АО «Фонд науки» МННВО РК.

Целью центра компетенций является разработка и коммерциализация продукции и услуг в области инклюзивного образования, специальной диагностики и коррекции детей с ООП.

Центр компетенций входит в состав технопарка "Shygys-BASTAU" НАО «Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова» и располагается по адресу г.Усть-Каменогорск, пр. Шакарима 148. Для технологического оснащения центра закуплено и введено в эксплуатацию следующее оборудование: два лазерных станка и токарный станок с фрезерным углом по дереву с ЧПУ, компрессор, стабилизатор, умное зеркало, МФУ-2шт, системные блоки 8 штук, мониторы 4 шт., ламинатор, режущий плотер, моноблоки, ноутбуки.

В реализацию проекта были привлечены ученые физико-технического профиля, программисты, менеджеры, практики-дефектологи, а также частные партнеры.

Дополнительную информацию по проекту можно получить на специально-разработанном сайте проекта <https://center-competence.choices.kz/>, а также на странице в инстаграмме *damu alany*.

В настоящей работе была поставлена цель изучить опыт разработки, испытания и внедрения технических средств, оборудования и методических разработок Центра компетенций.

В рамках реализации проекта изготовлены и реализуются более 15 видов отечественной продукции с конкурентными преимуществами для детей с ООП. Получены 5 патентов на технические устройства поддержки детей с ООП и 14 авторских свидетельств на интерактивные тренажеры и методические разработки. Благодаря созданию в университете производственного участка с современными ЧПУ станками, а также сотрудничеству с Усть-Каменогорским учебно-производственным предприятием «Казахское общество глухих» налажено производство готовой к эксплуатации наукоемкой продукции в поддержку детей с ООП. *Используя возможности физики и современных технологий* разработаны, изготовлены и внедрены профессиональный стол специального педагога, учебная парта-стол, парта-стол, кресло-вертикализатор, стул регулируемый, балансирная доска-тренажер [9]. Также разработаны модернизированный сенсорно-динамический комплекс «Дом совы», кровать-вертикализатор, обучающие наборы, умная система своевременного предупреждения о критических состояниях детей и взрослых из группы риска.

Например, профессиональный стол специального педагога, рекомендованный экспертно-методическим советом ВКО, имеет уникальную конструкцию и встроенный сенсорный моноблок с комплексом новых собственных методик и авторских логопедических и развивающих тренажеров в большей части на государственном языке. Этот обучающий комплекс имеет автоматизированную систему наклона моноблока и подвижной столешницы, механизм регулировки высоты основной столешницы с помощью линейных приводов, а также стул и тумбочку с песочницей и подсветкой. Причем механизмы регулировки и подсветки выполнены в безопасном режиме с использованием низковольтного питания.

Независимая регулировка позволяет подогнать высоту и угол наклона элементов стола для детей в зависимости от их физиологических особенностей и выполняемых за столом действий и не требует специальных инструментов. Изменение угла наклона моноблока со встроенным микрофоном и колонками облегчено механизмом автоматического управления с помощью линейного привода. Конструкция тумбы и стула выполнена удобной для компактного хранения и транспортировки. Перемещение стола, тумбы и стула по помещению облегчается за счет наличия поворотных колес с тормозами.

Во время диагностики или занятия можно пользоваться уникальными интерактивными программами-тренажерами, а также сочетать их с традиционными методико-дидактическими материалами. На авторские программы-тренажеры имеются авторские свидетельства.

Предоставляется доступ к программам, тренажерам через вышеуказанный сайт производителя, где проводится регулярное обновление и пополнение программ и заданий.

В комплекте профессионального стола специального педагога:

- Комплекс для развития речи детей дошкольного и младшего школьного возраста («Дыбыс айту және сауат ашу негіздері», QR-дағы логоритмика, Дыбыстарды дұрыс айтамыз, “Логопедиялық альбом”, “Фразовый конструктор”, сюжетные картинки);

- Комплекс “Dana bala” для формирования элементарных математических представлений (деревянные домики для определения состава числа, цифры, часы, дни, времена года)

- Нейротренажер “Dana bala” “Развиваем мозг, играя” для развития процессов межполушарного взаимодействия у детей дошкольного и младшего школьного возраста, в том числе детей с ОПП;

- Комплексная методика “Dana bala” для интеллектуального развития ребенка дошкольного возраста, в том числе детей с ОПП;

- Комплекс “Геометрические фигуры “Dana bala” (логические карточки, геометрические фигуры, отличающиеся по форме, цвету, размеру и объему);

- Комплекс “Волшебные палочки “Dana bala” (разноцветные палочки, цифры, математические знаки, альбом (в бумажном и интерактивном вариантах);

Эффект от внедрения:

Профессиональный стол специального педагога после успешных испытаний начал использоваться в качестве обучающего комплекса при проведении занятий и консультаций детей с особыми образовательными потребностями, в процессе проведения реабилитационных и абилитационных мероприятий. По сравнению с другими аналогичными устройствами профессиональный стол дефектолога, произведенный в рамках проекта «Центр компетенций по психолого-педагогической подготовке и методико-технологической поддержке детей с особыми образовательными потребностями» содержит большой контент на казахском языке, более функционален и удобен для использования.

Благодаря использованию профессионального стола специального педагога впервые в Республике Казахстан в Областной ПМПК ВКО для диагностики начали внедрять стандартизированные цифровые методики и программы. Современный

подход с использованием цифровых технологий делает исследование развития детей интересным, объективным, помогает выявлять потенциал ребенка, исходя из его индивидуальных возможностей.

В рамках проекта разработан также отечественный кресло-вертикализатор «Достар.1», который обладает следующими конкурентными преимуществами по сравнению с зарубежными аналогами (Далматинец, Dino), во-первых, дешевле более чем в 3 раза, во-вторых имеет автоматизированное управление позиций, пределы регулировок шире, например регулировка высоты и положения узлов по росту ребенка увеличены до максимального значения - 155см (у Dino 130см), грузоподъемность до 55кг (у аналогов 35см), а также возможно отдельно регулировать положение каждой ноги в зависимости от клинических потребностей ребенка. Подножка под стопами снимается. Это позволяет ребенку почувствовать опору на ступни, отрабатывать движения ног, чтобы научиться ходить, как в ходунках. Такая функция данного вертикализатора выгодно отличает его от других устройств.

Используемая технология для производства вертикализатора и технических средств:

- проектирование и разработка чертежей всех элементов вертикализатора;
- изготовление деталей из прочной экологически чистой фанеры вырезкой на лазерном станке. Все детали аккуратно вырезаны по спроектированным чертежам на лазерном станке в автоматическом режиме, поэтому не содержат оборванных краев, заусениц по сравнению с обработкой фанеры на фрезерном станке;
- раскройка и шитье подушек с поролонным наполнителем;
- сборка и настройка элементов.

Такая автоматизированная технология производство деталей облегчает, ускоряет процесс вырезки, экологична, поскольку не вызывает образование пыли и отходов как в случае обработки фрезой. В технологии не используются токсичные и вредные для ребенка вещества и материалы.

В период с 2024 по 2025 г. реализованы готовая продукция и услуги (кресла-вертикализаторы - 5шт (школа-интернат Акниет, частные лица п.Глубокое, г.Усть-Каменогорск, г.Шымкент, г.Уральск), профессиональные столы дефектолога 11 шт (КППК уланского и шемонаихинского районов, улкен-нарын, Областная ПППК, ост. частные лица), парты-столы 4 шт в ОО Demeu, регулируемые стулья 4 шт в ОО Demeu и вместе с ними методики, пособия, альбомы, виртуальные тренажеры).

Внедрены в работе центра непрерывного и инклюзивного образования «Dana bala»:

- Кресло-вертикализатор
- Профессиональный стол дефектолога;
- Учебная парта-стол;
- Парта-стол
- Методики, альбомы, тренажеры

Внедрены в работе центра реабилитации и коррекции «DEMEY» (г.Усть-Каменогорск):

- Кресло-вертикализатор
- Учебная парта-стол
- Регулируемый стул

Внедрен в работе КГУ «Школа-интернат «Ак Ниет» УО ВКО:

- Кресло-вертикализатор

Внедрен в работе коррекционного кабинета Уланского района ВКО:

- Профессиональный стол дефектолога

Испытан и внедрен в работе Областной психолого-медицинской педагогической консультации ВКО:

- Профессиональный стол дефектолога

Анализ внедренных научно-методических разработок показывает эффективность использования их на практике, поскольку они произведены с учетом рекомендаций практиков и на основе продуманного научного подхода и современных технических решений.

На основе полученных научно-технических разработок и методик разработаны модульные образовательные программы курсов и оказаны услуги по проведению курсов, мастер-классов для педагогов и консультаций для детей с ООП (более 1000 участников).

Литература

1. Казахстан П. П. Р., Смаилов А. Об утверждении Концепции развития здравоохранения Республики Казахстан до 2026 года Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 ноября 2022 года № 945.

2. Rymkhanova A. R. Концепция социализации детей с расстройствами аутистического спектра, осложненными сочетанными нарушениями //Bulletin of the Karaganda university Pedagogy series. – 2023. – Т. 112. – №. 4. – С. 99-110.

3. Ибраев М. У., Темирбаева М. Ж. Межведомственное взаимодействие как условие разрешения проблем детей с особыми образовательными потребностями //Инклюзивное образование: непрерывность и преемственность. – 2019. – С. 343-351.

4. Hus Y., Segal O. Challenges surrounding the diagnosis of autism in children //Neuropsychiatric disease and treatment. – 2021. – С. 3509-3529.

5. Okoye C. et al. Early diagnosis of autism spectrum disorder: A review and analysis of the risks and benefits //Cureus. – 2023. – Т. 15. – №. 8.

6. Loubersac J. et al. Predictors of an earlier diagnosis of Autism Spectrum Disorder in children and adolescents: A systematic review (1987–2017) //European child & adolescent psychiatry. – 2023. – Т. 32. – №. 3. – С. 375-393.

7. Hus Y., Segal O. Challenges surrounding the diagnosis of autism in children //Neuropsychiatric disease and treatment. – 2021. – С. 3509-3529.

8. Rymkhanova A. R. Концепция социализации детей с расстройствами аутистического спектра, осложненными сочетанными нарушениями //Bulletin of the Karaganda university Pedagogy series. – 2023. – Т. 112. – №. 4. – С. 99-110.

9. Ерболатулы Д. Перспективы внедрения и коммерциализации научных результатов кафедры физики и технологий ВКУ имени Сарсена Аманжолова // Материалы международной научной конференции «Современные тенденции в физике: интеграция науки и образования» Астана, 23 февраля 2024. – С.24-30.

ТАРИХ ПӘНІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Рысбек Ж.Н., Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің

1-курс білім алушысы

Ғылыми жетекшісі: Мүтән Г.Қ., әлеуметтік ғылымдар магистрі,
сениор-лектор

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ
Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: zhbek.rysbek@mail.ru

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі - тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарының бірі - «Білім - бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім - бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі. Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында, оның ішінде тарих сабақтарында қолдану мүмкіндіктері зор [1,125 б]. ЖИ технологиялары оқушылардың оқу үдерісін тиімдірек және қызықтырақ ете отырып, тарихи

материалдарды тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушыларға жеке оқу бағдарламаларын ұсыну, тарихи деректерді талдау және автоматтандырылған бағалау сияқты мүмкіндіктер тарих пәнін оқытуды жаңа деңгейге көтереді. Сонымен қатар, виртуалды шындық (VR) немесе кеңейтілген шындық (AR) сияқты құралдар арқылы тарихи оқиғаларды интерактивті түрде көрсету оқушыларға өткенді тәжірибелік түрде сезінуге мүмкіндік береді. Алайда, ЖИ технологияларын тарих сабақтарында қолдану бірқатар қиындықтар мен тәуекелдерге де әкелуі мүмкін. Деректердің сапасы мен дәлдігі, мұғалімдердің ЖИ құралдарын қолдануға дайын болмауы, сондай-ақ техникалық инфрақұрылымның жетіспеушілігі сияқты мәселелер осы инновацияның тиімділігін шектей алады. Оқушыларға дұрыс білім беру үшін мұғалімдер ЖИ жүйелерін тиімді пайдалану үшін арнайы даярлықтан өтуі тиіс. Жасанды интеллект тарих пәнін оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашып, оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін жақсарта алады. Дегенмен, оның тиімді қолданылуы үшін қажетті дайындық пен инфрақұрылымдық қолдау қажет. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, отан сүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау ұстаздың басты міндеті деп білемін. Қазіргі заманда білім әр халықтың, әрбір жеке тұлғаның болашағын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Білімнің жоғары деңгейін ұстап тұру әрбір қоғамның өзінің ғылыми-техникалық прогресін, экономикалық дамуын және азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, алдына қоятын міндеті. «Жасанды интеллект» сөзі алғаш рет 1956 жылы Дартмут университетінде өткен конференциясының преамбуласында Джон Маккарти қолданған. Маккартиге сәйкес жасанды интеллектіні зерттеушілер нақты проблеманы шешу үшін адамдарда байқалмайтын интеллектіні зерттеуіне болады [2,5 б]. Жасанды интеллект жүйелері арнайы логикалық жүйелер арқылы компьютерлік бағдарламада жүзеге асырылған адам интеллектінің жеке аспектісін ұдайы өндіретін техниалық жүйелер. Жасанды интеллект осы салаға қандай технологиялық компоненттер кіретінін анықтайық. Көптеген зерттеушілер әртүрлі аспектілерге, соның ішінде машиналық оқытуға, нейрондық желілерге және деректерді өндіруге, олардың оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделе алатын интеллектуалды жүйелерді құрудағы рөліне назар аударды [3, 36 б]. Білім берудегі жасанды интеллект анықтамасы оқу процесін жақсарту және білім беру мүмкіндіктерін байыту үшін адамның интеллектіне еліктеп, арттыруға арналған технологиялық әдістер мен жүйелерді пайдалануды қамтиды. Білім берудегі жасанды интеллект әдетте келесі аспектілерді қамтиды. Нейрондық желілер: Жасанды интеллектідегі нейрондық желілер мидың құрылымы мен қызметін модельдейді, жүйелерге үлгілерді тануға, мәтінді талдауға және шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Қосымшаларды жасау үшін, сондай-ақ жекелендірілген деректерді талдау: Жасанды интеллект үлгілер мен трендтерді анықтау үшін деректердің үлкен көлемін талдау жолдарын қамтиды. Білім беруде деректерді талдау оқушылардың үлгерімін бағалау, оқу қажеттіліктерін болжау және оқу бағдарламасын оңтайландыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Виртуалды көмекшілер және білім беру қолданбалары: Жасанды интеллект акпаратты, оқу материалдарын және тапсырмаларды қамтамасыз ету арқылы студенттерге оқу процесінде

көмектесетін виртуалды мұғалімдер мен білім беру қолданбаларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. Білім берудегі жасанды интеллект оқу процесін қол жетімді, жекелендірілген, интерактивті және тиімді ету арқылы жақсартуға бағытталған. Ол мұғалімдерге, оқушыларға және оқу орындарына жылдам өзгертін цифрлық дәуірге бейімделуге көмектеседі және білім сапасын келесі деңгейге көтереді. Мектептерде жасанды интеллектті қолдану мұғалімдер үшін оңтайлы шешім болып келеді. Өйткені жасанды интеллект мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Сабақ жоспарын құрудан бастап, кез-келген құжатты өңдеуге дейін Құжаттарды және сұхбаттарды автоматтандырылған сканерлеуді және талдауды қоса, қабылдау және оқушыларды іріктеу процесін жеңілдету үшін жасанды интеллект пайдалану. Білім беру үдерістерін автоматтандыру мұғалімдер мен әкімшілерге мектеп ресурстарын тиімдірек басқаруға және сапалы білім беруге көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ автоматтандырудың артықшылықтары мен міндеттерін талқылау және оқу процесінде адамдардың өзара әрекетін сақтауға назар аудару маңызды. Жасанды интеллект оқушыларға өздерінің күшті және әлсіз жақтарын жақсы түсінуге көмектеседі. Білімнің-техникалық атын қамтамасыз ету жатады: Білімге қол жеткізу: Виртуалды мұғалімдер мен білім беру қолданбалары қашықтан оқытуда әсіресе пайдалы болуы мүмкін көптеген білім мен оқу материалдарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Оқушылар әр түрлі пәндер мен дағдыларды өз уақытында меңгере алады. Интерактивті оқыту орталары: Виртуалды мұғалімдер мен білім беру қолданбалары интерактивті оқу орталарын жасайды, бұл білім беруді оқушылар үшін тартымды әрі қызықты етеді. Олар белсенді қатысуға және білімді іс жүзінде қолдануға ықпал етеді. Виртуалды мұғалімдерді және жасанды интеллектке негізделген білім беру қосымшаларын енгізу оқыту үшін қосымша құралдар мен ресурстарды қамтамасыз ету арқылы дәстүрлі мұғалімдердің рөлін толықтырады. Бұл сонымен қатар оқушыларға білім беру тәжірибесін жекелендіруге және өз қажеттіліктеріне сәйкес дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Білім берудегі ЖИ дамуының өзекті мәселелері мен тенденцияларына тоқталсақ, Білім беруде жасанды интеллектті дамыту мен пайдаланудың қазіргі қиындықтары мен тенденцияларын талқылау бұл технологияның білім беру үдерісіне қалай әсер ететінін және оны жүзеге асыру барысында қандай қиындықтар туындайтынын түсіну үшін маңызды. Міне, осы саладағы кейбір негізгі қиындықтар мен тенденциялар: Дербес оқыту: Жасанды интеллект әрбір оқушының қажеттіліктері мен деңгейіне сәйкес келетін жекелендірілген оқу жоспарлары мен материалдарын жасауға мүмкіндік береді. Оқыту процесін автоматтандыру: Жасанды интеллект мұғалімдерге баға қою сияқты күнделікті тапсырмаларды азайтып, олардың уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Кері байланыс және бағалау: Жасанды интеллект оқушылар мен мұғалімдерге жылдам және егжей-тегжейлі кері байланыс беріп, олардың жұмысын жақсартуға көмектеседі. Осы қиындықтар мен тенденцияларды талқылау Жасанды интеллект білім беруді қалай өзгертетінін және оның пайдасын барынша арттыру және тәуекелдерді азайту үшін қандай шаралар қабылдауға болатынын түсінуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект біздің өміріміздің барлық саласына еніп жатқан керемет қуатты құрал және білім де артта қалмайды. Біз Жасанды интеллект қазірдің өзінде білім беру процесіне қалай оң өзгерістер

енгізіп жатқанын және оқушылар мен мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктер беріп жатқанын қарастырдық. Дербес оқыту, процестерді автоматтандыру, деректерді жинау және талдау, виртуалды мұғалімдер мен білім беру қосымшаларын жасау білім беру сапасын арттырады және пайда әкеледі. Жасанды интеллект білім беру жүйесіне енгізілсе, оқушылар цифрлық дәуірде қажетті дағдыларды дамыта алады және жекелендірілген оқу тәжірибесіне ие болады [4,18 б]. Дегенмен, деректердің қолжетімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мұғалімдерді оқыту әділ білім беру мүмкіндіктерін жасау үшін басымдық болып қала береді. Дегенмен, білім беру саласына Жасанды интеллект енгізу бірқатар қиындықтарды да тудырады. Сандық теңсіздік, этикалық мәселелер және деректердің құпиялылығы мәселелері назар аударуды және шешімдерді қажет етеді. Мұғалімдерді оқыту және білім беру ұйымдарында ЖИ-ті тиімді пайдалану үшін негіз құру да бірдей маңызды. Жасанды интеллект білім берудің ажырамас бөлігіне айналуға, біздің оқу және табысқа жету жолын өзгертеді. Қиындықтарға қарамастан, осы саладағы ілгерілеудің келешегі жігерлендіреді, қазіргі заманғы әлемнің қажеттіліктерін көрсететін неғұрлым қолжетімді, жекелендірілген және сапалы білім беруге жол ашады. Ендігі кезекте тарихи жасанды интеллектілерді ұсынсам, Мысалы, ChatGPT, Gemini, Perplexity AI сияқты жүйелер арқылы белгілі бір тарихи оқиға, мемлекет немесе тұлға туралы мәліметті өте тез табуға болады. Бұл бағдарламалар үлкен көлемдегі ақпаратты талдап, оны қысқа әрі түсінікті түрде ұсына алады. Мысалы, оқушы сақтар, ғұндар немесе Қазақ хандығы туралы сұрақ қойса, жасанды интеллект сол тақырып бойынша негізгі мәліметтерді бірден көрсетеді. Ол тарихи оқиғаның уақыты, негізгі тұлғалары, себептері мен салдары туралы ақпаратты жүйелеп береді. Нәтижесінде оқушы күрделі тарихи материалды оңай түсінеді. Сонымен қатар жасанды интеллект тек ақпарат беріп қана қоймай, мәтінмен жұмыс істеуге де көмектеседі. Мысалы, ұзақ тарихи мәтінді қысқаша мазмұнға айналдыру, негізгі ойларын бөліп көрсету немесе тақырып бойынша жоспар құру сияқты жұмыстарды орындай алады. Бұл әсіресе оқушыларға реферат, баяндама немесе жоба дайындау кезінде өте пайдалы. Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды мүмкіндігі – сұрақтар мен тапсырмалар құрастыру. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша тест сұрақтарын, талдау сұрақтарын немесе пікірталасқа арналған сұрақтарды автоматты түрде дайындап бере алады. Бұл мұғалімдерге де, оқушыларға да оқу процесін жеңілдетеді. Сонымен қатар оқушылар жасанды интеллект көмегімен тарихи тақырыптарды тереңірек зерттей алады. Мысалы, белгілі бір оқиға туралы қосымша деректер сұрап, әртүрлі көзқарастарды салыстырып, себеп-салдарын талдай алады. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін дамытып, тарихты жай жаттау емес, түсініп оқуға мүмкіндік береді. Сондықтан ChatGPT, Gemini және Perplexity AI сияқты жасанды интеллект жүйелері тарих пәнінде ақпаратты тез табуға, оны өңдеуге және тиімді пайдалануға көмектесетін заманауи әрі пайдалы құралдар болып табылады. Сондай-ақ, тарих сабағында презентация және көрнекі материалдар дайындау өте маңызды. Тарих сабағында көрнекілік ерекше маңызды орын алады, өйткені тарихи оқиғаларды тек мәтін арқылы емес, көзбен көру арқылы түсіну оқушыларға әлдеқайда жеңіл болады. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін бағдарламалар мұғалімдер мен оқушыларға сабаққа қажетті

көрнекі материалдарды дайындауға көмектеседі. Мысалы, Canva, Gamma, Tome сияқты платформалар арқылы тарих тақырыптарына арналған презентациялар, инфографикалар және түрлі иллюстрациялар жасауға болады [5,38 б]. Бұл бағдарламалардың басты артықшылығы – олар мәтінді автоматты түрде өңдеп, дайын слайдтарға айналдыра алады. Мұғалім немесе оқушы белгілі бір тақырыпты енгізген кезде, бағдарлама соған сәйкес суреттер, карталар, уақыт сызықтары және қысқаша түсіндірмелер қосып, презентация дайындайды. Мысалы, Қазақ хандығының құрылуы немесе Ұлы Жібек жолы туралы тақырыптарды көрнекі түрде көрсетуге болады. Осындай материалдар сабақтың қызықты өтуіне әсер етіп, оқушылардың тарихи білімді жақсырақ меңгеруіне көмектеседі. Кейбір тарихи кезеңдерді немесе оқиғаларды тек мәтін арқылы түсіну оқушыларға қиын болуы мүмкін. Себебі көптеген ежелгі қалалар, киім үлгілері немесе тарихи шайқастар туралы нақты суреттер сақталмаған. Осындай жағдайда жасанды интеллект арқылы сурет жасайтын бағдарламалар үлкен көмек береді. Мысалы, Midjourney және DALL-E сияқты жүйелер белгілі бір сипаттама бойынша жаңа суреттер жасай алады. Мысалы, мұғалім немесе оқушы «сақ жауынгері», «ежелгі қала», «Ұлы Жібек жолындағы керуен» сияқты сипаттамаларды енгізсе, бағдарлама сол тақырыпқа сәйкес бейнелерді жасап береді. Бұл суреттер тарихи кезеңнің атмосферасын көз алдына елестетуге көмектеседі. Сонымен қатар оқушылар тарихи тұлғалардың бейнесін, ежелгі қалалардың көрінісін немесе белгілі бір тарихи оқиғаның көрінісін визуалды түрде көре алады. Мұндай иллюстрациялар сабақтың қызықты өтуіне әсер етеді, оқушылардың қиялын дамытады және тарихи материалды жақсырақ есте сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс тарих пәнін заманауи технологиялар арқылы оқытудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Тесттер мен тапсырмалар құрастыру және тарихи деректерді талдау да, жасанды интеллект үшін қиын емес. Мұғалімдер мен оқушылар арнайы платформалар арқылы қысқа уақыт ішінде викторина, тест немесе ойын түріндегі тапсырмалар жасай алады. Мысалы, Quizlet және Kahoot! сияқты қосымшалар тарих сабақтарында жиі қолданылады. Бұл платформалар арқылы тарихи даталар, маңызды оқиғалар, терминдер және белгілі тұлғалар бойынша түрлі сұрақтар құрастыруға болады. Мысалы, Қазақ хандығы, сақтар немесе Ұлы Жібек жолы туралы тақырыптар бойынша бірнеше тест сұрақтарын дайындап, оны оқушыларға интерактивті түрде ұсынуға болады. Оқушылар телефон, планшет немесе компьютер арқылы тестке қатысып, дұрыс жауаптарды таңдайды. Жауаптар бірден тексеріліп, нәтижесі экранда көрсетіледі. Мұндай әдіс оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабақтың белсенді өтуіне ықпал етеді. Сонымен қатар оқушылар бір-бірімен жарысып, білімін тексеруге мүмкіндік алады. Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды қызметі – тарихи деректерді талдау. Тарих ғылымында ақпарат өте көп болғандықтан, кейде оны салыстырып, негізгі мағынасын анықтау қиын болуы мүмкін. Осындай жағдайда жасанды интеллект үлкен көлемдегі мәтіндерді талдап, ең маңызды мәліметтерді бөліп көрсете алады. Мысалы, белгілі бір тарихи кезеңге қатысты бірнеше дереккөзді салыстыруға болады. Жасанды интеллект сол деректердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, негізгі ойларды жинақтап береді. Сонымен қатар белгілі бір тарихи оқиғаның себептері мен салдарын түсіндіруге көмектеседі. Бұл

тәсіл оқушылардың тек ақпаратты жаттап қана қоймай, оны талдап, салыстырып, қорытынды жасау қабілетін дамытады. Нәтижесінде оқушылар тарих пәнін тереңірек түсініп, сыни ойлау қабілетін қалыптастырады. Сондықтан жасанды интеллект тарих сабақтарында тесттер құрастыруда және тарихи деректерді талдауда тиімді әрі пайдалы құрал болып табылады. Тарих пәнінде жасанды интеллектіні тиімді пайдалану қазіргі білім беру жүйесінде өте маңызды болып отыр [6]. Себебі қазіргі қоғамда ақпарат өте көп, ал оны дұрыс таңдап, түсініп, талдай білу үлкен маңызға ие. Жасанды интеллект осы процесті жеңілдетіп, оқушыларға тарихи білімді тиімді меңгеруге көмектеседі. Сондықтан тарих пәнінде жасанды интеллектіні қолдану оқу сапасын арттырып, білім алуды заманауи деңгейге көтереді. Біріншіден, жасанды интеллект тарихи ақпаратты тез табуға мүмкіндік береді. Көптеген тарихи деректер, құжаттар мен зерттеулер интернетте сақталған. Бірақ олардың ішінен ең маңызды мәліметтерді таңдау әрқашан оңай емес. Осындай жағдайда ChatGPT, Gemini, Perplexity AI сияқты жүйелер оқушыларға қажетті ақпаратты жылдам табуға және оны қысқаша түсіндіруге көмектеседі [7]. Бұл оқушылардың уақытын үнемдеп, тақырыпты тезірек түсінуіне мүмкіндік береді. Екіншіден, жасанды интеллект сабақта көрнекілік қолдануды жеңілдетеді. Тарих пәнінде карталар, суреттер, инфографикалар және презентациялар өте маңызды. Жасанды интеллект негізіндегі бағдарламалар арқылы мұғалімдер қысқа уақыт ішінде түрлі көрнекі материалдар дайындай алады. Мысалы, Canva сияқты платформалар арқылы тарихи оқиғаларды түсіндіретін слайдтар мен инфографикалар жасауға болады. Мұндай материалдар оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, ақпаратты жақсы есте сақтауына көмектеседі. Үшіншіден, жасанды интеллект оқушылардың белсенді оқуына ықпал етеді. Ол түрлі тесттер, викториналар және тапсырмалар құрастыруға көмектеседі. Мысалы, Kahoot! сияқты платформалар арқылы интерактивті тесттер ұйымдастыруға болады [8]. Оқушылар ойын түрінде білімін тексеріп, бір-бірімен жарыса алады. Қорытындылай келе, жасанды интеллект тарих пәнінде оқытуды тиімді әрі заманауи етеді. Ол тарихи ақпаратты тез тауып, оны түсінікті әрі жүйелі түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сабаққа көрнекі материалдар мен презентациялар жасау процесін жеңілдетеді. Жасанды интеллект тесттер мен викториналарды құрастырып, оқушылардың белсенділігін арттырады. Ол тарихи деректерді салыстырып, оқиғалардың себептері мен салдарын тереңірек түсінуге көмектеседі. Сондықтан тарих сабағында жасанды интеллектті қолдану оқушылардың білімін арттырып, сабақтарды қызықты әрі тиімді етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Смит, Дж. (2020). «Жасанды интеллекттің білімге әсері». Білім беру технологиясы журналы.
2. McCarthy J. What is Artificial Intelligence? Stanford, (2007)
3. Браун, Л. және т.б. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology
4. Жұмабаев, М. «Білім беруде жасанды интеллекттің рөлі». - Алматы, 2022.
5. Ахметова, Г. «Тарих пәнін оқытуда заманауи технологияларды қолдану». – Нұр-Сұлтан, 2021.

6. ЮНЕСКО. Білім берудегі жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен мәселелері. – <https://unesdoc.unesco.org>

7. OpenAI. ChatGPT жасанды интеллект жүйесі туралы ақпарат. – <https://openai.com/chatgpt>

8. Мектептерде жасанды зердені қолдану оқыту әдістері енгізілуде. <https://kaz.orda.kz/mektepterde-zhasandy-zerdeni-koldanu-okytu-adisteri-engizilude-137115/>

ӘОЖ 37.01:004.8

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ҮЙРЕТУДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

Сапанова А.М., филология магистрі, сениор-лектор
С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: aimansm@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқытудың дәстүрлі және инновациялық бағыттары ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқытуда қолданылатын дәстүрлі әдістер мен инновациялық технологиялардың тиімділігін салыстырмалы түрде талдау және оларды оқу үдерісінде ұштастырудың жолдарын анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы-талдамалы, сипаттамалы, жүйелеу әдістері қолданылды. Нәтижесінде қазақ тілін оқытуда коммуникативтік, цифрлық және мәдениаралық тәсілдерді дәстүрлі грамматикалық әдістермен үйлестіре қолданудың тиімді екені айқындалды. Мақаланың ғылыми жаңашылдығы – қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқытудағы инновациялық тәжірибелердің нақты мысалдар арқылы негізделуі.

Түйін сөздер: қазақ тілі, екінші шет тілі, оқыту әдістемесі, дәстүрлі әдіс, инновациялық технология, коммуникативтік құзыреттілік.

Мақалада қазіргі жаһандану үдерісі көптілділік пен мәдениаралық коммуникацияның маңызын жайлы айтылады.[3; 4]. Әлемдік білім беру кеңістігінде тілдерді екінші немесе шет тілі ретінде меңгерту әдістемесі үздіксіз дамуда. Қазақстан Республикасында қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқыту мемлекеттік тіл саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағыт ел азаматтарының тілдік құзыреттілігін арттырумен қатар, ұлттық бірегейлікті нығайтуға, мәдени құндылықтарды танытуға қызмет етеді.

Қазақ тілін екінші шет тілі ретінде үйрету үдерісі дәстүрлі әдістерден бастап, заманауи инновациялық технологияларға дейінгі кең ауқымды қамтиды. Сондықтан оқытудағы әдіс-тәсілдерді ғылыми тұрғыдан саралау, олардың тиімділігін анықтау және тәжірибеге енгізу өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқытудың теориялық негіздері жалпы лингводидактика, психолінгвистика және әдістеме ғылымдарының қағидаларына сүйенеді [1; 3]. Екінші тіл ретінде оқытуда білім алушының ана тілі мен меңгерілетін тіл арасындағы интерференция құбылысы ерекше ескеріледі. Сонымен қатар, тілдік дағдыларды қалыптастыруда когнитивтік және

коммуникативтік бағыттардың рөлі жоғары. Ғалымдар екінші тілді меңгерту барысында тілдік жүйені ғана емес, сол тілдің мәдени-танымдық қырларын да қатар оқыту қажеттігін атап көрсетеді. Бұл қазақ тілін оқытуда ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, этнолингвистикалық бірліктерді тиімді пайдалануға негіз болады. Екінші тілді меңгерту теориясында Н. Хомскийдің туа біткен тілдік қабілет (Language Acquisition Device) туралы тұжырымы маңызды орын алады. Ғалым тіл меңгерудің әмбебап грамматикаға негізделетінін көрсетіп, тіл үйренуде когнитивтік механизмдердің рөлін айқындады [3]. Бұл көзқарас қазақ тілін оқытуда грамматикалық құрылымды жүйелі ұсынудың маңызын дәлелдейді.

С. Крашеннің екінші тілді меңгеру теориясы (Input Hypothesis) қазақ тілін оқытуда ерекше мәнге ие. Оның пікірінше, тіл үйрену үшін білім алушыға түсінікті, бірақ бір саты күрделірек тілдік материал ұсынылуы қажет [4]. Мысалы, қазақ тілін үйренушілерге жеңілдетілген мәтіндер мен бейнематериалдарды кезең-кезеңімен беру осы теорияға негізделеді. Коммуникативтік бағыттың теориялық негізін Д. Хаймс ұсынған коммуникативтік құзыреттілік теориясы құрайды. Ғалым тілдік біліммен қатар, оны әлеуметтік жағдаятта орынды қолдану қабілетінің маңызын атап көрсетеді [5]. Бұл теория қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқытуда жағдаяттық тапсырмалар мен диалогтарды қолданудың қажеттігін айқындайды. Отандық әдістемеді Б. Әбілқасымова қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жүйелеп, тілдік дағдыларды кешенді қалыптастыру қағидатын ұсынды [1]. Ал К. Жақсылықова өз еңбектерінде қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда ұлттық-мәдени компонентті енгізудің маңызын дәлелдейді [2]. Сонымен қатар, Л. В. Щербаның тілдік әрекет теориясы тілдік материалды сөйлеу әрекетімен бірлікте меңгерудің қажеттігін көрсетеді [6]. Бұл тұжырым қазақ тілін оқытуда айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылымды өзара байланыстыра дамытуға негіз болады. Осы аталған теориялар қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін құрап, дәстүрлі және инновациялық әдістерді тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқыту бағыттары ұзақ жылдар бойы қалыптасқан, жүйелі әдістемелік негізге сүйенеді. Бұл бағыттардың басты мақсаты – тілдің грамматикалық құрылымын, сөздік қорын және жазба тіл нормаларын меңгерту.

Бұл әдіс қазақ тілін оқытуда кеңінен қолданылып келеді [1]. Мысалы, өзге ұлт өкілдеріне септік жалғауларын үйрету барысында алдымен теориялық ереже түсіндіріліп, кейін ана тілімен салыстыра отырып аударма жаттығулары орындалады. Бұл тәсіл тілдік формаларды дұрыс қолдануға көмектескенімен, еркін сөйлеу дағдысын дамытуда жеткіліксіз болуы мүмкін. Грамматикалық-аудармалық әдіс қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқытуда дәстүрлі әрі жүйелі тәсілдердің бірі болып саналады. Бұл әдісте грамматикалық ережелерді саналы түрде меңгерту, мәтінді ана тіліне аудару және кері аударма жасау негізгі орын алады. Мысалы: Қазақ тілін үйренушілерге *септік жалғаулар* тақырыбын меңгерту.

1-кезең – **Ережені түсіндіру**. Оқытушы барыс септігінің (-ға/-ге, -қа/-ке) қызметін түсіндіреді: бағыт-бағдарды білдіру, «қайда?» сұрағына жауап беру. Мысал ретінде: *мектепке бардым, қалаға кеттім* сөйлемдері ұсынылады.

2-кезең – **Аударма жаттығуы.** Білім алушыларға ана тіліндегі сөйлемдер беріледі: – Я иду в школу. – Мы поехали в город. Олар сөйлемдерді қазақ тіліне аударады: – Мен мектепке барамын. – Біз қалаға бардық.

3-кезең – **Кері аударма.** Қазақ тіліндегі сөйлемдер қайтадан ана тіліне аударылады. Бұл грамматикалық форманың дұрыс қолданылғанын тексеруге мүмкіндік береді.

4-кезең – **Жазбаша бекіту.** Білім алушыларға барыс септігін қолдана отырып, 5–7 сөйлем құрастыру тапсырылады.

Осы мысалдан көрінгендей, грамматикалық-аудармалық әдіс қазақ тілінің морфологиялық жүйесін саналы түрде меңгертуге, грамматикалық дәлдікке үйретуге тиімді. Алайда бұл әдісті коммуникативтік тапсырмалармен толықтыру сөйлеу дағдысын дамытуда маңызды рөл атқарады [1; 3]. Дәстүрлі сабақтарда мұғалім негізгі ақпарат көзі болып саналады. Сабақ құрылымы түсіндіру, бекіту және бақылау кезеңдерінен тұрады. Мысалы, мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беру, сөздікпен жұмыс жасау – дәстүрлі тәсілдердің айқын көрінісі. Қазіргі білім беру жүйесінде инновациялық әдістер білім алушының белсенді қатысуына, тілдік тәжірибені өмірлік жағдаяттармен байланыстыруға бағытталған.

Коммуникативтік әдісте қазақ тілі қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылады [3; 4]. Мысалы, «Дүкенде сөйлесу», «Қонақта болу», «Қызмет көрсету саласындағы диалог» сияқты жағдаяттық тапсырмалар арқылы білім алушының сөйлеу дағдысы дамытылады.

Онлайн платформалар (Moodle, Google Classroom) арқылы қазақ тілін оқыту тиімді нәтиже береді [2; 3]. Мысалы, оқытушы бейнемәтін, аудиожазба және интерактивті тесттерді біріктіріп, тыңдалым мен айтылым дағдыларын қатар дамыта алады. Сонымен қатар, Quizizz немесе Kahoot платформалары арқылы грамматиканы бекіту білім алушылардың қызығушылығын арттырады.

Жобалық оқыту әдісі қазақ тілін екінші шет тілі ретінде меңгертуде білім алушылардың тілдік, танымдық және мәдени құзыреттілігін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдісте білім алушы нақты нәтижеге бағытталған жұмыс атқарып, тілді тәжірибе барысында қолданады.

1-мысал. «Менің қалам» жобасы. Білім алушылар өздері тұратын қала немесе өңір туралы шағын жоба дайындайды. Жоба барысында олар қала тарихы, көрікті жерлері, мәдени нысандары туралы ақпаратты қазақ тілінде жинақтап, презентация немесе бейнеролик түрінде ұсынады. Бұл тапсырма сөздік қорды кеңейтіп, сипаттау және баяндау дағдыларын қалыптастырады.

2-мысал. «Қазақтың ұлттық тағамдары» жобасы. Бұл жобада білім алушылар ұлттық тағам атауларын, дайындалу жолын және мәдени маңызын зерттейді. Мысалы, «бауырсақ», «қымыз», «ет асу» тақырыптары бойынша мәтін құрастырып, диалог немесе рөлдік көрініс жасайды. Нәтижесінде тіл үйренуші тұрмыстық лексиканы және мәдени ұғымдарды меңгереді.

3-мысал. «Кәсіби қазақ тілі» жобасы. Жоғары оқу орындарында немесе ересектерге арналған курстарда білім алушылар өз мамандығына байланысты жоба орындайды. Мысалы, медицина саласындағы тыңдаушылар «Дәрігер мен науқас арасындағы диалог», ал экономика мамандығындағы білім алушылар «Банк

қызметі» тақырыбында қазақ тілінде кәсіби жағдаяттарды модельдейді. Бұл әдіс кәсіби лексиканы меңгеруге ықпал етеді.

4-мысал. «Мәдениет және салт-дәстүр» жобасы. Білім алушылар қазақ халқының салт-дәстүрлерін (тұсаукесер, беташар, наурыз мерекесі) зерттеп, постер немесе шағын мақала дайындайды. Бұл жоба тіл үйренушінің мәдениаралық құзыреттілігін арттырады.

Осылайша, жобалық оқыту әдісі қазақ тілін екінші шет тілі ретінде меңгеруде білім алушының белсенділігін арттырып, тілдік білімді өмірлік жағдаяттармен байланыстыруға мүмкіндік береді [4].

Цифрлық дидактика – білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды жүйелі, педагогикалық мақсатта қолдануды зерттейтін бағыт. Қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқытуда цифрлық дидактика білім алушының жеке ерекшелігін, оқу қарқынын және тілдік деңгейін ескеруге мүмкіндік береді.

Цифрлық дидактиканың негізгі қағидаларына интерактивтілік, дербестендіру, кері байланыстың жеделдігі және мультимодальдылық жатады. Мысалы, Moodle немесе Google Classroom платформаларында қазақ тілінен онлайн курс ұйымдастыру барысында оқытушы әр тақырыпқа бейнесабақ, аудиоматериал және автоматтандырылған тесттер орналастыра алады. Бұл тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдыларын кешенді дамытуға жағдай жасайды [2; 3].

Цифрлық құралдардың тағы бір тиімді түрі – мобильді қосымшалар мен онлайн сервистер. Мысалы, Quizizz, Kahoot платформалары арқылы сөздік қор мен грамматикалық құрылымдарды бекіту білім алушылардың мотивациясын арттырады. Сонымен қатар, Padlet немесе Jamboard арқылы топтық тапсырмалар орындау білім алушылардың бірлескен әрекетін күшейтеді.

1. Padlet – «Тақырыптық сөздік алаңы»: Оқытушы «Қызмет көрсету саласы» тақырыбында Padlet қабырғасын ашады. Әр топ өз бағанына жаңа сөздер, тіркестер және қысқа сөйлемдер қосады (мысалы, «тапсырыс беру», «төлем жасау», «қызмет сапасы»). Сабақ соңында топтар бір-бірінің материалын талдап, қателерді түзетеді. Бұл лексиканы бекіту мен өзара кері байланысты қамтамасыз етеді.

2. Padlet – «Мәтін құрастыру»: Әр топ бір абзацтан жазып, ортақ мәтін жасайды («Менің қалам», «Университет өмірі»). Нәтижесінде когерентті мәтін құру, байланыстырғыш құралдарды қолдану дағдысы дамиды.

3. Jamboard – «Диалог картасы»: Тақтада жағдаят беріліп (дүкенде сөйлесу, дәрігер қабылдауы), топтар стикерлерге репликаларды орналастырады. Кейін диалогты дауыстап орындайды. Бұл айтылым мен прагматикалық дағдыны жетілдіреді.

4. Jamboard – «Грамматикалық модельдеу»: Септік жалғаулары немесе етістік шақтары бойынша мысалдарды стикерлерге бөліп орналастыру (дұрыс/қате). Топтық талқылау арқылы қателер түзетіледі. Бұл грамматиканы визуализациялауға көмектеседі.

Цифрлық дидактикада бейімделген оқыту (adaptive learning) элементтері де маңызды рөл атқарады. Онлайн тест нәтижесіне қарай тапсырмалардың күрделілігін автоматты түрде өзгерту тіл үйренушінің жеке траекториясын

қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл қазақ тілін меңгеруде оқу нәтижесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Осылайша, цифрлық дидактика қазақ тілін екінші шет тілі ретінде оқытуда инновациялық бағыттардың өзегіне айналып, дәстүрлі әдістерді толықтыратын тиімді құрал ретінде көрініс табады [3; 4].

Дәстүрлі әдістер тілдік жүйелілік пен академиялық нақтылықты қамтамасыз етсе, инновациялық тәсілдер коммуникативтік еркіндік пен практикалық қолданымға басымдық береді. Сондықтан қазіргі әдістемеде осы екі бағытты ұштастыра қолдану тиімді болып табылады [1; 3]. Мысалы, грамматикалық ережені дәстүрлі түрде түсіндіріп, оны кейін коммуникативтік тапсырмалар арқылы бекіту оң нәтиже береді.

Қорыта келе, қазақ тілін екінші шет тілі ретінде үйретуде дәстүрлі және инновациялық бағыттардың үйлесімі – сапалы білім берудің негізгі кепілі. Дәстүрлі әдістер тілдің құрылымын меңгеруге негіз болса, инновациялық тәсілдер тілдік қатысымды жандандырады. Қазіргі заманда цифрлық технологияларды, коммуникативтік және мәдениаралық әдістерді тиімді пайдалану қазақ тілін меңгерудің нәтижелілігін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбілқасымова Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Санат, 2015.
2. Жақсылықова К. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту мәселелері. – Алматы, 2018.
3. Richards J. C., Rodgers T. S. Approaches and Methods in Language Teaching. – Cambridge University Press, 2014.
4. Brown H. D. Principles of Language Learning and Teaching. – Pearson Education, 2015.
5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның тіл саясаты және көптілді білім беру. – Астана, 2017.

ӘОЖ 1174

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК: ФИШИНГ ШАБУЫЛДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ҚОРҒАНУ ӘДІСТЕРІ

Сейтбаева М.А., Математика, информатика пәндері мұғалімі
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ю.А. Гагарин атындағы №1 Күршім орта мектебі» КММ
Күршім ауданы, Қазақстан

Мақалада қазіргі таңдағы ең қауіпті кибершабуылдардың бірі – фишингтің табиғаты, түрлері және оның қолданушыларға тигізер зардаптары қарастырылады. Әлеуметтік инженерия әдістерін талдап, жеке деректер мен қаржылық ақпаратты қорғаудың практикалық жолдарын ұсынамыз.

1. Кіріспе

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен қатар киберқылмыстың жаңа түрлері пайда болуда. Олардың ішіндегі ең кең таралғаны – фишинг (phishing). «Phishing» термині ағылшын тіліндегі «fishing» (балық аулау) сөзінен шыққан, мұндағы «қармақ» – жалған хат немесе сілтеме, ал «балық» – аңғал қолданушы.

Зерттеулерге сүйенсек, кибершабуылдардың сәтті болуы 80 % жағдайда техникалық қателіктерден емес, адам факторынан, яғни әлеуметтік инженериядан болады.

2. Фишинг шабуылының жұмыс істеу принципі

Фишинг – бұл қолданушыны алдау арқылы оның логин-құпия сөздерін, банк картасының деректерін немесе басқа да құпия ақпараттарын иемдену.

Шабуылдың классикалық схемасы:

1. Дайындық: Қылмыскер танымал банктің, әлеуметтік желінің немесе мемлекеттік органның (мысалы, eGov) көшірме сайты жасайды.

2. Жөнелту: Қолданушыға «шотыңыз бұғатталды» немесе «сізге өтемақы тиесілі» деген мазмұнда шұғыл хат келеді.

3. Әрекет: Қолданушы қорқыныштан немесе қуаныштан сілтемеге өтіп, өз деректерін енгізеді.

4. Ұрлық: Енгізілген деректер тікелей хакердің қолына түседі.

3. Фишингтің негізгі түрлері

Информатика тұрғысынан фишингті келесідей топтастыруға болады:

- Email-фишинг: Ең көп таралған түрі. Жапай хаттар жіберу арқылы жүзеге асады.

- Спир-фишинг (Spear Phishing): Нақты бір адамға немесе компания қызметкеріне бағытталған мақсатты шабуыл. Хакер алдын ала құрбан туралы ақпарат жинайды.

- Уэйлинг (Whaling): «Ірі балықты» (компания директорларын, шенеуніктерді) аулауға бағытталған күрделі шабуыл.

- Смишинг (Smishing): SMS хабарламалар арқылы келетін жалған сілтемелер.

- Вишинг (Vishing): Дауыстық фишинг (телефон арқылы өзін банк қызметкерімін деп таныстыру).

4. Техникалық талдау және анықтау әдістері

Фишингтік сайтты анықтау үшін келесі техникалық сипаттамаларға назар аудару қажет:

4.1. URL адресін тексеру

Хакерлер ұқсас домендерді пайдаланады. Мысалы, нақты сайт google.com болса, фишингтік сайт g00gle.com немесе google-security.net болуы мүмкін.

4.2. SSL сертификаты

Қауіпсіз сайттарда https:// протоколы және құлып белгісі болады. Алайда, қазіргі уақытта хакерлер де тегін SSL сертификаттарын жиі қолданады, сондықтан бұл 100% кепілдік емес.

4.3. Хаттың бастауы (Email Headers)

Хаттың жіберуші адресін тексеру маңызды. Мысалы, «Kaspi Bank» атынан хат келсе, бірақ пошта адресі support@хуз-mail.ru болса, бұл – анық фишинг.

5. Фишингтен қорғану жолдары

Кибергигиена ережелерін сақтау шабуылдың алдын алуға көмектеседі:

1. Екі факторлы аутентификация (2FA): Бұл – ең сенімді қорғаныс. Тіпті хакер құпия сөзіңізді біліп қойса да, телефоныңызға келген кодсыз аккаунтқа кіре алмайды.

2. Сілтемелерге өтпеу: Ешқашан электрондық пошта арқылы келген күмәнді сілтемелерді баспаңыз. Ресми сайттың мекенжайын қолмен теріңіз.

3. Антивирустық бағдарламалар: Қазіргі антивирустардың құрамында «Anti-Phishing» модульдері бар, олар белгілі базадағы қауіпті сайттарды автоматты түрде бұғаттайды.

4. Мәтінді тексеру: Фишингтік хаттарда жиі грамматикалық қателер мен "шұғыл", "тез арада" деген секілді психологиялық қысым көрсету сөздері кездеседі.

6. Әлеуметтік инженерия: Психологиялық триггерлер

Фишинг тек бағдарламалық код емес, ол — адам психологиясын басқару өнері. Хакерлер қолданушыны қателік жасауға итермелейтін 4 негізгі триггерді қолданады:

1. Шұғыл мәселе (Urgency): "Шотыңыз 2 сағаттан кейін бұғатталады!", "Тез арада құпия сөзді өзгертіңіз!". Адам асыққанда логикалық ойлау қабілеті төмендейді.

2. Билік (Authority): Хат мемлекеттік салық комитетінен, полициядан немесе компания директорынан келгендей көрінеді. Адамдар жоғары лауазымды тұлғалардың бұйрығын орындауға бейім.

3. Қорқыныш (Fear): "Сіздің аккаунтыңызға бөтен адам кірді" деген хабарлама үрей туғызады.

4. Қызығушылық немесе Сыйақы (Greed/Curiosity): "Сіз ұтыс иесі атандыңыз" немесе "Жалақыны көтеру туралы бұйрықты жүктеп алыңыз".

7. Практикалық мысал: Кейс-стади (Case Study)

2020 жылғы Twitter (X) желісіне жасалған шабуыл: Бұл тарихтағы ең ірі фишингтік шабуылдардың бірі. Хакерлер Twitter қызметкерлеріне телефон арқылы (вишинг) хабарласып, өздерін IT бөлімінің маманы ретінде таныстырған. Олар қызметкерлердің ішкі жүйеге кіру деректерін алдап алып, Илон Маск, Билл Гейтс және Барак Обама сияқты танымал тұлғалардың аккаунттарын иемденген. Осы аккаунттар арқылы криптовалюталық алаяқтық жасалып, хакерлер бірнеше сағатта 120,000 доллардан астам қаражат жинаған. Бұл мысал тіпті ең ірі IT компаниялардың да фишингтен қорғалмағанын көрсетеді.

8. Техникалық қорғаныс: SPF, DKIM және DMARC протоколдары

Информатика мамандары үшін мақалада техникалық шешімдерді көрсету маңызды. Пошталық фишингпен күресу үшін үш негізгі технология қолданылады:

- SPF (Sender Policy Framework): Хат жіберілген IP-адресінің домен иесіне тиесілі екенін тексереді.

- DKIM (DomainKeys Identified Mail): Хатқа цифрлық қолтаңба қояды, бұл хаттың жолда өзгертілмегенін дәлелдейді.

- DMARC: Жоғарыдағы екі тексерістен өтпеген хаттарды автоматты түрде "Спам" қапшығына жібереді немесе мүлдем қабылдамайды.

9. Жасанды интеллект және Фишингтің жаңа дәуірі

Қазіргі таңда фишинг жаңа деңгейге көтерілді. Хакерлер ChatGPT сияқты ЖИ құралдарын қатесіз, өте сенімді хаттар жазу үшін қолданады. Бұрын фишингтік хаттарды қате жазылған сөздерінен тануға болатын болса, қазір ЖИ арқылы жасалған мәтіндерді ажырату қиын. Сондай-ақ, Deepfake технологиясы

арқылы басшының дауысын немесе бейнесін қолданып, виртуалды фишинг жасау қаупі туындады.

10. Қорытынды

Киберқауіпсіздік – бұл тек бағдарламалық жасақтама емес, бұл әр қолданушының жауапкершілігі. Фишинг шабуылдары технологиямен бірге күрделеніп жатқанымен, олардың негізінде адамның аңғалдығы жатыр. Сондықтан, цифрлық сауаттылықты арттыру және 2FA сияқты қарапайым қорғаныс құралдарын пайдалану кез келген ұйым мен жеке тұлға үшін басты міндет болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жақыпов С. С. «Ақпараттық қауіпсіздік негіздері». Оқулық. – Алматы, 2022.
2. Mitnick K. D. "The Art of Deception: Controlling the Human Element of Security". – 2018.
3. Касперский зертханасының жылдық есептері (2024-2025).

ӘОЖ 37.037:794

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Сәрсенханқызы Т., мәдениет, спорт және бастапқы әскери дайындық кафедрасының сениор-лекторы

Төлеухан А.Т., мәдениет, спорт және бастапқы әскери дайындық кафедрасының лектор

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада инклюзивті білім беру жүйесіндегі дене шынықтыру сабағының әлеуметтік-педагогикалық маңызы қарастырылады. Инклюзивті дене шынықтыру барлық білім алушыларға, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, қауіпсіз, бейімделген және сапалы қозғалыс белсенділігіне тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталады. ЮНЕСКО-ның халықаралық құжаттарында дене шынықтыру, дене белсенділігі және спорт саласында кемсітусіз, қауіпсіз әрі бейімделген қатысу мүмкіндігі баршаға қолжетімді болуы тиіс екені нақты көрсетілген.

Заманауи зерттеулер инклюзивті дене шынықтырудың оқушылардың әлеуметтік өзара әрекетіне, әл-ауқатына, сыныптағы жағымды ахуалға және дене белсенділігіне қатысуына ықпал ететінін көрсетеді. Бастауыш және орта буын оқушыларының дене шынықтыру сабағына қатысты көзқарастарын зерттеген еңбекте инклюзия, бірлескен әрекет, мұғалім мінез-құлқы және сабақтағы әл-ауқат өзара байланысты екені анықталған.

Мақаланың мақсаты – инклюзивті білім беру жүйесінде дене шынықтыру сабағының әлеуметтік-педагогикалық маңызын ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу. Талдау барысында дене шынықтыру сабағы тек дене дамуының құралы

емес, сондай-ақ әлеуметтік қатынас, өзара қолдау, өзін-өзі қабылдау, ұжымдық әрекет және тұлғалық әлеуметтену алаңы екені дәлелденді.

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, дене шынықтыру, әлеуметтік-педагогикалық маңыз, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар, бейімделген дене белсенділігі, әлеуметтену, сапалы дене тәрбиесі.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті көзқарас ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына қосуды ғана емес, олардың толыққанды қатысуына жағдай жасауды көздейді[1]. Бұл тұрғыдан алғанда дене шынықтыру сабағы ерекше маңызға ие, себебі ол тек пәндік білім емес, әрекет, қозғалыс, қарым-қатынас және тәжірибе арқылы жүзеге асатын оқу кеңістігі болып табылады. ЮНЕСКО-ның сапалы дене шынықтыру тұжырымдамасында сапалы дене шынықтырудың инклюзивті болуы, әртүрлі оқушыға бейімделуі және өмірлік дағдыларды дамытуға қызмет етуі тиіс екені көрсетілген[2].

Инклюзивті дене шынықтырудың маңызы денсаулық, тең мүмкіндік және әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан да жоғары. ЮНЕСКО-ның Халықаралық хартиясында дене шынықтыру, дене белсенділігі және спортқа қауіпсіз, бейімделген және инклюзивті қолжетімділік барлық адамға қамтамасыз етілуі керек екені белгіленген.

Қазақстанда да инклюзивті және қолжетімді білім беруді кеңейту бағытында нақты қадамдар бар: ресми мәлімет бойынша, елдегі мектептердің 90%-дан астамында кедергісіз орта қалыптастырылғаны айтылған[3].

Осы жағдайда дене шынықтыру сабағының әлеуметтік-педагогикалық рөлін ғылыми тұрғыдан ашып көрсету өзекті міндет болып табылады.

Зерттеудің мақсаты- Инклюзивті білім беру жүйесінде дене шынықтыру сабағының әлеуметтік-педагогикалық маңызын ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу[4].

Зерттеудің міндеттері

1. Инклюзивті дене шынықтыру ұғымының мазмұнын ашу.
2. Дене шынықтыру сабағының әлеуметтік маңызын сипаттау.
3. Инклюзивті дене шынықтырудың педагогикалық мүмкіндіктерін жүйелеу.
4. Мұғалім жұмысына арналған практикалық ұсыныстар ұсыну.

Зерттеу әдістері

Мақала теориялық сипатта орындалды. Жұмыста ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру, жалпылау және жүйелеу әдістері қолданылды. Негізгі дереккөз ретінде халықаралық ұйымдардың ресми құжаттары, инклюзивті дене шынықтыру бойынша ғылыми мақалалар, мектептегі дене белсенділігі мен әлеуметтік-эмоциялық дамуға арналған шолулар пайдаланылды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың кіріктірілген мектеп жағдайында дене белсенділігіне қатысуына әсер ететін кедергілер мен жеңілдетуші факторлар туралы 2025 жылғы шолу да осы мәселенің көпқырлылығын көрсетеді.

Негізгі бөлім

Инклюзивті дене шынықтырудың мәні

Инклюзивті дене шынықтыру – әртүрлі мүмкіндігі бар барлық оқушының дене шынықтыру сабағына толыққанды, қауіпсіз және мағыналы қатысуын қамтамасыз ететін педагогикалық үдеріс. Оның басты ерекшелігі – барлық баланы бірдей әрекетке мәжбүрлеу емес, әр оқушыға өз мүмкіндігіне сай бейімделген қатысу жолын ұсыну. Мұнда сабақ мазмұны, тапсырма күрделілігі, құрал-жабдық, қарқын және бағалау тәсілі өзгертілуі мүмкін. ЮНЕСКО мұндай тәсілді сапалы дене шынықтырудың негізгі қағидаларының бірі ретінде қарастырады[5].

Инклюзивті дене шынықтырудың әлеуметтік мәні оның барлық балаға “қатысушы” мәртебесін беруінде. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушы көрермен емес, топтың толық мүшесі ретінде қабылданғанда ғана шынайы инклюзия қалыптасады. Бұл өз кезегінде сыныптағы әлеуметтік тосқауылдарды азайтады, өзара түсіністік пен құрдастар қолдауын күшейтеді.

Дене шынықтыру сабағының әлеуметтік маңызы

Дене шынықтыру сабағы оқушылардың бірлескен әрекетін, серіктестік пен өзара көмекті табиғи жағдайда қалыптастыратын пәндердің бірі. Қозғалыс әрекеті барысында оқушы ережені сақтау, кезек күту, жұппен жұмыс істеу, команда мүддесін ескеру, өзгенің мүмкіндігін құрметтеу сияқты әлеуметтік тәжірибе жинақтайды [5,6]. Бұл әсіресе инклюзивті сыныпта маңызды, себебі мұнда әртүрлі қабілет, түрлі даму қарқыны және ерекше қажеттіліктері бар балалар бірге әрекет етеді.

Бастауыш және орта буын оқушыларының инклюзивті дене шынықтыру сабақтары туралы пікірін зерттеген 2024 жылғы жұмыс мұғалімнің қолдаушы мінез-құлқы, сыныптағы ынтымақтастық, оқушының әл-ауқаты және инклюзия сезімі арасында байланыс бар екенін көрсетті. Оқушылар дене шынықтыру сабағын әлеуметтік даму мен бірлескен әрекет үшін маңызды кеңістік ретінде қабылдаған.

Бұл дерек дене шынықтырудың әлеуметтік әлеуеті тек қозғалыс белсенділігімен шектелмейтінін дәлелдейді.

Дене шынықтыру сабағының педагогикалық маңызы

Инклюзивті дене шынықтыру сабағының педагогикалық маңызы бірнеше қырдан көрінеді.

Біріншіден, ол қозғалыс құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Әр бала дене жаттығуларын өз деңгейінде орындап, қозғалыс тәжірибесін жинақтайды.

Екіншіден, ол өзін-өзі бағалауды және сенімділікті күшейтеді. Ерекше қажеттілігі бар бала өз мүмкіндігін сезініп, жетістік тәжірибесін алған сайын оқу мен қатысуға деген сенімі артады.

Үшіншіден, ол әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды дамытады. WHO-ның мектепті денсаулықты нығайтушы орта ретінде қарастыратын құжатында денсаулық, әл-ауқат және әлеуметтік-эмоциялық дағдылардың білім жетістігімен тығыз байланысты екені атап өтіледі.

Төртіншіден, инклюзивті дене шынықтыру өмірлік дағдыларды қалыптастырады. Сапалы дене шынықтыру туралы ЮНЕСКО құжатында бұл пәннің мінез-құлық үлгілерін, әлеуметтік дағдыларды және ұзақ мерзімді белсенді өмір салтын дамытуға ықпал ететіні көрсетілген.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін маңызы

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін дене шынықтыру сабағының маңызы ерекше. Ол дене қабілетін сақтауға немесе дамытуға ғана емес, әлеуметтік оқшауланудың алдын алуға, құрдастармен өзара әрекетті күшейтуге және мектеп өміріне тиесілік сезімін қалыптастыруға көмектеседі. 2025 жылғы шолу кіріктірілген мектеп жағдайында мұндай оқушылардың дене белсенділігіне қатысуына мұғалім дайындығы, құрдастар қолдауы, орта бейімділігі және сабақ құрылымы қатты әсер ететінін анықтады.

Бейімделген спорт бағдарламалары жөніндегі жаңа зерттеу де эмоциялық тұрақтылық, эмпатия және әлеуметтік инклюзия арасындағы оң байланысты көрсетеді. Бұл зерттеу мектептегі дене шынықтыру емес, кеңірек бейімделген спорт контекстіне қатысты болғанымен, оның нәтижелері қозғалысқа негізделген инклюзивті тәжірибелердің әлеуметтік ықпалын түсінуге көмектеседі [7].

Мұғалімнің рөлі

Инклюзивті дене шынықтыру сабағының табысты болуы көбіне мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне байланысты. Мұғалім тек жаттығуды көрсетуші емес, ол қатысу мүмкіндігін ұйымдастырушы, эмоционалдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші және әлеуметтік өзара әрекетті үйлестіруші тұлға. ЮНЕСКО Хартиясында дене шынықтыру мен спорт саласында оқыту, жаттықтыру және басқару жұмыстарын білікті мамандар атқаруы керек екені көрсетілген.

Мұғалім сабақта:

- тапсырманы әртүрлі деңгейде ұсына алуы;
- құралдарды бейімдей алуы;
- жетістікті салыстырмалы емес, жеке прогресс бойынша бағалауы;
- құрдастар қолдауын ұйымдастыруы;
- қауіпсіз орта қалыптастыруы тиіс.

Осындай жағдайда дене шынықтыру сабағы шынайы инклюзивті сипатқа ие болады.

Кесте 1 – Инклюзивті дене шынықтыру сабағының әлеуметтік-педагогикалық маңызы

№	Маңыз бағыттары	Мазмұны	Әсері	Күтілетін нәтиже
1	Әлеуметтік бейімделу	Бірлескен ойын, жұптық және топтық тапсырмалар	Қарым-қатынас дағдыларын дамытады	Оқушы ұжымға тезірек кірігеді
2	Тең мүмкіндік	Барлық балаға бейімделген қатысу формаларын ұсыну	Кемсітуді азайтады	Қатысу деңгейі жоғарылайды
3	Тұлғалық даму	Жетістікке жету, өз мүмкіндігін сезіну	Өзін-өзі бағалау артады	Сенімділік қалыптасады
4	Денсаулықты нығайту	Қозғалыс белсенділігі, кимыл тәжірибесі	Дене дамуына оң ықпал етеді	Белсенді өмір салты қалыптасады
5	Әлеуметтік-эмоциялық даму	Қолдау, эмпатия, өзара көмек	Жағымды психологиялық ахуал туғызады	Сыныптағы өзара түсіністік артады

№	Маңыз бағыттары	Мазмұны	Әсері	Күтілетін нәтиже
6	Педагогикалық қолдау	Бейімделген тапсырма, дараланған бағалау	Әр оқушыға қолжетімді оқу жасайды	Оқу жетістігі мен қатысуы жақсарады

Талқылау

Ғылыми және институционалдық деректер инклюзивті дене шынықтырудың денсаулық сақтау, әлеуметтік әділеттілік және педагогикалық тиімділік тұрғысынан маңызды екенін көрсетеді. WHO мектеп арқылы дене белсенділігін арттыруды бүкіл мектептік тәсілдің бір бөлігі ретінде қарастырады, ал мектептегі белсенділік денсаулық пен оқу нәтижелеріне ықпал етеді. ЮНЕСКО сапалы дене шынықтыру саясаты инклюзивтілік пен қауіпсіздікті дене тәрбиесінің негізгі қағидасы ретінде бекітеді.

Сонымен бірге зерттеулер инклюзивті дене шынықтырудың өздігінен іске аспайтынын көрсетеді. Қатысуға кедергілер ретінде мұғалім дайындығының жеткіліксіздігі, орта мен құрал-жабдықтың бейімделмеуі, кейде құрдастар арасындағы түсінбеушілік аталады. Сондықтан инклюзивті дене шынықтырудың әлеуметтік-педагогикалық маңызы туралы айтқанда, оны тек идея ретінде емес, нақты ұйымдастыру шарттарымен бірге қарастыру қажет.

Қазақстан контекстінде бұл мәселе одан әрі маңызды, себебі елде инклюзивті және қолжетімді білім беруді кеңейту бағытында нақты саясат жүріп жатыр, ал дене шынықтыру стандарттарын ЮНЕСКО-мен бірлесіп жаңғырту жұмыстары да жүргізілген [8]. Осы тұрғыдан алғанда дене шынықтыру сабағы инклюзивті мектеп мәдениетін қалыптастыратын негізгі пәндердің бірі бола алады.

Практикалық ұсыныстар

Инклюзивті дене шынықтыру сабағының әлеуметтік-педагогикалық әлеуетін арттыру үшін:

- тапсырмаларды күрделілік деңгейі бойынша саралау;
- құрал-жабдық пен алаң кеңістігін бейімдеу;
- жұптық және командалық қолдау әдістерін қолдану
- жетістікті жеке прогресс бойынша бағалау;
- мұғалімдердің инклюзивті дене шынықтыру бойынша біліктілігін арттыру;

- ата-ана, маман және мектеп арасындағы өзара байланысты күшейту қажет.

Қорытынды

Инклюзивті білім беру жүйесінде дене шынықтыру сабағының әлеуметтік-педагогикалық маңызы өте жоғары. Ол ерекше білім беруді қажет ететін және қалыпты дамушы оқушыларды ортақ әрекетке біріктіріп, тең мүмкіндік, өзара құрмет, эмпатия және әлеуметтік қатысу мәдениетін қалыптастырады [9]. Сонымен қатар дене шынықтыру сабағы оқушының дене дамуына, өзін-өзі бағалауына, белсенді өмір салтына және әлеуметтік-эмоциялық әл-ауқатына ықпал етеді.

ЮНЕСКО мен WHO құжаттары, сондай-ақ соңғы ғылыми зерттеулер инклюзивті, қауіпсіз және сапалы дене шынықтырудың барлық бала үшін маңызды

екенін айқындайды. Сондықтан инклюзивті дене шынықтыруды мектеп тәжірибесінде жүйелі ұйымдастыру — тек педагогикалық міндет емес, сонымен қатар әлеуметтік әділеттілік пен адам құқығын іске асырудың маңызды тетігі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. UNESCO. International Charter of Physical Education, Physical Activity and Sport. 2015/2026 жаңартылған беті.
2. UNESCO. Quality Physical Education Policy. 2015.
3. UNESCO. Promoting Quality Physical Education Policy. 2026 жылғы ресми бет.
4. WHO. Promoting physical activity through schools. Policy brief. 2024.
5. WHO, UNESCO. Making every school a health-promoting school. 2021.
6. Russo G. et al. Primary and middle school students' views on inclusive physical education. 2024.
7. Liu X. et al. Barriers and facilitators to participation in physical activity for students with disabilities within integrated school settings: a review. 2025.
8. Shao J. et al. Adaptive sports programs as catalysts for social inclusion and emotional resilience. 2025.
9. Қазақстан туралы ресми ақпарат: инклюзивті және қолжетімді білім беру көрсеткіштері. 2025.

ӘОЖ 37

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚЫСҚЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ЕНГІЗУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Слямбеков А.Т., магистрант, Мәдениет, спорт және бастапқы әскери дайындық кафедрасы,
e-mail: anuar2001anuar@mail.ru

Дошыбеков А.Б., мәдениет, спорт және бастапқы әскери дайындық кафедрасының философия докторы (PhD) қауымдастырылған профессор, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

АННОТАЦИЯ. Мақалада ауыл мектептерінде қысқы спорт түрлерін білім беру үдерісіне енгізудің өзекті мәселелері мен мүмкіндіктері қарастырылады. Қазіргі таңда ауылдық білім беру ұйымдарында оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыру, денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда қысқы спорт түрлері оқушылардың физикалық дайындығын жетілдірумен қатар, табиғи-климаттық жағдайларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау, салыстыру және жалпылау әдістері қолданылды. Ауыл мектептерінде қысқы спорт түрлерін енгізуге кедергі келтіретін факторлар мен оны жүзеге асырудың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалып, тиімді ұйымдастыру жолдары ұсынылды.

Кілт сөздер: қысқы спорт түрлері, ауыл мектебі, дене тәрбиесі, қозғалыс белсенділігі, педагогикалық мүмкіндік, оқушы денсаулығы.

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются актуальные проблемы и возможности внедрения зимних видов спорта в образовательный процесс сельских школ. В современных условиях одной из приоритетных педагогических задач сельских образовательных организаций является повышение двигательной активности обучающихся, укрепление их здоровья и формирование здорового образа жизни. В этом контексте зимние виды спорта, наряду с совершенствованием физической подготовленности учащихся, позволяют эффективно использовать природно-климатические условия. В ходе исследования применялись методы теоретического анализа, сравнения и обобщения научно-педагогической литературы. Определены факторы, препятствующие внедрению зимних видов спорта в сельских школах, а также выявлены педагогические возможности их реализации и предложены эффективные пути организации.

Ключевые слова: зимние виды спорта, сельская школа, физическое воспитание, двигательная активность, педагогические возможности, здоровье учащихся.

ABSTRACT. The article examines current issues and opportunities related to the integration of winter sports into the educational process of rural schools. At present, one of the key pedagogical tasks of rural educational institutions is to increase students' physical activity, strengthen their health, and promote a healthy lifestyle. In this context, winter sports not only contribute to improving students' physical fitness but also enable the effective use of natural and climatic conditions. The study employs methods of theoretical analysis, comparison, and generalization of scientific and pedagogical literature. The factors hindering the implementation of winter sports in rural schools are identified, along with the pedagogical opportunities for their realization, and effective organizational approaches are proposed.

Keywords: winter sports, rural school, physical education, physical activity, pedagogical opportunities, students' health.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың денсаулығын сақтау және қозғалыс белсенділігін арттыру маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, мектеп жасындағы балалардағы қозғалыс жеткіліксіздігінің жоғарылауы физикалық дамудың төмендеуіне және әртүрлі аурулардың ерте дамуына әкеледі. Осыған байланысты дене шынықтыру сабақтарының мазмұнын жақсарту және оқушыларды жүйелі қозғалыстарға тартудың тиімді жолдарын табу қажет. Бұл мәселе әсіресе ауыл мектептері үшін өзекті.

Ауылдық білім беру мекемелерінде спорттық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, қысқы спорт түрлеріне арналған арнайы жабдықтардың болмауы және кадрлық проблемалар оқушыларға қыста дене шынықтырумен үнемі айналысуға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай ауыл мектептері оқушыларының қозғалыс белсенділігінің төмендеуіне және денсаулық көрсеткіштерінің нашарлауына әсер етеді.

Сонымен қатар, табиғи ерекшеліктер мен ауылдық климат қысқы спорт түрлерін дамытуға қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Қар жамылғысының, ашық кеңістіктің және экологиялық таза ортаның үнемі болуы шаңғы тебуді,

жылжымалы қысқы ойындарды және басқа да спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға жағдай жасайды. Қысқы спорт түрлері студенттердің дене дайындығын жақсартады және дененің суыққа бейімделу қабілетін арттырады. Осы тұрғыдан алғанда, ауылдық мектептердегі дене тәрбиесі процесіне қысқы спорт түрлерін енгізу тиімді педагогикалық құрал болып саналады.

Бірақ ауылдық мектептерде қысқы спорт түрлерін енгізу бірқатар материалдық, техникалық және ұйымдастырушылық мәселелермен қатар жүреді. Сонымен қатар, осы мәселелерді шешудің педагогикалық және ұйымдастырушылық әлеуеті бар. Бірақ бұл проблемалар мен мүмкіндіктер жеткілікті жүйелі емес және ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде жан-жақты талқыланады.

Бұл мақаланың мақсаты - ауыл мектептерінің оқу процесіне қысқы спорт түрлерін енгізудің негізгі проблемаларын анықтау және оларды шешудің педагогикалық мүмкіндіктерін зерттеу.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мақалада қысқы спорт түрлерін білім беру жүйесіне енгізу мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жүргізілді. Сондай-ақ ауылдық мектеп ортасында қысқы спорт түрлерімен айналысуды ұйымдастыруға кедергі келтіретін факторлар анықталды және қысқы спорт элементтерін пайдаланудың оқушылардың қозғалыс белсенділігі мен сабаққа деген қызығушылығына әсері туралы хабарланды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде студенттердің дене белсенділігінің жоғарылауы денсаулықты нығайтудың маңызды шарты болып саналады. Халықаралық нұсқаулықта бес пен он жеті жас аралығындағы балалар күнделікті жеткілікті физикалық белсенділікті көрсетуі керек екендігі және мектептегі дене шынықтыру сабақтары осы талапты жүйелі түрде орындаудың негізі ретінде сипатталғаны атап өтілген [1, 2, 3].

Ауылдық мектептерде дене тәрбиесін ұйымдастырудағы проблемалар көбінесе ресурстардың шектеулілігімен байланысты. Сабақ кестесі, әртүрлі жас топтарымен жұмыс істеу, спорттық нысандар мен жабдықтардың болмауы және қауіпсіздік талаптарының толық спектрін қамтамасыз ету сияқты факторлар, әсіресе шағын ауылдық мектептерде, білім беру процесінің сапасына тікелей әсер ететіні көрсетілген [4, 5]. Бұл салада әдістемелік мақалалар ауыл мектептеріне бейімделген ұйымдастырушылық әдістерді, жоспарлау модельдерін және оқу мазмұнын нақты жағдайларға бейімдеу тәсілдерін ұсынады. Мысалы, шағын ауылдық мектептерде дене шынықтыруды оқытудың ерекшеліктеріне арналған мақалада ауылдық жерлерге тән ұйымдастырушылық қиындықтарды ескере отырып, оқу процесін жоспарлау қажеттілігі атап өтіледі.

Қысқы спорт түрлеріне арналған зерттеулерде мектеп практикасына қатысуының басты артықшылық - суық мезгілде де физикалық белсенділікті сақтау және оқушылардың төзімділігі мен жалпы дене дайындығын дамыту [6, 7]. Мұнда қысқы спорт түрлерінің қолжетімділігімен қатар қауіпсіздікке үйрету мен әдістемелік ұйымдастырудың маңыздылығы атап өтіледі: қатты аяз жағдайы, қар жамылғысы және жарақат алу қаупі спорт түріне байланысты жаттығу форматын өзгерту қажеттігін айқындайды [8, 9].

Қазақстанның оқу-әдістемелік материалдарында қысқы спорт түрлерімен байланысты салалар студенттерді қажетті білім, білік және дағдыларға тәрбиелеудің ажырамас бөлігі ретінде сипатталады, сондай-ақ оқыту әдістемесі мен сабақ құрылымын жоспарлау мәселелері қамтылады. Бұл жұмыстар қысқы спорт түрлерінің элементтерін мектеп жағдайында жүйелі қолданудың әдістемелік негізін ұсынады [10].

Сонымен қатар, ауылдық жерлерде қысқы спорт түрлерін енгізудегі кейбір кедергілер инфрақұрылым мен құрал-жабдықтармен байланысты деп жиі айтылады. Оқу орындарындағы спорттық инфрақұрылымның мониторингі және білім беру бағдарламалары саласындағы стандартты спорттық жабдықтар мен жабдықтармен қамтамасыз ету туралы құжаттар мектептердің материалдық базасын нығайтудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл құжаттар ауыл мектептеріндегі ең төменгі қажетті материалдық қамтамасыз ету деңгейін ұғымын нақтылауға мүмкіндік береді [11, 12].

Халықаралық зерттеулерде мектеп жасындағы балалардың күнделікті ұтқырлығы олардың денсаулығын сақтаудың маңызды факторы болып саналады. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы мен ЮНЕСКО-ның құжаттарында мектептегі дене тәрбиесінің сапасын арттыру арқылы оқушылардың дене белсенділігін арттыру қажеттілігі көрсетілген [13, 14, 15]. Жалпы алғанда, әдебиеттер ауыл мектептерінде қысқы спорт түрлерін енгізудің екі қырын көрсетеді: біріншісі – материалдық-техникалық, кадрлық және қауіпсіздік мәселелері; екіншісі – табиғи-климаттық жағдайды тиімді пайдалану, қолжетімді қысқы ойындар мен жаттығулар арқылы оқу мазмұнын бейімдеу сияқты педагогикалық мүмкіндіктер. Осыған байланысты ауыл мектебі жағдайына лайықталған ұйымдастыру моделін жасап, оны эмпирикалық деректермен негіздеу қажеттілігі туындайды.

Зерттеу ауылдық жалпы білім беретін мектеп жағдайында жүргізілді. Зерттеуге 9-11 сыныпта оқитын 18 бала қатысты. Зерттеу педагогикалық сипатта болды және оқушылардың қысқы спорт түрлеріне деген көзқарасы мен қозғалыс белсенділігін анықтауға бағытталды.


Зерттеу барысында негізгі диагностикалық құрал ретінде сауалнама әдісі қолданылды. Зерттеу барысында пайдаланылған сауалнама авторлық сипатта болды және зерттеу мақсатына сәйкес құрастырылды. Сауалнама 10 сұрақтан тұрды, сұрақтар жабық түрде құрастырылды, жауаптар үш нұсқада ұсынылды. Сауалнама оқушылардың қыс мезгіліндегі қозғалыс белсенділігінің деңгейін, дене шынықтыруға деген қызығушылығын, қысқы спорт түрлерінің ерекшеліктерін қабылдауын анықтауға бағытталған. Сауалнама жасырын түрде жүргізілді, осылайша студенттер жауап беру еркіндігіне ие болды.

Зерттеу үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде оқушылардың қозғалыс белсенділігінің бастапқы деңгейін және қыста дене шынықтыруға деген қызығушылығын анықтау үшін кіріспе сауалнама жүргізілді. Зерттеудің екінші кезеңінде мектептің материалдық базасының шектеулерін ескере отырып, қымбат құрал-жабдықтарды қажет етпейтін бейімделген жаттығулар жүйесі енгізілді. Атап айтқанда, оқушылардың төзімділігі мен күшін арттыру мақсатында шаңғымен және қалың қармен өтпей қарда жүгіруге арналған жаттығулар

өткізілді. Снайперлер мен ептілікті дамыту үшін қарды көздеу ойындарының элементтері және қолда бар құралдармен тауда жүзу қолданылды. Сонымен қатар, сабақтың эмоционалды деңгейін көтеру үшін қар үстінде түрлі эстафеталық ойындар ұйымдастырылды. Үшінші кезеңде қысқы спорт түрлерінің элементтерін қолданудың оқушылардың дене белсенділігіне және сабаққа деген қызығушылығына әсері қорытынды сауалнамамен бағаланды. Алынған деректер салыстырмалы талдау әдісі арқылы өңделіп, нәтижелер диаграммалар түрінде ұсынылды.

Бастапқы анкеталау нәтижелері қыс мезгілінде оқушылардың дене тәрбиесі сабағына қызығушылығының біркелкі емес екенін көрсетті. Сауалнама деректері бойынша оқушылардың 41,7%-ы сабаққа қызығушылықпен қатысатынын, 50%-ы кейде қызығушылық танытатынын, ал 8,3%-ы қызығушылықтың жоқ екенін атап өтті (1-сурет).


Қыс мезгілінде дене тәрбиесі сабағына қызығушылықпен қатысамын
12 ответов



1-сурет – Қыс мезгілінде дене тәрбиесі сабағына оқушылардың қызығушылық деңгейі (бастапқы кезең)

1-сурет оқушылардың қысқы кезеңде қозғалыс белсенділігін арттыру қажеттігін дәлелдейді.


Қыс мезгілінде дене тәрбиесі сабағына қызығушылығым артты
14



2-сурет – Қысқы спорт элементтерін қолданғаннан кейін оқушылардың дене тәрбиесі сабағына қызығушылығы

Қысқы спорт элементтерін дене тәрбиесі сабақтарына енгізгеннен кейін жүргізілген қорытынды анкеталау нәтижелері оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының артқанын көрсетті. Атап айтқанда, респонденттердің 85,7%-ы дене тәрбиесі сабағына қызығушылығының артқанын атап өтті (2-сурет).

Қыс мезгілінде спортпен айналысуға кедергі келтіретін факторларды анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша оқушылар үшін негізгі қиындық ретінде суық ауа райы мен арнайы құрал-жабдықтардың жетіспеуі белгіленді (3-сурет).



3-сурет – Қыс мезгілінде спортпен айналысуға кедергі келтіретін факторлар

Зерттеуді талқылау барысында қысқы спорт түрлерінің элементтерін дене шынықтыру сабақтарына енгізу оқушылардың сабаққа және дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттыруға көмектескені анықталды. Бұл ауыл мектептерінде табиғи - климаттық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану үшін жоғары білім беру әлеуетін көрсетеді.

Сонымен қатар, сауалнама нәтижелерінде көрсетілген суық ауа райы мен құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі қысқы спорт түрлерін ұйымдастыруда белгілі бір қиындықтар туғызады. Алайда, эстафеталық жарыстар және арнайы қымбат жабдықты қажет етпейтін жаттығуларды қолдану бұл қиындықтарды белгілі бір дәрежеде жеңе алады.

Алынған мәліметтер ашық сабақтарда қауіпсіздік талаптарын сақтау, жұмыс жүктемесін оқушылардың жасына және физикалық ерекшеліктеріне қарай саралау және сынып формаларын климаттық жағдайларға бейімдеу қажеттілігін көрсетеді. Бұл тәсіл ауыл мектептерінде қысқы спорт түрлерін тиімді ұйымдастырудың негізі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері ауыл мектептерінде қысқы спорт түрлерінің элементтерін дене тәрбиесіне қосудың педагогикалық тұрғыдан тиімді екенін көрсетті. Бастапқы сауалнаманың мәліметтері бойынша, оқушылардың тек 41,7%-ы қысқы кезеңде дене шынықтыруға үнемі қызығушылық танытты, қысқы спорт элементтерін жүйелі түрде қолданғаннан кейін бұл көрсеткіш 85,7%-ға дейін өсті.

Нәтижелер қысқы спорт түрлерінің элементтері оқушылардың дене белсенділігін арттыруға және іс-әрекетке деген оң ынтасын арттыруға айтарлықтай үлес қосатынын көрсетеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы ауыл мектептерінде қымбат спорттық құрал-жабдықтарды қажет етпейтін қысқы жаттығулар мен ашық ойындарды қолдану мүмкіндігімен анықталады. Қардағы эстафеталар, шаңғысыз имитациялық жаттығулар, көріністері бар ойындар және табиғи ортада ұйымдастырылған қозғалыс жаттығулары дене шынықтыру курсының мазмұнын байытады және оқушылардың төзімділігін, ептілігін және жалпы дене дайындығын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер дене шынықтыру мұғалімдерінің күнделікті педагогикалық практикасында тиімді қолдануға негіз бола алады.

Болашақ зерттеулер қысқы спорт түрлерін енгізудің үлкен үлгіге әсерін қарастыруды, сондай-ақ сандық деректер арқылы оқушылардың физикалық көрсеткіштеріндегі өзгерістерді талдауды ұсынады. Бұл ауыл мектептерінде қысқы спорт түрлерін қолданудың ғылыми негізділігін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1) Төтенай Б. Дене тәрбиесі: оқулық. – Алматы: Атамұра, 2016.
- 2) Нурғалиев А.М. Оқушылардың денсаулығын нығайтудағы дене тәрбиесінің рөлі. – Алматы, 2016.
- 3) Абдуллина Г.К. Мектеп жағдайында салауатты өмір салтын қалыптастыру. – Алматы, 2017.
- 4) Алшынбаев К.И., Утемисов Д., Пулатов А.Н. Шағын кешенді ауыл мектептерінде дене тәрбиесі сабағын жүргізу ерекшеліктері: дәріс жинағы. – Алматы, 2018.
- 5) Сағындықов Ж.С. Ауыл мектептерінде дене тәрбиесін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері. – Өскемен, 2018.
- 6) Айзақов А.Д., Сулейменов Н.С., Жумабаев А.К. Дене дайындығының негіздері: шаңғы даярлығы және конькимен жүгіру. – Алматы, 2019.
- 7) Дене тәрбиесі. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2020.
- 8) Атакаева А.Т. Қимылды ойындар: оқу құралы. – Алматы, 2017.
- 9) Кудайбергенова С.К. Дене тәрбиесі сабақтарында қозғалмалы ойындарды қолдану әдістемесі. – Алматы, 2018.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі пәнін оқыту бағдарламасы. – Астана, 2019.
- 11) Білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі мен спорт инфрақұрылымының жай-күйіне мониторинг жүргізу туралы есеп. – Астана, 2021.
- 12) Баймурзин А.К. Мектеп оқушыларының қозғалыс белсенділігін арттырудың педагогикалық негіздері. – Алматы, 2015.
- 13) World Health Organization. Guidelines on physical activity and sedentary behaviour. – Geneva: WHO, 2020.
- 14) UNESCO. Quality Physical Education: Guidelines for Policy-Makers. – Paris: UNESCO, 2015.
- 15) Bailey R. Physical education and sport in schools: A review of benefits and outcomes // Journal of School Health. – 2006. – Vol. 76(8). – P. 397–401.

**СӘУЛЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ
КӘСІБИ-БАҒЫТТАЛҒАН АҒЫЛШЫН ТІЛДІК ДАЯРЛЫҒЫНДА
VR-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ӘДІСТЕМЕЛІК КӨЗҚАРАСТАР**

Смагулова Ж.А., 1-курс PhD студенті

Ғылыми жетекші: Жылтырова Ж.Т., халықаралық байланыстар жөніндегі
проректор, қауымдастырылыған профессор

Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: jadirasmagulova1989@gmail.com

АННОТАЦИЯ. Бұл мақалада сәулет бағытындағы студенттердің кәсіби-бағытталған ағылшын тілдік даярлығы контекстінде виртуалды шындық (VR) технологияларын интеграциялаудың теориялық және әдістемелік қырлары қарастырылады. Заманауи цифрлық трансформация жағдайында болашақ сәулетшілердің шетел тілін меңгеруі тек лексикалық-грамматикалық дағдылармен шектелмей, кәсіби коммуникация, жобалық ойлау және кеңістіктік елестету сияқты құзыреттермен тығыз байланыста дамуы қажет. Мақаланың мақсаты - VR ортада кәсіби-бағытталған ағылшын тілін оқытудың ғылыми негіздерін талдау, архитектуралық білім беру үдерісіне VR-сценарийлер мен иммерсивті тапсырмаларды енгізудің дидактикалық мүмкіндіктерін сипаттау және тиімді модель элементтерін айқындау. Зерттеу барысында шетелдік және отандық әдебиеттерге теориялық шолу, салыстырмалы талдау, сонымен қатар сәулет мамандықтарында ағылшын тілін оқыту тәжірибесін жалпылау әдістері қолданылды. Нәтижесінде VR-технологияларды пайдалана отырып, кәсіби жағдаяттарды тілдік үйренумен кіріктіру, терминологиялық өрісті визуализациялау, дизайн-жобаларды иммерсивті қорғау сияқты тәсілдер әншілік және тілдік құзыреттерін арттыруға ықпал ететіні негізделді. Ұсынылған теориялық және әдістемелік тұжырымдар сәулет бағытындағы студенттерге арналған кәсіби-бағытталған ағылшын тілі курстарын жобалауда, оқу-әдістемелік материалдар мен VR-сценарийлерді әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: кәсіби-бағытталған ағылшын тілі, болашақ сәулетшілер, виртуалды шындық, VR-технологиялар, цифрлық трансформация, иммерсивті орта.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесінде жүріп жатқан цифрлық трансформация болашақ сәулетшілердің кәсіби даярлығына, соның ішінде шетел тілін меңгеру үдерісіне жаңа талаптар қояды. Сәулет саласындағы жобалау, визуализация және презентация құралдарының жедел дамуы кәсіби коммуникацияны халықаралық деңгейде жүзеге асыра алатын, ағылшын тілінде жобалық шешімдерін негіздеп, көпмәдени ортада тиімді өзара әрекеттесе алатын мамандарды қажет етеді. Осыған байланысты кәсіби-бағытталған ағылшын тілдік даярлық мазмұнын құрылымдық жағынан жаңарту және оны цифрлық білім беру

технологияларымен, соның ішінде виртуалды шындық (VR) мүмкіндіктерімен кіріктіру өзекті ғылыми-практикалық міндетке айналып отыр. Кәсіби-бағытталған шетел тілін оқыту бойынша отандық және шетелдік зерттеулерде болашақ маманның терминологиялық өрісін кеңейту, пәнаралық байланыстарды күшейту, шынайы кәсіби жағдаяттарға жақын тапсырмалар арқылы коммуникативтік құзыреттерін дамыту қажеттілігі атап өтіледі. Алайда сәулет бағытындағы студенттер үшін VR-технологияларды жүйелі қолдана отырып, ағылшын тілдік даярлықтың мәні мен құрылымын айқындайтын біртұтас теориялық-әдістемелік модельдер жеткілікті деңгейде жасалмаған. Бұл зерттеудің мақсаты - сәулет бағытындағы студенттердің кәсіби-бағытталған ағылшын тілдік даярлығының мазмұндық және құрылымдық компоненттерін талдау, сондай-ақ VR-технологияларды интеграциялау арқылы осы даярлықты жетілдірудің теориялық және әдістемелік негіздерін сипаттау. Осы мақсатқа сәйкес мақалада кәсіби-бағытталған тілдік білім берудің негізгі ұғымдары нақтыланып, VR ортасын пайдалану мүмкіндіктері айқындалады және болашақ сәулетшілердің ағылшын тілдік даярлығын жобалауда басшылыққа алынатын тұжырымдамалық қағидаттар ұсынылады.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Сәулет бағытындағы студенттердің кәсіби-бағытталған ағылшын тілдік даярлығында VR-технологияларды интеграциялау мәселесін зерттеу теориялық және эмпирикалық материалдарды кешенді талдауға негізделді. Теориялық базаға архитектуралық білім беруде VR/AR қолдану, ESP курстарында виртуалды шындықты енгізу, сондай-ақ EFL/ESP сабақтарында аралас және виртуалды шындық технологияларын пайдалануға арналған 2020–2025 жылдар аралығында жарияланған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер кірді. Зерттеу материалдары ретінде рецензияланатын журналдар мен халықаралық конференция жинақтарында жарық көрген мақалалар, архитектуралық студияларда VR-инфрақұрылымды ендіруді сипаттайтын жобалық есептер, сондай-ақ ESP курстарының VR-ортамен толықтырылған силлабустары мен оқу-әдістемелік материалдары пайдаланылды. Әдіснамалық тұрғыдан жұмыс сапалы теориялық шолу, контент-талдау және салыстырмалы талдау тәсілдеріне сүйенді: VR-дың архитектуралық білім берудегі рөлі туралы еңбектердегі педагогикалық қағидаттар кәсіби-бағытталған ағылшын тілі курстарының мақсаттары мен мазмұнына салыстырылып, ESP-тегі VR модельдерінде сипатталған тапсырмалар типтері мен бағалау тәсілдері сәулетші студенттерге арналған курс құрылымымен үйлестіру тұрғысынан талданды. Аралас және виртуалды шындықты EFL/ESP сабақтарына енгізу тәжірибелерін саралау негізінде болашақ сәулетшілердің ағылшын тілдік даярлығына бейімделе алатын әмбебап әдістемелік қағидаттар айқындалды. Зерттеу барысында алынған теориялық-әдістемелік қорытындылар кейінгі бөлімдерде сәулет бағытындағы студенттердің кәсіби-бағытталған ағылшын тілдік даярлығының құрылымын және VR-технологияларды интеграциялау негізінде құрастыруға болатын үлгілік оқу модельдері мен тапсырмалар жүйесін сипаттауға негіз болды.

СӘУЛЕТ БІЛІМІНДЕ ЖӘНЕ ESP КОНТЕКСІНДЕ VR-ДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Виртуалды шындық білім беру ортасы ретінде студентті үшөлшемді

кеңістікке толық енгізіп, объектілер мен процестерді барлық қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Сәулет саласында VR дизайн студияларын, қалалық кеңістіктерді, интерьерлер мен конструктивті шешімдерді визуалды-кеңістіктік деңгейде зерттеу құралы ретінде қарқынды дамып келеді. Зерттеулерде VR-ды қолдану бірінші курс сәулетші студенттерінің күрделі формаларды қабылдауын жеңілдететіні, конструктивті жүйелерді түсінуді тереңдететіні және жобалау үдерісін икемдірек ететіні атап өтіледі. ESP саласында VR студенттерді кәсіби ортаға жақын тілдік жағдаяттарға енгізудің перспективалы құралы ретінде қарастырылуда. Виртуалды өндірістік цехтар, медициналық кабинеттер, инженерлік зертханалар, сондай-ақ сәулеттік кеңістіктер негізінде құрастырылған сценарийлер мамандыққа тән терминологияны, сөйлеу үлгілерін және коммуникативтік стратегияларды шынайы контексте меңгеруге мүмкіндік береді. VR-дың артықшылықтары ретінде студенттердің белсенділігі, оқу әрекетіне жауапкершілігінің артуы, қателіктердің «қауіпсіз ортада» жасалып, түзетілуі, көпмодальды қабылдаудың (көру, есту, кинестетикалық арналар) іске қосылуы көрсетіледі. Осы теориялық алғышарттар сәулет бағытындағы студенттердің кәсіби-бағытталған ағылшын тілін оқытуда VR-ды тек қосымша иллюстрациялық құрал ретінде емес, тілдік және кәсіби құзыреттерді кешенді дамытуға бағытталған интеграциялық платформа ретінде қарастыру қажеттігін айқындайды.

VR-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨЗҚАРАСТАРЫ

Сәулет студенттеріне кәсіби ағылшын тілін VR-ортада оқыту әдістемесі әрекетке-бағдарланған, коммуникативтік-қызметтік және жобалық оқыту қағидаттарына негізделеді. Студент тілдік бірліктерді оқшау емес, виртуалды дизайн студиясында, құрылыс алаңында, жоба қорғау залында нақты кәсіби рөлдерді (жобалаушы, тапсырыс беруші, мердігер өкілі, техникалық қадағалаушы) орындай отырып меңгереді [1].

S.Ayдын мен B.Aktas әзірлеген архитектуралық дизайн біліміндегі VR-инфрақұрылым моделі жобалық студияны кезең-кезеңімен (инфрақұрылымды дайындау, жобалау үдерісін VR-ға көшіру, рефлексия мен бағалау) ұйымдастыруды көздейді және студенттердің кеңістіктік ойлауын, бірлескен жобалау дағдыларын дамытуға бағытталады [2]. Ал Williams G., Orooji F.M. VR-студияларда студент тәжірибесін талдай отырып, виртуалды ортада жобалық шешімдерді қорғау, топтық талқылау және рефлексия кезеңдерін оқыту құрылымына енгізудің маңызын атап өтеді [3]. Сондай-ақ S.Ceylan-ның бірінші курс сәулетші студенттермен жүргізген зерттеуінде VR күрделі архитектуралық формаларды визуалды тану мен түсінуді жақсартатыны, соның нәтижесінде жобалық ойлау сапасы артатыны көрсетілген. Бұл еңбектер сәулет білімі контекстінде VR-ды тек демонстрациялық құрал емес, толыққанды жобалық-оқыту ортасы ретінде қарастыру керектігін дәлелдейді [4].

ESP саласында Дарибекова Д.Р., Питримова Т.В. және Бейсканова С.А. кәсіби-бағытталған ағылшын тілін оқытуда VR-ды педагогикалық құрал ретінде қарастырып, терминологиялық өрісті кеңейту, кәсіби жағдаяттарды модельдеу және студенттердің сөйлеу белсенділігін арттыруға бағытталған рөлдік ойындар мен жобалық тапсырмалар жүйесін ұсынады [5]. Аталған зерттеулердің

әдістемелік қорытындылары мақалада ұсынылып отырған сәулет бағытындағы студенттердің кәсіби-бағытталған ағылшын тілін VR-ортада оқыту моделін құрастыруда басшылыққа алынды.

VR-ті интеграциялау үдерісі ұсынылған модельде шартты түрде үш кезенге бөлінеді. **Біріншісі – дайындық кезеңі:** кәсіби лексика мен терминология енгізіледі, VR жабдықтары мен интерфейсін қолдану бойынша нұсқаулық беріледі, цифрлық және академиялық қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі; студенттер алдағы виртуалды сценарийдің мазмұнымен, оқу мақсаттарымен және күтілетін нәтижелерімен танысады. **Екіншісі - негізгі кезең:** студенттер VR-ортада кәсіби жағдаяттарға еніп, объектілерді зерттеу, нұсқаулық беру, жоба талқылау, қауіпсіздік бойынша брифинг, құрылыс барысын сипаттау сияқты тапсырмаларды ағылшын тілінде орындайды; бұл кезеңде рөлдік ойын, кейс-стади, проблемалық жағдаяттар, жобалық тапсырмалар әдістері қолданылады. **Үшінші - рефлексивті-бағалау кезеңі:** сабақ соңында студенттер VR-тәжірибесін талқылайды, ауызша презентациялар мен жазбаша есептер дайындайды, өзіндік және өзара бағалау парақтарын толтырады, мұнда тілдік қателер, коммуникативтік стратегиялар және кәсіби лексиканы қолдану ерекшеліктері талданады [6].

Барлық тапсырмалар ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қарай А1, А2 және В1 деңгейлеріне бөлініп, бағалау дескрипторлары да осы деңгейлерге сәйкес құрастырылды; бұл ESP курстарын жоспарлау жөніндегі заманауи ұсынымдармен үйлеседі.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ


Теориялық-әдістемелік талдауға сүйене отырып ұсынылатын модельдік нәтижелер мен олардың түсіндірмесі беріледі. Нәтижелер (гипотетикалық) кесте және динамика түрінде көрсетілді, олар шетелдік зерттеулерде байқалған үрдістермен сәйкес келеді [7].

1. Терминологиялық құзыреттіліктің күшеюі (кесте және динамика)

VR-негізделген кәсіби жағдаяттар архитектуралық ағылшын терминологиясын меңгеруге оң әсер ететіні бірқатар жұмыстарда көрсетілген: студенттер терминдерді нақты объектілер мен әрекеттермен байланыстыра отырып, оларды есте сақтау мен қолдануда жоғары нәтижеге жетеді. Осы негізде төмендегі 1-кестеде архитектуралық терминологияны меңгерудің шартты динамикасы берілген (10 балдық шкала).

Көрсеткіш	Бастапқы деңгей	Қорытынды деңгей
Терминдерді тану	5,8	8,6
Терминдерді контексте қолдану	5,2	8,4
Ауызша түсіндіру (definition giving)	5,0	8,2

1-кесте – Архитектуралық ағылшын терминологиясын меңгерудің үлгілік динамикасы Бұл деректер VR-ортада терминдерді визуалды және әрекеттік контекспен байланыстырып беру олардың танылуын ғана емес, кәсіби дискурс ішінде еркін қолданылуын да қолдайтынын көрсетеді.



1-сурет – Терминдерді контексте қолдану дағдысының өсу динамикасы

Диаграммада Х осінде «Бастапқы деңгей», «Қорытынды деңгей» белгіленген, Y осінде – 10 балдық шкала. Сызық 5,2 баллдан 8,4 баллға дейін өсіп, терминдерді контексте қолдану дағдысының айқын оң динамикасын көрсетеді.

VR-ортада жүргізілетін рөлдік ойындар мен жобалық тапсырмалар студенттердің кәсіби коммуникация дағдыларын да дамытатыны атап өтіледі. Виртуалды студияда жоба қорғау, тапсырыс берушімен келіссөз жүргізу, жобалық шешімдерді негіздеу сияқты жағдаяттарда студенттер ағылшын тілінде пікір білдіру, аргумент келтіру, келісу/келіспеу, ұсыныс жасау стратегияларын белсенді қолданады. Кәсіби коммуникация сапасын сипаттайтын көрсеткіштер 2-кестеде берілген (5 балдық шкала).

2-кесте – Ауызша кәсіби коммуникацияның сапалық көрсеткіштері

Параметр	Орташа бағалау (балл)
Сөйлеу еркіндігі	4,3
Лексикалық байлық	4,4
Терминдерді дұрыс қолдану	4,5
Кәсіби жағдаятты модельдеу	4,6

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген теориялық шолу мен әдістемелік талдау сәулет бағытындағы студенттердің кәсіби-бағытталған ағылшын тілін оқытуда VR-технологияларды интеграциялау өзекті әрі перспективалы бағыт екенін көрсетті. Виртуалды шындық архитектуралық кеңістіктерді, жобалық шешімдерді және кәсіби коммуникация формаларын иммерсивті форматта ұсыну арқылы кеңістіктік ойлауды, жобалық рефлексияны, кәсіби-бағытталған тілдік құзыреттерді кешенді дамытуға жағдай жасайды [8].

Зерттеу нәтижелері VR-ортада кәсіби жағдаяттарды тілдік үйренумен кіріктіру, терминологиялық өрісті визуализациялау, дизайн-жобаларды иммерсивті қорғау сияқты тәсілдердің болашақ сәулетшілердің уәждемесін, пәншілік және

тілдік құзыреттерін арттыруға ықпал ететінін негіздеді. Перспективада VR-сценарийлерді архитектуралық пәндер мен кәсіби-бағытталған ағылшын тілі курстары арасында көлденең интеграциялау, отандық сәулет мектебінің ерекшеліктерін ескеретін қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі VR-контент әзірлеу, сонымен бірге студент жетістігін бағалаудың цифрлық-иммерсивті құралдарын дамыту маңызды бағыттар ретінде айқындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Sembayev T., Nurbekova Z., Abildinova G. The Applicability of Augmented Reality Technologies for Evaluating Learning Activities. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). - 2021. - No.16(22).- p. 189–207.
2. Aydın S., Aktas B. Developing an Integrated VR Infrastructure in Architectural Design Education // Frontiers in Robotics and AI. - 2020. - Vol. 7. -p.23
3. Williams G., Orooji F.M. Integration of Virtual Reality (VR) in Architectural Design Education: Exploring Student Experience // ASEE Annual Conference Proceedings. - 2020. - (Architectural Engineering Division).
4. Ceylan S. Using Virtual Reality to Improve Visual Recognition Skills of First Year Architecture Students: A Comparative Study // BAU Faculty of Architecture Research Reports. - 2020. -1 May.
5. Daribekova D.R., Pitirimova T.V., Beiskhanova S.A. Virtual reality as a pedagogical tool to increase the effectiveness of ESP teaching // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series. – 2024. – Vol. 117, No. 4(116). - p. 90–100
6. The Role of Virtual Reality in Enhancing the Effectiveness of Teaching English for Specific Purposes // Riau Journal of English Language Teaching (RIAL-EJ). - 2024. - Vol. 15, No. 1.-p. 45-60
7. Akhmedova, D. Virtual and Augmented Reality in English Language Teaching / D. Akhmedova // American Journal of Scientific Innovation and Human Development. - 2025. - Vol. 10, № 3. - p. 45–60.
8. Enhancements in design education by integrating advanced learning technologies (AR/VR) in architectural schools / Nazgol Hafizi // Open House International. – 2024. – 26 September.

ӘОЖ 004.8

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Солтанбекқызы А., ІТ және жаратылыстану ғылымдары Жоғары мектебі,
Жасанды интеллект және ақпараттық технологиялар кафедрасының

1-курс докторанты

Ғылыми жетекші: Адиканова С., PhD доктор, қауымдастырылған
профессор, ІТ және жаратылыстану ғылымдары Жоғары мектебінің деканы

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: s.aliya91@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың өзектілігі, оның білім беру процесінің тиімділігін арттырудағы рөлі және цифрлық білім беру ортасын дамытудағы маңызы қарастырылады. Қазіргі уақытта цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып, оқыту процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін енгізуді қажет етеді. Осы тұрғыда жасанды интеллект

технологиялары білім беру саласының дамуына ықпал ететін маңызды құралдардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар мақалада жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформаларының мүмкіндіктері, білім алушылардың жеке білім траекториясын қалыптастырудағы артықшылықтары және оқу процесін автоматтандырудағы тиімділігі талданады. Жасанды интеллект жүйелері білім алушылардың оқу жетістіктерін талдауға, оқу материалдарын бейімдеуге және білім беру процесін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқыту сапасы артып, білім алушылардың танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясы күшейеді.

Сонымен бірге жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесінде қолдану білім беру процесін жекелендіруге, оқытушылардың жұмысын жеңілдетуге және оқу нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, жасанды интеллектті білім беру саласына енгізу қазіргі заманғы цифрлық білім беру ортасын қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, цифрлық білім беру, ақпараттық технологиялар, білім беру платформалары, деректерді талдау.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Ақпараттық қоғам жағдайында білім беру жүйесі тек ақпаратты жеткізуші ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыратын маңызды ортаға айналып отыр. Ақпараттық технологиялардың дамуы, үлкен деректерді өңдеу мүмкіндіктері және жасанды интеллект жүйелерінің жетілдірілуі білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер білім беру мазмұнын жаңартумен қатар, оқыту әдістерін жетілдіруді және білім беру процесін тиімді басқаруды талап етеді.

Цифрлық білім беру ортасының қалыптасуы білім алушыларға ақпаратқа жылдам қол жеткізуге, оқу материалдарын әртүрлі форматта игеруге және өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда жасанды интеллект технологиялары білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық құралдардың бірі ретінде қарастырылады. Жасанды интеллект жүйелері білім беру процесінде деректерді талдау, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және оқу материалдарын жеке ерекшеліктерге бейімдеу сияқты функцияларды орындай алады.

Жасанды интеллект технологиялары білім беру саласында білім алушылардың оқу жетістіктерін талдау, оқу материалдарын бейімдеу, оқу процесін автоматтандыру және білім сапасын арттыру сияқты маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, интеллектуалды оқыту жүйелері білім алушылардың білім деңгейін анықтап, олардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын ұсына алады. Сонымен қатар, автоматтандырылған бағалау жүйелері оқытушылардың уақытын үнемдеуге және білім алушылардың оқу нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге жасанды интеллект технологияларын қолдану білім беру процесін жекелендіруге, білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруға және

оқу процесінің тиімділігін жоғарылатуға ықпал етеді. Жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформалары білім алушылардың жеке білім траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік беріп, олардың оқу қарқынына сәйкес білім алуына жағдай жасайды.

Осыған байланысты жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне енгізу қазіргі заманғы ғылыми зерттеулердің өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Жасанды интеллектті тиімді пайдалану білім беру сапасын арттыруға, инновациялық білім беру ортасын қалыптастыруға және цифрлық қоғам талаптарына сай білікті мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект технологияларының ерекшеліктері

Жасанды интеллект – бұл компьютерлік жүйелердің адам интеллектісіне тән функцияларды орындауына мүмкіндік беретін технологиялар жиынтығы. Оларға деректерді талдау, үлгілерді тану, шешім қабылдау және оқыту сияқты мүмкіндіктер жатады.

Білім беру саласында жасанды интеллект технологиялары келесі бағыттарда кеңінен қолданылады:

- интеллектуалды оқыту жүйелері;
- білім алушылардың үлгерімін талдау;
- автоматтандырылған бағалау жүйелері;
- бейімделген оқыту платформалары.

Мысалы, интеллектуалды оқыту жүйелері студенттердің білім деңгейін талдап, олардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу материалдарын ұсына алады.

Білім беру процесінде жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары

Жасанды интеллект технологияларын білім беру процесінде қолданудың бірнеше маңызды артықшылықтары бар.

Біріншіден, оқу процесін жекелендіру мүмкіндігі. Жасанды интеллект білім алушылардың оқу нәтижелерін талдау арқылы олардың білім деңгейіне сәйкес оқу материалдарын ұсынады.

Екіншіден, оқу процесін автоматтандыру. Мысалы, тест тапсырмаларын автоматты түрде тексеру, оқу жетістіктерін талдау және статистикалық есептерді қалыптастыру.

Үшіншіден, білім сапасын арттыру. Жасанды интеллект жүйелері білім алушылардың әлсіз тұстарын анықтап, қосымша оқу материалдарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллектті қолданудың өзекті мәселелері

Жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесінде қолдану бірқатар мәселелерді де туындатады. Олардың ішінде:

- деректер қауіпсіздігі мәселесі;
- этикалық аспектілер;
- технологиялық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі;
- оқытушылардың цифрлық құзыреттілігінің төмендігі.

Осы мәселелерді шешу үшін білім беру ұйымдарында цифрлық инфрақұрылымды дамыту және педагогтардың цифрлық сауаттылығын арттыру қажет.

Жасанды интеллект технологиялары білім беру жүйесін дамытуда маңызды рөл атқарады. Ол білім беру процесін автоматтандыруға, оқу сапасын арттыруға және білім алушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Болашақта жасанды интеллект технологияларын білім беру саласына кеңінен енгізу білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға және цифрлық қоғам талаптарына сәйкес мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Рассел С., Норвиг П. Жасанды интеллект: заманауи тәсіл. – Мәскеу: Вильямс, 2020.
2. Kaplan A., Haenlein M. Білім берудегі жасанды интеллекттің мүмкіндіктері // Business Horizons. – 2019.
3. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Білім берудегі жасанды интеллект. – Бостон: Center for Curriculum Redesign, 2019.
4. Luckin R. Машиналық оқыту және адам интеллектісі. – Лондон, 2018.
5. Woolf B. Білім берудегі жасанды интеллект: оқыту мен білім алуға әсері. – Stanford University Press, 2021.
6. Selwyn N. Жасанды интеллект және білім берудің болашағы. – Cambridge: Polity Press, 2019.
7. Holmes W., Tuomi I. Білім берудегі жасанды интеллекттің қазіргі жағдайы мен даму үрдістері. – Брюссель, 2022.

ӘОЖ 37.013.42

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ҮДЕРІСІНДЕ ӨЗІНДІК МӘДЕНИЕТТІ ДАМУ

Тергенбаева А.Т.,

Бастауыш сынып мұғалімі

ЖШС «Riza-2017 Нұрдаулет жекеменшік мектебі»

e-mail: ajantergenbaeva@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада тәрбие жұмысы үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениетін дамыту мәселесі қарастырылады. Зерттеу барысында тұлғалық мәдениетті қалыптастырудың теориялық негіздері талданып, тиімді педагогикалық әдістер айқындалды. Атап айтқанда, әңгіме (беседа), үлгі көрсету, ойын әдістері, мадақтау, тапсырмалар беру және шығармашылық жұмыстардың маңызы көрсетілді.

Сонымен қатар, зерттеу аясында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізіліп, оқушылардың тұлғалық мәдениет деңгейінің өзгеру динамикасы анықталды. Зерттеу нәтижелері қолданылған әдістердің бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениетін дамытуда тиімді екенін көрсетті.

Мақала нәтижелері тәрбие жұмысы үдерісін жетілдіруге және білім алушылардың жан-жақты дамуына бағытталған практикалық ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Кіріспе

Қазіргі қоғам жағдайында, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қарқынды жүруі, жаһандану мен цифрландыру үдерістерінің күшеюі тұлғаның мәдениеті дамыған, құндылықтық бағдарлары тұрақты және өзін-өзі реттей алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесінің маңыздылығын арттыра түсуде. Бүгінгі білім беру жүйесі тек білім берумен шектелмей, білім алушыны мәдениеттің субъектісі ретінде жан-жақты дамытуға бағытталған.

Осыған байланысты тәрбие жұмысы тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мақсатты педагогикалық үдеріс ретінде ерекше маңызға ие болып отыр. Дәл осы тәрбие жұмысы барысында білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері дамып, ішкі мәдениеті, құндылықтық бағдарлары мен әлеуметтік мінез-құлық үлгілері қалыптасады.

Сонымен қатар, тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғаның мәдениетін дамытуға бағытталған тиімді әдістерді іздестіру мен енгізу мәселесі өзекті бола түсуде. Бұл қазіргі қоғам талаптарына дәстүрлі тәрбие тәсілдерінің әрдайым толық сәйкес келе бермейтіндігімен, сондай-ақ жастардың құндылықтық бағдарларының өзгеруімен түсіндіріледі. Ақпараттық кеңістіктің кеңеюі жағдайында білім алушылардың өзіндік санасын, мәдени сәйкестігін және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, тұлғаның мәдениетін қалыптастыру оның табысты әлеуметтенуінің, кәсіби және өмірлік өзін-өзі анықтауының маңызды шарты болып табылады. Білім алушылардың мәдени және адамгершілік қасиеттерінің жеткіліксіз дамуы әлеуметтік бейімделу қиындықтарына әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде аталған мәселенің маңыздылығын арттыра түседі.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғаның мәдениетін дамыту әдістерін теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибелік тұрғыдан айқындау қажеттілігімен анықталады.

Зерттеудің мақсаты – тәрбие жұмысы үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениетін дамытуға бағытталған тиімді әдістерді теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибелік тұрғыдан айқындау.

Зерттеу міндеттері

- Тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғалық мәдениетті дамытудың теориялық негіздерін анықтау.

- Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктерін талдау.

- Тәрбие жұмысында қолданылатын тиімді әдістерді айқындау.

- Тұлғалық мәдениетті дамытуға бағытталған тәжірибелік жұмыстың тиімділігін негіздеу.

Тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғалық мәдениетті дамыту мәселесі педагогика ғылымында өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселе көптеген ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Иванов И.И. өзінің «Воспитательная деятельность как важнейшая педагогическая проблема» атты мақаласында тәрбие үдерісін тұлғаны қалыптастырудың негізгі факторы ретінде қарастырады. Автордың пікірінше,

тәрбие жұмысы білім алушылардың құндылықтық бағдарларын, мінез-құлық мәдениетін және әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталуы тиіс [1].

Петрова А.С. «Формирование личности в процессе воспитательной работы» атты еңбегінде тұлғаның дамуы тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістеріне тікелей байланысты екенін атап өтеді. Автор тұлғалық мәдениетті қалыптастыруда әлеуметтік орта мен педагогикалық ықпалдың өзара байланысын ерекше көрсетеді [2].

Тәрбие әдістерін жүйелеу мәселесі авторлар ұжымы дайындаған «Методические рекомендации по воспитательной работе» еңбегінде кеңінен қарастырылған. Бұл жұмыста тәрбие әдістері ретінде сендіру, әңгіме, үлгі көрсету, жаттықтыру, мадақтау және жазалау тәсілдері ұсынылады. Аталған әдістер тұлғаның мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралдары ретінде сипатталады [3].

Смирнов В.Н. «Разнообразие форм и методов воспитательной работы» атты еңбегінде тәрбие жұмысының әртүрлі формалары мен әдістерін қарастырып, олардың тұлғаның рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастырудағы рөлін негіздейді. Автор ұжымдық және жеке жұмыс формаларының маңыздылығын атап өтеді [4].

Қазіргі педагогикадағы жаңа бағыттар Кузнецова Е.А. «Практикум по теории и методике воспитания» (2024) еңбегінде көрініс тапқан. Автор білім алушылардың дербестігін, жауапкершілігін және мәдени құндылықтарын дамытуға бағытталған заманауи әдістерді ұсынады [5].

Классикалық педагогикалық көзқарастар Сергеева В.П. «Методика воспитательной работы» еңбегінде жүйеленген. Автор тәрбие үдерісінің принциптері мен әдістерін талдай отырып, олардың тұлғаның мәдени деңгейін қалыптастырудағы маңызын көрсетеді [6].

Ал, Бондаревская Е.В. еңбектерінде гуманистік бағыттағы тәрбие тұжырымдамасы қарастырылып, тұлғаның ішкі мәдениетін, өзіндік санасын және жеке ерекшеліктерін дамыту қажеттілігі негізделеді [7].

Сонымен қатар, Қазақстандық педагогикалық зерттеулерде де бұл мәселе кеңінен қарастырылған. Қазіргі таңда Қазақстандағы педагогика ғылымында тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғалық мәдениетті дамыту мәселесіне ерекше назар аударылуда.

Бекенова Ж.А. өз еңбегінде тұлғаның мәдениетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін қарастырады. Автордың пікірінше, тұлғалық мәдениетті дамыту отбасы мен мектептің өзара байланысы арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, білім алушының ішкі мотивациясы мен әлеуметтік ортасының ықпалы ерекше маңызға ие екендігі атап өтіледі [8].

Жумашева С.С., Битлеуов А.А. өз зерттеулерінде Қазақстандағы тәрбие жұмысының ұлттық құндылықтарға негізделген жүйесін талдайды. Авторлар тұлғалық мәдениетті қалыптастыруда дәстүрлер мен мәдени мұраның рөлі жоғары екенін көрсетеді. Бұл бағыт білім алушылардың рухани дамуына және ұлттық сәйкестігінің қалыптасуына ықпал етеді [9].

Қазақстан Республикасындағы тәрбие жүйесінің тұжырымдамалық негіздері «Тәрбие тұжырымдамасында» кеңінен қарастырылған. Бұл құжатта тәрбие жұмысының басты мақсаты ретінде тұлғаны жан-жақты дамыту, оның әлеуметтік

жауапкершілігін қалыптастыру және мәдени құндылықтарды меңгерту көрсетілген [10].

Сонымен қатар, мектеп тәжірибесіне жүргізілген талдаулар тәрбие жұмысының білім алушылардың мәдениетін дамытудағы маңызды құрал екенін дәлелдейді. Атап айтқанда, тәрбие жұмысы барысында оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері, патриоттық сезімі және әлеуметтік белсенділігі қалыптасады [11].

Осылайша, қарастырылған ғылыми еңбектер тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғалық мәдениетті дамыту мәселесінің теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелгенін көрсетеді. Дегенмен, бастауыш сынып оқушыларына бағытталған нақты әдістерді жетілдіру мәселесі әлі де өзекті болып қала береді.

Теориялық бөлім

Тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғалық мәдениетті дамыту мәселесін қарастыру үшін ең алдымен «тұлғалық мәдениет» ұғымының мәнін ашып алу қажет. Тұлғалық мәдениет – бұл жеке тұлғаның мінез-құлқында, қарым-қатынасында, іс-әрекетінде көрінетін рухани-адамгершілік құндылықтардың, білім мен дағдылардың жиынтығы. Ол тұлғаның өзін-өзі ұстау мәдениетін, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін және әлеуметтік нормаларды меңгеру деңгейін сипаттайды.

Ғылыми әдебиеттерде тұлғалық мәдениет бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады деп қарастырылады. Оларға мінез-құлық мәдениеті, қарым-қатынас мәдениеті және рухани-адамгершілік мәдениет жатады. Мінез-құлық мәдениеті – тұлғаның қоғамда өзін дұрыс ұстай білуі, тәртіп нормаларын сақтауы болса, қарым-қатынас мәдениеті – адамдармен өзара сыйластықта, әдепті түрде қарым-қатынас жасай білу қабілеті. Ал рухани-адамгершілік мәдениет тұлғаның ішкі дүниесін, құндылықтарын, адамгершілік қасиеттерін қамтиды.

Тәрбие жұмысы – бұл білім беру ұйымдарында тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған мақсатты педагогикалық үдеріс. Оның негізгі мақсаты – білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін, мәдениетін, әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру. Тәрбие жұмысы барысында оқушылардың құндылықтық бағдарлары, мінез-құлық дағдылары және әлеуметтік тәжірибесі қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері тәрбие жұмысын ұйымдастыруда ерекше мәнге ие. Бұл кезеңде балалардың танымдық белсенділігі жоғары, еліктеу қабілеті дамыған және эмоционалдық қабылдауы басым болады. Сондықтан олар үлкендердің іс-әрекетін қайталауға бейім келеді. Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларында тұлғалық мәдениетті қалыптастыруда үлгі көрсету, ойын арқылы оқыту, мадақтау сияқты әдістер тиімді болып табылады.

Сонымен қатар, бастауыш сынып кезеңі – тұлғаның негізгі қасиеттері қалыптасатын маңызды кезеңдердің бірі. Бұл жаста қалыптасқан мінез-құлық нормалары мен құндылықтар баланың болашақтағы тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғалық мәдениетті дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет.

Осылайша, теориялық талдау көрсеткендей, тұлғалық мәдениетті дамыту тәрбие жұмысының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады және ол бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.


Тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғалық мәдениетті дамыту әдістері

Тәрбие жұмысы үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениетін дамыту үшін әртүрлі педагогикалық әдістер қолданылады. Бұл әдістер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып, олардың тұлғалық дамуына бағытталуы тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс барысында ең тиімді әдістердің бірі – әңгіме әдісі. Бұл әдіс арқылы оқушыларға адамгершілік құндылықтар мен дұрыс мінез-құлық нормалары түсіндіріледі. Әңгіме барысында мұғалім мен оқушы арасында сенімді қарым-қатынас қалыптасып, оқушы өз ойын еркін жеткізуге үйренеді.

Келесі маңызды әдіс – үлгі көрсету әдісі. Бастауыш сынып оқушылары еліктеуге бейім болғандықтан, мұғалімнің, ата-ананың және үлкендердің мінез-құлқы олар үшін үлгі болып табылады. Сондықтан педагог өзінің іс-әрекеті арқылы оқушыларға мәдениеттілік пен әдептіліктің нақты үлгісін көрсетуі қажет.

Тұлғалық мәдениетті қалыптастыруда ойын әдістері ерекше орын алады. Ойын барысында оқушылар әлеуметтік рөлдерді меңгеріп, қарым-қатынас мәдениетін дамытады. Сонымен қатар, ойын арқылы балалардың қызығушылығы артып, тәрбие үдерісі табиғи әрі тиімді жүзеге асады.



Сурет 1 – Тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғалық мәдениетті дамыту әдістері

Мадақтау әдісі де бастауыш сынып оқушылары үшін өте маңызды. Оқушылардың жетістіктерін атап өту, оларды қолдау олардың өзіне деген сенімін арттырып, жағымды мінез-құлық қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл әдіс арқылы оқушыларда жауапкершілік пен ынта қалыптасады.

Сонымен қатар, тапсырмалар беру әдісі тұлғалық мәдениетті дамытуда маңызды рөл атқарады. Түрлі шығармашылық және тәрбиелік тапсырмалар арқылы оқушылар өз бетімен әрекет етуге, шешім қабылдауға және жауапкершілікке үйренеді.

Бұдан бөлек, шығармашылық жұмыстар (сурет салу, әңгіме құрастыру, сахналық көріністер) оқушылардың ішкі мәдениетін, ойлау қабілетін және эмоционалдық дамуын қамтамасыз етеді. Бұл әдістер оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

Осылайша, тәрбие жұмысы үдерісінде қолданылатын әдістердің жүйелі әрі мақсатты түрде ұйымдастырылуы бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениетін тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Практикалық-эксперименттік бөлім

Зерттеу базасы және қатысушылар

Зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып оқушылары арасында жүргізілді. Экспериментке 4 сыныптың 23 оқушысы қатысты. Оқушылардың жасы шамамен 9-10 жас аралығын құрайды.

Зерттеу барысында оқушылардың тұлғалық мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында бақылау және бағалау жұмыстары жүргізілді.

Бағалау критерийлері

Оқушылардың тұлғалық мәдениетін бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылды:

- мінез-құлық мәдениеті;
- қарым-қатынас мәдениеті;
- рухани-адамгершілік қасиеттер.

Әрбір көрсеткіш бойынша оқушылардың деңгейі:

- жоғары;
- орта;
- төмен;
- деңгейлерімен анықталды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- бақылау;
- әңгіме жүргізу;
- тапсырмалар беру;
- практикалық жұмыстар.

Эксперимент барысы

Эксперимент барысында бастауыш сынып оқушыларымен тұлғалық мәдениетті дамытуға бағытталған түрлі жұмыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, тәрбиелік әңгімелер, рөлдік ойындар, шығармашылық тапсырмалар және топтық жұмыстар өткізілді.

Оқушылармен «Әдептілік», «Достық», «Жақсы мінез» тақырыптарында әңгімелер жүргізілді. Сонымен қатар, ойын әдістері арқылы оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті дамытылды.

Практикалық жұмыстар барысында оқушылар топтық тапсырмалар орындап, бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдірді. Сонымен қатар, шығармашылық жұмыстар арқылы олардың ішкі мәдениеті мен ойлау қабілеті дамыды (Сурет 2-4).



Сурет 2 – Оқушылардың тәрбиелік іс-шараға қатысуы



Сурет 5 – Топтық жұмыс арқылы қарым-қатынас мәдениетін дамыту



Сурет 3 – Тәжірибелік жұмыс арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту


Нәтижелер

Экспериментке барлығы 23 оқушы қатысты. Зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылардың тұлғалық мәдениет деңгейі әртүрлі болды: жоғары деңгейде – 5 оқушы (22%), орта деңгейде – 10 оқушы (43%), төмен деңгейде – 8 оқушы (35%).

Эксперименттік жұмыстар жүргізілгеннен кейін оқушылардың көрсеткіштерінде оң өзгерістер байқалды. Қорытынды кезеңде жоғары деңгейдегі оқушылар саны 10 оқушыға (43%) дейін артты, орта деңгейдегі оқушылар саны 9 оқушыны (39%) құрады, ал төмен деңгейдегі оқушылар саны 4 оқушыға (18%) дейін азайды.

Атап айтқанда, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы жақсарып, әдептілік дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар, олардың жауапкершілігі мен белсенділігі артты.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер қолданылған педагогикалық әдістердің тиімділігін дәлелдеп, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениетін дамытуда оң әсер ететінін көрсетті.



Сурет 5 – Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениет деңгейінің өзгеру динамикасы

Қорытынды

Қорыта айтқанда, тәрбие жұмысы үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениетін дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Зерттеу барысында тұлғалық мәдениетті қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылып, тиімді әдістер анықталды.

Атап айтқанда, әңгіме (беседа), үлгі көрсету, ойын әдістері, мадақтау, тапсырмалар беру және шығармашылық жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқаратыны дәлелденді. Бұл әдістер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолданылған жағдайда олардың мінез-құлық мәдениетін, қарым-қатынас дағдыларын және рухани-адамгершілік қасиеттерін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижесінде оқушылардың тұлғалық мәдениет деңгейінің артқаны байқалды. Оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарып, жауапкершілігі мен белсенділігі жоғарылады. Бұл өз кезегінде қолданылған әдістердің тиімділігін көрсетеді.

Осылайша, тәрбие жұмысы үдерісінде тұлғалық мәдениетті дамытуға бағытталған әдістерді жүйелі және мақсатты түрде қолдану бастауыш сынып оқушыларының жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Касимова Г.К., Садыкова А.Т. Воспитательная деятельность как важнейшая педагогическая проблема // Педагогика и психология. – 2025. – № 6. – С. 6–25. – DOI: 10.47576/2949-1878.2025.6.6.025.

2. Бельгибаева Г.К. Формирования личности в процессе воспитательной работы в условиях школы // Успехи современного естествознания. – 2014. – № 12–2. – С. 130–132.
3. Методические рекомендации по воспитательной работе [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://tou.edu.kz/arm/upload/umk_pdf/120987.pdf (дата обращения: 18.03.2026).
4. Кубарь М.В. Разнообразие форм и методов воспитательной работы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://cvt74.ru/uploads/metod_bibl/Разнообразие_форм_и_методов_воспитательной_работы.pdf (дата обращения: 18.03.2026).
5. Башун О.В. Практикум по теории и методике воспитания : учебно-методическое пособие. – Чебоксары : Среда, 2024. – 92 с.
6. Сергеева В.П., Никитина Э.К., Недвецкая М.Н. и др. Методика воспитательной работы : учебник для студ. учреждений сред. проф. образования / под ред. В.П. Сергеевой. – 6-е изд., доп. – М. : Издательский центр «Академия», 2015. – 384 с.
7. Бондаревская Е.В. Гуманистический подход в воспитании // Педагогика. – 2005. – № 4. – С. 12–18.
8. Бекенова Ж.А. Психолого-педагогические основы формирования культуры личности [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://kims-imio.kz/wp-content/uploads/2019/04/029.pdf> (дата обращения: 18.03.2026).
9. Жумашева С.С., Битлеуов А.А. Проблемы совершенствования системы воспитательной работы в организациях образования Республики Казахстан на основе национальных ценностей [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://na-journal.ru/4-2024-pedagogika/11395-problemy-sovershenstvovaniya-sistemy-vospitatelnoi-raboty-v-organizacijah-obrazovaniya-respubliki-kazahstan-na-osnove-nacionalnyh-cennostei> (дата обращения: 18.03.2026).
10. Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.kstu.kz/kontseptsiya-vospitaniya-v-sisteme-nepneryvno-obrazovaniya-respubliki-kazahstan> (дата обращения: 18.03.2026).
11. Анализ воспитательной работы КГУ СОШ №17 (г. Семей) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://17-semey.mektebi.kz/trbie-zhmysy/2072-analiz-vospitatelnoj-raboty-2024-2025-uchebnyj-god-kgu-sosh-17.html> (дата обращения: 18.03.2026).

ӘОЖ 37

THE IMPACT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON ENHANCING ENGLISH LANGUAGE PROFICIENCY IN MODERN CLASSROOMS

Турарова К.Е.

Оралхан Бөкей атындағы №44 лицейі,

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: kamel_turarova@mail.ru

Abstract. This article examines the transformative role of Artificial Intelligence (AI) in English Language Teaching (ELT). The research focuses on how AI-driven tools facilitate personalised learning pathways and provide real-time scaffolding for secondary school students. By analysing current digital methodologies, the paper highlights the transition from traditional instruction to an AI-augmented pedagogical framework that significantly improves linguistic proficiency and learner autonomy.

Keywords: AI in education, ELT, adaptive learning, digital pedagogy, English proficiency, secondary education.

Introduction

The integration of Artificial Intelligence (AI) into educational environments has evolved from a supplementary digital aid to a foundational component of modern pedagogy. In the field of English Language Teaching (ELT), AI offers unprecedented opportunities to address the long-standing challenge of classroom differentiation. As educators strive to meet the diverse needs of students with varying proficiency levels, AI-driven platforms provide a scalable solution for personalised instruction. This article examines the specific mechanisms through which AI enhances English language acquisition, focusing on its impact on writing, speaking, and reading skills.

Theoretical framework of AI in pedagogy

The use of AI in the classroom is deeply rooted in contemporary pedagogical theories such as STE(A)M-education and innovative teaching. Traditional teaching often struggles to provide individual scaffolding for every student in a large class. AI systems, however, function as "intelligent tutors" that dynamically adjust the level of challenge based on the student's immediate performance. This ensures that learners remain in a state of "optimal flow," where the material is neither too difficult to cause frustration nor too easy to cause boredom.

In the Kazakhstani educational context, particularly within the framework of updated content, AI tools can bridge the gap between theoretical knowledge and practical application. For English teachers, this means moving beyond rote memorisation toward a model of active, technology-enhanced engagement.

Enhancing writing proficiency through automated feedback

One of the most significant impacts of AI is seen in the development of writing skills. Automated Writing Evaluation (AWE) systems offer instant feedback on syntax, semantics, and style. Unlike traditional teacher-led grading, which often has a delay of several days, AI feedback is instantaneous. This immediacy prevents the "fossilisation" of grammatical errors. When a student receives a correction while their thought process is still active, they are more likely to internalise the rule and apply it correctly in future contexts.

AI and the development of oral fluency

Speaking has traditionally been the most difficult skill to practice outside the classroom. AI-powered speech recognition technology now allows students to engage in simulated conversations with virtual language assistants. These AI interlocutors provide a low-anxiety environment where students can practice pronunciation and conversational structures without the fear of judgment. Advanced AI systems can analyse phonemic accuracy and provide visual feedback on intonation patterns, which is vital for building student confidence.

Adaptive reading and personalised content

Artificial Intelligence has revolutionised reading instruction through content adaptation. Large Language Models (LLMs) allow teachers to generate multiple versions of the same text, tailored to different proficiency levels. This ensures that all students in a mixed-ability classroom can participate in the same thematic discussion. Additionally, AI can automatically generate comprehension questions and vocabulary exercises tailored to the specific difficulties a student encountered while reading the text.

Ethical considerations and challenges

While the benefits are substantial, the integration of AI also presents ethical, social, and legal aspects that must be addressed. Issues such as data privacy and the potential for over-reliance on AI-generated content must be managed carefully. It is crucial for educators to teach "AI literacy," ensuring that students understand how to use these tools ethically and critically rather than as a shortcut for academic assignments.

Conclusion

Artificial Intelligence is a powerful catalyst for enhancing English language proficiency. By providing personalised feedback, lowering affective filters in speaking, and adapting content to individual needs, AI significantly accelerates the language acquisition process. As we look toward the future of education in Kazakhstan, the thoughtful integration of these technologies – merging education, science, and business – will be essential in preparing students for a globalised world.

References

1. Luckin, R. (2018). *Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education in the 21st Century*. London: UCL Press.
2. Holmes, W., & Tuomi, I. (2022). State of the art and practice in AI in education. *European Journal of Education*.
3. UNESCO (2023). *Guidance for generative AI in education and research*. Paris: UNESCO Publishing.
4. Warschaucher, M., & Healey, D. (1998). *Computers and language learning: An overview*. *Language Teaching*.

ӘОЖ 53:373.5

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ МЕКТЕПТЕРДЕ КВАНТТЫҚ МЕХАНИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Ұйымбек Құлпынай, 7М01502 «Физика» ББ 2-курс білім алушысы

Ғылыми жетекші: Бектасова Г.С., философ.ғ.к.,

қауымдастырылған профессор

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ,
Өскемен қ., Қазақстан

Кіріспе. Қазіргі таңда әлемдік білім беру жүйесі қарқынды өзгерістерге ұшырап отыр. Ғылым мен технологияның дамуы жаңа педагогикалық тәсілдер мен заманауи цифрлық құралдарды қолдануды қажет етеді. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты да осы бағытта дамып келеді. «Цифрлық Қазақстан», «Білімді ұлт» ұлттық жобалары аясында оқыту процесін заманауи деңгейге көтеру көзделген.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы мектептерде физика пәні ерекше маңызға ие, себебі ол табиғат заңдылықтарын түсінуге, ғылыми ойлау мен логикалық талдау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Физика

ғылымының ең күрделі, сонымен бірге ең қызықты салаларының бірі - кванттық механика. Бұл бөлім оқушыларға микродүниенің терең заңдылықтарын, атомдар мен бөлшектердің қасиеттерін, энергияның үздіксіз емес сипатын түсіндіреді.

Алайда кванттық механиканы мектеп деңгейінде оқыту көптеген қиындықтарға тап болады. Тақырыптың абстрактілігі, көрнекіліктің аздығы және математикалық күрделілігі оқушылардың оны түсінуін тежейді. Сондықтан қазіргі таңда мұғалімдер алдында тұрған басты міндет-осы тақырыпты оқытуда инновациялық әдістер мен цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқу процесін жетілдіру.

Зерттеу мақсаты: кванттық механика элементтерін оқытудың инновациялық әдістері мен цифрлық технологияларын талдау және олардың оқушылардың білім сапасына әсерін анықтау.

Зерттеу нысаны: жаратылыстану-математикалық бағыттағы мектептерде физика пәнін оқыту процесі.

Зерттеу пәні: кванттық механика элементтерін оқытудағы инновациялық әдістер мен цифрлық технологиялар жүйесі.

Зерттеу әдістері: ғылыми әдебиеттерді талдау, бақылау, педагогикалық тәжірибе, сауалнама және салыстырмалы талдау.

Негізгі бөлім

1. Кванттық механика элементтерін мектепте оқытудың педагогикалық негіздері

Кванттық механика - физика ғылымының заманауи теориялық негізі. Ол атомдық және субатомдық деңгейдегі құбылыстарды сипаттайды. Бұл сала микродүниенің заңдарын түсіндіретін бірден-бір ілім болып табылады. Қазіргі технологиялардың - лазерлердің, микрочиптердің, кванттық компьютерлердің, медицинадағы томографияның - барлығы кванттық физика заңдылықтарына сүйенеді.

Мектеп бағдарламасында кванттық механика негіздері көбіне атом құрылысы, фотоэффект, энергия деңгейлері, спектрлік талдау сияқты тақырыптар арқылы беріледі. Дегенмен, дәстүрлі оқыту әдістері бұл күрделі теорияны жеткілікті деңгейде меңгеруге мүмкіндік бермейді. Сондықтан оқыту процесіне жаңа педагогикалық тәсілдерді енгізу қажет.

Кванттық ұғымдарды оқытуда абстрактілі құбылыстарды нақты мысалдармен көрсету маңызды. Мысалы, электронның толқындық қасиетін «интерференция тәжірибесі» арқылы бейнелеу немесе фотоэффект құбылысын PhET симуляциясы арқылы көрсету оқушылардың түсінуін жеңілдетеді.

2. Инновациялық әдістердің теориялық негіздері

Инновациялық әдістер - дәстүрлі түсіндіру тәсілдерінен айырмашылығы, оқушыны білім алудың белсенді қатысушысына айналдыратын оқыту үлгілері. Кванттық механика элементтерін оқытуда тиімді қолданылатын инновациялық тәсілдерге төмендегілер жатады:

2.1 Зерттеушілік оқыту (Inquiry-based learning)

Бұл әдісте оқушы нақты ғылыми мәселені өз бетімен зерттейді. Мысалы: «Фотоэффект жарық жиілігіне қалай тәуелді?» сұрағын зерттеу арқылы оқушылар

эксперименттік қорытындыға өздері келеді. Мұндай тәсіл оқушылардың сыни ойлау, талдау және қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

2.2 Жобалық оқыту (Project-based learning)

Жобалық әдіс оқушыларды ғылыми ізденіске жетелейді. Мысалы:

- «Кванттық туннельдеу құбылысы»;
- «Лазердің жұмыс істеу принципі»;
- «Фотоэффект тәжірибесін модельдеу» тақырыптарында шағын жобалар әзірлеуге болады. Жоба нәтижесінде оқушы зерттеу жоспарын құрып, гипотеза ұсынып, қорытынды жасайды.

2.3 Проблемалық оқыту

Проблемалық сұрақтар арқылы оқушылардың ойлау белсенділігін арттыруға болады. Мысалы: «Электрон бір мезгілде бөлшек те, толқын да бола ала ма?» деген сұрақ төңірегінде пікірталас ұйымдастырылса, оқушылар өз білімін логикалық тұрғыда дәлелдеуге ұмтылады.

2.4 STEM және STEAM тәсілдері

STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) және STEAM (Art қосылған) бағыттары оқушылардың пәнаралық байланысын арттырады. Кванттық механика тақырыптарын оқытуда инженерлік модельдер мен техникалық симуляцияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеті дамиды.

3. Цифрлық технологиялардың рөлі

Кванттық механика элементтерін оқытуда цифрлық құралдар мен онлайн платформаларды пайдалану – заманауи білім берудің ажырамас бөлігі.

Мысалы:

- PhET Interactive Simulations (University of Colorado) - фотоэффект, атомдық модельдер, толқындық интерференция тақырыптарын визуалды көрсетуге мүмкіндік береді;
- GeoGebra - математикалық графиктер мен толқындық функцияларды бейнелеуде ыңғайлы;
- Labster Virtual Labs - виртуалды зертханалар арқылы эксперименттер жасауға болады;
- Python бағдарламалау ортасы - кванттық жүйелердің ықтималдық функцияларын есептеп, график түрінде көрсетуге қолданылады;
- AR/VR технологиялары - виртуалды шындық құралдары арқылы кванттық әлемнің 3D моделін көруге мүмкіндік береді.

Мұндай құралдар абстрактілі құбылыстарды көзбен көруге мүмкіндік беріп, оқу процесін тартымды етеді.

4. Халықаралық тәжірибе

Білім беру саласындағы халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көптеген елдер кванттық физиканы мектеп деңгейінде оқытуды жетілдіруге баса назар аударуда.

Финляндияда оқушылар кванттық механиканың негізгі ұғымдарын 10-сыныптан бастап виртуалды симуляциялар арқылы меңгереді.

Германияда «Quantum Physics for Schools» бағдарламасы іске қосылған, онда оқушыларға қарапайым тәжірибелер мен компьютерлік модельдер арқылы түсіндіру көзделген.

Жапонияда кванттық технологиялар саласында ұлттық білім беру бағдарламасы енгізілген.

Бұл тәжірибелер Қазақстан мектептері үшін үлгі бола алады.

5. Мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі

Инновациялық әдістерді табысты енгізудің басты шарты – мұғалімнің кәсіби және цифрлық құзыреттілігі.

Мұғалімнің негізгі міндеттері:

- Оқыту процесінде цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану;
- Оқушылардың дербес және топтық жұмысын ұйымдастыру;
- Виртуалды зертханаларда эксперимент жүргізу әдістемесін меңгеру;
- Цифрлық қауіпсіздік пен академиялық адалдық ережелерін сақтау.

Мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі артқан сайын оқыту сапасы да жоғарылайды.

6. Педагогикалық эксперимент нәтижелері

Зерттеу барысында үш мектепте тәжірибелік жұмыс жүргізілді. Бір топ дәстүрлі әдіспен, екінші топ инновациялық және цифрлық әдістермен оқытылды. Нәтижесінде:

• Инновациялық әдістермен оқытылған топтың орташа білімі 24%-ға жоғары болды;

- Сабаққа қатысу белсенділігі 35%-ға артты;
- Кванттық ұғымдарды дұрыс түсіндіру көрсеткіші 1,7 есеге өсті;
- Оқушылардың ғылыми жобаларға қызығушылығы екі есеге артты.

Бұл көрсеткіштер инновациялық және цифрлық әдістердің тиімділігін дәлелдейді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, кванттық механика элементтерін оқытуда инновациялық әдістер мен цифрлық технологияларды қолдану - заманауи білім берудің басты бағыты. Мұндай тәсілдер оқушылардың ғылыми дүниетанымын кеңейтіп, абстрактілі ұғымдарды нақты елестетуге мүмкіндік береді.

Инновациялық әдістер оқушыларды зерттеуге, тәжірибе жасауға және логикалық ойлауға баулиды. Ал цифрлық технологиялар оқу процесін көрнекі, тартымды және нәтижелі етеді.

Болашақта:

1. Мектеп бағдарламасына кванттық физика бойынша факультатив курстар енгізу;

2. Мұғалімдерге арналған арнайы цифрлық әдістемелік нұсқаулықтар дайындау;

3. AR/VR негізіндегі физикалық зертханаларды кеңінен енгізу;

4. Кванттық физика бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауын ұйымдастыру ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты. – Астана, 2023.

2. Әбілқасымова А.Е. Физиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2020.

3. Жұмаділова Ә.Т. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
